

АНДРЕЙ РЕЙЗВИХ

ДАЛА

Деректі повесть

Үш Алматы
2023 Қыян

ӘОЖ 821

КБЖ

Д

Д Рейзвих А.
Дала. /деректі повесть/ – Алматы, «Үш Қиян» 2023.
– 296 бет

ISBN 978-601-

Қаһар - бір кездері мына ұшы қиырсыз иен далада мыңғырған мал өргізіп, үлде мен бүлдеге бөленген ақбоз үйлері анадайдан көз арбаған текті әулеттің соңғы тұяғы. Көрген түстей ауылдар тып типыл болған. Әке байдың тұқымы ретінде абақтыға айдалған. Шешеге деген сағынышпен балалар үйінде өткен жетімдік өмір. Бұғанасы бекіп ер жеткенде сұрапыл соғыс. Ольга - Ресей империясы тұсында Германиядан Украинаға қоныс аударған неміс ұлтының өкілі. Олардың бейбіт өмірлері соғыспен бірге тас талқан болып, қазақ даласына жер аударылды. Ауру мен аштық азабы қысқан, асыра сілтеуден күйзелген қазақ даласы. Кітап кейіпкерлері тағдырлары тоғысқан екі ұлттың өкілі.

ӘОЖ

КБЖ

ISBN 978-

©Рейзвих А., 2023

*Репрессия мен депортацияға ұшырап,
жазықсыз жапа шеккендердің рухына
арналады.
Деректі хикаят кейіпкерлері нақты өмірде
болған. Олар да біз секілді армандап, келер
күнге үкілі үмітпен қарады. Алайда тағдыр
оларға ауыр сын артты.*

*Осы кітаптың жазылуына
рухани қолдау, қамқорлық көрсеткен
төмендегі азаматтарға алғыс білдіре
отырып, арғы аталарымның да
есімдерін атап рухтарына тағзым
еткім келеді.*

Ру тарихы мен шежіресін ұрпағына аманаттаған бабамыз Молдрахмет Қыдырәліұлы (1844-1915), тарихымыз бен салт-дәстүрдің білгірі атам Кенжеғали (1885-1955), дәстүр сабақтастығын берік ұстаған, Ұлы Отан соғысының ардагері Райжан Таубайұлы (1910-2007), қазыналы қарт Мырзабек Қоржынұлы 1930 ж. Кенжебек Кенжеғалиұлы (1956-2006), Рахметулла Нарбаев барлығы да Қостанай облысы Амангелді ауылынан, Ғани Баянов Алматы қ., Александр Алдабергенов Қостанай облысы Березовка ауылы, Геннадий Русаков Қостанай қ., Сергей Мирошников (1953-2014), Есет Дәуренбеков (Қостанай қ.), Лидия Нагель (Реизвих) Германия Ратинген қ., Зинаида, Николай Эрбес Германия Нойштадт қ. Дина Геберт (Алдабергенова) Германия Мюнхен қ. және тілегі де, жүрегі де бір зайыбым Оксанаға.



БІРІНШІ ТАРАУ

ҚАҒАР

*Өлім ортақ, тірінің сол – кесімі
Мәңгі өмір сүрер бірақ өштейтіндер есімі
Ә. Науаи*

БІРІНШІ БӨЛІМ

Біздің балалық шақ өмір туралы мұңға толы естелік сияқты болды. Көз ұшында көгілжім көкжиекке барып, аспанмен астасып жатқандай көрінетін ұш-қиырсыз кең дала. Бүкіл әлем мүлгіген мылқаудай тым-тырыс. Күн тас төбеден шаңқайып тұр. Алыста әлдебір тылсым дүниеге шақырғандай болып бозғылт сағым бұлдырайды. Нәп-нәзік сабақтарын шаң басып ауырлатқан шөп атаулы да ұйқыға кетердей маужырап тұр. Анда-санда болар-болмас бір қоңыр леп қана баяу есіп өткендей болады.

Оның осы сәттегі бар ермегі домаланған жалғыз қара қоңыз ғана. Байғұс енді жыбырлап өз бағытымен кетіп бара жатса, бұл оны саусағымен тоқтатып, басқа жаққа бұрып қояды. Ал, қоңыз бір сәтке қозғалыссыз жансыз күйге түсіп, енді бірде мұрттарын жыбырлатып бұның саусағына қарай өрмелей бастағанда бұл оны шертіп жіберіп шалқасынан түсіреді. Қоңыз байғұс екі аяғын аспанға ербендетіп тұруға тырысады.

... Бұл естеліктер өмірдің үзік-үзік тұстары сияқты емес, керісінше бір-ақ сәтте жібектей есілген эппақ сабақтары күн сәулесіне шағылысып, толқындай тербетілген қалың селеулі дала болып, енді бірде жерошақта тезектің ащы иісін кең далаға таратып жатқан сол бір таңғажайып шақ болып көз алдыма келе қалды.

Жан дүниесінің тереңінен толқып шыққан осы бір тебіреніске толы мұндай сәттерде кім болса да еш уайым

қайғысыз, жылуы мен жарығы қатар тұрған мекені есіне түсіп «уйге, үйге қайтқым келеді» деп қамығатын да шығар ау.

Ал, өмір ақиқаты басқаша болатын. Ол бетін жерге төсеп, етпетінен жатыр. Жүрегі атқақтай соғады. Анадайдан оқ төккен пулемет дауысы естіледі. Ажал оғы жатаған ғана қырқаның қалың өскен бұталарын қырқып түсіп, оның төбесінен заулап ұшып өтіп жатыр. Қос қолымен биыл шыққан жас шөпті қысып жерге жабыса түсті. Қол созым жерде шағын жылға көрінеді. Одан әрі азғантай ғана өлі аймақ. Сол жылғаға енді ғана бас көтеріп қарай бергені сол еді тағы да пулемет сақылдап қоя берді. Ия, барлаушылар жасырын ажал аузына өздері келіп түскендей еді. Енді қайтпек? Жан-жақ теп-тегіс, әр қимылың андулы, бас көтерсең біттің.

Сәуірдің бас кезі болатын. Бұл Кенигсберг түбіндегі тап-тұйнақтай неміс хуторының шетіндегі алаңқай ғана. Шығыс Пруссия.

Ешкім ала алмайды деп мақтаған Кенигсберг қорғанысы үш жерден тас-талқан болған. Бүкіл ұрыс даласында шабуыл басталды, адамдар мыңдап қырылуда. Кейбір жерлерде артиллерия блиндаждар мен баспаналарды быт-шыт қылып, әр шаршы километрге 400 оқпаннан снаряд бұршақша төкті. Соғыс өнері қасапханаға айналды. Ия, ұрыс қаншалықты кең ауқымда жүріп жатқанымен жермен-жексен болып жатқан мына төрт барлаушы үшін ол осы алақандай аймақта ғана сияқты еді.

Бірнеше күн жауған ақ жаңбырдан кейін күн сәулесі көк жүзінен мейірлене төгіліп, хутордың бау-бақшаларындағы жеміс ағаштары бүр ашып гүлдей бастады. Енді көп ұзамай бұл жер алуан түрлі гүлге бөленеді. Осы алаңқайдан сәл әріректегі шағын орман жақтан пулемет тақылдап тұр. Асай-мұсай арқаланған төрт барлаушы қастарына келіп қара жердің топырағын көкке көтеріп снаряд жарылған сайын дір-дір етіп ку топырақты қаусыра түседі. Ия, бұлар балаша алданып қақпанға түсті.

Көктем. Ауада жаңа бір өмірдің лебі бар сияқты. Ол кезде бұлар мақта күртешенің омырауын ашып тастап, арсалаңдап күліп мээ-мәйрам болып келе жатқан. Немістер қулық жасады.

Барлаушылар жан-жағын хуторда отырып емін-еркін бақылау жасауына мүмкіндік берді де кенет оқ боранының астында қалдырды. Міне, енді бауырын жерге төсеп сол қардай бораған оқтың астында оның сәл де болса саябырлағанын күтіп, демдерін ішіне тартып қимылсыз жатыр.

Әйтеуір бір, бас көтерер сәт келетінін күтуде.

Қаһар бір аяғын бауырына жинап бүкіл денесін серіппедей жиырып секіруге дайындалды. Ысқырған оқ бас көтертер емес. Өзінен басқа ешкімді көре алмайды. Міне, оқтан босаған лентаның сылдыр етіп жерге түскені естілді. Ол жалма-жан атып тұрды да басын төмен иіп қырқаның бержағындағы жылғаға қарай емпеңдеп жүгіре жөнелді.

Бүкіл іс-әрекеті соғыс басталған төрт жылдан бергі қанына сіңген дерлік тәжірибесінің жетегінде өтіп жатты. Өзіне-өзі біресе «жүгір», біресе «еңкей», «сол жаққа», «оң жаққа» деп бұйрық беріп келеді. Пулемет қайтадан тақылдағанға дейін жанұшырып енбектеп жылжып барады. Екі барлаушы әйтеуір жылғаға жүгіріп жетті. Біреуі алаңқайдың ортасында қимылсыз қалды. Бұл тірі кезінде өте қатал, әр қадамын есеппен басатын қырық жастағы мұртты Лешуков Илья Петрович болатын. Міне, енді көктемгі шалшық суда қимылсыз жатыр. Пулеметші оның өлі-тірісін білгісі келді ма, қайдам өлі денесін тағы да оқпен осқылап өтті.

– Енді не істейміз?,- деп Трофим Ярчук сұраулы жүзбен бұның бетіне қарайды.

Мақта күртешесінің ашық омырауынан жуып-жуып ақжем болған тельняжкасы көрінеді.

Жауап болған жоқ. Барлаушы топтың басшысы аға лейтенант алға сәл жылжып барып, мойнын созып алысқа көз жүгіртті. Бірақ ілгері жылжу әзір мүмкін емес екенін бәрі біліп отыр. Артқа шегінуге тағы болмайды. Тезірек күн батып қараңғы түссе екен. Әттең, күн әлі тас төбеде. Немістер әр қимылды аңдып отыр. Бұлай көп жатқыза да бермейтін шығар бұларды.

Аға лейтенант еңбектеп қайтып келді.

– Әй, біттік–ау, - деді ол кір-кір жерімен маңдай терін сүртіп қойып.

– Не істейміз, жігіттер?

Қаһар бір сәтке көзді жұмып ойланып қалды. Бұнысы несі? Тағы да балалық шақ өткен кең далаға, қара көлеңке киіз үйге қарай жүгіре жөнелгісі келе ме, немене? Қайран ата-анасы сол киіз үйде қалып еді ғой. Тағы да пулемет тарсылдай жөнелді. Шағын бұталардың жапырақтары мен сабақтары жан-жаққа шашырап түсіп жатыр.

– Қаһар осы топтың ең жасы кішісі, жиырма төртке енді келсе де соғысқа қатысқанына төрт жыл болыпты. Бұл төрт жыл кім-кімге де ғасырдан кем соққан жоқ. Ол орта бойлы ғана, жақ сүйегі шығыңқы, іспек көз, тарамыстай тартылған қазақтың қара баласы. Қазір 1923 жылы туған оның құрдастарының жүзден бірі ғана тірі шығар. Қалғандары бауырластар зиратында. Енді біразының сүйегінің қайда қалғанын кім білсін?! Ол балалар үйінің қиыншылығы мол өмірінде шынығып өскенінің арқасында тірі қалған шығар-ау. Бала болып қиялдап та, армандап та көрген емес. Жасы үлкен барлаушылар Қаһарды өздерінің құрдасындай көреді. Әскерге бұдан кейін келгендер айналшықтап оның қасынан шықпайды, арқасүйер адамындай көреді. Қаһар олардан екі-ақ жасы үлкен болса да олар бұған «Ағай» дейді. Өмірге оймен қарап, әрі батылдығымен ерекше бозбала полктың барлаушылар тобына келіп түсті.

– Жеке дара еңбектеп жылжығаннан ештеңе шықпайды. Арғы бетке ешкім өйтіп жірі жете алмайды. Сондықтан, бәріміз бірдей ұмтылуымыз керек. Мүмкін, біреуіміз болмасақ біреуіміз тірі жетерміз. Трофимовтың шығарған шешімі үнсіздікті күрт бұзды.

– Осы тұрғанда оның кір-кір бетіндегі көгілдір көздері ауыр ойдың құшағында екені көрініп тұр. Су құйған қауашығының бұрандалы тығынын ашып бір ұрттады да қалғандарына берді. Тәжірибелі барлаушының бұл сөзі ақиқаттың өзі болатын. Станокты пулеметтің жанында төрт неміс тұрған болуы керек. Ал, қырқаның бер жағындағы жылға да, алаңқай да минаға толтырып тасталған шығар. Ол аз болса, осы сәтте бір фашист минометшілердің көмегін сұрап телефонды шыр айналдырып жатқан болар.

– Ия, бір-бірлеп емес бұлар бәрі бір сәтте жан-жаққа түгін шығаратын гранаталарды лақтырып немістерге қарай ұмтылмаса болмайды. Сол жерге жетіп күн батқанын күту керек. Әрі қарай майдан шебі арқылы өзіміздің әскерлерге қосылу ғана қалады.

– Соғыста да, бейбітшілік кезде де қысылтаяң сәт туғанда да әй, тәуекел деген бір шешімге келмесе болмайды. Енді міне, бәрі бір қимылға кірісті. Дорбаларындағы ауыс-күйістерді тастап қалталарындағы патроннан басқаның бәрін лақтырып тастады. Трофимов, мақта күртесінің сыртынан буынған белбеуіне РДГ-1 гранатасын қыстырып, автоматының серіппесін тартып қойды да:

– Тыңда Қаһар! Ант етем! Соғыстан қайтқасын міндетті түрде саған барамын. Бала кезімнен дала кемесі түйеге мініп желуді, қымыз бен шұбатты қанғанша бір ішуді армандайтын едім.

Бұл да соғыс кезіндегі дәстүрдің бір түрі болатын. Аттанар алдында әйтеуір біреу Қазақстан туралы, ащы қымыз бен дөңгелек бет сүйкімді қазақ қызы туралы Қахармен әңгіме соғатын еді. Ал, Қаһар болса мұндай әңгіме кезінде жымыш отыра беретін. Ал, бүгін Трофимовтың әлгі сөзіне басын бір изеді де:

– Кел, кел бауырым! Нағыз той жасаймыз. Түйеге мініп те желесің, ақбоз атпен де шабасың.

Солай деуін десе де ішінен: «Қайда, кімге барасың? Менің үйім де жоқ қой, сол үй менде бола қояр ма екен?» деп көңілі қатты қабарып кетті.

Жоспар іске аспады. Кенет аға лейтенант айналадан әлдене естігіс келгендей басын көтеріп тың тыңдай қойды. Қашанда жаманшылық ескертулі, қапияда сап ете қалатыны белгілі. Бұл жолы да сөйтті. Әуелі екі рет күмп етіп атылған зеңбірек даусы шықты. Сосын тағы қайталанды. Қахар қос қолымен басын бүркеп жерге жабыса түсті. Ол да, басқалар да бір жаманшылық боларын сезді.

Құлақ тұндырардай ысқырып кейін жарылған снаряд қарс жерді қақ айырды. Енді бірде қырқаның ұшар басында екі рет әлдене жарқ етті де ауа толқыны үй орнындай топырақты

аспанға бір-ақ атты. Немістер барлаушы топтың келесі әрекетін күтіп жатпастан миномет батареясымен байланысқан еді. Бұл жерден жарты шақырым қашықтықтағы миномет жанында сұр шинель киген адамдар сол сәтте-ақ қарбалас іске кіріскен-ді. Зеңбіректің ұңғысына минаны тығып жіберіп өздері құлақтарын басып отыра қалады. Сөйтіп, нұсқаулық бойынша қарсы жақтың жаяу әскерін жоюға жұмсауға тиісті мина мөлшерін атып тауысқандар «Бірінші бөлім атысты аяқтады», «Екінші бөлім атысты аяқтады» деп рапорт беріп жатыр.

Аспан шатыр-шұтыр етіп, миналардың ащы даусы құлақты жарып көкке ұшқан шөп аралас топырақ төбеден жауып жатты. Аспанмен екі ортада алып топырақ діңгектері көтеріліп қайта түсіп жатыр.

Оның көз алдына қайтадан шалқар дала, көк шалғындағы қатар-қатар тігілген киіз үйлер, шұрқырап шауып бара жатқан табын-табын жылқы елестей бастағаны сол еді, жарылған снаряд жаңқасы туп-тура аяғын кесіп тиді. Қаһар оны сезген де жоқ, оған не болғанын да білмейді. Көзін ашып еді топыраққа жартылай көміліп қалған екен. Миномет гүрсілі де естілмейді. Маңай өлі тыныштық. Мең-зең меңіреу күйде біраз мәңгіріп тұрды. Құлағы шуылдап барады. Жүрегі айныған сияқты. Оң аяғы кеуіп қалған бір жансыз зат сияқты. Сәл орнынан көтеріліп отырған болды. Жан-жақ көкала түтін. Басын сипап алып толып қалған құмды қаққылады. Қолы дымқыл, қып-қызыл. Қарсы алдында снаряд қазан шұңқыры мен аға лейтенанттың киімінің жыртықтары бұлдырайды. Одан сәл төменіректе бірге туған тетелесіндей боп кеткен сержант Трофим Ярчуктың бассыз денесі жатыр...

Қаһар аға лейтенанттың денесінің қалдықтарына есінен айрылған мәңгүрт адамша мағынасыз көз салып тұрды да жанарын жайлап қана адамның бассыз денесіне бұрып ішінен: «Иә, жақсы жігіт еді ғой. Батыл еді, мансапшыл емес еді. Барлау қызметінде мұндай жігіттерді бәрі құрметтейді. Топырақ түстес бет-әлпетінен, қолдарының сыртындағы терісінің табиғи түр – түсіне қарап осынау қара жермен, оның топырағымен бірге жаралған ба дерсің. Сержант болып

ешкімге бұйрық та берген емес. Жәй сұрақ қоятын еді. Ақылдасатын еді. Енді одан қалғаны мынау ырым-жырым киім, басы жоқ дене...». Міне, үш досы үш жерде ... Бұл не өзі? Қахар достарының барша-барша денелеріне, ырым-жырым боп шашылған киімдеріне томсырайып, үнсіз есеңгіреген адамша ұзақ қарап отырды. Үшеуіне алма-кезек қарай береді.

Аздап есі кіре бастады. Жараланған жері қатты ауырып тұрғанын да енді сезе бастады. Еңкейіп аяғына қарады. Балшық пен батпақ жабысқан етігінің қонышын оқ тесіп өтіпті. Былғарысы ырым-жырым. Бір сәт әлденеге қатты қобалжыған жүрегін баспақ болып қатты тістеніп отыра қалды. Қалай дегенде де бұрын да бір мәрте жараланғаны бар, мұндайда не істеу керек екенін Қахар өте жақсы біледі. Ауыруды көтере алмай есінен танып қалуы мүмкін екенін білгендіктен етігін шешпей тұра тұруы керек. Демін ішіне тартып қиналып тұрып зорға дегенде пышағын суырды. Өткір фин пышағымен қонышын, сосын мақта шалбарының балақ жағын тіліп шықты. Осы істеп отырған ісінен басқа ешнәрсеге назар аудармай сабырлы қалпын сақтауға тырысты. Ұзын балақ ақ дамбал-кальсонның тілігінің аржағынан өзінің әппақ балтыры көрінеді. Жеке қалташасынан резина кендіршені – жгутты алып, сәл ғана ыңырысқан, ауырсынған дыбысын өзі ғана сезіп отырып жараны таңып тастады.

Нағыс жан шыдатпас ауыру енді басталды. Терісі күйіп, өртеніп барады, көз алдында қызыл-жасыл әлдебір дөңгелектер ойнақтағандай. Жараның жанындағы терісінің ашық тұрған жеріне химкасымен жараны қашап таңғанынды жазып қойсам дұрыс болар еді-ау деп ойлап үлгергенімше болмай есінен танып бір бүйіріне қарай құлап бара жатты.

Бұл кезде біздің әскерилер шабуылға даярланып жатты. Әуелі, едәуір кейін шегініп, хутордың аумағындағы шағын орманда не бер, не шебіне инженерлік барлау жасап, батальондардың қалай өтуіне болатынын анықтап алу керек болды. Бұл батальондар бірер сағаттан соң бұлар жатқан жерді басып өтті, ал Қахар мен оның серіктерінің сүйегін қорғаусып атқыштар тобының барлаушыларымен санитарлар тауып алды.

Бірақ ол осының ешқайсысын сезген де, білген де жоқ. Ол бұл кезде не балалық шақ деуге, не кең-байтақ кеңістік деуге келмейтін әлдебір ағыспен құлдилап ағып бара жатқандай күйде еді.

- 2 -

Жаралыларды алып кету де ең алдыңғы шептегі бөлімдерден басталған еді.

Көлік жетіспеді. Жеңіл жаралыларды алғы шептен санитарлық батальонға жаяу жөнелтіп жатты. Олардың арасында тіпті, басынан жарақат алғандар да болды. Байғұстар бір-бірлеп, кейде топталып тылға қарай жылжуда. Жолы болғандар өткен-кеткен көліктерге мінгеседі. Көлікке жарамайтындарды қолдан келгенше ең әуелі өздерімен бірге әкетті, бұл кезде әуеден бомбалау басталса, оның саябырлағанын күтіп жетуге тура келеді. Ал, батальондағы санитар-нұсқаушының бар қолынан келері жараны қайта таңып беру, қан шығып тұрған тұсына стрептоцид себу және құрысып қалудың болдырмайтын дәрі егу ғана. Оның өзінде де мұрша болмай қалатын сәттер жиі ұшырасатын. Ұрыс алқабында атыс-шабыс басталса ол шаруа да ұмыт болады. Медициналық санитарлық батальонда да жағдай оңып тұрған жоқ. Ұрыс даласынан шалғайдағы госпитальдардан ең болмаса бірінші жәрдем жасалмаған жаралыларды әкелді деген сияқты, қан қатып қалған киімімен алып келді, жарасы таңылмаған күйде әкелді деген сияқты шағымдар жиі түсіп жататын. Ең жаманы сол мұндай аурулардың парақшасына «газ гангренысы» деген де жазулар жазылып қалатын еді.

Қахардың емханаға келуінің әйтеуір сәті түсті. Қара көздері мөлдіреген, аққұба бетінде қап-қара ғана меңі бар Галя деген аға сержант бойжеткен санитар-нұсқаушы екен. Ол әп дегеннен-ақ санитарларға Қахардың етігін тіліп, абайлап шешуді тапсырды. Полктағылар баурлаушыларға ерекше құрметпен қарайтын еді. Оның үстіне Қахар баурлаушылардың «ересег» атанып, омырауында сарбаз түгілі анау-мынау сардарларда жоқ ордендер мен медальдар самсап тұратын.

Медициналық пункт таяуда ғана азат етілген ауылдың

бір қабатты ұзын ғимаратында, штабқа жақын жерде екен. Ғимараттың қирап қалған терезелерінің көзі плащ-палаткалармен бүркеулі екен. Күн шығып, түс болғанына қарамастан үйдің іші алакеуім, күңгірт. Зембілдің үстіне орналасқан ота үстелінен төбеге ілінген керосин шам күңгірттеу ғана жарық түсіріп тұр екен. Анадай жерде біреу қатты ыңырсып жатыр.

Қахар енді ғана есін жинап, өзіне келгендей болды. Сосын қатты тістеніп басын сәл көтеріп асулы жатқан жаралы аяғын көрмекші болып еді, шамасы жетпеді. Әйтеуір, қан ұйып қалған шұлғауын қайшының қытыр-қытыр кескені естіледі. Аяғының қаны еденге тырс-тырс тамуда. Аяғының жарасын көрсетіп жазыңдар, - деп санитар-нұсқаушының бұйрық бергенін құлағы шалды. Табанының орнында қан аралас жентектелген ет бөлшектері, сүйек жаңқасы, керзі етіктің, шұлғаудың жұқаналары ғана қалған сияқты. Есіне Ржев қаласы, артиллерия снарядтары ойып тастаған қазаншұңқырлары қарауытқан қарлы дала, Бакчан-Бақытжан досы, оның да осылайша жараланғаны, ауруға шыдай алмай «Ойбай-ай, Ойбай-ай, Ой, Алла-ай, саған соншама не жазығым бар еді?! Көрсетпегенің осы ғана ма еді?» деп зарлана түсті. Байғұстың бетін жас жуып кеткен, қос жанары оттай лаулап аласұруда.

– Міне осылай! Міне, нағыз жауынгер. Енді болмағанда қансырап не болар едің?! - Жгутты кесіңдер! – Бұл санитар-нұсқаушының дауысын анық естіп жатыр.

– Жара байланған тұстан төменгі жақтың бәрі қаракөк түске боянғандай, добалдай боп ісіп кеткен.

– Осы сәтте медбөлімшеге полктың бас сардары, яғни, полк командирі подполковник Аляксин кіріп келді. Ол бұның үстелініңжанына кеп тоқтады.

– Жүнісов! Сен бір өзің қалғансың ба? Басқалар қайда? Сендерге не болған, а, барлаушылар?

Қахар үндеген жоқ. Қараторы бет-жүзі кенет боп-боз боп кетті, маңдайының терең әжімдері бұрынғыдан да тереңдеп қарауытыпкетті. Маңдайынан түйір-түйір тер тамшылары аға бастады.

– Сендер тәжірибелі адамдар едіңдер ғой, - деп подполковник ойланып қалды да, кенет фуражжасын басынан шешіп алып, шашын сілкіп-сілкіп қойды да қайтадан киді.

– Сендердің сол алаңқайға барып нелерің бар еді, а? Талтүсте! Бір-екеуің емес, бәрің бірдей! Әлде сол хуторды оңай олжа қылмақшы болдыңдар ма? Бүкіл топ қаза болды. Полкта саусақпен санарлықтай қалды. «Шалдарды» айтам! Бір айдың ішінде құрамамыз түгел дерлік өзгерді. Енді барлаушыларды қайдан аламын, а?

Сардардың өз қайғысы өзінде екен. Ал бұның ахуалы мынау. Сыртта шабуыл басталып жатыр.

Бұлар әлі жаздың киімге көшкен жоқ. Шинельмен пысынап терлеп кетесің, шешсең тоңасың. Шинельдің үстінен тартылған сымдай портупаяның астынан гимнастеркаға тағылған Отан соғысы ордені жылтырайды. Ол Қахардың быт-шыты шыққан аяғына қарап-қарап тұрды да санитар-нұсқаушыға:

Бойжеткен бірден? – Не істеу керек екенін өзім білемін», - деп шаңқ ете қалды. Соған қарап бұл екеуінің ортасында бұрыннан келе жатқан бітпейтін, қашанда осылай басталатын бір келіспеушілік бар екенін байқауға болатын еді.

– Қахар! Шыда, қымбаттым.- Кәзір жараңды тазалап, қайта байлап беремін. Сен ұзақ жасайсың, көнбіссің! Бәрі жақсы болады.

Сардар бір сәтке үнсіз тұрып қалды да, сосын бетін Қахардың бетіне тақап баяу ғана үнмен:

– Бекем бол, сарбаз! Қызметіңе рахмет! Қош болып тұр!, - деді де сол жақ иығымен әскери әдетінше шорт бұрылды да тез-тез басып шығып кетті.

Жан шыдастпас ауыру енді басталды. Аяғын бір мұз бұрғымен бұрғылап жатқандай. Қахар енді өзін-өзі ұстауға шамасы жетпей бар даусымен ыңырсына бастады, тұла бойы қалшылдап барады. Санитар-нұсқаушы жарадағы ет жұқаларын, етік былғарысының қалдықтарын, шұлғау жыртындыларын үшкім қышқашпен біртіндеп суырып алып жатыр. Міне, болды. Енді жараны стрептоцидпен тазалап, ауруы басылсын деп новокаин салып, жақсылап таңып тастады. Сосын қантты мол қып салған тәтті шәй беріп тұла бойын жылытуға, жан қиналысын бәсеңдетуге тырысып бақты.

Ғаріп болып қалған барлаушыны медициналық-санитарлық батальонға жөнелту онша қиын болған жоқ. Өйткені, бұл кезде бүкіл ұрыс аймағында шабуылдар басталып, тылға қарай қайтатын көлік тіптен жеткілікті. Арада бас-аяғы бір жарым сағатта Қахар өзге де жауынгерлермен бірге бір жарым тонналық аутокөліктің үстінде ойран-топыры шыққан ойлықырлы жолмен жарасының ауыруынан қатты ыңырсып кетіп бара жатты. Бар маңайда шабуылдың басталғаны шет-шегі жоқ зеңбірек пен бомба үнінен анық естіліп жатты.

Иә, соғыс артта қалғанымен Қахар өзін әлі де соның қалың ортасында жүргендей сезініп келеді. Соғыста келмеске кеткен жолдастарының бет-жүзі, олардан басқа да жүздеген шейіт болған сарбаздар, желге қарсы ұмтылып алға қарай оқ боратып бара жатқан топ-топ адамдар, от пен жалынға оранған қалалар, жау басып алған аймақта сарышұнақ аязда өткерген түндер мен күндер, ең болмаса қол жылытып алмақшы болып аядай жерге жасырып жаққан шағын от пен оның қоламтасы бәрі көз алдында. Бәрі көз алдынан көлбеңдей беймәлім бір шалғайға сіңіп кетіп барады. Айтпақшы, әлгі сол жылтыраған отты дұшпан көзі шалды дегенше, тапсырманы орындамақ түгіл, өзің де бір жайлы боласың...

Одан әрі ше? Одан әрі түнгі аспанға жалын шашып жап-жарық қып өртеніп жатқан ауыл-деревнялар, бомбадан күл-талқан болған қала ғимараттары, әр жерде шашылып жатқан адам ішектері, шырқыраған сәбилер мен аңыраған аналар даусы. Міне, осының бәрі мүгедек боп қалған жас сарбаздың ендігі қалған жиырма жылдық өмірінде ешқашан өшпестей боп санасында, әлгінде ғана көргендей боп көз алдында қаларын дәл сол кезде біле қоймаған болатын. Әр қуанышы-нағыз қуаныштай, әр қасірет-қайғысы да нағыз қасірет-қайғыдай, ал аңсаған арманы мен бақытына жету үшін кезектескен күндер мен түндерді бастан өткеру. Міне, осының бәрі өмір. Осының бәрі есте қалып, санада сақталады екен ғой. Өмір деген сол-ақ екен ғой!

Жүздеген жауынгер майдандас достарыңның мүрдесі осында көмулі екенін, осы жер үшін қаншама қан төгілгенін оның көз алдына елестетіп, соның бәрі не үшін бастан

өткенін түсінгенде ғана мынау жер сенің туған жерің екенін анық сезінгендей болады екенсің ғой. Қахардың ел, жер туралы түйген ойы да осы болатын. Демек, Шығыс Пруссия аталатын неміс жері де Қахар үшін орыстың да, украинаның да, қазақтың да жері деуге болады. Қахар осы тұжырымға тоқталды.

Брезент шатырларға орналасқан медициналық батальондағы жаралы сарбаздар әуелі сұрыптау бөлімшесіне түседі. Мұнда бас-аяғы қырық секундте олардың олардың ауруының дәл диагнозын қойып тиісті бөлімшелерге немесе ота жасатуға жөнелтіп жатады. Кезекші дәрігер Қахардың дәкесі шешілген жалаңаш аяғына бір қарады да дереу отаға жіберуге пәрмен берді.

Бас киім деуге келмейтін бүркеншігі маңдайын түгел жауып, бетіне әбден жуылған көне дәке тағып алған оташы-хирург оның аяғын арамен үн-түнсіз-ақ кесті де тастады. Палатаның іші наркоздың күші кеткесін-ақ ыңырсып, ыңқылдаған жаралыларға толы. Медбике байғұс біресе анаусының, біресе мынауының жанына барып, біреуіне су ішкізіп, біреуіне ауруды басатын екпе салып, енді біреуінің босап кеткен дәкесін қайта байлап, қанға толы легендерді әкетіп, әйтеуір бір сәт тыным көрмей зыр қағып жүр. Еденде қан-қан мақта, дәке, тағы-тағылар шашылып жатыр.

Манадан жарақаттанған жаралылардың арасында жиі ұшырасатын бір жағдай бар. Ол мынау, кенет жаралы жер қатты қыза бастайды. Шаң, кір аралас ауадан түскен заттардан ұшыққан тән бірте-бірте аши бастайды, сосын қызарып кетеді де ол қызыл түске бірте-бірте жоғары қарай өрлей береді. Сөйтіп, қан бұзыла бастайды. Бұл «газ гангрена» деп аталатын өте қауіпті нәрсе. Бастапқы кезде оларды тылға жібере қойған жоқ. Соғыстық алғашқы жылдарында-ақ бұл істе біраз тәжірибе жинақтайды. Жаралылар медсанбатқа жатқызылды. Оларды арлы-берлі тасымалдауға тыйым салынды. Ол үшін әскери трибуналға түсіп кетуге де болатын болды. Санитарлық эшелондар мен госпитальдарда орындар

болмай қалмауы үшін оларды палаткаларға жатқыза беретін болды.

Бұның жанында тұла бойы қардан жасаған аққаладай боп дәкемен орап тастаған, денесі түгелге жуық күйген танкіші жатты. Беті де көрінбейді, тек аузының тұсы ғана сәл ашық қалдырылыпты. Оның сол күйінде төсекте жатып алып: «Бауырлар, ағайындар! Мені тылға жібере көріңдерші. Мен жақсы соғыстым ғой. Мен адалмын ғой. Мені тылға жібере көріңдерші. Ол жақта менің кішкентай қызым бар... Жіберіңдерші! Мені үйдегілер емдеп, өздері айықтырып алады!» деп зарлағанын тыңдағанда сай-сүйегің сырқырап, жылағың келеді.

Олардың көнге келмейтінін, оларды ажал күтіп тұрғанын білетін дәрігерлер мен санитарларсол бейшараларға қарамауға тырысатын.

Сонымен Қаһар, әскерден босатылып, эвакуация бөлімшесіне жөнелтілетін болды. Кеңес өкіметінің кинолары мен басқа да жазбаларында көрсетіліп, айтылып жататын нағыз үлгілі санитарлық отарба-поездар, жедел жәрдем көрсеткіш медқызметкерлер мен өте қолайлы емшарасы бар вагондар ешкімнің түсіне де кірген емес. Жаралы сарбаздар бұл кезде селкілдеген аутокөліктерде, кәдімгі жүк поездарда, жылуы, ыстық асы жоқсуық вагондарда, ең болмаса еденге төсеп жата кететін төсек, көрпе-көпшіксіз, ара-тұра нартақтайдың үстінде азаптың неше түрін көріп кетіп бара жатты. Олар кейде 8-10 сағат бойы жарасына жаңадан не дәрі жағылмай, не жаңа дәкемен қайтадан таңылмай қиналуда болды.

Бұл орайда да Қаһардың жолы болды. Оны эшелондағы жылы вагондарға жайғастырды. Өзі де әбден жүдеді, қатып-сеніп қу сүйегі қалған жалпақ бетінің шықшыт сүйектері қаңқайып шығып тұрған бір уыс қана тірі жан дерсің. Көз жанары да тым салыңқы, солғын. Жарық дүниеге әлдебір мән-мағынасыз көзбен қарап қояды. Ол шынында да сол кезде ешнәрсе, ешкім туралы ойлауға да қабілетсіз сияқты еді. Анда-сандадоңғалақтардың дүрсіліне ғана, сосын әлдебір сырқат жандардың ыңкылдап, ыңырсынғанына құлақ түріп қойып, қимылсыз мәңгүрт күйде отыра береді.

Ал, түн баласында ұйқы жоқ. «Буржуйка» пешке от жағып, соның аузында қарамайдай қоп-қою қара шәйді сораптап, қайта-қайта махоркасын бұрқыратып оттан көзін алмай үнсіз отыратын старшинадан бұл да көзін алмай қарайды да отырады. Жанына батқан ауру мен еңсесін басқан мұннан сәл де болса арылмақ болып, жақсы бірнәрсені есіне түсіргісі де келеді. Бірақ өйтеіін десе көз алдында қара жер...

Иә, көз алдына қара тастай болып қатып қалған қап-қара тоң жер, ал кейде окоп-шұңқырдағы су астында қалған, аттасаң шыңқ-шыңқ етіп етігіңе жабысып жібермейтін батпақты топырақ көз алдына көлденеңдеп тұра қалады. Енді бірде соның бәрі әлде сап-сары, әлде қарақоңыр түсті қоймалжың сүреңсіз топыраққа айналып кеткендей болады. Несі бар, сұрапылға толы соңғы төрт жылда ол осындай топырақтың үстімен еңбектеп те, жоғарлы-төменді жерлермен өрмелеп те, ал аспаннан бомба жауып, күнде зеңбірек пен мылтық оқтарының бордай жауған сәттерде осынау қара жерге анасының төсіне жабысқан сәбидей бетін басып жабыса қалмайтын ба еді ?!

Егер күні кешегі Иван, Болат, Трофимдерді өз бауырына айтып мәңгілік құшағына бөлеген осынау жер оны–Қаһарды әліге ала қоймаған болса, онда оны әліде біраз өзі дүниеге әкелген сәбиіндей болып жүре тұрсын дегені ма... Соған уақыт бергені ма...

Иә, Уақыт! Оған әлі де болса болашақта өзне жар тауып, оған бала туғызып, солармен бірге азды-көпті қарһәлләзи күн кешіп, ғұмыр сүрсін деп тағы да біраз уақыт берген шығар. Жаралы болып өлім хәлінде жатқанда дәрісін беріп, аузына ас-су салып, жаны мен тәніне қатар жәрдем берген Галинаға алғыс хатын жазып, аққұба бетіне жарасып тұрған әдемі меңі бар сол бір сүйкімді санитар-нұсқаушы Галинаны түсінде, ал шыр етіп жарық дүниеге келгенде алғаш кіндік қаны тамған Торғай даласын өңінде қайтадан келіп көрсін деген шығар. Өзі сияқты мүгедек болып қалған Бахчан-Бақытжанның туған ауылына Березовкаға барып, оны құшағына қысып тұрып: «Ассалаумағалейкум, бауырым! Міне, аман-сау кездестік қой!»- деп тебірене амандассын деген болар!

Қалай десе де соғыстан ол аман оралды. Мейлі, мүгедек болса да әйтеуір аман оралды. Өзгенің бәрі түк те емес. Осылай, ол сияқты сан өліп, сан тірілгендер ғана бұ дүниедегінің бәрі өмір екенін жақсы түсінеді.

-3-

Ал, Қаһар үшін әскери өмір 1941-ші жылдың жазында-ақ басталғанды.

Әскерге алынған өндірдей жастар тиелген атарба-поезд Қостанайдан заулап келіп Орал өңіріндегі шағын ғана бекетке кеп тоқтады. Айнала қалың тұман. Тіпті, эшелонның арт жағындағы вагондар да көрінбейді. Соңғы бір аптадан бері бір тынбай күркілдеп келген таудай қара паровоз да тым-тырыс боп мелшиіп қалыпты. Бұл өз басы бұрын көріп-білмеген шыршалы орман дәл теміржолдың жиегіне шейін жақын өсіпті. Осы бір тұнжыраған, үнсіз меңіреу орман да кейде оның кесіліп жатқан кең-байтақ даласындай алыптың бірі секілді.

Тым-тырыс тыныштықта ышқына шыққан, паровоздың даусы мен одан атқылаған будың ысқырығы бұзып жіберді. Есіктер сақыр-сұқыр ашылып болашақ әскери бозбалалар сыртқа атып шығып жатыр. Әр жерден старшиналарды бұйрықшыл айқай-ұйқайы күшейіп, ақыры бозбалалар мен сақалау жігіттер қақтығысып-соқтығысып, кейбіреулері үйреншікті боғауызын айтып әйтеуір он-оннан топтасып сапқа тұрды да сол қараңғы орманға бет алып жүріп кетті.

Әскерге жападан алынған бұл көпшіліктің ішінде негізінен орыс пен қазақтың қарасы көптеу еді. Бірен-саран украин, қырғыз, өзбек белорустар бар. Кілең өндірдей жастар. Бәрінің жасы он сегізбен жиырманьң арасында. Біреулерінің кекілі көзіне түседі, біреулері онысын бір жағына қайырып тастаған, басына кепеш кигені де, мейрамға киетін сәнді ақ көйлек киген дейсің бе, эшелондағы кір-қоқыс жабысқан бешпеттілер дейің бе, тіпті, жылт-жылт еткен әдемі туфель киген дейсің бе әйтеуір бәрінің арқасында бір-бір дорбасы қолда ұстаған қаршын бар үлкен бір қауым. Бәрі де кеше ғана аналары бетінен, мандайын сүйіп, бірі жылап, бірі кемсендеп

тұрып қоштасқан бір-бір отбасының балапандары. Қаһар сияқты шашын тақырлап алдырып тастаған, қоштасуға келіп шығарып салатын ешкімі жоқ балалар үйінде өскендер тағы бар.

Бұларды карантин мерзіміне бейімдеп сол өзгерткен терезелері жоқ жартылай жертөле тектес көкөніс сақтайтын қаракөлеңке қоймаға әкелді. Басы артық полктың әскери қалашығы сападайдағы биік дуалық арғы жағында екен. Казарманың әдемі кәдімгі қара жер. Үстіне шырша жапырақтары төселіпті. Қылқан жапырақты орманның иісі аңқып тұр.

Әскерде алғашқы күн ұсақ-түйек шаруаға толы абыр-сабырмен өтті. Әскери қалашықтан үш шаштараз-сарбаз келді. Олар ұзақ уақыт ысылдап-пысылдап бұлардың басын таптақыр қылып шашын сыпырып тастады. Сосын санитарлық тексеруден өткізілді. Одан кейін моншаға түсіп, әскери киім киіп шыққан кілең тақырбас бозбалалар бір-бірін танымай ақтарылып тұра қалып, сосын барып, «Ой, сенбісің? Ой, сен басқа біреу сияқтысың ғой» деп у-шу мәз-мейрам боп жатты.

Казармаға қайтып келгенде үйлерінен алып шыққан дорба, қоржындарының ішіндегі тағамдары мен тағы басқа уақ-түйектері жым-жылас болғанын көрді. Ал енді соның бәрін істеген аз адамдары ғана. Жолға алып шыққан сүр еттен де, жылқы етінен жасалған шұжықтан да, қазы-қартадан да, қышқыл әрі майлы құрт пен тәтті бауырсақтан да, майға пісірген күлшелерден де түк қалмаған.

«Білмейтін жердің ой-шұқыры көп» дегендей бейтаныс ортада өзінді абайлап ұстауың керек. Әркім қолынан келгенінше тіршілік істеуге тырысады. Иә, бәлкім әскери өмірдің сол бір алғашқы түнінде біреулер төсекте жатып, дыбысын шығармай өксіп жылаған да шығар, біреулер артта қалған балшырын шақтарын сағынып іші-бауыры уылтылған да шығар. Ал, Қаһар ше? Қаһарға мына жаңа өмірге үйренем деп әуреленудің қажеті жоқ тұғын. Ол дәл осындай сан-сұр қиялығы мол өмірден басқа өмір барын білген де емес.

Әскердегі алғашқы саяси сабақтар оның есінде тамақ ішпей қарны шұрылдаумен, бір жерден әйтеуір бір қажетін табуды

ойлаумен, қару-жарақты қалай пайдалану туралы тәжірибелік сабақтармен, саяси сабақ кезінде көзін ашып-жұмып қалғып-мүлгітіп қойғанымен, ағаш винтовканы шүберек қарақшыға тықпалаумен, сол кездері ми қайнатар ыстық һәм нәсерлі жаңбырымен, жаңадан шырша діңінен жасалған нар үстіндегі шырша исімен сақталып қалыпты.

Ал басы артық сөре-төсектер жараланып қалған немесе талқандалған бөлімшеден, яғни, адамдары қаза тауып таратылған бөлімшеден тісі қалғандар жататын еді. Олардың кейбіреулері осындағы жас сарбаздарға тәжірибесін үйретуге келген болса, енді біреулері майданға аттанатын басқа ротаға қосылатын күндерін күтіп жатады. Алдағы майданға жөнелтілетін ішінен «құрып кеткір запас полктерді», олардағы жарытымсыз берілетін тамақты, тәртіп дегеннің жоқтығын айтып, боқтық сөздің небір түрлерін төгіп сөйлейтініне таң қаласың. Енді біреулері орысша сөйлей алмайтын, жақсы түсінбейтін азиялықтарға қарағанда өздерін әжептәуір сезініп, осында әлде де емін- еркін жүре тұра берсек деп тілейді.

Уақыт өте келе ротадағылардың біразы жерлестер болып енді біреулері мінез-құлықтарының ұқсастығы мен өмірге көз қарасы сәйкес болып дегендей топ-топқа бөлініп алды. Қаһар сонау Қостанайда эвакуация бөлімшесінде жүрген кезде-ақ Бахчан-Бақытжанмен достасып кетіп еді. Бақытжан бойы екі метрге жуық, аққұбаша енгезердей келбетті жігіт болатын. Екеуі де орысша жақсы сөйлейтін, әзіл-қалжыңы әрқашан дайын тұратын көпшіл жігіттер. Екеуінің арасы бірден жақындасып, жұғысып кетті. Талас-тартыс, ерегіс болған жерге екеуі де, араласпай тұра алмайды. Бұлар ондайдан не бірінші болып ұру керек деп шешетін. Егер өйтпесең, не де кезінде жауап соққы жасамасаң бітгің. Ойда кім көрінген сенімен аяғын сүртіп таптап, сосын тастай салатын аяқ сүртетін шүберек болғаны. Сондықтан, басқалардың бәрі сенімен санасатын, сенің көзқарастарыңа қарайтын еркек бола білуің керек. Міне, олардың ұстанымы осы болды.

Сарбаздарды арнайы роталарға бөлу кезінде басшыларға жағынып, иіліп-бүгіліп тұратындар көзге түсіп, тамағы тоқ, көп сабылысы жоқ химиялық бөлімше, атқора күтушісі, азық-

түлік бөлімшелеріне орналасты. Қаһар мен Бақытжанды пулеметшілер бөлімшесіне жіберді. Бақытжан зілдей ауыр пулеметті «максимканы» арқалап жүруге арналған батыр сияқты еді. Ал Қаһар өзінің алғырлығымен, зеректілігімен, азды-көпті білімімен көзге түскен болатын. Шындығында минометшілер мен бронатқыштар тірлігі де жеңіл емес. Олар ұдайы миномет тағандары мен «ПЭТЭЭР» ларын сүйретеді де жүреді.

Міне, олардың ұзақ даярлық мерзімі де тәмам. Басы артық полктегі үш ай даярлық та өте шықты. Жаңадан келгендерден жаңа рота жасақталып, оларға су жаңа әскери киімдер берілді. Зілдей ауыр винтовкалар мен патрондар, жолқапшықтар, әртүрлі пулеметтер. Әйтеуір кенеттен әлдеқалай шайқас бола қалса, жауыңа қарсы қолданатынның бәрі бар. Тек қарсыласып, жауынды жеңе біл!

Бұлар енді сонау ерте көктемде келген орман жолымен, енді күзгі орман жолымен эшелонға бет алып жүріп кетті.

Қазан айының бас кезі. Қаракөк жапырақты қалың шыршаның арасынанан анда-санда көктеректердің алқызыл, ашық сары жапырақтары жарқ-жүрқ ете қалады. Сонау шалғандағы занғар көкте тырналар тіріліп өздерінің мұнды әніне басып тыраулап оңтүстікке қарай қалқып барады. Енді бірнеше күн өткенде олар осылай сүп-сүйір тізбектелген күйінде Қаһардың кең байтақ туған даласының төбесімен ұшып бара жатады-ау, ә?! Міне, тұрған сұр шинель киген көкөрім балаусадай жастардың көбінің туған, түлеп ұшқан даласы ғой ол!

– Бұлар бұрын қатты тыраулап ұшатын еді, бұл жолы неге дыбыстары естілмейді? Бұны айтқан басқаларға қарағанда сақалау мұртты сержант та ойланып қалған сияқты.

Қаһар ол тағы бірнәрсе айтар ма екен деп оның жүзіне біраз тоқтала қарап еді, бірақ сержант сол үнсіз ойлы қалпында қала берді.

Бұлар вагонға мініп, жайғасып болғасын да, оның есіктері сәл-пәл ашылған күйінде қалды. Ол осы саңылаудан күзгі табиғатқа сүйсіне де, ойлана қарап отырды. Темекі шегетіндер отыра қалып қағаз тіліктеріне махор сеуіп орай бастады.

Сөйлеуге ешкімнің зауқы жоқ сияқты. Тіпті, әшейінде ауыз жаппай өзі де күліп, өзгені де күлдіріп отыратын әзілкештер де тілін жұтып қойғандай.

Отарба қатты селк етті де алға жылжи бастады. Енді бірде доңғалақтары рельсті зілдей ауыр бір дүрсілдің астына алып жылдамдығын үдетіп, көп ұзамай барынша заулап келе жатты. Ол алдағы болатын қанқасап соғысқа бет алған еді.

Ол соғыстан Құдай бұйыртса тірі, тіпті еш жеріне тырнақтай сызат түспей аман-сау қайтуың да мүмкін. Бірақ сен бұрынғыдан мүлде басқа біреу боп ораласың.

- 4 -

Алғашқы ұрысты ешкім де ұмытпақ болса да ұмыта алмайды. Өткен шайқас қаншалықты қорқынышты, жан шошырлық апатты болса да оның бәрін кейінгі болған шайқастар бәрібір ұмыттырып жібереді. Бірақ, өзінен өзінен алғаш рет қатысқан ұрыстың әр сәті, әрбір ұшқан оқ пен снарядтың қаһарлы даусы мен түтін ісіне шейін есіңнен еш өшпейді.

Бұлардың полкінің дұшпанмен алғашқы шайқасы бір сәтке де толастамастан он тәулікке созылды.

Қосымша күш бұлар Малоярославец маңында жатқанда келіп қосылды. Оларды да эшелонмен әкелді. Иә, шұбатылған ұшы-қиыры жоқ колонналар келді. Түнгі аспан ойқыш-ұйқыш атанған тажал оқтарының жарқылымен ұдайы жарқ-жүрқ етіп, қып-қызыл от пен шоқ аспаннан жауып жерге түсіп жатқандай. Күннің күркірегеніндей бір зор дауыс аспанның бір шегінен екінші шегіне ауып баратқандай. Тіпті, найзағайлы бір нөсер келатқан сияқты. Бұлар таң алдындағы алакеуім сәтте әлдебір шоқ тоғайға жетті. Оның аржағында тағы да шоқ-шоқ ағаштар, көсіліп жатқан жол, сосын тағы бір ашық алаңқай көрінеді.

Кір-кір шинелінің жағасында әскери шен белгілері жапсырылған бейтаныс бір қазақ командир өзін таныстырмастан, бір ауыз бірнәрсе айтпастан келе сала:

– Орындарыңа барыңдар! Жанпидалықпен қарсылық көрсетіңдер!

Қашпақ болған біреуінді көрсем, өз қолыммен атып тастаймын, - деп пәрмен берді. Санқ-саңқ етеді. Сосын саптың алдынан өтіп бара жатып қазақ сарбаздарына түйіле қарап тұрып әлгі пәрмен, бұйрығын қазақшалап тағы бір қайталап айтып шықты.

Окоп деп аталатын жеке шұңқырлардың тереңдігі тізеден ғана келеді. Қосымша бронатқыштармен күшейтілген пулеметшілер взводы атқыштар ротасының қапталына жайғастырылды. Олардың қапталына он бес күндік даярлықтан өткен сары шашты бозбалалар жайғасты. Бәрі де Мәскеу маңайынан келгендер. Қаһармен бірге келген жас сарбаздар сияқты олардың да әйнектей көкшіл көздерінде бір үрей бар екені байқалып тұр. Әрқайсысы өздерінің жансауға шұңқырын қазып жатқанда да тұлабойынан үрейлі бір діріл аңғарылады. Пулеметтің оқтаспасын салып жатқанда да қолдары дірілдегені Қаһардың есінен кетпейді. Сөйткенше болған жоқ дұшпан зеңбіректері қаһарлана сарнап қоя берді. Немістер осы шоқ орманды аямай-ақ атқылады. Снарядтар траншеяның үстімен тиер-тиместей болып тіпті төмен жарқ-жүрқ етіп ұшып өтіп әріректегі тоғайға барып гүрс етіп жарылады.

Қаһар үнемі өзіне-өзі «Қорықпайсың ба?» деп сұрақ қояды да сосын «Жоқ, қорықпаймын» деп өзі жауап берумен болды. Сөйте тұра тісі-тісіне тимей сақылдап, өзі дір-дір етеді. Еш нәрсені түсіне алар емес, басқа біреудің басынан өтіп жатқандай беймәлім бір күйде. Бірақ дәл қазір опат болып о дүниеге кетуі мүмкін екенін біле тұра соған да сенбейді.

Кенет аспан асты ұшақтардың аңыраған, ұлыған ащы даусына толды да кетті. Соның арасынша құлақ тұндырарлық қорқынышты үнмен бомбалар жарыла бастады. Жаңағының арасында бүкіл дүние ойран-топан болғаны қалай?

Міне, оның бүкіл жан-дүниесін нағыз қорқыныш осы сәтте басып алды. Жан алқымға тірелген үрей! Шіркін-ай, дәл қазір өзі жақсы білетін жауын құртына айналып сол құртша ирелендеп топырақтың астына барынша тереңдеп кіріп жата қалса ғой. Әлде, мынадай алапаттан аулақ басқа бір жаққа қарай қаша жөнелсе ма екен? Тіпті, тап қазір анау ажал

тасыған ұшақтардың бірінен бір бомба бөлініп шыға сала тура бұның тақырлап қырғызып тастаған басына келіп түсіп, күлталқан болған тәнінің жүздеген уыс-уыс бөлшектерін мына ойрандалып жатқан орманның түкпір-түкпіріне, анау жатқан ашық алаңқайдың үстіне шашып-шашып тастайтындай көрінеді.

Қара жер біресе солқылдап, біресе аспанға бұрқақша атылуда. Әлгі жас курсанттар артқа қарай тұра-тұра қашты.

– Танкілер! Танкілер келіп қалды!- деген дауыстан сескене қалды.

Көкшулан қалың түтіннің арасынан әлдебіреулердің әлгі жас курсанттардың артынан тура жүгіріп қаша жөнелгені көрініп қалды. Кімнің кім екені алғашқы шайқаста-ақ оп-оңай мағлұм болатын. Әрине, қорықпайтын пенде жоқ. Бірақ, өзін-өзі ұстай білу керек. Сабыр сақтай білу керек! Осындайда жаныңда арқа сүйерліктей, қорқынышыңа басу айтарлықтай біреу болғаны жақсы. Сондай адамның бірі Қаһардың пулеметшілер бөлімшесіндегі старшина Иван Кожин еді. Жарықтық неткен сабырлы, ұстамды. Өзі помор, яғни, Қиыр Солтүстік жақтың тұрғыны. Мұндайда не істеу керек екенін білетін, осының алдында фин соғысына қатысып, алғы шепте болған жалғыз адам осы кісі.

– Кәне, тез пулеметтеріңе барыңдар!

Ол осылай айғайлап, шұңқырдың түбінде жермен жексен болып бүрісіп жатқандарды тепкілеп тұрғыза бастады.

Бұны Бахчан-Бақытжан досы жалма-жан пулеметтібасып салған топырақты қағып-сілкіп түсіре салып, сақтағыштан ағытты да пулеметті сарната жөнелді. Тоқтаусыз ұзақ уақыт дұшпан шебіне қаратып бір оқтаспаның оғын төге салды. Қаһар да дереу екінші лентаны ұсынып жатыр. Жүрек лоблығыны басылып, сәл өзіне келген сияқты.

– Үзіп-үзіп, қысқа-қысқа от төге бермей! Көздеп ат,- деп старшинаның айғайлағаны естіледі. Гранатаны дайындаңдар!

Танкілер анық көріне бастады. Олар осылай қарай алаңқай жақтан үрейінді ұшыра жүйткіп келеді. Танкілердің тасасында аутоматтарын кезеп, бастарын төмен салып бүкшендеп жаяу әскерлер келеді. Танкілер әп-сәтте жақын келіп қалды.

Газын күшейтіп, гүрілдетіп, шынжыр табандарының тұлабойды тітіретіп шиқырлағаны түгел естіледі. Рота окоп-шұңқырларының бірінен кейін от жарқ етті де ПТР (танкіге қарап ататын мылтық) жау танкісіне қарай оқты төгіп-төгіп жіберді.

Ол одан арғысын еміс-еміс қана біледі. Әйтеуір, әлем атаулы түгел тарсыл-гүрсілге, от пен найзағайға толып кеткендей болды. Оқ әперіп тұратын Таймастың шұңқырдан басын шығарып жақындап қалған танкіге қарай винтовкадан оқ атқаны, сосын бет-жүзі әлемтапырық боп кеткен күйі әлдене деп айғайлап граната лақтырып жатқаны да көз алдында. Гранатасы танкіге жетпей жарылып еді-ау. Сосын дулығасын шешіп тастап окоптың түбіне сылқ етіп отыра кеткен еді-ау, ол.

Сосын ше? Сосын танкілер шоқ орман түбіндегі жалғыз ғана зеңбірегі бар позицияны тақалып тұрып атып талқандап болды да, окопта жатқан сарбаздарды тірілей шынжыртабандарымен жаншып, езгілеп тастады.

Сосын өзінің Есен деген еті тірі оталғыш қоспа құйылған шөлмекті танкінің бензин багына дәл түсіргені есінде. Сол Есен екеуі ескерге келе жатып вагонда танысқан-ды. Шіркін, әзілқойлығы сондай Қаһармен де, Бахчанмен де танысқанда да өлеңге ұқсастырып сөздерін ұйқастырып айтып танысып еді-ау.

Сондағы өлеңі былай болатын:

Мен Дәуреннің баласы Кеңаралдық,

Маңдайыма жалылған генералдық

Сосын Кеңарал деген Федоров ауданындағы Үй өзенінің жағасындағы ауыл екенін де ескертіп қойған-ды.

Тарсыл-гүрсілден оның жарылғыш шөлмегі танкінің темір сауытына тиген дыбысы естілген жоқ. Бірақ танк мұнарасының шетін от бұрқағы жауып тастағаны көрініп тұрды. Танк оған да қарамастан бір позициядан екінші позицияға ауысып ондағы адамдарды қамырша илеп топырақпен араластырумен болды да енді бірде өзі де түгелдей отқа оранды.

Кенет біреу үй сылақшысының шөткесін қанға малып алып Қаһардың бетіне жағып жібергендей болды. Шошып

кетті. Қаһар өзінің жерлесі, жаяу әскер сарбазы Болат жерде қанға бөгіп жатыр екен.

Әлдебір тылсым кереметтің күші ме кім білсін, бұлар әйтеуір дұшпан шабуылына сол жолы төтеп берді. Ашық алаңқайға бірнеше танк өртеніп бықсып жанып, енді біразы мелшиіп тоқтап қалды. Бұл да ұзаққа барған жоқ. Немістер енді артиллериядан атқылаудың астына алды. Сосын, бомбалаушы ұшақтар келді. Олар енді бұрынғыдай бас-көз демей шамамен ғана емес тура қажет жерлерді соққының астына алды. Өйткені, қай жерде кім, қай жерде не бар екенін алдыңғы шайқастан кейін олардың алақанындағыдай айқын да белгілі болып қалған еді.

Бұл кезде Қаһар мен Бақытжан дұшпан көзіне ілікпеу үшін бір ұядан екінші ұяға ауысып жылжумен болды. Бір өздері болса кәнекей оқтөгер пулеметшілері тағы бар ғой! Бұдан өткен азап қайда бар? Сол жұрт аузынан тастамай мақтаған «максим» оқтөгерін ешқандай да техниканың жегілген түрі емес екені енді көрінді. Өзі ап-ауыр. Нағыз су толтырылған фляга дерсің. Тез қызып кетеді. Қаһар оны старшина айтқандай үзіп-үзіп, қыс-қысқа ғана атып пайдаланды. Ол қызып кеткенде бұлар Бақытжан екеуі қалта сауыттағы өздері ішетін суды да осы «максим» жұтқынның өңешіне құюмен болды. Сосын ше? Сосын қорқыныштан өң-түсі қалмай, кері қарай «мамалап» қашып бара жатқан жас солдат есінде. Қаһар сол сәтте көршілес иесіз қалған оқтөгерден старшина айтқандай үзіп-үзіп атқылап, танкінің тасасында жүгіріп келе жатқан неміс атаулыны өлтіре бергісі келгенін де ұмыта алар емес.

Сол жолғы шайқастан ротаның бестен бірі ғана тірі қалды. Иә, отыз шақты адам ғана. Оларды орналасқан жерінен артиллерияның қарша бораған оғымен талқандап қуып шықты да, бұлар енді орманға келіп тығылды. Бұл жер осыдан бір-ақ сағат бұрын сарыала күздің алтынсары, қызғылт бояулы алуан түсті ажарынан ада болып, бұтағынан айрылып дөңкііп қалған ағаш дөңбектері мен бел ортасынан қақ айрылған қайыңдардың ұсқынсыз мекеніне айналыпты. Ес жинап тілдесуге мұрша жоқ, тек құты түбінде қалған

азғантай сумен тамақ жібітіп, бет-аузының қан аралас батпак, кірін қолдарымен сүрткен болып жатыр. Ақырында ротаның осы азғантай сарбаздарына әлгінде жан-жаққа бытырап кеткен курсанттар мен өзге де бір топ адамды қосып тасталқаны шыққан позицияға қайтадан әкелді. Олай етпеске болмайтын да еді, өйткені ұрыс болған алаңқайдың арғы бетіндегі жолды немістерге қалдыруға рұқсат жоқ. Ол туптура Мәскеуге апаратын жол болғандықтан ол жолды өздерің алмай бермендер деген пәрмен келді.

Өмір сол күйінде өтіп жатты. Соғыста үш мәрте шабуылдан аман қалған сарбаз ең тәжірибелі сарбаз боп саналады. Қаһар мен Бақытжан бірнеше тәулік бойы жасалған дұшпан шабуылын бастан өткерді. Не істемеді, қандай қаруды қолданбады дейсің. Жанармай құйылған шөлмектің де, гранатаның да талайын жау жаққа жөнелтті ғой бұл екеуі. Ұңғысына от алмай қалған оқдәрі толып қақалып қалған оқтөгерді-пулеметті де сақылдатты ғой күндіз-түні. Қолма-қол шайқастарда жыртқыштарша алысты. Немістермен талай мәрте бетпе-бет келіп, жағадан да алып, алқымнан қысып, нағыз хайуандарша беттерін, құлақтарын тістеп жұлып түкіріп тастады. Винтовкадан да мұндайда көп қайыр жоқ екен. Оны бір атасың да құлағын қайтадан қайырып, қайтадан орнына салуың керек. Оның бәріне қалай үлгересің, дереу төніп келген дұшпанмен алыса кетесің. Бомба жарылысынан құлақтары бітеліп таскерең болып та қалды. Түтіні бықсып жатқан топырақтың астында көміліп қалған бірін-бірі суырып алуға да мәжбүр болды.

Қаһардың атасы қасиетті Меккеге жеті мәрте қажылыққа бекерден-бекер бармаған екен да жарықтық. Бұны сол атасының аруағы да қолдаған шығар, бәлкім. Елде қалғандар мүмкін, Бақытжанның аман-сау қалуын күндіз-түні Жаббар Иеден жалынып тілеген шығар. Бәлкім, оны да сонау заңғар көктен періштелері қорғап жүрген болар. Кім біледі?

Соған Қаһар осы бір өмір мен өлім арпалысына толы күндер мен түндерде ғана сонау бала шағында тәрбиешілері мен әскерде саяси жетекшілер Құдай жоқ деп өтірік айтқанын енді түсінген сияқты. Егер Құдай жоқ болса, адамдардың тілек

тілеп, жалынып-жалбарынуы, бірін-бірі құлай сүюі, қуаныш пен қайғысы, уайымы мен сенімі қайдан келеді? Ол бар! Құдай бар! Басына қиын жағдай туғанда Құдайға сенетіндер де, сенбеймін дейтіндер де оған жалынып-жалбарынып жәрдем сұрай бастайтыны тегін деп пе едің?

Ол тағы да өткенді есіне түсіре бастады. Апыр-ай, сонда бұлар соншама топалаңнан, әр сәтте аузын арандай ашқан ажалдан қалай аман қалды. Оған не, кім себеп? Алба-жұлбасы шығып, қан сіңген кір-кір шинель, көздері есеңгіреген есі кеткен тірі өліктің көріндей мағынасыз, сөйтіп жүріп бірнеше рет контузия алған адам ғой бұл. Сөйтіп жүріп аузынан ақ ит кіріп, көк ит шығып дұшпанға ұмтылып, ажалға қарама-қарсы атылған еді ғой талай мәрте.

Иә, бес мың сарбазы бар полктан жүз елудей ғана адам тірі қалды. Олардың өзі де өздерінің не өлі, не тірі екенін онша сезе қоймайтын сияқты, біртүрлі боп өзгеріп кеткен. Енді оларды тылға Орал аймағына әкеліп, сосын қайтадан жасақтап, энеугүні ғана өздері болған басы артық полк, яғни, запастағы полк дегенге тіркеді. Баяғыдай казармалар, баяғыдай ұрандар жазылған штаб үйі.

Олар майданға да осы жолмен аттанып еді, содан бері де жиырма шақты күн өтіпті-ау. Вагодағылар күйі кешегідей болған алапат шайқастардан әбден есінен айрылған кілең бір мелшиіп, тұнжырап қалған біреулер. Бір-біріне тіл қату деген жоқ. Олар тыныш өмірге қайтадан үйрене беруі керек сияқты. Адамдар шыбынша қырылған қанқасаптан шыққан біреулер де басқа бұл тіршілік иелері сықылды. Сол қанқасаптан тірі қалған біреу өзін-өзі атып өлтіріпті. Марқұмның қойнында немістен болған қолма-қол шайқаста қолына түскен пистолеті болған дейді.

Әуелі бірнеше тәулік бойы еңсені басқан сылбыр ақ жауын жауып тұрды да арты дымқыл ызғарлы қарға ұласты. Бір аялдамада бұлар вагонның есігін ашып тастап, сыртқа көз салып отырды. Жер мен көк түп-түгел аппақ, алыста сорайып көрінген биік шыршалар да қар жамылып алыпты. Міне, қыста келді.

Сосын нағыз тозақ басталды деуге болады. Ол тозақ Ржев шаһарының жанындағы қалың батпақты жерде он айға созылды. Газеттер Ржев түбіндегі шайқастарды тек сол аумақтағы қимыл түрінде жазып жатты. Ал, ақиқатында бұл жақтағы ұлы топалаң Сталинград шайқасынан еш кем емес еді. Мұндағы шайқас ешқандай есепсіз, ешқандай әдіс-тәсілсіз жүргізіліп төрт жүз мыңдай адамға ажал құштырған іс болатын. Сол жылдары соғысқа қатысқандардың әрбір үшінші-төртіншісі осы маңда соғысқан болатын.

Ржев-Вяземск маңында болған операциялар Ұлы Отан соғысы деп аталған сол қанқасапқа қатысқан кім-кімнің есіне түссе тұла-бойы түршікендей бір күйге түсетін.

Бірде шабуылға шығуға пәрмен береді.

Немістер биік қырқаның басына жайғасып алыпты. Кеңес батальондары болса ми батпақта жанұшыра еңбектеп соларға қарай ұмтылған болады. Немістер бұларды жоғарыдан оқтөгермен шетінен баудай түсіріп отыр. «Бір адам да артқа шегінбендер!» деген пәрмен тек Қызыл әскерде ғана болған жоқ, немістер кері шегінген адамдарын одан да жаман жазалаған. Ал қаша жөнелген сарбаздарын саптың алдында жұрттың көзінше атып тастап отырды. Тіпті, әлдеқалай ақыл-есінен алжасқандарды да сөйтті. Жерлеу үрдістері алдыңғы шепте мүлде көрсетілген емес. Тек өліктер екі-үш қатар болып көмілген, «алқаптар» мен «тоғайлар» ғана есте сақталып қалды. Қыста қар аралас тізеден келетін суға толы окопта өліктердің үстімен аттап өтіп жатқан адамдар көз алдыңнан кетер ме? Траншеяда арлы-берлі қарқылдай күліп жүрген есінен алжасқан жап-жас сарбаздар. Ал бүкіл бөлімшеден бір өзі тірі қалған бір сарбаз езуіндегі ақ көбігін бұрқыратып «Расцветали яблони и груши» деп әндегіп жүр. Ол өзінің бөлімшесіндегілер түгел қырылып қалғанын да, өзін әскер қатарынан шығарып тастағанын да білмейді. Бар ойы өзінің өлі батальонына қайтып бару ғана.

Қаһар әп-әйдік адамдардың-полк командашыларының еңкілдеп, еңіреп жас балаша жылағанын да сонда, сол Ржев түбіндегі шайқастардан кейін көрген.

Қыста октөгердің (пулеметтің.- М.К.) ұңғысында су орнына қар толып тұрады. Бұлардың кигені сол баяғы жырттық шинель. Қырау қатқан қас-кірпіктеріне шейін аппақ. Аяқ-қолдары үсіген. Өлердей мұңды жүз, мағынасыз жанарлар. Бір күні таңғы сарышұнақ аязда бүрісіп отырған бұған қарап Бақытжан қазақшалап: «Болды, жетер енді! Бұдан әрі соғыста қалғым келмейді» деді. Қайтсін, бүкіл тіршіліктен күдерін үзгені көрініп тұр. Содан екі күн өткенде оның тізесін снаряд жаңқалап кетті. Қатты жарылыстан Қаһардың құлағы тас болып бітіп қалған. Жан-жағындағы қалың көк түтіннен еш нәрсе көрінбейді. Әйтеуір досының дыбысы шыққан тұсқа еңбектеп шаққа жетті.

Бақытжан қос-қолымен тізесін құшақтап алып қазақша бірнәрселерді айтып шыңғырып жатыр екен.

– Қазір, қазір! Шыдай тұр,- дегеннен басқа бұның айтары да жоқ.

Оның тізесін таңғаннан түк пайда жоқ екен. Қаһар жалмажан қолтығының асырма тартпасын алмақ болып еді қатып қалған саусақтары икемге келер түрі жоқ екен. Сосын әлгі брезент тартпаны оның мақта шалбарының ішіне сұғып жіберді де аяғын бірнеше рет айналдырып бұрап тастады. Ауруға шыдай алмай ойбайлап жатқан Бақытжанның көзінен парлап жас ағып кеткенін көрді.

Бұл болса: - Шыда, шыда! Қазір, қазір, дегеннен басқа аузына сөз түсер емес.

Не істеу керек? Көп ойланып тұрмастан досын иығына досын сүйей салып алға қарай ілби бастады. Мына тозақы алқаптан сәл де болса алыстау кетуі керек. Беті қар, асты тоң боп қатқан тастай қатты жерді қан-қан саусақтарымен тырналай жылжып келеді.

– Бізге тигізе алмады ғой. Енді тигізе де алмайтын шығар! Ауа жетпей алқынып, қос өкпесі удай ашып келе жатып Қаһар осы сөзді бірнеше рет қайталады. Сосын бірер секунд қозғалмай демалған болды.

Қаһар бұдан түк шықпасын білді. Сосын Бақытжанды шалқасынан жатқызды да өзі де оның үстіне кесекөлденең шалқалап жата кетті де Бақытжанда қаусыра ұстап ет бетінен

аунап түсті. Досы арқасында. Алға төрт аяқтап жылжып келеді. Бақытжанның тақырлап қырып тастаған басы былқ-сылқ етеді. Есінен танып қалыпты.

Қаһар өлдім-талдым дегенде траншеяның тірек пунктіне жеткенде өзі де ешнәрсені сезуден қалғандай еді. Осы тірек пунктінен әрі қарай өтуге болмайды. Бұйрық солай. Әйтпесе, жаралы адамды арқалаған болып әскерден қашып кететіндер де болған. Міне жетті. Бақытжанды жауынгерлер көтеріп әкетті.

Бақытжан! Бахчан! Бауырым... Олар сені дәрігерлерге апарды. Өлмеші, өлмеші бауырым. Шыда! Мен сені медсанбаттан тауып аламын ғой. Ал, қазір пулеметімнің қасына баруым керек. Сен мені күт, бауырым! Қаһар жан досымен осылай еңіреп қоштасып бара жатты. Бірақ Бақытжан оның бір сөзінде естіген жоқ еді.

Ұрыс саябырлап, күн ұясына бата бере Қаһар рота командашысына барып, медсанбатқа досының ондай андай-пұндай заттарын апарып тастауға рұхсат алды. Жолқапшыққа неміс пышағын, олжаға түскен қолшамды алды. Ойы медсанбаттағылар тезірек қимылдап, досын эвакуацияға жіберсін дегені еді. Амал не, ол ойы болмады. Дұшпан түнде бұларды тылдан бөліп тастады, содан кейін ол Бақытжанын ешқашан көре алмады.

Ал қоршаудан шыққан соң Қаһардың өзі жараланып қалды. Контузия! Арқасына бірнеше снаряд жарықшағы тиіпті. Ротаның тірі қалғандары кері шегініп те кетті, ал бұл бірнеше сағат қардың үстіне жатты. Әйтеуір, жан-жағы ақ қар, көк мұз екен, ракеталар жарылып, көкке ұшып жатқан ағаш, топырақ, қар көз алдынан кетер емес. Түнде бірнеше адам оның жанына еңбектеп келді де арқанмен мұны орап-орап алып өзінің үйреншікті траншеясына қарата сүйретіп алып кетті. Жарақатымен қоса, қолдарыда үсіп кеткен екен, кейін жан кіріп аусақтарының терісі түсе бастады.

Енді міне, госпитальда жатыр. Реабитация. Әуелі 389-ші қосымша полк, сосын 12-ші полк! Қаһар қосымша полктен қайтадан майданға аттанарда парадта киетін мерекелік киімдерін киіп алды. Омырауы толған белгілер медальдар,

қызыл Жұлдыз ордені. Солардың ішінде Ржевті қорғаудағы «Ерлігі үшін» және «Москваны қорғағаны үшін» медальдары ең бастысы сияқты. Бұл-бет сүйегі шығыңқылау келген, сәл қысықтау іспек көздерінен өжеттік, аржағында әлденеге ашу-ызасы да бар екені аңғарылып тұратын, батыр жиырма жасар жігіт Қаһар! Осының бәрі оның Қаһар деген есіміне де керемет үйлесіп тұр.

Бұған бейне бір ересек данагөй адамша қарайтын жас жерлес сарбаздары қайта-қайта «Айтыңызшы, қалай өзі. Ол жақтағы соғыс қорқынышты ма?» - деп сұрай береді. Баяғыда бұл өзі де осылардай жас сарбаз болатын. Енді оларға не деп жауап беруге болады. Ол жақтағы қасірет-қайғыны тілмен айтып жеткізу деген еш мүмкін емес қой! Тағы да есіне түсті.

Бұл жаңадан жасақталған әскермен бірге 3-ші белорус майданындағы полк барлаушылары штатына келіп ілікті. Оған тек еріктілерді ғана алатұғын. Қаһар осыған өз еркімен келді. Ол өзінің артында қимайтын ешкімді де, ешнәрсені де жоқ екенін, бұл өмірден өте қалса өзін жақтайтын жан да жоқ екенін ол ес білгелі өзінің сұм тағдыры оған тіршіліктің талай тәжірибесін, білімін санасына сіңіргенін, қысқасы, бәрін-бәрін таразыға тартқандай болды. Барлаушылыққа сондықтан барды. Оның кеудесіне өзі өткерген өмірге деген ешқашан кетпестей кек бар.

Ол фашистерге де өте қатал өшпенділіктен қарады. Оларды сұмдық жек көрді. Өздері өлтірген, бауыздаған фрицтердің алған қыздарының фотосуреттерін алып, осыларды Берлинге шейін сақтап апарсақ, сол қыздарға бұл суретті қалай алғанын көрсетсек екен деген кекшілдік пен ызақорлық ойлары да болды. Бұл барлау бөлімінің қамсыздандыру, қорғау бөлімшелерінен өткеннен кейін, дұшпан бекінісін басып алу бөліміне ауыстырды.

Қаһар осылайша Белорусияға, сосын Балтық жағалауына шейін барды. Берлинге көп қалған жоқ-ты. Әттең, оған жете алмады ғой!...

Бірде Шығыс Пруссияда ілгері жылжып келе жатқан әскерді

әп-әдемі жинақы ғана неміс хуторына жете бере сақылдаған оқтөгер тоқтатты.

Санитарлық эшелонда келе жатып Қаһар өткенін бүгін осылай еске алумен болды. Тағы да есіне жараланғаны түсті. Бүкіл денесі от боп күйіп жанып барады. Ерні кезеріп, аузы қурап тілі тобарсып қалған. Сөйтіп жатып-ақ әйтеуір тірі қалғанына қуанатын сияқты. Ол ілгеріде өзі осы соғыстың ақырына шейін тірі болам деп ешқашан ойлаған емес. Өзін ажал эне-міне түртіп тұрғандай сезінетін. Бүгін болмаса-ертең, ертең болмаса-бүрсүгіні өлетіндей көрінетін. Ал кейде ол өзі болмаса мына соғыста болмайтын сияқты еді.

Ойын медсанитардың даусы бөліп жіберді.

– Міне, жақындап келіпте қалдық,-дейді ол бұның жарақатын қайтадан танып жатып. – Онда барғасын біраз емдейді де сосын үйге қайтасыз.

Қуанышқа бөленемін ғой! Қаһар осы сөздің аузынан қалай шығып кеткенін де байқамай қалды. Иә, ол қайда, кімге барады? Оны зарыға күтіп отырған, қуаныштан жүрегі жарылардай боп құшақ жая қарсы алатын кімі бар бұның?

Оған тек не істесе де қайда барамын деседі молынан жететін уақыт берген екен, сол ғана бар! Сосын онсыз арайлап атып келе жатқан ақ таңы, әдейі қыраудың әсем жамылғанын, шат-күлкісін, алуан гүлдерімен ақ қайың, борқарағай, ақтерек, көктерегі жайқалған бау-бақты көріп жанына жадыраңқы ләззат алуына мүмкіндік беріп қойыпты. Сосын ше? Сосын сол бау-бақтағы әлдебір орындыққа отырып, құстардың сайрағанын тыңдап, күннің нұрына бетін тосуына да болады екен ғой.

Ол ешқашан философтардың кітаптарын оқып көрген емес. Оған ізгіліктің даналықтарын, ақыл-ойын, берер сабағын өмірдің өзі жастайынан-ақ үйреткен. Ол мына өмірге үнемі разы болмай жүретіндер сол өзі армандаған нәрсеге қол жеткізуге лайық адамдар емес деп біледі. Ал бақыт дегеніңіз әрбір жаңа атып келе жатқан таңға, әрбір күнге қуана білу деп біледі ол.

Оған осылай ойлауды соғыс үйреткен еді!

Өмір оны біресе шыр көбелек айналдырып әлдебір

қысталаң күйге түсірді, біресе оған шығарып алып түпсіз бір тұңғық тереңге сүнгітті, тіпті аттыда. Ақыры бұған көңілі жібіп, мейірім түсіп еркін тіршілікке жіберді.

Ал сүйікті жерлес мархұм Есеттің, досы Трофимнің тағдыры ше? Сүйектегі «Бауырластар бейіті» деп аталатын немесе ешқандай атауы жоқ әлдебір молалардың астында, ұтыс даласында қалың орманда, ми батпақтың астында қалғандар ше? Ржевтің, Вязьмонын, Малоярославецтің, Серпуховтың, Псковтың түбінде көмусіз қалғандардың, Курск доғасында, Сталинград үшін, Киев үшін, Днепр үшін деп қырылғандар ше?

Қаһар Мәскеу үшін шайқаста өзінің немере ағасы Сұлтанның, Нарбайдың ұлының, атасы Молдарахметтің туған інісінің, үш аталықтан қосылатын туысқаны Сейдақтың тағы басқа ағайын- тумаларының сол Мәскеу үшін шайқаста қаза тапқанын да білмейтін еді. Ол лагерьден шыққасын айыпкерлер ротасына жіберіліп содан алғы шептегі қан судан аққан шайқаста із-тұзсыз жоғалып кетіпті.

Ал Ұлы Отан соғысы деп аталған сол қынадай қырғынға Қазақстаннан қатысқан соғыстардың үштен бірі яғни 630 мыңы опат болды, 497 сіне Кеңес Одағының Батыры атағы, 110 адамға Даңқ орденінің толық иегері атағы беріліпті. Олардың бірталайы опат болғаннан кейін ғана барып, марапатталды.

-5-

Житомир, 1945-1946

Бұл госпитальдың артында ертеде үлкен бір монастырь мен оның бағы болған дейді көнекөздер. Кейін бақты отап, шағын скверлер ғана қалдырыпты.

Житомирдің өзі жасыл жиекке бөленіп тұр еді. Шілденің шыжғырып тұрған ыссы күндерінің бірі. Үйеңкі мен теректердің жапырақтарын шаң басып салыпты. Бір қарағанда шаһар соғыстан есін жиып, қалпына келгендей көрінеді. Қоңырауларын сыңғырлатып әрлі-берлі трамвайлар өтеді. Қаланың ортасында серуендеген жұртшылық. Таңертең ертемен шаһар маңындағы мекендерден буы бұрқырап жаңа сауылған сүтін, қаймағын, ертерек піскен картобын,

жеміс-жидектерін, қолдың нанын, қуырылған пісте толы қапшықтарын арқалап саудагерлер базарға қарай ағылуда.

Госпиталь қаланың көне бөлігіндегі жағалауы күз-жертасты өзенінің жағалауында екен. Екі жүз адамға арналған төсек-орны бар. Бірақ дәл қазір мұнда жатқандар көп. Адам симағасын залға, асханаға, дәлізге қосымша керуеттер қойылған. Орындықтарды бір-біріне жалғастырып жатқандар да жоқ емес.

Қаһардың керуеті ашық терезенің дәл түбінде. Сыры өше бастаған терезе жақтауында күн сәулесі күлімдеп тұрады. Керуетке бірнеше балдақты сүйеп қойыпты. Аяқ сынықтарының терісіндегі қою қызыл түсті тыртықтар көрінеді. Кейбіреулерінің тігісі ашылып кетіпті, аржағынан қан шығып тұр.

Палатада үлкен-кіші аралас жатыр. Көпшілігі соғыстың алғашқы күндері жараланған жас балалар. Одан сәл беріректе аяғы кесілген, алдыңғы күрек тістері алтын түстес рандольмен қапталған, үрпекбас ересек біреу жатыр. Палатадағылар оны Клепа дейді екен. Тылда, сосын зенит батальонында болыпты. Жаралы аяғы шіри бастағасын тізесінен жоғарырақтан кесіп тастаған.

Көпті көрген сақа майдангерлер де бар екен. Қаһардың көршісі жасы қырық бестердегі шашы кудай аппақ сарбаз. Мұртында бір тал қара қыл жоқ, ақшыл сары түс қана. Оны жұрттың бәрі Евгений Павлович немесе жәй ғана Палыч дейді екен. Оның өз бөлімшесінде алуан-алуан көңіл-күй орната алатын еті тірі сарбаз балғаны байқалады. Соғысуды Сталинград түбінде тәмамдапты. Палатада Евгений көп сөйлей бермейді. Шалқасынан көптен бері әктелмеген, ыс басқан, әр жері шытынап кеткен төбеге қарап жатады да қояды. Байғұстың қос қолы да жоқ. Шынтағының кесілген ұштары қызғылт тартады.

Палыч палатадағылардың әңгімесіне де онша араласа қоймайды. Кей-кейде ғана бір-екі ауыз бірнәрсе айтқан болады да қайтадан төбеге, бір нүктеге қадалып жата береді. Палатадағылар оған газет қиындысына темекі орап береді. Палыч сол темекіні де сол адамның қолынан сорып шегеді,

байғұс. Темекіні кеудесі түтінге әбден толғанға шйін тартады.

Оған тамақты да қасықпен аузына біреу салып беріп отырды. Сірә, мүгедектіктің жалқы да жаншошырлық нәрсе екенін білетіндер екеуі болса, бірі осы Палыч шығар-ау. Оның түнде керуетте әрі-бері дөңбекшіп, аударылып-төнкерілгенін көрген Қаһар ол сірә, түсінде соғысып жүретін болар деп ойлайды. Мүмкін ол соғыс дегенен, тіпті, шошымайтын, оған еті өліп кеткен біреу шығар. Иә, ол байғұс іштей басқа дүниеге бейімделіп жатыр ма кім білсін ?!

Оның үй іші қандай қасіретке душар болғанын бұнда жан адам білмейді. Оның бұл дүниеде жалғыз қалғанынан да бейхабар. Ол соғыста жүргенде, қолы бар кезде бір қызбен хат жазысып тұратын-ды. Басқаларда сөйтетін. Қолынан айрылғасын хат жазысу да тоқтады. Палыч әуелі өзі тоқтатты. Бірақ қыздың ақ парақты толтырып жазған үшбұрышты хаттарының әмбесі түгел сақтаулы. Кешқұрым іші темекі түтіні мен иісіне толы жиырма адамдық палатадағылар ұйқыға кетер алдында ол Қаһардың әлгі қыз жазған хаттарын қайта оқып беруін сұрайды. Бұның тұл жетім екенін, тоғыз-ақ жасар бала шағында балалар үйіне түскесін ол ғана біледі. Сондықтан да Қаһарды жанына жақын тартады.

– Тындашы, Қаһар... Сол бір сәт әлі есімнен кетпейді. – Палыч бір рет тамағын кенеп алып, өзімен-өзі сөйлескендей бұның бетіне бетін бұрмастан сөйлеп жатыр. Бірде траншеяда неміспен ұстасып қалдым. Өзі еңгезердей нән біреу екен. Денелі. Мені аяғымен шалып құлатты да үстіме мініп алды, енді винтовкамен тамағымды қылғындырып, тастамақшы. Қонышымда фин пышағы бар еді, соны алып үлгере алмай қалдым. Ала алмайтын да сияқтымын. Қолыммен винтовканы әрі итерген болып жатырмын, біттім ғой дедім... Қырылдай бастадым... одан әрі түсініксіз бірнәрсе басталды да кетті. Әлде менің көзіме солай көрінді ме, әлде оны Құдай тәубеге келтірді ме білмеймін. Ол мені қылғындырғызып қоя салды. Сөйтi де, кенет өлме, өлмей жүре бер дегендi ыммен ұқтырып, иығымнан жәйлап қағып-қағып қойды. Сосын орнынан түрегеліп, өмірінде үлкен бір істі тындырған адамша маған

қарап күлімсіреді де тұрды. Мені аяп тұр. Міне, өмірде не болмайды дейсің?! Қысқасы, ол маған күлімдеп бір қарады да бұрылып траншеяны бойлап кете барды. Ал мен ше? Мен еңтігімді басып сәл тұрдым да оның соңынан жетіп барып арқасына секріп міндім де пышағымды өндіршегіне салып кеп жібердім де тамағын орып кеп жібердім. Ол аяқ-қолын селкілдетіп жатты. Мен оның қашан жаны шыққанша үстінен түспей отырып алдым. Айналада әлі ұрыс жүріп жатты. Мен оның үстінде отырып темекі шеккім кеп кетті. Біз ақыры немістерді траншеядан қуып шықтық. Мен астымда жатқан немістің қалталарын тінте бастадым фотосурет шықты. Қарасам менің Настюшам сияқты кіп-кішкентай тұлымшағы селтиген қыздың суреті. Настюшанның дәл осы қыздікіндей тұлымшағын өзім өріп беріп тұратынмын.

Палыч бір сәт жұтынып алды да іші бос салақтаған жеңін көтермек болды. Көзінің жасын сүрткісі келген сияқты. Бірақ қолы жоқ екені енді есіне түскендей басын бір жағына сылқ еткізді.

Қызым мен қатыным мың тоғыз жүз қырық бесінші жылы бомба түскен үйдің астында опат болған. Екеуінің ең болмаса моласы да жоқ. Бұл госпитальдан шыққасын қайда баратынымды да білмеймін. Барар жер, басар тау жоқ. Ешқандай өмір сүргім келмейді. Құлқымда жоқ. Сол кезде аласұрған етқызумен ол неміс туралы ұмытыпта кетіппін. Енді есімнен кетпейтін болды. Оның жылы жүзі, маған қарап жымиып күлгені, оның фотосуреттегі қызының бет әлпеті ... Бәрі, бәрі көз алдыма келеді да тұрады.

Евгений Павлович шашы да, үстіндегі жеңі салақтаған халаты мен өзінің өңі де аппақтығы сондай бір қарағанда ителгі құстай көрінеді осы жатқанда. Керуетгін арқалығына жонып тіреп қойып, анда-санда бетін қинала тыржитып, кірпігін қағып-қағып қалып өзінің қасіретке толы өмірін еш бүкпестен асықпай айтып жатыр. Ал Қаһар өзі темекі шекпесе де қағаз қиындысына темекіні әдемілеп орап оны ерніне қыстырып отырып:

– Темекі шегіп ол Палыч. Өзінді жазғыра берме! Бізге мұндай қатыгездік жасауды үйреткен мына соғыс деген

бәлекет қой қалай болғанда да өмір сүру керек. Бұл өмір бізге өте орасан қымбатқа түсті ғой,- деп қояды.

Біреуінің қос қолы түбінен кесілген оның жарты жасындай ғана екіншісінің аяғы жоқ осы екеуінің тағдырына адам баласы көруге тиісті азап пен қасірет қайғының барлық түрі тап келген деуге де болмайтында еді. Өздері осындай аянышты күйге түскен, ең болмаса осынау жер бетінде бірде-бір жақын-жуығы жоқ бұл екеуін бір-біріне сонша жақын сырлас еткен тағдыр осындай болатын.

Қаһар керуетте санитарка-қыздың еден жуып жүргенінен көз алмай қарап жатты. Тек ол ғана емес палатадағылардың көзі түгел сол қызда. Орта бойлы, аққұбаша келген, қасы қап-қара, орамалының сыртынан бұрымы бұрқырап шығыңқырап тұрған сүп-сүйкімді қыз. Жасы он сегіз – он тоғыздарда. Өзі сондай жап-жас көрінгенімен баласы бар екен. Бұл Житомир шаһары үш жылдан астам оккупацияда, немістердің қолында болып, азаттық алғанына жыл жарым ғана уақыт өтті. Госпитальдағы санитар, медбикелер бұл қыз немістен бала тапқан деп өсек қып жатады. Оны жаралылар да біледі.

Бұл бойжеткен кішкентай ұлымен екеуі қаланың шет жағында тұрады. Жақын-жуық ешкімі де жоқ. Баласын қалдырып кететін ешкімі болмағасын оны өзімен бірге жұмысына ала келіп, медбикелердің бөлмесіне, болмаса кір жуатын бөлмеге отырғызып қояды. Баласы ауырушандау сияқты. Анасы босанар кезде шығып кеткен бір аяғын созып жіберіп еденде еңбектеп жүреді. Оның жылағанын да ешкім көрген емес. Анасы байғұс жұмыста тыным таппай жүріп, арасында баласының жанына асығып-үсігіп келіп кетіп тұрады.

Әне анау рандоль тісі бар Клепа кенет оған қарап:

Әй, Санитарочка! Жұртың емешесін кұртып қызықтыруыңды қой да менің жаныма келіп отыршы! Әйел жыныстыны сағындым! Кел, қасыма кел - деп дауыстай бастады. Ол осының алдында еден жуып жатқан қыздан көзін алмай үнсіз жатқан болатын.

Қыз көзіне түсіп кеткен шашын қайырып тастап, оған назар салмастан кір еден жуғыш шүберегін шелектегі суға бұрап сығып үнсіз тұра берді.

– Неменен жиіркенесің бе? Ой, жаным салдақы. Бұны бүкіл палатаға есіттіріп айқайлаған адам дудар бас мүгедек болатын. Ол онымен де тоқтай қоймады. – Біздікілермен тіпті, тіл қатысқың да келмей ме не? Немістерді жақсы көресің, ә? Ой, фашистің салдақысы! Сені тыржалаңаш алаңға қалың елдің алдына шығарып қояр ма еді? Көрсін сенің анау былжырағынды. Дұшпандарға көрсеткен жүзінді бізден аяйсың ба? Қане, маған қарашы, сілікпе!

Клепаның бұл өрескелдігінен палатада біреу-міреу іштей қатты күйзелсе де сол сәтте оған ешкім ешнәрсе айта алмас та еді. Бірнәрсе десе-ақ «Сен не, фашисттің астында төсеніш болған жәлепті жақтап тұрсың ба?» деп аузын жаптырып тастаған болар еді. Бірақ майдангерлердің аты майдангер ғой. Олар осындай қыздарға қырындайтын тылда жүрген жәй пенделер емес қой. Бұлар мұндай қатын-қалаштарды иттен де жек көрді. Мұндайлар оларға нағыз сатқындардың өзі. Әрине, орайы келіп жатса оңашада өздері де «кет әрі» дей қоймас еді.

– Не, немісінді күтіп жүрсің бе?-деп Клепа одан әрмен әкірендеді. Біз оны әлдеқашан өлтіріп тастағанбыз. Өлтіріп тастағанбыз сенің сүйіктіңді. Ішек-қарны ақтарылып қалды. Оның өзін де, достарын да, туған-туыстары мен апа, қарындас, ата-анасын да қырып салғанбыз. Не, біз мына сен сияқты сияқтылар үшін соғысып па едік?

Қыз әуелі ешнәрсе естімегендей болып мелшиіп тұра берді. Еңкейіп тағы да еденді сүрткендей болды. Сосын тұла бойын жайлаған лас сөздерге одан әрі төзе алмай, шелектегі суды еденге ақтара салып сыртқа қарай тұра ұмтылды. Клеп оның артына құлаштап тұрып балдағын атып кеп жіберді.

Күн өте ыссы болғасын палатаның есігі айқара ашық тұрғанды. Оның айқайы бүкіл бөлімшеге ап-анық естіліп жатты.

– Клепа, жүйкені тоздырма, - деп Евгений Павлович қана баяу басу айтқан болды. Өзі сол әлі де екі көзі төбеге қадалған күйінде.

– Осындағылардың бәрі де соғысқан. Сенен көп соғысқан. Жетер!

– Көп қоқандай берме! Есіттің ғой не дегенін! - деп Қаһар да Палычты қоштап жатыр. – Бұдан былай ішіңе күйігін симай баратса онымен дәлізге шығып сөйлес. Сосын палатада даусыңды көп көтере берме, білдің ба?

Клепа бұларға ызалана бір қарап қойды да қарсы ешнәрсе айта қоймады. Сосын балдағын алуға секеңдей жөнелді.

Жаз. Жарақат таңатын емшара бөлмесінің ашық терезесінен сарыала, қоңырқай қызғылт жапырақтар ішке ұшып кіріп жатыр. Қабырғалар мен азғантай жиһаздардың үстінде күн сәулесі қырық құбылып ойнақшиды. Үстел үстіндегі темір табақша да, оның қасындағы никельденген медкұралдар да жылт-жылт етеді.

Жаздың жұпар иісі бөлмені түгел алып тұр екен. Қолжуғыштан тырс-тырс етіп тамшы ағып тұр.

Балдағына сүйеніп қос қапталына кезек аударылып – төңкеріліп қиралаңдай кірген Қахарға толықша келген тоқтасқан Анна Николаевна:

– Кәне, отыра ғой жауынгер,- деп иегімен ағаш тақтаны нұсқады.

Бұл медбикенің сөйлеу мәнері мұндағы украиндардың жұмсақ та жылы лебізіне, майда сөйлейтініне мүлде ұқсамайды. Білетіндер Мәскеудің өзінен дейді. Госпиталь эвакуацияланғанда осында келіп жұмысқа орналасыпты. Қайтадан Житомирге көшірілгенде тағы да оралыпты.

Николаевнаны бөлімшедегілердің бәрі жақсы көреді. Жүрісі де байсалды, баяу сөйлейтін кеңпейіл бұл әйелмен жәй әңгімелесіп отырудың өзі бір ғанибет. Осындағы жаралы сарбаздардың жан дүниесін, бірде олай бірде бұлай құбылмалы мінезін жақсы түсінеді.

Жоқ жерден шу шығарып, ботқа салған табақшаны лақтырып, былапыт сөз айтып жататын айқайшыларды да биязы үнімен, тартымды жұмсақ сөзбен сабасына түсіре қояды. Айтпақшы, бұл бөлімшеде шайқасқа бір-екі –ақ күн қатысып

нағыз солдат болуға үлгере алмай да жаракаттанып үлгерген жастар өте көп. Қахар бірде ақұрпек шашы жалбыраған, екі аяғы бірдей жоқ сондай бір жас жігіт Анна Николаевнаның кеудесіне басын сүйеп еңкілдеп жылап тұрғанын, ал ол кісі оның басын сипалап жұбатып өзінің де көңілі босап тұрғанын көрді. Кенет жас жігіт қос иығы селкілдеп бұрынғыдан да қатты дауысын шығарып жылады да медбикенің бетіне қарап тым-тырыс бола қалды. Жылағаннын да қойды.

– Қахар дейсің, ә? Бұл қандай есім? Бұрын-соңды естіген емеспін мұндай есімді.

Қахар орындыққа отырған бойда Анна Николаевнаның оған қойған бірінші сұрағы осы болды.

– Қахар деп құжатыма орысша жазып қойған ғой, ал дұрысы қазақша Қахар. Яғни, айбатты, батыл деген сөз. Екінші бір мағынасы – ашулы, күйінішті дегенді білдіреді.

– Түсінікті! Күйініш, қайғы! Иә, сен күйініш пен қайғының, күйзелістің небір түрін бастан өткергенің көрініп-ақ тұр ғой.

Ол осылай деп бұның қабынып, ұшы қып-қызыл болып кеткен шолақ аяғына сондай бір нәзіктікпен, сондай бір ептілікпен майлы дәрі жағып таңып жатты да:

– Сендер немене бүгін санитарканың жан-жарасына тұз сепкендей қылдыңдар. Байғұстың екі көзі қып-қызыл болып кетіпті. Көп жылаған сияқты. Үйіне сәбиін құшақтап жылап кетіп бара жатты.

– Не оны сен де жек көресің бе? Ұнатпайтының жүзіңнен-ақ ап-анық аңғарылып тұр ғой. Бір жақсы жері сен оны төсекке қарай тартқылаған жоқсың ғой. Бұл жерде ондай қатыгездер өте көп. Жоқ, мен ана төсекке сүйрелейтіндерді айтып тұрмын.

– Фашисттің қасында болған әйелді адам деп есептемеймін. Ол мұнда неғып жүр? Бұл жер ол жүретін жер емес! Қахардың дауысы бұл жолы тым қатқылдау шықты.

– Иә, ол жүретін жер емес екені рас. Бірақ, сәбиінің жазығы не?, енді оны кім асырайды? Бұл жерден кетсе жұмысты қайдан табады? Мен сендердің көздеріңе түсе бермесін деп ол бейшараны кір жуатын жерге, ішкіім, көрпе-көпшік тазалауға тазалап, ал ол байғұс сендерге қызмет көрсеткісі келеді де тұрады.

Қаһардың қысық көздері сонда да бұрынғысынша түнеріп тұрды. Оны мына сөздер мысқалдай да жібіте алған жоқ.

– Сенің тұла бойыңды өмірге деген құштарлық кернеп тұр. Өте дұрыс! Анна Николаевна оның жарасының үстіне майлы тампон қойды да:

– Бірақ сен алдағы уақытта адамдарды аяуды, кемтар бейшараларға жанашырлықпен қарауды үйренуің керек. Адам баласы кешірімді болуы керек! Сонда өмір сүру де жеңілiрек болады. Мен соғыс басталғанға шейiн акушерка болып iстегенмін. Білікті, тәжірибелі акушерлердің бірі болдым. Осындай қыздарды талай...

Сен талай немісті өлтірген де шығарсың. Ал мен адамдарды сенен мың есе көп өлтірдім. Дүниеге енді келетін сәбилерді... Әне-міне келгелі жатқан бейкүнә сәбиді дәл бір фашистерше өлтірдім, алып тастадым! Қоқыс салатын легенге лақтырып тастай салғанмын. Ал, енді ана қызды неміс зорлады ма, әлде жоқшылықтың кесірінен өзі берілді ме, әлде шынымен ұнатып қалды ма... ол жағын білмеймін. Тек бір риза болатыным оның сәбиін тастамағаны ғана. Білесің бе Қаһар, қаншама қыздар нәрестесін вокзалда, үйлердің алдына тастап кетіп жатыр?! Ал бұл қыз өйткен жоқ. Көріп жүрмін ғой, сәбиінің жанынан бір елі шыққысы келмейді. Ол бала бұл қыз үшін қаншалықты масқара нәрсе болса, соншалықты оның жанына жұбаныш. Міне, ол сәбиін алдырмайсақтап қалғаны үшін де ең зор кешірімге лайық деп ойлаймын. Оны адамдар да, Құдай да кешіреді. Мұны түсіне білу керек. Әттең, екiнiң бiрi түсіне де бермейді ғой.

Жара таңылды. Анна Николаевна бұған қарап жымыып тұрып:

– Болды. Ал қазағым, жүгір үш аяқтап палатаңа қарай, келесілерді шақыр,-деді.

Медбикенің халатының қалтасының сыртынан темекі қорапшасы тоғмпайып тұрды. Ол өзі темекі шекпейді. Демек, осында жатқан біреуге әкелген ғой.

Тылдағы госпитальдарда жабдықтау, күтім жағы өте нашар екені аз болғандай олардың кадрлары да көңіл көншітерліктей болған емес. Соғыс жүріп жатқан аймақтарда неғұрлым алыста

жатқан госпитальдар Қорғаныс Халық Комиссариатының құзырына соғұрлым көбірек беріледі. Ал бұл госпиталь Халық Комиссариатының емес Денсаулық Халкомының құзырында. Сондықтан да білікті маман дәрігерлер әскери шендерін сақтап, әртүрлі жеңілдіктер мен паймен берілетін азық-түліктерін молырақ алу үшін соғыс жүріп жатқан жерлердегі госпитальдарға көбірек кетед. Соғы біткесін олардың бәрі ірі-ірі қалалардағы емханаларға ауысуға жанталаса ұмтылады. Ал Житомир тақілеттес уездік қалашықтарда дүнианың қызық-шыжығына онша көңіл аудара бермейтін, бұл жалғанға тым керенау, енжар қарайтындар мен ішімдік ішкіштер ғана қалды. Жан сезімі сергек, өмірге ойлы көзбен қарайтын осы Анна Николаевна сияқты тәжірибелі мейірбан жандар бұндай госпитальдарда өте сирек.

Бірақ, Қаһардың өмір жайлы түсінігі мүлде өзгеше еді. Өмір деген өте күрделі, сан қырлы дегеннің бәрі далбаса сөз, оның ойынша жәй алдарқату ғана. Ол өмір деген бір беті ақ, екінші беті қап-қара бір дүние ғана. Досың бар ма, оның құшақта, сүй! Дұшпан ба, оны өлтір! Сатқынды сабап таста, бет-аузын қан-жоса қыл!

Ал анау қыздың мұнда, қанқасаптан қайтқан жаралылардың ортасында жүруі, тіпті орайсыз. Оның фашистен туған баласы да фашист деп біледі.

Кешқұрым жаралылар жатуға даярлана бастайды. Біреулер газет тігінділерін оқиды, біреулер ұйықтар алдында бүгін соңғы рет шегетін шегіп дегендей... Ал Палыч көрпетысты иегінің астына шейін жамылып алып, сол баяғы тастөбесіне телмірген қалпы. Ол өзінің бұл жерден енді ешқайда кетпейтінін біліп жатыр.

Қаһар палатадағы осы бір өте сұрықсыз көріністі тағы бір шолып шықты да сызық-сызық болып әбден қажалып тасталған сұр қабырғаға аунап түсті.

Бұрын тап бұлайша жалығуға да, зарығуға да соғыс мұрша бермейтін-ді. Қалай өлмеуді, тірі қалуды ойлайсың, өзінмен-өзің сырласып, тебірену деген сезімдер алдақашан сөніп қалған. Осы жатқанда оның ойында бір-ақ нәрсе бар. Ол дәл қазір өзінің туған ауылынан болмаса да әйтеуір, бір қазақты

көрсем, сонымен қазақша сөйлесіп шер тарқатсам, сөйтіп мауқымды бір бассам-ау деп қиялдайды. Бірақ, қазір бұл палатада бір қазақ та қалмаған...

Иә, ол бүгін медбикеге өзінің Қаһар деген есімі жұмбақ, жасырын, өте қатты ашу-ызаны білдіретінін түсіндіріп берді. Бұған шейін өз есімінің мән-мағынасы нені білдіретінін де ойлап көрмеген. Тіпті, тума-туыстарын да есіне алып, өткенді сәл де болса көз алдына елестеткен емес.

Оларды ойлай бастаса бұлдыраған бір сағымның ішінде жүрген анасы мен апсының бейнесі елестейді. Бірақ, бет-жүзі көрінбейді. Әйтеуір балалық шақтың тәтті бір исін, анасының бетінен сүйгендерін, басынан сипаған алақандарын әлі де сезініп тұрғандай бір ләззаты мол күйге түседі. Сосын қайткенде де қайран Даласының исін сезгісі келеді. Егер көзін тарс жұмып қимылдамай біраз отырса өзіне алпыс екі тамырына бұдан сан мыңдаған жыл бұрынғы ата-бабаларының – дала көшпенділерінің қанымен беріліп келе жатқан Торғай даласының бір тал шөбі мен бір уыс топырағының исі мен дәмін сезінетінін қайтерсің?!

-6-

Есте қалмаған ескі бір заманаларда бұл даланың орнында шеті де, шегі де жоқ алып мұхит жатқан дейді білетіндер. Қазір мұнда тек теңіз бен мұхитта ғана болатын қайыр құм, кебіртек сазды алқаптар мен сол заманалардағы су жануарларының сүйектері мен қабыршақтары ғана аракідік көзге шалынып қалады. Иә, сосын бұл жерді ұш-қиырсыз аппақ мұз әлемі басып жатыпты ғой. Ол мұз әлемінде тартылып-тартылып ақыр аяғында осынау құлан өтпес, құс ұшпасқиян далаға айналыпты.

Бұл далада қыста қызылшұнақ сарысыз қырық градусқа шейін барады. Қарлы боранда тал түсте адам адасады. «Жаяу борасын» деп аталатын ақ қар құйылып жаны бар бірнәрсе сияқты тақтайдай тегіс даламен жүйткіп бара жатады. Кейде күн қатты жылыныпкетеді де қарлы жердің бетін шылқыған су басады. Сосын қайтадан аяз басталады да бүкіл Дала әр жерде бір-бір тал селеу мен еркек деген шөптің басы ғана қылтиған аппақ мұз алқабына айналады.

Жазғытұрым, яғни, көктем шығысымен Даланың Торғай даласының алуан бояуға шалынып, сан құбылып құлпырған көркі мен келбетін суреттеп беруге тіл жетпейді. Бұл Дала күн жылт етіп, жерге жылы сәуле құйыла басталғаннан-ақ алпыс екі тамыры иіген анадай жадырап, қарһәләзи шадыман шаттыққа бөленеді ғой. Әуелі қар астын ұялшақ қыздай майысып, қылтиып бәйшешек бой созады. Одан әрі қыпқызыл, алқызыл раушан, райхан, құртқашаш, ләйлекгүл, сргалдақ, қызғалдақтар иен даланы алуан түске малындырып тастайды. Изен, жусан, еркек, сүттіген сияқты исі мұрынды жарып, ішпей-жемей мас қылардай күйге түсіретін малдың негізгі отын былай қойғанда тобылғы, жыңғыл, көкбұта, алабұта, қоянсүйек, дүзген сияқты бұтақтылар өскен маңай ішінде қоян, қарсақ, түлкі жортқан ну тоғайға айналады. Тіпті, жаз ортасы ауа пісетін көсік, сағыз, құмаршықтар да жылт етіп мойындарын соза бастады.

Сол көрікті көктем бұл өлкеде онша ұзаққа созылмайды. Жаздың ыстық аңызағы басталар-басталмастан әуелі жаңағы қырмызы гүлдердің қауызы ұшып, сарайлы сабақтары қалады. Құрғақ жел қаққан көкорай шалғын да сарғайып, су көбірек жиналатын сай, жылғалар мен ылди ойпаттар ғана қайда күзге шейін жасыл бояуын жоғалта қоймайды.

Дегенмен, кейбір жаңбырлы жаздарда алабұта, еркек, селеу сияқты өсімдік шөптер, жусан, изен, сүттігендер қайта тірілгендей әдемі түске боянып, тобылғы, жыңғыл, ақтікен, тораңзығыр екінші мәрте өркен жаятыны тағы бар. Мұндай жаз кезінде көбіне-көп орманда өсетін аппақ-аппақ саңырауқұлақтар да қалқайып тұрғанын көруге болады. Көлдер мен көлшіктерде үйрек, қаз, қасқалдақтар қаптап жүзеді. Әсіресе, күндіз ара-тұра ғана шаңқ-шаңқ ететін шағалалар кешкісін шаңқылын үдетіп, оларға сарыала, торала қаздардың, аққудың сұңқылдаған сирек үні қосылып аспан асты сыры мол алуан түрлі әнге толып кететінін қайтерсің?! Солардың бәрі былтыр қыста, жат аймақта алты ай өткізіп, туып-өскен Торғай даласына аман-сау жетіп, жадыра жазды тойлап жатқан ба дерсің!

Бұл шақты Торғай өзенінің жағалауы да, қазандай қайнаған

тіршіліктің думанды ордасындай ғой, шіркін! Жағалаудағы жасыл майсаға жайылып алып, өзеннің арғы бетіне жүзіп өтіп бара жатқан ақбөкендердің, қос мүйізі төбесіне шаншылып, еселері мен құралайларын ертіп, бастарын қайқайтып, кең танаулары желпілдеп топты бастап бара жатқан текелер қандай өжет те, сүйкімді.

Жазғы далада көшпенділердің нағыз думанды да дүбірлі тіршілігі басталады. Отар-отар қой мен келе-келе түйелерді табиғаттың өзі қолдан жарып жасағандай қыртыс-қыртыс, қатпар-қатпар жарқабақтардың іргесін қуалай ирелең қағып сарқырап аққан Торғайға қарай қаптатып айдай бастайды. Орал таулары жақтан соққан қоңырсалқын Орал теңізі тұсынан аңызакпен араласып жанға жайлы леп соғып тұрады. Алыста, сонау көкжиекте бұл дүниеде көрініп тұрса да көрінбейтін, бар болса да жоқ тылсымның біріндей, түсі қандай екені де беймәлім сағым бұлдырап тұрады. Оның алысты-жақын, жақынды-алыс қып көрсететінін де қызық қой. Көшпенділердің арасында баяғы замандарда далада жолынан адасқан жолаушыны шақырып өзіне тарта беретін, сөйтіп ажалға ертіп апаратын жұмбақ бір от туралы, шөптің бетінен қалықтағандай боп жылжып ертіп кететінаппақ қатынмен оттай жанған ат туралы аңыз көп айтылатын еді.

Қаһардың руы Арғын болатын. Бұл қазақта Орта Жүздің құрамына кіретін ең ежелгі тайпалардың бірі. Бұл соның ішіндегі Ақташы әулетінен. Олар қыстыгүні қышкесектен салынған бірнешежатаған үйлерде, көпшілігі киіз үйлерде Кең-Табан деген ойпаттау қойнауы қыстайтын еді. Қора-қопсы, шөп жиналған жаппа, қысқа қажеттілердің бәрі осында. Жаз басталысымен-ақ отар-отар қой, табын-табын жылқы, келе-келе түйе кең байтақ далаға айдалады.

Бір замандарда Торғайлық Ақташтар ауқымды, бала-шағасы да көп аталы ру болған дейді.

Бұл әулеттің негізін салып, іргелі ел қылғандардың бірі дәулетті де білікті Қыдыралы деген кісі екен. Малында есеп болмаған дейді. Өзі сол кездегі қоғамдық судья деуге болатын қазы, елге қадірлі болыпты. Оның артында қалған екі ұлдың үлкені Молдарахмет міне, осы Қаһардың атасы-тұғын.

Иә, Молдарахмет атасы 1844 жылы ел жайлауға көшіп баратқанда Мөлдір деген жерде дүниеге келіпті. Білім-білігі де өзінің есіміне сай болған. Тағдыры да екінің бірінде ұшыраса қоймайтын айрықшалау деуге болады. Кішкентайынан молдадан әліпби үйреніп, сауатын ашып, одан медресе, сол кезде «духовное училище» аталған мектепте оқып, араб тілін өте жетік меңгерген бұратала дін жолына дін жолына түсіп, біреуге берген уағдасын ешқашан жұтпасқа ант беріп, қасиетті Меккеге жеті мәрте қажылыққа барады. Бұл маңайда ондай сапар шеккен дегенді бұған шейін ешкім естімеген. Молдарахмет әуелден-ақ Меккеге жеті рет баруға серт берген екен. Жеті саны ислам мәдениетінде өте киелі сан деп есептеледі. Мысалы, жеті саны-бір есептік қайырымның соңғы саны, жарық дүниені Жаратушымыз жеті күнде жасап бітірген, жеті түрлі ілім-білім, аптаның жеті күні, тағы-тағы.

Сол замандағы, яғни 1900 шы жылдардағы жағдайды есепке ала отырып қажылыққа Меккеге баратындар үйіне сегіз айдан кейін не болмаса бір жыл дегенде оралатынын білген. Сапаршылар атпен, түйемен жүріп отырып қу иен сахара далаларды, тамшы суы жоқ, құс қанаты талатын, табаны тимеген меңіреу шөлдерді басып өтуге ықтиярлы адамдар еді. Оларды ешкім зорлаған да, мәжбүрлеген де жоқ Меккеге бар деп. Олар Аллаға, қасиетті де киелі деп есептелетін дін жолына бұратала берілген пенделер ғана. Қиындығы мен қиянаты көп бұл ауыр сапарға Молдарахмет атасы әрі жолсерік, әрі әлдеқандай жағдайда жәрдемші ретінде өзінің ең жақын да сенімді достарын – Қыржігіт руынан Мұсабай Беркенұлы мен Таз руынан Әлдеш – Алдашты ертіп алыпты. Қаһардың руы Ақташтың жігіттері неге екенін қайдам әйтеуір Таздың қыздарына көбірек үйленеді екен. Ол кісі тағы бір мәрте қажылыққа барып келгенін, 1905 жылы Даланың ең ықпалды да беделді тайпасы Қыпшақтар ортасына меймандыққа шақырып таза арғымақ тұқымынан шашасына шаң жұқпас жүйрік ат мінгізіп, арқасына асыл қамқа шапан жабады. Айтпақшы, кейін Торғай аймағының ханы болған Әбді-Ғаппар осы қыпшақ тайпасының ұрпағы-тұғын. Кейінірек Қаһардың дала ақсақалы болған осы атасы

Торғай өлкесінің қоғамдық та, діни өміріне белсене араласып Торғай уезінің құрметті қажысы атанған екен.

Иманды болғыр ол кісі дүниеден озғасын 1915 жылы оның басына қызыл кірпіштен көрікті мазар орнатылыпты (Бетпақдаладағы зиратта).

1935 жылы қазақтарды советтендіру, діндарларды қудалау кезінде бұл ғимаратты қажының коммунист жерлестері күлталан қылып қиратып, орнына «БҰЛ ЖЕРДЕ ЖЕТІ РЕТ ҚАЖЫЛЫҚҚА БАРҒАН Молдарахмет Қыдыралы ұлы жерленген» деген құлпытас қана қалған.

Қаһардың атасының өзімен бірге кеткен бір жұмбақ сыр бар. Иә, Меккеге қажылыққа сапар шегу – мұсылман адамының өміріндегі ең бір басты уақиға ғой. Қажыға барып келгендердің бойына ерекше бір сабырлылық біткендей болады. Өйткені олар әртүрлі күнәларынан арылып рухы көтеріледі, тұлабой жеңілдеп қалғандай болады дейді. Олардың есімінің алдына қажы деген құрметті атақ қосылып айтылатын болады. Олар қасиетті Қағбаны сағат тіліне қарсы, яғни оңнан солға қарай жеті рет айналып шығады. Ал, Қағба Алланың бүкіл мұсылман жамағатына жіберген қара тасы дейді. Осы сапардан барып келгендердің жер бетінде атқарылмаған парыздары да өтеледі деп есептейді. Ал оның атасы қажылыққа жеті мәрте барды ғой. Соған қарағанда ол жарықтықтың өзінің жеке парызы, әлдебір қарыздары болды ма екен, ол сан парызы мен қарызынан арылғысы келді ме екен деген ой туады.

Кейін оның немерелері мен шөберелері аталарын еске алып отырғанда ол кісінің ел ішінде алдағы болашақта өте қорқынышты небір аласапыран уақиғалар болатынын сезгендей ойлар айтып отыратын сәттерін де әңгіме қылатын еді. Ол Меккеге бара жатқан жолда адам-пендеге тән осынау жер бетіндегі кейбір оғаш әрекеттерінен күйкі де күнәлі мақсат-мүдделерінен арылып тек Алла алдында айтарын ғана ойлаған шығар, сірә! Және ол өзінің осы ойларын Алла біледі, алдағы замандарда осынау дала көшпенділерінің тағдырын талқыға түсірген небір сұмдық та сұрапыл қолдан жасалған қын-қуыт қасіреттері үшін пенделерін Алла ғафу етеді, кешіреді деген сенімде болды.

Ресей империясының бодандығында Орал тауларында Аралға шейін шалқып жатқан Торғай даласы қазақтың Орта және Кіші жүздерінің көш-көлігі түйіскен киелі дала болды. Сол заманда әлі де болса өркениет дегеннің табаны тие қоймаған, салт-дәстүрі мен ұлттық тағылым-тәрбиесінің тазалығы сақталып, қазақшылығының қаймағы бұзылмаған да осы Торғай даласы еді.

Иен даланы қалың қар басып, малдың қорегі шөп атаулыны түгел көміп тастаған сәтте қазақтар ең әуелі жылқы табындарын алға салады. Олар өздерінің темір тұяқтарымен теуіп қардан аршып тастайды, қылтиып шөп бас көтереді. Бұны тебін дейді. Сосын олардың артына түйе табындарын, одан кейін отар-отар қойды салады. Қыс тіршілігі осылай басталады. Сосын соғым! Соғым сою кезінде аппақ қардың беті қып-қызыл қанға боянады. Қатындар қазы, қарта, шұжық, әсіп, бұж даярлап қызу іске кіріседі. Ет жайылып, кептіріліп сүрленеді. Сүйектен жазда сақар қайнатылады. Оның жұдырықтай-жұдырықтай түйірлерін бұзаушық деп бір-біріне тегін береді. Сол ырғып көп малдың қырқылған жүнін иіріп жүн жасап киім-кешек, алаша, көрпе тігеді. Қалың теріден тігілген тон, ішік, шалбардан ешқандай суық та өте алмайды. Ал ұлттық ою-өрнек салынған атлас, жібек, шәйі шекпен-шапандарды басқа өңірдің адамдары да алып жататын. Торғай қазақтары Орынбор, Қостанай, Тройцк, Ақмола, Челябинск қалаларындағы жәрменкеге үйір-үйір, отар-отар, келе-келе малдарын сатуға айдап баратын еді. Қалай болғанда да Торғай қазақтары өздерінің ғасырлар бойғы ұлттық үрдістерін берік сақтап, аш-жалаңаштық көрмей бақуат ғұмыр кешті.

Пұл қарһәләзи де бейбіт өмірге өзгеріс байқаусызда, ойда жоқта басқа тараптардан келді.

Еуропада кенет әлдебіреудің пистолетінен атылған оқ үлкен соғыстың бастауы болды. Ал бұл соғыстың ақыры бірнеше империяның жер бетінен жойылуына, бүкіл христиани Еуропада адамдардың бір Құдайға сенімінің сөнуіне, миллиондаған жазықсыз жанның опат болуына қарамастан не жеңуші, не жеңілуші жақтың болмауымен тәмамдалуына әкеп соқты. Бұл кезде Далада осы соғыс жөнінде еміс-еміс

хабарлар келіп жататын. Ол жай ғана әңгіме-қауғалық сипатта болғандықтан әуеліде жұрт бұған онша назар аударма да қойған жоқ. Қайдағы бір қалаларда христиандардың бір-бірімен неге таласып жатқанында көшпелі қазақтың шаруасы не? Кейде қатты нөсер қашан басталғанына күннің күркірегені де естілмей қалады ғой. Тек алыс көкжиекте қара бұлттың арасынан анда-санда жарқ етіп жасын ой ғана шайқала бастайды.

Ертеректе Дала хайдары мен Ресей патшалығының арасында әскерге сарбаздыққа қазақтан жігіт алмау туралы келісімге қол қойылған. Соған қарамастан 1916 жылдың 25-ші шілдесі күні орыс патшасы ол келісімді бұзып Орта Азия халықтарынан тылдағы қара жұмысқа 16-жастан асқан еркек жыныстыларды алу туралы Жарлық шығарды. Даланы, уездерді аралап тылға окоп қазуға шақырған жаршылар шықты. Әр ауылдан пәлен адам керек дегендері де болды. Тіпті, әрбір шаңырақтан бір-бір ер адам алынады екен деген де қауесет тарайды. Далада аспан астында алапат өрт басталды. Жер қазуға қазақ бүкіл өмірінде екі-ақ мәрте мәжбүр болады. Бірінші – адам ішетін, мал ішетін суға зәруліктен қазақ құдық қазады, өте терең құдықты шыңырау дейді. Екінші – о дүниелік болған адамды жерлеу үшін көр, лақат қазады. Бітті! Ендеше, қара жерді қазып апан, ойық, шұңқыр жасау дегеннен өткен сұмдық бар ма?! Енді міне, бүкіл Орта Азиядағы көшпелі-далалықтар арасында бұған қарсы толқулар, бас көтерулер басталды.

Больш басшыларының үйлері отқа оранды, әскерге алынатындар тізімі жазылған парақтар өртеніп күлі көкке ұшты, телеграф бағаналары құлатылып губерниялармен байланыс үзілді, пошта бөлімшелері жалын құшты. Ұш-қиырсыз Даланы жайлаған шет-шегі жоқ өрттің сәулесінен басына тері мен әдіптелген малақай, бөрік, далбағай киген, бет сүйегі шығыңқы қысықкөз қазақтардың ашу-ызадан ақсиган тістеріне шейін көрініп тұрғандай. Шауып келе жатып қиқулаған дауыстарын айтсайшы! Қырғызстанда Ыстықкөлдегі монастырь қызметшілерін де сабап тастапты. Әрбір уезде өкімет орындары құрылып хандар сайланып

жатты. Ең бір тентектеу боп есептелетін Торғай уезіне Қаһардың Молдарахмет атасына қамқа шекпен жауып, сәйгүлік мінгізген Қыпшақ руынан Әбдіғаппар Жанбосын хан болып сайланды. Петербургтегі патша сарайына Даладағы жағдай қатты шиеленіпбаратқаны, эне-міне дегенше Орынбор-Ташкент теміржол қатынасы тоқтайтыны туралы телеграмма келді. Бұл патшаға даладан келген ең ақырғы телеграмма болатын.

Петербург көпке шейін бір тоқтамға келе алмады. Ақыры Орта Азияға арнаулы экспедициялық корпус жіберіліп, оның құрамына ұрыс болып жатқан жерден әскери бөлімше енгізілді. Оны генерал Лаврентьев басқарды. Сонымен ауылдар, бүкіл дала отқа оранды. Ашықтан-ашық қарулықақтығыстар жиілеп кетті. Сөйтіп, 1917 жылдың ақпан айында бүкіл Орта Азиядағы көтеріліс басып тасталды, тек Торғай уезіндегі Ақташы Арғын руының жерлеріне ешкім тиісе қойған жоқ. Әбдіғаппар хан тағайындаған сардар Амагелді Имановтың жасақтары өте бір тиянақты табандылықпен шайқаса шегініп отырып, даланың шалғайдағы шөлейттеу тұстарына жайғасып алды да партизандық күреске шықты.

Торғайлықтар сол кездегі мына бір көріністі ешқашанда естен шығармайды:

Аппақ қар жамылып мелшиіп жатқан меңіреу Дала. Аспан ашық. Аяз бетті тіліп тұр! Жас-кәрісі, қатын-қалашы, бала-шағасы үстеріне тері тон, ішік, басына сол терімен әдіптелген қыстық малақай, құлақшын киген ер азаматтар аралас қарамы үлкен бір топ асығыс-үсігіс босып барады. Күнделікті тіршілігіне керек-жарақтарының бәрі өгізге жегілген арбаның үстінде. Бұлар жолындағы қазақ ауылдарын қынадай қырып келе жатқан патшаның жазалаушы әскерінен қалай аман қаламыз деп келе жатқан босқындар. Олар мұз басқан өзеннің қақ ортасына келгенде орыс әскерлері қарша бораған оқтың астына алды. Бәлкім генерал Лаврентьевтің әскерлеріне мұздың үстімен бүлікшіл-көтерісшілер кетіп барады деген хабар тиген шығар дейін десең бұлардың көбі бейбіт қатын-бала, шал-шақан, кемпір-семпір екені көз ұшынан-ақ көрініп тұр. Бәлкім, бұл орыс солдаттары шайқас кезінде опат болған

патша өкіметінің өкілдері мен басқа да қаза тапқан орыс солдаттары үшін мына көшпенділерден өшін алмақ болып қырып тастаған болар?

Қалай десеңіз де осынау оқ бораны тоқтағаннан кейін өзен бетіндегі ақ қар, көк мұздың үстінде жүздеген қазақтың қанға малынған өлігі үйме-жүйме болып жатты. Қызыл-жасыл киінген қыз-келіншек, емізулі баласын құшақтаған ана, қарапайым қыстық жылы тон, ішік киген қарттар бәрі бетімен мұз сүзіп, бірі қырынан қисая құлаған бейкүнә байғұс қазақтар. Кіп-кішкентай сәбилер ауыздарын ашып, көздері бақырай жатып өліп кеткен. Қырылып жатқан осы қалың өліктің ішінде өте сұлу бір келіншек, әлде бойжеткен ерекше көзге түсті. Арудың сабаудай-сабаудай ұзын әдемі кірпіктерінің үстіне майда қар түйіршіктері қонақтап тұрғандай.

Солдаттар өлген қазақ қыз-келіншектерінің алтын-күміс сырғаларын, сақина-жүзіктерін, мақпал мен теріден тігілген, асыл тастармен безендірілген кемер белбау деп аталатын белбеулеріне шейін сыпырып алды. Бірақ неге екенін қайдам, әлгі аруға ешкім тиісе қоймады.



ЕКІНШІ БӨЛІМ

-1-

Осынау Ұлы Дала тұрғындары төрт мың жыл бойы тек мал өсіріп, сонымен күнелтумен күн кешті. Бір кездері осы даланың төсі мыңғырған малын айдап арийлер де өткен еді.. Олардың бір бөлігі орта жолда бүгінде иран деп аталатын елде отырықшы болып қалған көрінеді. Оның Иран деген атауы да осы арий сөзінен, Ариана дегеннен шығыпты-мыс. Одан кейін мұндағыларды гректер Скифтер Даласы деп атады. Орта Азияның, Қазақстанның ежелгі көшпенділері туралы мағлұматтар парсылардың жазуларында әлі ұшырасады. Парсылар бұл көшпенділерді сақтар деп атаған.

Далалықтардың яғни, тек мал өсірумен шұғылданған көшпенділердің бізге беймәлім тарихы мен мәдениеті құпия да жұмбақ тылсымға толы ғасырлар көмбесіне сіңіп кеткен. Қазіргі Торғай даласында олардан тек жерге жартылай шөгіп кеткен жатаған қорғандар, жерде тұрғанда көзге байқалмайтын, құс қанаты жететін қияннан қарағанда анық көруге болатын үлкен-үлкен аумақты төртбұрыштар, шеңберлер мен свастика сияқты геоглифтер ғана қалған бүгінде. Ал енді бір қызығы сол төртбұрыштар мен шеңберлердің ішінде ешқандай шөп шықпай қалған. Осы Далада адам санасынан әлдеқашан ұмыт болған сол ғасырлардан жеткен сәлемхаттай болып, беймәлім мағлұматтай теңгелер, мәнеттер, Сармат көсемдерінің қыштан тұрғызылған мазарлары мен қорғандар, алтынмен апталып, күміспен күптелген киімдер, алтын етігімен жатқан жас жігіттің қатырылған (мумияланған-М.К.) мүрделері сол күйінде сақталып қалыпты.

Осынау шөл даланы ықылым заманнан бері бір келіп, бір кетіп жатқан Уақыт деген құдіреттің өзі де еш өзгерте алған емес. Ол қашанда өзінің сол баяғы қалпы. Бар болғаны адамдардың, әсіресе әйелдердің киім-кешегі ғана өзгеріске ұшыраған. Сосын үйдің ұсақ-түйек, қазан-аяғына темір құралдар келіп енді. Ал Дала сол күйінде мәңгілікке қатып қалғандай. Малды ешкім аңдып бағып отырған жоқ.

Көшпенділер оның соңынан, сол малдың жүріс ауанымен ілбіп еріп қана отырды. Жайлауға баратын да, күзеу мен қыстауға қайтатын соқпақтар мен жолдар да сол қалпы. Міне, Солтүстіктің адамдарына түсініксіз және мұрты шағылмаған күйінде еш өзгеріссіз жеткен көшпенділер мәдениеті, ғұрып салты дегеніміз осы.

Бірақ Солтүстіктегі тастан салған үйлерде, астанада тұратын шенеуніктерге «Дала байлықтарын игеру үшін көшпелі мал шаруашылығы шынымен ұтымды ма, сол тиімді ме?» деген сауал маза бермегелі де көп болған еді.

Олар ұлы Даланы игеруді крепостниктік құқық жойылғаннан кейін алғаш рет жаңадан тартылған Сібір теміржолымен «переселенецтерді» көшіруден бастады. Ұлы Далаға енді тек теміржолмен емес атқа, өгізге арба жеккен мыңдаған орыс көшпелілері – переселенецтер ағылып келе бастады. Олар қандай жерлерге, қалай қоныстанатынын білмесе де айтуір өкіметі уәде берген жер үлестерін алып егін егіп, тұрмысын түзетуді ғана ойлады. Бұрын мұндай күн райын көрмеген, кейде жаз бойы жанбыр тамбайтын, бір құм, бір сортаң басқан, бұрқыраған құйыны көкке көтеріліп, шаңы аузы-мұрныңды бітеп тастайтын, суы тапшы бұл аймаққа келген «переселенецтер» аспан мен жерге де, өздерін осында әкелген адамдарға да қарғыс пен лағнетті қарша боратты. Ұлы Даланы игеру сәтсіз екеніне көп ұзамай көзі жеткен Дала генерал-губернаторлығы 1891 жылы қазақ Даласын колониялауды тоқтату туралы Жарлық шығарды.

Бірақ далалықтардың ғұмыр салтына тіл жағынан да, дін мен діл жағынан да өте жат переселен орыстардың көбі осында қалып қойды. Жаңа Жарлық пен жергілікті әкімшіліктің сый-сияпатына қарық болды..

Олар көшпенді қазақтардың ұлттық үрдістеріне пысқырмастан ең жақсы жайылымдық, шабындық жерлерді, су қоймалары мен бұлақты, құдықты жерлерді өз мүмкіндігіндей әкесінен мұраға қалған мүлкіндей қып емін-еркін басып алып жатты. Қазақтардың 4.5 миллион десятина, 4.5 миллион гектардан астам жерлері мен жайылымдары сол келімсектердің иелігіне өтті. Бұның бәрі аз болғандай

қазақтарға әр түрлі салықтар салынып, әскерге көмек салығы деген тағы сұмдық ойлап табылды. Өйткені, Ресей бұл кезде соғысқа кірісіп те кеткен еді. Осының бәрі көшпенді қазақтардың ғасырлар бойы өздерімен бірге келе жатқан қауымдық-патриархалдық қоғамын әлсіретіп, билердің, болыстардың беделін түсірді де 1916 жылы ұлт-азаттық көтерілісіне душар етті.

Бүкіл қазақ даласының өртке тиген дауылдай буырқана көтерілуіне жасы 19 бен 43 тің арасындағы жігіттерді жер жұмысына алу туралы 1916 жылғы жарлық ең басты себеп болды. 1916 жылдың қараша айында Торғай уезінің он үш болысының өкілдері қатысқан жиында далалықтар арасында өте беделді болыс болған Әбдіғаппар Жанбосынұлын өздеріне хан етіп сайлады. Ол далалықтардың осынау қаһарлы көтерілісіне өзі басшылық етіп, Амангелді Имановты көтерілістің сардарбегі, қазіргі тілмен айтқанда бас командашысы етіп тағайындады.

Көтеріліс қатаң жазалау шараларымен тоқтатылғаннан кейін тек Торғай уезінде ғана әлі де қарсылықтар болып жатты. Сосын Ресейде революция басталып, бұл жақтан патша әскерлері кеткесін Торғай Амангелді Иманов жасақтарының қолына өтті.

Ешқандай салмағы жоқ, пайдасынан залалы көп ұшқары да даурықпа идея адамдардың санасына кейде індеттей тарайтыны рас екен. Көп ұзамай Ресей империясы тасталқан болып, оның орнына қираған алып орданың үйіндісі ғана қалғандай болды. Жаңа өмір қандай болатынын ешкім де жөнді ұғына алған жоқ. Молдарахмет осылайша ерте заманнан айтылып келе жатқан «әкеге-ұл, анаға-қыз қарсы тұратын болады» деген әулиелік дәл келетін заман туарын да сезген болатын.

Әбдіғаппар хан әуелі Кеңес өкіметін қолдап жүрді де, көп ұзамай коммунистер жүргізетін революциялық реформалар қазақ даласына залал мен қасіреттен басқа ешнәрсе әкелмесін түсінгесін оған қарсы шығып, қазақтарды большевиктердің алдау-арбауына шарматылмауға шақырды. Оны сол үшін 1919 жылы намаз оқып отырған жерінде қызыл әскер солдатты атып

тастады. Ал Амангелді Иманов өзінің жерлесі, тұңғыш қазақ комунисі Әлібек Жангелдиннің ықпалымен большевиктер партиясына өтіп, Торғай уезінің әскери қызыл комиссарына айналды да атаман Дутовтың ақ гвардияшыларымен шайқасып, алашордашыларға қарсы күресті. Көп ұзамай 1919 жылдың мамыр айында сол алашордашылардың қолынан өзі де опат болды.

Молдарахметтің Ыдырыс деген ұлы да Кеңес өкіметін қолдаушылардың бірі болды. Қызыл армияның Амангелді Иманов басқаратын жасақтарына ерікті болып кірді. Оны 1918 жылы Урицк маңында ақ гвардияшылар қылыштап шауып өлтірді. Бұл шақта Кеңес өкіметі қаншалықты мықтап орныққанымен ол Торғай даласының меңіреу түкпірлеріне әлі де жете қоймаған, тек аудан орталықтарында ғана әмірін жүргізіп жатқан болатын. Сонымен Ұлы Далада ешкім ешнәрсені түсініп болмайтын у-шу, сансыз сапырылыс басталды. Ауылдарға біреулер келіп әскерге қаражат, мінер көлік жинаса, енді бір жерлерде әлдебір ұлт қамқоршылары байлардан жылу жинап жүрді. Ана жерде де, мына жерде де жиналыстар мен шулы жиындар өткізіліп солай қарай шұбырып бара жатқан бір жандар. Ат тұяғының дүрсілі, ауыл үсті көгала шаң. Бір күні ауылда қолдарына қызыл шүберек көтеріп желбіреткен бір топ келіп еді, көп ұзамай жұрт олардың бәрі атылып, өліктері апанда жатқанын бір-ақ көрді. Иен далада атаман Дутовтың эскадрильялары қасқырша жалақтап жортып, ел ішінде білгенін істеді. Көп адамдар отбасын алып шалғайдағы оңаша мекендерге қоныс аударып, мындаған қазақ Қытай мен Моңғолияға көшті. Көпшілігі сонда біратола қалып қойды.

Қазақстан сол бір аласапыран заманда өзінің алты жүз мындай қазағынан айрылды.

Қанға малынып, от пен жалынға оранып көрмегенді көрген азалы дала табиғаттың құдіретімен қайтадан біресе қар жамылып, біресе алауланып қызыл-жасыл гүлді көктем мен күн нұрына бөленіп, сарыала күздің жайма шуағына жылынып небір күш-қуыт жылдарды басынан өткізіп жатты.

Мұрагерлік үрдіс-салт бойынша атақоныстың жаз-жайлау,

қыс-қыстау болатын жекеменшік жерлері ондаған мың жылқы, түйе, сиыр, ешкі, қой Молдарахметтің бес ұлының иелігіне өткен болатын. Сөйтіп, дала өмірі өз заңымен, ықылым заманнан бергі тарихи қалыптасқан үрдіс пен ілгері жылжып өтіп жатты.

Қаһар мынау жарық дүниеге шыр етіп келген күні сәуірдің жайма-шуақ аспаны қылаусыз көкпеңбек боп бой жарқырап тұрды. Дала түгел гүлге оралып, тіршіліктің ең бір шағымен жазы көктем кемеліне келген шақ болатын. Үйлер ошақтарына шейін сыртқа шығарып ас-суып тыста әзірлейді. Несін айтасыз, уайым-қайғы, ауыртпалық атаулы түгел енді келмеске кететіндей сезінетін бір шақ қой көктем деген.

Қуаныштан табаны жерге тимей зыр қағып жүрген Кенжеғали ежелгі үрдіс бойынша жас босанған қатынына қалжа қылу үшін бір тоқтыны сойып та тастады. Ал қаракөлеңке киіз үйде қарыншашы құйқасына жабысып, бетін тыртитып жылап-жылап алып, анасының емшегіндегі алғашқы күндердің ақ уызына тойып алған нәресте маужырап ұйқыға кеткен. Әлі де өңіне қан жүгіре қоймаса да бақытқа бөленіп оңаша бөлмеде келіншегі Ақжігіт жатыр.

Перзент дүниеге келгесін үш күн өткенде осы әулеттің еркек атаулысы жиылып, баланың алғашқы тойы – шілдеханаға келіп құттықтап, тілек-лебіздерін айтуда. Бала дүниеге келгеннен соң қырық күн өткенше оның анасымен екеуіне әртүрлі бәле-жала, жын-жыпыр әуес болады деген ырыммен ол екеуі жатқан бөлмеге бөгде адамдардың енуіне болмайды. Сондай ырым, тыйым бар. Ал мұнда келген меймандар басқа бөлмеде жайылған дастархан басында отырып құттықтау, тілектерін айтып, баталарын береді.

Жан-жақтан «Бауы берік болсын!» деген дауыстар естіліп жатады.

Кенжеғали басында әппақ киіз қалпағы бар, дастархан басында қонақтарға ет турап беріп отыр.

Мұндай кеште сәбиге ат қою, есімін беру рәсімі өтеді. Салт бойынша нәрестенің есімін оның атасы, яғни, әкесінің әкесі береді. Бірақ айтпай келетін ажал шіркін Молдарахметті бұл қуанышты күнге жеткізбей алып кеткендіктен, сәбиді ең құрметті ауыл ақсақалының қолына ұстатады.

Даланың дәл өзінің түсіндей қоңырқай түсті, қолдарына шейін әжім-әжім, шошақ төбелі ақ киіз қалпақ киген қарт біраз уақыт ішінен үнсіз күбірлеп дұға оқып отырды да бір кезде қолындағы сәбидің құлағына тақап жәймен ғана:

– Сенің есімің Қаһар!, - деп үш мәрте қайталап, сәбиді әкесіне қайтадан берді.

Ақсақалдың сәбиге үлкен бір үмітті де, айбатты да, қасіретті де қатар аңғартатын бұл есімді неге бергенін ешкім түсінген де, сұраған да жоқ. Қонақтардың біразы ақсақал бұл есімді Молдарахметтің 1916 жылғы көтеріліс кезінде опат болған ұлы есте сақталуы үшін берген болар деп жорамалдады да қойды. Бірақ олардың ешқайсысы да бұл есім оған өткенді еске алып отыру үшін емес, осы әулетке алда төніп келе жатқан апат пен қасіретке толы шақтарды ақсақал алдын ала сезгендіктен, соның бәрі осы баланың мұңды жүзінен көрініп тұратынын әулиелікпен болжап бергенін түсінбеген еді.

Үрдіс бойынша баланы – Қаһарды қырқынан шығаруға кілең әйелдер жиналды. Бұл күн олар үшін нағыз мейрам. Құлпырған сәнді көйлек, бешпеттері көздің жауын алады. Әсіресе, өңіріне ұзыннан кесте төгілген қызыл, сары, жасыл қынама бел камзолдарын айтсаңшы: Құлақтарында жылт-жылт еткен күміс сырға, саусақтарында көзіне асыл тас орнатқан сақина, жүзіктер, жеңдерінең сәл төменірек тағы да қымбат бағалы білезіктер. Шошақ бөріктерінің жиегі аппақ жұқа мақпалмен әдіптелген.

Әне, бір-екеуі кестелі үлкен дастархан мен ағаш тостаған алып шықты. Сосын тостағандағы суға қырық күміс сырға салды да молшылық пен тоқшылықта болсын деп тостағанға қырық түйір бұршақ тастады. Еересек қатындар тостағандағы суға қырық қасық су құйды. Көне наным-сенім бойынша осы қырық күн ішінде баланың сүйегі қатып, өзі бойына күш жинай бастайды. Оны сыртқа алып шығуға да болады. Кішкентай Қаһарды осы суға шомылдырып, сосын арнаулы күміс шаппалы пышақпен жәйлап қарын шашын, сосын тырнақтарын алды. Әйелдер бір-бірімен жарысып:

– Міне, енді үйіңе қуаныш, мол ризық-нәсібе келді. Мына балаң өсіп үлкен шаңырақ иесі болсын,-деп құттықтар жатыр жас ана Ақжігітті.

Ал сол сәтте өзін әлемдегі ең бақытты әйелдей сезінген Ақжігіт бауырындағы сәбиіне мейірлене, елжірей қарапдәл сол тілектер сөзсіз орындалатындай сенімге бөленіп жанары жайнаған үстіне жайнай түсті. Қонақтар кеткесін жас ана күн ұясына қонып ымырт үйіріле тысқа шықты. Даланы тып-тыныш мақпалдай жұмсақ әдемі бір түн бүркеп тұр. Қараған көз талатын түпсіз түнгі аспанда жыпырлаған сансыз жұлдыз жымың қағады. Көкжиекте күн мен жердің жиектесіп түйіскен тұсында жұлдыздар жерде тура жердің бетінде ілулі тұрғандай. Қоңырсалқын самал ана қырлар жақтан гүлді даланың исін әкеліп баяу ғана желпитін тәрізді. Бүкіл дүние тып-тыныш мүлгіп тұр.

Дәл қазір Ақжігіттің жан-дүниесі де тап осы ғана сияқты бір рахат күйге еніп кеткен.

Егер сенің бүкіл жан-дүниең, ниет-пиғылың қаншалықты кең болса бүкіл тіршілік атаулыға деген шексіз махаббат та сенің кеудеңе соншалықты сыйып кетеді. Әлгінде әйелдердің соншалықты бір шексіз де риясыз көңілмен бұған, бұл өзі осынау жарық дүниеге әкелген перзентіне айтқан ең шынайы ақ тілектерді дәл осы сәтте мына жатқан сайын Дала да, анау қиырда жымың қаққан сансыз жұлдыздар да, айналадағы алуан түрлі өсімдіктер де, бәрі-бәрі жабыла қайталап айтып тұрғандай.

Тағдыр бұның есімі Қаһар деп қойылғаны бекер емес екенін көп ұзамай-ақ бұның алдына көлденең тартты. Көп сөйлемейтін тұйық мінезді Жүністің ағасы шаңырақ көтергеніне көп жыл өтсе де бала сүйе алмай жүргендіктен ақсақалдар Қаһарды соған бала қып беруге ұйғарды. Олар баласыз бұл әулеттің аты өшіп қалмасын ұрпағы жалғаса берсін деп Қаһарды соған бергенде осы ұйғарымға көніп баласынр берген қос жұп әлі де талай бала-шағалы болады деп сенген еді.

Баласын басқалар алып кеткесін Ақжігіт неше күн бойы үйден шықпастан теріс қарап бүк түсіп жатып қалды. Ол Жүністің қатыны өзінің туған апасы екенін, баласы басқаның емес соның қолына барғанын білсе де Ақжігіттің жаны қатты жабырқаулы еді. Қалыптасқан үрдіс бойынша ол сәбиін енді

ұмытуы керек. Өзінің тұңғышын бұратола берген үйге кіруге бұған енді рұқсат жоқ. Бұл босанғанда сонша қуанып, қолды-аяққа тұрмай, зыр қағып көмектесіп қалжасына дейін даярлап беріп тыным көрмеген Кенжеғали да үнсіз. Ешкімге қарап ешнәрсе айта алмайды. Далалықтардың жазылмаған заңы сондай. Ақжігіттің солқ-солқ жылап жатқанын естісе де үйдің әйеліне бөлінген бөлігіне кіре алмай, қасына бара алмай үйдің ішін кезді де жүрді.

Осы бір қырсық үрдіс үшін бұл далада қаншама қасірет-қайғылы уақиға болды десеңші. Кейбір есінен айрылған әйелдер жерді тоқпақтап шыңғырып, енді біреулері балапанымды бір көрейінші деп баласын алып кеткен адамдардың үйіне қарай жүгірді.

Кейін сол баласы есейіп ержеткесін де оларды көрген сайын көздеріне жас үйіріліп: «Құлыншағым, ботам! Сен менің баламсың»-деп ішінен ғана күңірене күбірлесе де оны құшағына қыса алмай өтіп кететін.

Иә, ежелден қалыптасқан жөн-жоралғыға ешкім де қарсы келе алмайды. Мұндайда өзінің әл-мисақтан орныққан қатал тәртібі бар Дала ғана әмірші. Әулет үзіліп қалмауы үшін не нәрсеге де бару да керек, көну де керек. Осы әулеттің адамысың ба, осындағы басқалардың қайғысы – сенің де қайғың, олардың тартар азабын сен де тартуың керек. Олардың қуанышы – сенің де қуанышың. Солай! Дала заңы осы!

2

Тағдыр бізге келер күннің көзін көруді жазбаған сияқты. Аспан түнеріп, қара-қошқыл бұлт қоюланып, албастыдай қабағы түйіліп төмендеп келеді. Демек, көп ұзамай жаңбыр басталады деген сөз. Түн өте салқын болды, яғни, шөп басын қырау шалады. Біз табиғаттың алдағы болар өзгерістерінің белгілерін, мәселен қысқы, күзгі, көктемгі алуан өзгерістерінің алдын-ала беретін белгілерін білгенмен, уақыттың, алдағы заманалардың не боларын білмейміз. Ал оны болжай алатын, алда не болып, не қоярын білген пайғамбарлардың да кеудедегі жанды қалай сақтай білу керектігін айтып бақиға кеткелі де мындаған жылдар өтті.

Көшпелі қазақтардың ықылым заманалар бойы қалыптасқан өмір-салтын мәңгілікке жым-жылас жоқ қылып, адам жаны түршігерлік қырғын жасаған ашаршылықтың алдында ірілі-уақты бірнеше сұрқия уақиғалар Қазақстанда адам қолымен әдейі жасалды. Қазақ даласына арбаларын сүйретіп колонистер қаптап келіп, жайылымдар мен шөбі шүйгін, малға да, адамға да пайдалы шабындық, тебіндік жерлерді тартып ала бастады, әскерге елдің малын алды, 1916 жылы бүкіл аймақты көтеріп, ақыры зор ауыртпалыққа алып келген көтеріліс болды. Сосын жазда жаңбыр тамбаған құрғақшылық келіп, шөп қурап кетті, су көздері тартылып қалды да, қияр қыста жылымық болып аяғы қызыл шұпақ аязға айналып, бүкіл дала көктайғақ мұздың астында қалды. Мұз астындағы шөпті жылқыларша теуіп жей алмайтын түйелер мен қойлар ең алдымен аш көтеремдіктен қырылды. Ұлы дала бұл жерде өзі ғана қожайын екенін адамдарға осылай көрсетіп берді.

Сонда да болса ең басты қасіретті адамдардың өздері жасады. Сонау қиырдағы Мәскеуде, жұмысшы-шаруалар партиясы Орталық Комитетінде отырған біреудің басына бір күні «Осы дала ресурстарын кәдеге асырып, пайдалануда көшпелі мал шаруашылығы деген нәрсе шынымен де ең тиімді нұсқа ма» деген ой сап ете қалады.

Сол Мәскеу төрінде шіреніп отырған біреулер қазақтарды отырықшылыққа көшірсек қайтеді десе, екінші біреулер иә сөйту керек деді. Енді біреулер осының алдында ғана ойлап табылған ұжымдастыруды ерекше екпінмен жүргізуге өз басы даяр екенін өршелене айтса, тағы біреу қалай миллион тонна астық алудың көрнекі сызбасын көрсетіп, тағы бір-екеуі осы аймақтағы ұлтшыл қазақтардың мәселесін көтеріп бәрін бір-ақ сәтте тас-талқан, тал-берен етіп жоқ қылып жаңа дүние орнатуды ұсынды. Және жоспарды кез-келген тәсілді қолданып жасауға болады деді.

Қазақстан өлкелік партия ұйымының хатшысы болып Филипп Исаевич Голощекин (шын фамилиясы Шая) тағайындалды. Ол сонау бір жылы Екатеринбургта патшаның отбасын атуды ұжымдастырушының бірі болатын. Ол Қызыл-Ордаға 1925 жылы келе сала қазақ ауылдарында әлі

Кеңес өкіметі орнамапты, сондықтан мұнда «Кіші Қазан төңкерілісін» жүргізу керек деп мәлімдеді. Әуелі күйлі шаруалардың жайылымдары тартып алынды, сосын қазақтың дәстүрлі сағымына қатаң тыйым салынды. Өйткені, азық-түлік қосып толтыру керек деген сылтаумен халықтың қолындағы түйе, сиыр, жылқы сияқты ірі қарасын да, қазақтар жандық деп жалпы атаумен атайтын қой, ешкісін ұжымшарларға өткізу жоспарланды.

Одан кейін маусымдық жайылымда, яғни, жайлауға шекарадан өтіп қоныстануға тыйым салынды. Бұған шейін жем шөп жоқ қиыншылық болған жылдары қазақтар көршілес батыс Қытай тарапына көше қоятын. Шекара да болған емес. Дала ол жақта да бұл жақта да бір ғана Дала болатын. Енді шекара белгілері қойылды.

Ұлы даланың әл-мисақтан орныққан, қалыптасқан өмір салтына жасалған алғашқы сұмдық соққы ұжымдастыру, яғни, зорлықпен отырықшылыққа көшіру басталды. Қазақтардың малы түгел тартып алынып ұжымшарларға өткізілді.

Өз қарамағындағы халыққа осындай неше түрлі зорлық-зомбылыққа толы да мазақы тәжірибелер жасау, қияли коммунистік идеяшылары жасаған бұл эксперименттер көп ұзамай бүкіл елді қан қақсатқан қайғылы уақиғаларға душар қылды. Бас-аяғы бір жылдың ішінде мал қырылып, азық-түліктің жоқтығынан малды қынадай қырып сойып азық қылу басталды. 1932 жылы Қазақстандағы қырық бес миллион бас малдан бар-жоғы төрт миллиондайы ғана қалды. Мал басы он есе кеміді.

Ал ұжымшарларда істің бәрі бірдей орнына келе қоймаған кезде оның бәрін кеңес өкіметінің жасырын жаулары дегендерге жабатын болды. Шая Исакович Голощекин жеке өзі Мәскеуге өтініш жазып Қазақстандағы он мың халық жауын жазалауды өтінді. Ол мұнша цифрды қайдан алғаны мүлде түсініксіз. Өлкелік партия комитеттеріне өз халқының қаншасын қыру жоспары көрсетілген тапсырма берілді, ал бұлар өздерінің бұл істі соншалықты ынталы да ықыласпен атқаратынын жоғарыдағы қожайындарына дәлелдеу үшін өздеріне сол көрсетілген жоспардағыдан да көп қыруға міндеттеме қабылдады.

Бұл жарлыққа байланысты рұқсатнама бүкіл қалалар мен аудандарға таратылды. Сөйтіп, чекистердің темекі сасыған кабинетіндегілер жасыл шұға жабылған үстелдердің жанында қуғын-сүргінге ұшырайтындар мен атылатындардың тізімін асығыс-үсігіс үлкен бір ықыласпен жасай бастады.

1929 жылдың қарашасының 12-ші жұлдызында Кең Табан шатқалына ойда-жоқта қарулы жиырма адамнан тұратын атты жасақ пен екі бос арба келіп тоқтады.

Сол күні аспан әлемі де үрейлі бір қарасұр түске боянып, даладағы күзгі қураған шөптерді аппақ қырау басып, адамдардың аузынан ақ бу будақтап тұрды. Мұндайда далада тірі жан көріне бермейді. Маңай мүлгіген тыныштық. Сондықтанда сыртта, анадайдан атты адамдар келе жатқанын көргендер үйлерінен атып-атып шығып, таңдана қарап тұрып қалды. Бұл дөрекілеу матадан тігілген сұр шинель киген, бастарындағы «буденовка» деген шошақ төбе малақайына жұлдыз қадаған түсі суық бір бөлек адамдардың бәрі винтовка асынып алған. Ауыл адамдарының арасынан энеутүні Қаһардың есімін берген ақсақалды қарт алға суырылып шығып суырылып шығып тұра қалды да олардың не мақсатпен келгенін жақсы түсінетіндігін байқатып ойлы көзбен сыдырта қарап шықты. Иә ол бәрін біліп тұрды.

Жүргіншілердің арасынан дөңгелек бетті селдір сақал-мұртты біреу бөлініп шығып, аттан секіріп түсті. Сосын жұрт көрсін дегендей шалқайып тұрып кобурасының ілгегін ағытты.

– Ассалаумағалейкум!

Ол жиналған топқа сондай бір жылы жүзбен жымия қарап сәлемдесіп басын изеді. Күлгенде бетінде оймақтай шұқыршақ пайда болды.

– Құрметті халайық! Мен осы сіздердің ауылға жіберілген уәкілмін.

Біз осы Ақташы руының барлық ер азаматтарын аудан орталығына шақырып келдік. Жиында. Директив келді. Совет өкіметі сіздермен ақылдасып, кеңескісі келіп отыр.

Жұртта үн жоқ. Кішкентай Қаһар келген елдің бұрын-соңды өзі көрмеген киімдеріне, бас киімдеріндегі қызыл

жұлдыздарына қызыға қарады. Тұрсын бұның иығынан бір қолымен құшақтап тұр. Екі көзі аналарда. Жанарында біртүрлі үрей мен беймазалық бар. Қаһардың туған әкесі Кенжеғалида осында. Үстінде теріден тігілген қалың тон, басында терімен әріптелген әдемі бөркі бар. Келгендердің, әсіресе, мұртты уәкілдің дөңгелек бетіне, винтовкалары мен киімдеріне бейкүнә аңғалдықпен тандана қарайды. Кенет ол:

– Бізге ол жақта не бар? Біз оларға неге керек болдық,- деп сұрады.

– Құрметті халайық! Мен ол жиында не қаралатынын білмеймін.

Маған осы ауылдың ер азаматтарын сонда әкелуге әмір берілді...

Солай десе де уәкілдің жүзінен оның іштей: «Мені қинай бермеңдерші, әр нәрсені бір сұрап. Мен солардың айтқанын, берген әмірін орындаушы ғанамын. Жүріндерші... Барғасын біле жатарсыңдар... Басшылық бар мәселені талқылап, әрқайсысының ойындағысын білгісі келеді» деп тұрғаны байқалды. Ол солай деп тұрып та қолын нағанының сабынан бір шығарған жоқ.

Қазан айының қарасуық бір күніндегі сол бір көрініс Қаһардың көз алдына кейде ап-анық болып, кейде алыстан бұлдырап көрініп тұрғандай. Бірақ соның бәрі есінде. Кейін де «Апыр-ай, сол сол күні менің туған әкем де, мені асырап алған әкем де, сонда жиналған бүкіл ауыл адамдары да уәкілдің сөзіне неге сене қойды екен? Солар сірә, оған күдіктенсе десеніп көрейікші деген шығар. Бірақ анау-мынау емес аудандық парткомитетінің басшысы шақырып отыр ғой... Құрмет көрсетейік деген шығар»- деген ойдан көпке шейін де арыла алмады.

Шынында да сол сәтте ауыл адамдарының кеудесінде мына келушілерге, анау уәкілдің сөзіне деген сенімнен гөрі әлдебір үрей мен қорқыныш, күдік пен күмән әлдеқайда басым болатын. Олар сонда да өздерін өздері бұларға сендірді. Өздерінің ортасындағы біреу үйіне қарай ер-тоқым әкеліге беттей бергенде уәкіл:

– Жоқ, жоқ! Қайт бері! Ат ерттеп әуре болмай-ақ қой!

Сіздер бәріңіз қазір мына біздің арбаға мініңіздер. Сосын өзіміз қайтадан әкеп тастаймыз, -деп шақырып алғанда да сенумен болды.

Уәкіл қараша халық бір нәрсенің басына сенсе, одан әрі қарай соның жалғасына да сене беретінін біледі. Адам баласы кейде сондай. Міне, мыналар арбаға мініп баруға келісті ме, демек сенімдерін жоғалтпағаны. Енді әрі қарай да сене береді.

Сондай сенімде кетіп бара жатқан ауыл азаматтары тіпті, үй-ішімен қоштасқан да жоқ. Арбаға қарай ең әуелі олардың жасы үлкен ағасы мінді. Түрі бұзылыңқырап кеткен, өте тұнжыр. Бірақ не болса да көріп алайық, маңдайымызға не жазылса соны көреміз де... Жазмыштан озмыш жоқ деген сыңайлы. Одан кейін Жүніс, сосын қалғандары арбаға міне бастады. Ешкім ештеңе түсінген жоқ. Бәрі үнсіз.

Еркек атаулы түгел арбаға мініп болғасын әлгі келгендердің бірнешеуі ешкімнің рұхсатын сұрамастан, еш именбестен жалақтап киіз үйлердің бәріне бас сұғып, тағы да ер адам қалған, қалмағанын тексеріп шықты. Кенет киіз үйдің бірінен әйелдің шыңғырған дауысы шықты. Сөйтсе, маңдайына қызыл жұлдыз қадағандардың бірі әйелдер жататын жерге кіріп барыпты.

Бұған ызаланған бірер еркек орындарынан көтеріле беріп еді қоршап тұрғандардың бір-екеуі оларға қаратып винтовкаларының құлағын шырт еткізіп қайырып кезене қойды. Шаңқ етіп аспанға атылған мылтық дауысы тым-тырыс жатқан ауыл үстін, бүкіл даланы селк еткізді. Шошып кеткен аттар кісінеп аспанға атылды. Ал оның үстіндегі жүргінші ат тізгінін шалқая тартып тоқтатты да, сосын винтовка құлағын қайырып ұңғыға тағы бір оқ салды.

– Тынышталыңдар, құрметті-і...і... Әшейін тағы біреулер ұмытылып қалған жоқ па деп тексеріп жатқанымыз ғой. Уәкілдің жүзінде енді көңілі орнына түсіп, бастаған ісін тәмәмдауға жақындатып өзіне риза болғандай жайбарақаттық байқалды. Еркектер енді арба үстінде қыбырсыз қалды.

Әлгі үй жағалап келгендердің бірі ұйлығып тұрған қатын-қалаш, бала-шағаның ортасынан бір баланы сүйреп шығарды. Жасы он бес, он алтыдағы бала екені көрініп тұр. Анау оны

шынтағынан қатты қысып ұстап арбаға әкелді. Еркектердің біреуі:

– Бұл менің ұлым! Ол әлі жас қой. Жиында оның не керегі бар?- деп айқайлап жіберді.

– Неге жас? Еркек емеспе? Басшылар көрсін біздің даламызда қандай батырлар өсіп жатқанын!

– Кеттік құрметті... Жетер енді. Біраз айтысып тұрдық. Басшылар көп күтіп отырмайды,- деп уәкіл үзеңгіге аяғын тіреп түрегелді.

Оның шинелінің етегінен шалбары қазақы шалбар емес, орыстың атты әскерлері киетін қою көк түсті матадан тігілген, бөксесінің ерге тиіп тұратын жеріне жұқа тері жапсырылған кавалеристің шалбары екені көрініп қалды.

Есейе келе Қаһар өзінің туған әкесі Кенжеғалидың сондағы бет-жүзі есінде екенін енді ғана білді: ертелеу ақ қырау шала бастаған қою қара шашты, қазақтар «іспеккөз» дейтін сәл томпақтау қисық көзді, сол жақ қабағының үстінде тыртығы бар, ернінде ұсақ қызыл бүртіктері бар сақалау кісі. Ауыл еркектерінің аттанып баратқандағы әр сәті – қазан айының қарақошқыл түкірген аспаны, басында теріден тізілген малақайы бар тұнжырап отырған адамдар да, арбаның сықырлап орнынан жылжып кеткен, жорта жөнелген аттылар... Бәрі, бәрі әлі де көз алдында.

Сол күні бала Қаһар да, сол жерде болған әйелдер мен балалар да, аттанып бара жатқан жігіттер мен үлкендер де сонда Ақташы мен Қыржігіт руларының еркек атаулысы тұтас бір орманды отап жатқанда ағаштан ұшатын ұсақ-түйек жаңқаша жоқ боп кетерін білген жоқ. Олар жоғары жақтан келген нұсқаулық бойынша Батпаққара аудандық партия комитетінің басшысы Әжібаев пен НКВД бастығы Тастеміровтің тізіміне іліккен еді. Оларды қандай себептермен халық жауларының тізіміне қосқаны да беймәлім.

Әлде бұл бейбақтардың бар кінәсі күйлі-қуатты, ешкімге тәуелді кіріптар емес еркін болғандықтан ұжымшарға кіргісі келмегендігінде ме екен? Әлде олар бүкіл уезге есімі мәлім діндар Молдарахметтің туыстары немесе сол кездегі билік басында отырғандармен қаны, тегі жағынан ешбір жақындығы

жоқтығы да себеп болған шығар. Оны ешбір жан білген де, түсінген де жоқ.

Олар сол күні ауылдан аттанып бара жатқанда да ешнәрседен хабарсыз болды. Тіпті, ауданға келген күні де, одан бір апта өткесін де аудан орталығындағы абақтыда өздерін кезекпен тепкілеп, бүлік шығармақ болғандарынды, кеңес өкіметін құлатпақ болғандарынды мойындандар деп жан қинаудың жеті атасын жасап жатқанда да соның бәрі не үшін екенін түсінбей-ақ, білмей-ақ кетті.

Ол сорлылар күн сайын, әр сағат әр минут сайын ішінде аяқ басар орын жоқ, адамға лық толы камераның енді бір сәтте ашылып: «Шығындар, біз бәрін тексердік, сендер қарапайым бейбіт жандар екенсіңдер, енді ауылдарыңа қайта беріндер, қатын-балаларыңмен аман-есен қауышындар» деген дауыстың естілер сәтін зарыға күтумен болды. Амал не, оларды оның орнына Қостанайға жөнелтті. Ол жақта бұларды соттап, әрқайсысына он немесе одан да көп жыл түрмеге жіберуге жеке-жеке үкім оқып айдады да жіберді. Бәрінің де аудандағы өкіметті басып алуға даярланғаны дәлелденді деп жазылды. Олар сол үкімді естігеннен соң да ешнәрсе түсінген жоқ. Тіпті, сот аяқталып, сыртқа айдалып бара жатқанда бойы тапалтақ келген шынашақтай біреуі өздерін алып бара жатқан қарауыл ұйғырға қарап: «Бізді неге бүйтті?» деп сұрады.

Ұйғыр оған жауап берудің орнына «Тыныш жүр» - деп дүңк ете қалды. Олардың көпшілігі сол кеткеннен қайтып оралған жоқ. Қаһардың Жүніс, Мұхамбет, Ерғали деген туыстары, Молдарахмет атасының туған бауыры Нарбай мен Темір де сол кеткеннен қайтып келмеді. Сорлы бейбақтардың сүйектері қайда жатқанын бір Құдай ғана біледі. Олардың бәрі де 1991 жылы заң жүзінде ақталып, бейкүнә жандар деп танылды.

Қаһардың әкесі Кенжеғали он сегіз жыл бойы айдауда жүргенде өздерін арбамен алып бара жатқан сол күнді, бір сәтке де есінен шығарған емес. Ол байғұс сөйтіп жүріп әсіресе, өзінің сол күні кетіп баратып сүйген жары Ақжігітпен қоштаспағаны, туған ұлы Қаһарға бұрылып бір қарамағаны үшін өзін-өзі өлердей жек көріп, жанын жеумен он сегіз

жылды өткізді. Ол егер сол күні Қаһардың бетіне дұрыстап бір қарағанда ол да бұған бір мәрте сәл ғана назар салған болса өзін бұлай қиналмастай көретін еді. Ол сол кеткеннен елге он тоғыз жыл дегенде аузында бір тісі жоқ, аппақ қудай тек тірі жан болып оралды.

Жүргіншілер мен ауыл адамдары тиелген қос арба қырау басқан күзгі боз даламен бірте-бірте алыстап бара жатты да ең ақырында кіп-кішкентай қара ноқатқа айналып, сосын мүлде ғайып болды.

Ауылда қалған қатын-қалаш ер азаматтары сол кеткеннен енді қайтып оралмасын да білген жоқ. Олар ауданға жиынға кетті деп ойлады. Кешқұрым Тұрсынға Ақжігіт келді. Бұл кезде Қаһар оның өз анасы екенін, ал Тұрсын өзін бауырына басқан, яғни, асырап алған анасы екенін де жақсы біліп болған еді. Бұл кезде алтыға келген ол бұның бәрі неге олай болғанына ой жүгіртіп жатпайтын. Ол үшін солай болуы керек сияқты және екі анасы бар деп ойлайтын.

Бұл апалы-сіңлілі қос әйелдің екеуі екі бөлек адамдар болғаны мен олардың бет жүзінде әйтеуір бір ұқсастық бар екені аңғарылып тұратын. Сұңғақ бойлы, ортасынан қақ айырған қалың қара шашты, қос жанары баданадай, иегінің ұшы сүп-сүйір сүйкімді Тұрсын ауылдың ең сұлу келіншегі саналатын. Ол бүкіл шашын бетінің тең жартысын, әсем бұғазы мен аппақ тамағын, құрықтай мойнын түгел жауып тұратын тұрмысқа шыққан әйел киетін кимешегін шешкенде оның білектей жуан қос бұрымы аш беліне түсіп тұрғанының өзі қандай?!

Ал Ақжігіт одан өзгешелеу. Сымбатты да сәнді, әр қимыл-қозғалысында жарасымды бір маңғаздық пен кермиық кербездік бар, әйелге тән нәзік жанды оның жүзінен әлдебір жұмсақ сәуле сыртқа шығуға ұмтылып тұрғандай көрінеді. Бет-әлпетінің қай жағынан қарасаң да бір-бірімен жарасып тұрған үйлесім байқалады. Күлімдеп қарағаны қандай?! Еріксіз тартып тұрады. Қаһар оның қоңырқай, қой көзді қос жанарының екі түрлі екенін әлдеқашан аңғарған. Көзінің бір қарашығы екіншісінен гөрі ашықтау ма, ақшылдау ма әйтеуір сәл өзгешелеу. Қаһарға соның өзінде бір құпиялылық бардай сезілетін.

Олар ертеңіне қайтып келді. Сол уәкіл, сол винтовка асынған сұсты адамдар. Тек олармен бірге кеткен осы ауылдың ер азаматтарының бірде-біреуі жоқ. Оларды мінгізген арба тағы келді.

Далада заңғар көк пен қара жердің астасып, түйісіп жатқан қиыр шеті көкжиекке шейінгі кеңістік түгел көрініп жатады. Мылтық асынған кешегі жасақ тағы да келе жатқанын жұрттың көзі қиырдан шалды. Әйелдер мен бала-шағалар киіз үйлерінен сыртқа жүгіріп шықты. Ауыл үстінен ошақтарда жанып жатқан тезектің ащы иісі шығады. Қазандарда бұрқылдап ет қайнауда. Қатындар күйеулерін, балалар әкелерін күтуде. Мылтықты жасақтар жақындаған сайын олардың кеше еркектерді тиіп кеткен арбалары бос келе жатқанын көрген жұрттың жүрегі лүпілдей соғып, әлдебір қорқыныштың бұлты үйіріліп, түрлері бұзыла бастады. Ешкімде үн жоқ. Тұрсынның екі көзі шарасынан шығып барады.

Бұл күні бұған шейінгі уайым-қайғыға толы күннен де қорқынышты, одан да қасіретті болды. Ол енді бүкіл үміт, сенім атаулыны әп-сәтте жоқ қып жіберді. Өмірдің ертеңге, болашаққа бастайтын жолы бұратола жабылды.

– Сендердің күйеулерің еңбекші халықтың дұшпандары ретінде тұтқынға алынды.

Шинелінің омырауында қызыл шүберектен жолақтары бар уәкіл осылай деп мәлімдеді. Ол бұл жолы тіпті, атынан да түспей шіреніп отыр.

Ол енді өткендегідей жымыып күлген де жоқ. Өзіне-өзі өте сенімді, түсі қатқыл. Сығырайған қысық көздері жылт-жылт етеді. Басқалары үй жағалап жүгіріп тінтіп, мылтықтар алып шығып жатыр. Пышақ, оқ-дәрі, патрон тауып алғанына мәз боп жүргендер де бар. Бұның бәрі кешегі еркектердің көтеріліс жасамақшы болды деуге мол дәлел. Мұндағы әр үйдің керегелеріне кілем ілінген. Олар кілемдерді жұлқып түсіріп жатыр.

Кенжеғалидің үйінің жанында Ақжігіт қимылсыз тұр. Олар болса дүние-мүлікті шашып, көрпе-төсекті аударып, көпшіктерді тіліп тінту жүргізуде. Ақжігіт басындағы

орамалын жұлып тастаған. Көздері аларып ұясынан шыққан, шашы дудар-дудар, бет-әлпеті күндегі Ақжігітке мүлде ұқсамайды. Қан-сөл жоқ. Не үндемейді, не көзінде жас та жоқ. Екі көзін уәкілден алар емес. Мылтық та, пышақ атаулы да түгел арбаға лақтырылды.

Бір әйел: күйеулеріміз де келер, сонда көрерсіндер сендер, - деп бажылдап жатыр.

– Бұл қатынды да арбаға салындар, -деп әмір берді уәкіл – қорқыту, үркіту, қарсыласу, оның бәрі кеңес өкіметіне қарсылықты білдіреді. Барасың сол еркектеріңмен бірге Сібірге. Кәне, тағы да бірнәрсе айтатындарың бар ма?

Бұл даланың тұрғындарының тағдырына талай адам үкім шығарған болатын. Әуелі Мәскеудегі биік те кең кабинетте отырған біреу бір нәрсе айта салды. Жазу машинкасына басылған сол сөзді екінші біреулер оқып алды да ол өз сөзін айтты. Ал мына дөңгелек бет, қысық көз уәкіл сол сөздерді іске асырушы ғана.

Тінту аяқталды. Жалынып жалбарынып жылап жатқан әйелді арбаға мінгізді. Тінтуірлер жұмысын бітіріп көліктеріне отырып жатыр. Қырсық бұл ғана емес екен.

– Кәнекей! Бәрің, бәрің тыңдаңдар, -деп уәкіл аяқтарын үзенгіге тіреп тік тұрды. – Сендердің күйеулерің халық жаулары. Ал өлкелік партия комитетінің Жарлығы бойынша халық жауларының малы мемлекет қарауына өткізіледі!

Олар тігерге тұяқ қалдырмастан, ең аяғы бір ақсақ қойды да алып кетті. Қысқа қарай ол малдың бәрін аумағы атшаптырым қоршаудың ішіне қамап тастады. Сондағы ойлары қатты суықта мал ұйлығып бірін-бірі жылытып тұрады дегендегісі. Ал ол жердегі шөп қардың астында қалса арқанға байланған бөренені атқа жегіп қардың үстімен айдады.

Түйе, жылқы, сиыр мен қой-ешкі сияқты жандықтар қыстауға қамалды. Жұрттық бәрі соғым соятын шақты асыға күтумен болды.

Мылтықты адамдар қорадағы малды айдап шығып, шықпағандарын арқанмен матап сүйрелеп бара жатқанына түсінбеген Қаһар жан-жағына алақ-жұлақ қарайды. Анадайда Ақжігіт әлі сол мелшиген қалпында үнсіз тұр. Бір кезде

екі көзін тарс жұмып, көкірегін қысқан ащы айқай сыртқа шығыпкетпесін дегендей қос қолымен аузын қатты баса қалды. Ауыл үстін әйелдердің аңырап жылаған азалы үні басты.

– Не істеп жатсыңдар? Қыс келді ғой! Бала-шағамыз қырылады ғой аштан деп шынғырады үлкен-кіші әйел атаулы. Ауылда бір еркек кіндік қалмаған. Шиеттей жас бала-шаға.

Оларға қосылып балалар шырқырай бастады. Қаһар да жылады. Тұтқындалған әйел арбаға сүйретіліп шаққа мінді. Енді оның алуан-алуан азаптан тұратын өзгеше өмірі басталады. Уәкіл оның еңіреп баратқанына көз қырын да салған жоқ. Осындай жағдаяттың бәріне оның еті өліп кеткен. Ол Алла жоқ деген басшылардың сөзін миына құйып алған. Ол өзіне үйреткен, аспанда ешнәрсе де жоқ, ол бос жатқан үлкен кеңістік қана, адамда жан бар деген де өтірік. Жан жоқ. Бұның һәммасы жалған. Адам маймылдан тараған дегендерге ғана иланады, сенеді, нанады.

Тұрсынның бет-жүзі қатты бұзылып, түрі мүлде өзгеріп кеткен. Қорқынышты.

– Күйеулерімізді қайтарыңдар үйге! Бала-шағамыз бар. Оларды қалай асыраймыз? Олай болса балаларды да әкетіндер деп шынғырады.

Бұл бақытсыз бейшара көп ұзамай сол айтқандары да дәл келетінін білмеген болатын.

Қар қылаулап қана жауып тұр. Көп ұзамай Даланы аппақ қар басып салады. Әлгілер бүкіл малды алдына салып айдап кетті. Киіз үйлердің іші ойран-топан. Қысқы қора-қопсы түгіл бүкіл жайылым қаңырап бос қалған. Молдарахмет атасы салған үй, қоралардың да тіреулері ғана қалқайып тұр. Кеше ғана қызу өмір қайнап жатқан қыстаудың орны да қалмаған. Қалғандары енді қыстық отынға жағылады.

Мынадай бір аңыз бар: Есте жоқ ескі заманаларда осынау ұлы Дала өзінің көшпелі қазақ-сәбилерін өте жақсы көргені сондай, бірде оны құшырланып қатты қысып сүйгенде нәп-нәзік сәбидің бет сүйектері сыртына шығып, көздері қатты қысылып кеткен дейді. Кейін Дала-ана оларға емін-еркін көшіп-қонып тамағы тоқ, киімі көк болсын деп есепсіз ырғын

көп мал беріпті. Енді міне, қазақ өз даласында күнелтетін сол малынан да айрылды. Сондықтан да осынау шет-шегі жоқ шөл мен шөлейтті, орманы мен тоғайы аралас жазда ыссы, қыста қарлы боран кең өлке қазақтар үшін қатыгез де үрейлі бір кеңістікке айналды.

-3-

Сонау бір жылдары, шамамен Қаһардың төрт-бес жасар кезінде болған тағы бір көрініс оның есінде өшпестей болып қалып қойыпты. Ол өзінің қарны тоқ, киімі көп, ешнәрсеге алаңы жоқ шақтардың көбін ұмытса да тап сол бір жағдай тайға таңба басқандай көз алдында тұр.

Жаз айы. Тыста күн қайнап тұр. Іші пысқан Қаһар үйде киіз үстінде кішкентай қап-қара қоңызды ермек қылып ойнап отыр. Оны ермек қылып дегеннен гөрі азаптап отыр деуге келіңкірейтін еді. Қоңыз оның саусағына тырмысып, терісін жыбыр-жыбыр еткізгені нендей қызық?!

Кенет бұл отырған киіз үйден әріректен әлдебір дыбыс шыққандай болды. Қараса бір сұңқар бір кептерді бүріп астына басып отыр екен. Бейшара кептер қанаттарымен жер сабалап, тыпырлап жатыр. Ал сұңқар апайтөсін керіп тастап, темірдей тырнақтарымен кептерді жерге жабыстыра таптап қойып кептердің басын пышақтай өткір тұмсығымен парша-парша қылып шоқып отыр. Сорлы кептердің мамығы жабысқан тұмсығымен бір-екі шоқып-шоқып жібереді де асықпай, қызғылт жанарын олай-бұлай төңкеріп қойып, мені көрдіңдер ме дегендей жан-жағына қарап-қарап қояды. Сосын, соңғы рет тыпырлап жаны шыққалы жатқан кептерді қайтадан жұлып жей бастайды.

Кептер тағы біраз тыпырлап барып басылды. Ол байғұс айқайлай алатын болса, сол жерде шыңғырып айқайға басар еді ғой. Анаң қара, ол кенет жыртқыш жауының астынан бұлқынып шығып, қос қанатымен жер сабалап қаша жөнелді. Кіп-кішкентай бас қан-қан. Сұңқар оны бір-ақ қарғып барып жерге баса салды да тағы да асықпай шоқи бастады.

Жалған дүниеде осынау қара жердің бетінде күніге, сәт сайын болып жататын бұл көрініс Қаһардың сәби жүрегіне

қатты батты. Қас-қағым дерлік аз ғана заматта әлгі құстың ажал алдында тыпырлап қиналғаны, бір сәтке ғана жыртқыш бәлекеттің тырнағынан иә, бір сәтке ғана сытылып шығып, қайтадан ажал тұзағына түскені, осының бәрін бала Қаһар өз басынан өткеріп тұрғандай тұла бойы түршігіп кетті. Әкесінің жанына келіп ананы қарашы дегендей ымдап еді, ол иығын қиқаң еткізді де қойды. Құстық аты құс. Олар адамдар емес. Олар мейірім мен жауыздық деген екі нәрсені білмейді. Олардың аяныш сезімдері жоқ. Өз өміріңді өзің сүр, қалай сүрсең де өзің білесің деген табиғи заңы. Оған адам араша түсуіне болмайды.

Осы бір жыртқыш құс пен оның кірпік қақпай қарайтын қып-қызыл көздері кейін Қаһарға ашаршылық деген зұлматтың рәмізіндей болып көрінетін болды.

Ауылдағы еркек кіндіктінің бірін қалдырмай мылтықты адамдар сыпырып әкеткеніне де міне, үш жылдың жүзі болды. Алғашқы жылы қатындар өйтіп-бүйтіп күнелткен болды. Күміс сақина, жүзіктерін, сырға, алқаларын сатты, азық-түлікке алмастырды. Ұрпақтан ұрпаққа жәдігер есебінде беріліп, аманаттап отырылатын сәукелелердегі теңгелерді, інжу-маржандарды да келіп алып ауқатқа айырбастады. Қымбат маталардан тігілген көздің жауын алатын сәнді киімдер бір қапшық етке айналды. Ел іші осылай бірі сатып, бірі сатып алып тіршілік қамын жасаған болды. Кейін бәрі жаппай бір күйге түсті. Ұлы жұт басталды, одан кейін бүкіл қазақ елін жайлаған ашаршылықтар адам қолымен арнайы жасалып, халықтың үштен бірі қырылып қалды.

Арада талай жылдар өткесін барып оны зерттеушілер қазақ даласы бір жарым миллион адамдарынан айрылып, қалған жүздеген мыңы басқа елдерге көшіп кетуге мәжбүр болған сол ашаршылықтардың себептерін атап көрсеткен болды. Солардың ең басты себептері ұжымдастыру, советтендіру, ата-кәсібі мал шаруашылығынан айырып зорлап отырықшылыққа көшіру екені даусыз. Негізінен ұжымдастыру шаралары елден жиналған малмен ұжымшарлар айналысып, ықылым заманнан келатқан атакәсіпті күрт тоқтатып бірден отырықшылыққа көшірмей біртіндеп үйрету керек болатын. Ал жем-шөп

жетіспеген мал қыста, көктем шыға көтеремдіктен өлетін болғасын олардың бәрі сойысқа кетті. Малмен бірге қазақ деп аталатын тұтас бір халық та ашаршылықтың аранына түсті.

... Иә, әуелі жер иеленуші Қабыл өзінің малшы бауыры Әбілді өлтірді. Ерте замандағы жазбаларда былай жазылған:

«Қабыл Құдайға өзінің жерде өсіріп шығарған заттарын, ал Әбіл сүт пен малдың алғашқы төлін алып келді. Құдай әуелі Қабылдың өз қарабасы үшін жерден зорлықпен тартып алынған заттарын емес, Әбілдің құрбандыққа әкелгендерін алды».

Жердегі цивилиздендіру яғни, өркениет атауы сол Қабылдың жермен айналысуынан басталған еді. Жерді шекараға бөліп қоршаулар мен бағаналар орнатылып, жерді бөліп алып өлшеу басталды. Самсаған қалалар тұрғызылды.

Ал Дала мәдениеті сан ғасырлар өтсе де сол күйінен айныған жоқ. Салт-дәстүр тіршілік көздері сол күйінде қалды. Табиғат пен адам арасындағы үйлесім сақталды. Ақыр соңында Қабылдың жер өңдеушілік өркениеті малшы Әбілдегі игілік атаулыны күйретіп тынды.

Қар астындағы қатқан шөпті шайнағаннан еш пайда жоқ. Іші шұрылдап, аштық әлсіз тәнін мүжіп бітіруге жақын. Сарышұнақ пен суырдың інінен басқа ешнәрсе жоқ.

Бір шеті алыс көкжиекке барып тіреліп, қар басқан мылқау дала. Қурап қалған селеудің басы иіліп кеткен сүлесоқ бір нәрсе тәрізді. Бұрын-соңды балығы болып көрмеген көлшіктер мұзға айналған. Қарлы жаяу бұрқасын. Сүп-сүр мұңлы аспан. Оның жанымен бірге жаралғаны, сүйікті де дәл қазір қатыгез үнсіз Дала.

Қаһар ауылға жақындап келіп құлаған кемпірдің өлігін көрді. Бұл жақтың адамы емес тәрізді. Қурап қалған жусанның қақ ортасында шалқасынан жатыр. Басында бір кезде аппақ болған, бүгінде кір мен шөптің шаңы басқан келіншек. Терісі сүйегіне жабысып қалған. Бір қолын созып жіберіп, екінші қолын кеудесіне қойыпты. Аузы ашылып кеткен.

Ауылдың сыртынан бұған дейін де бірнеше әйелдің өлігі табылған еді. Қазір адамдардың қимылы да, бүкіл жүрі-тұрысы да өзгеше. Аштықтан бұратылып әл-дәрмені құрыған жандар

бірі шығысқа, бірі теріскейге босып барады. Кейбіреулері жолда құлап жан тапсырады. Олар көмусіз қалып жатыр. Енді біраздан кейін бұл әйелді түлкілер мен қарсақтар сүйегін қалдырып жеп кетеді. Сосын ол сүйектерді қар басып салады да туған даласының топырағына сіңіп уақыт өте келе мүлде жоқ боп кетеді.

– Оның бетіне қарама! Қаһар осылай деп өзіне-өзі күңк ете қалды.

Ол отқа жағатын отын іздеп шыққан. Өлі кемпірге қарауға дәгі бармай жалт бұрылып ауылға бет алды. Оған анау кемпір кәзір басын көтеріп отырған сияқты сезілді, тіпті, кәзір бұның атын атап шақыратындай.

Бұрын дабыр-дұбыр әңгіме, бірімен-бірі сонадайдан қатты дауыстап сөйлесіп гүілдеп жататын бұл ауыл кәзір тым-тырыс. Бәрі қырылып қалғандай. Қардың бетінде сыңар із де жоқ. Сазбен араластырып құм кірпіштен салынған жатаған үйлердің төбесі опырылып түскен. Бір замандарда ақшаңқан туырлықты, әсем ою-өрнекті есіктері мен жібек баулық, құрлары далаға көрік беріп тұратын ақ боз үй, қараша үйлер иесіз қалғандай. Ошақтарда ат, түйе сияқты көлікке жегетін арбалар қиратылып отын қылып жағуда. Ондай ірі қара мал түгіл жандық деп жалпы атаумен аталатын қой-ешкі де, қалмаған қазақ бұл жағдайды «тігерге тұяқ қалмаған» дейді. Қаһар мен Тұрсынның бұрын түрлі-түсті, жібек шәйге, құлпырған қалың кілемге жасанып тұрған сәнді сарайдай киіз үйінің ішінде жалмауыздың тісіндей ырсиып-ырсиып тұрған жалаңаш кереге, уықтар мен ескі-құсқы текемет пен алаша ғана қалған. Ошақтағы от та өлімсіреп жылтырайды.

Ауылда еркектер, мал-жан бар кезде отқа жазда әбден кептірілген тезек пен қи жағылып үйдің іші әлдебір жағымды көңірсіген иіске тұнып тұратын, қазір үйде отқа жағатын отын түгіл тамызық та жоқ. Бұлар үйдің ішінде тонын шешпей, киіммен отыратын болды. Тұрсын кәзір ошақтың жанында мүлгіп отыр. Әбден жүдегесін бет сүйектері сорайып сыртқа теуіп тұр. Бұрын бұлтиған топ-томпақ алқызыл еріндері құрғап, солып қалған. Тек өрілген қос бұрымды қара шашы ғана баяғы көріктілік, баяғы сұлулықтан қалған болар-болмас нышан сияқты. Көзі ғана жалт-жұлт етеді.

Ол осылай отырып-отырып, бір кезде Қаһарға жұмбақпен қарап:

– Ақжігіт келіп кетті,-деді. – Бізге енді отын табу керек.

Кішкентай Қаһар ошақтың түбінде таза сүлгінің үстінде жатқан аздап қарайып кеткен етті көрді.

Өткен күздің бас кезінде ауылдың әйелдері қолында барының бәріне бір қасапшымен жасырын келісіп бір кәрі бие сатып алған еді. Ең соңғы сырға, жүзіктері мен алқа, моншақтарын ұнға айырбастап алған. Олар сол азғантай етті әр шаңыраққа пышақ үстінен тепе-тең бөліп берді. Қазанға шым-шымдап азғантай ғана ет салып, оған шөп қосып қайнататын. Күндердің күнінде ол да қалмады. Мына ошақ басында жатқан бір тұтам сүйек пен бір асымға жетер-жетпес ет соның қалған жұқанасы ғана еді.

Ақжігіт көптен бері Тұрсын мен Қаһарға осындай бір түйір ет пен қол басындай ғана күлше әкеліп тұратын болды. Өзі аштықтан ісініп кеткен. Сөйте тұра, әлсіз жымия күліп әлгі қолындағы кішкентай ет пен бір тілім күлшені далада отын теріп жүріп жүргенде кездескен бір жолаушы беріп кетті деген сияқты ебедейсіз ертегіні айта салады. Мені ойлап уайымдамай-ақ қойыңдар, менікі өзіме жетеді деп қояды. Оны тыңдап отырсаң, ол далада отын жинап жүргенде оған ылғи да бір мейірімді жомарт жандар кездесіп қолына ет, нан ұстатып кетеді!-мыс. Біреулер үйіне азық-түлік әкеп тастайды-мыс. Ал Тұрсын оның баяғы сойылған бие етінен алатын үлесіне әлі қол тигізбегенін де сезіп іші у жалағандай ашиды. Ақжігіт ше? Ақжігіт түнде ұйықтар алдында ертең өзінің алпыс екі тамырын алғаш идіріп дүниеге әкелген Қаһарын тағы да көретінін ойлап жатып қана көзі ілінеді.

Оның Қаһардан басқа баласы жоқ. Одан кейін бала көтере алмады. Ол енді тек соны аман сақтап қалуды ғана ойлайды, мына аштық деген тажалдан. Бұл тажалды осылай жеңбекші болды.

Бірде Ақжігіт тағы да келіп кетіп бара жатқанда Қаһар оған ере шықты. Ойында өзге еш нәрсе жоқ. Бар болғаны аузынан «Апа!» деген сөз қалай шығып кеткенін өзі де аңғармай қалды. Ол мүмкін Ақжігітті бұған дейін де апа деп атаған да шығар, бірақ онысы есінде жоқ.

Ақжігіт жалт қарады. Еріндері дір-дір етіп, көзі ұясынан шығып барады. Бірте-бірте қос жанарына сыймай лықылдап тұрған көз жасы төмен қарай ағылып келіп тамағына құйыла бастады. Кеудесінде талай жылдан бері тығылып жатқан тылсым бір тіршілік толқыны бір-ақ сәтте атылып сыртқа шыққандай. Екеуі бір-біріне аңырап ұмтылып келіп құшақтаса кетті. Бірнеше жылдан бері ет-бауыры езіліп, туған сәбиін шын анасындай құшып сүйе алмай ішкұса боп жүрген ана мен оның мейіріміне бөлене алмай жүрген, есі кіріп келе жатқан баласы екеуі осылай құшақтасып ұзақ тұрды.

Иә, дәл қазір мына жатқан алақандай ғана ет бүкіл әлемнің бар байлығы дерліктей. Тұрсын оны әуелі суға салып өте ұзақ қайнатты. Сондағы ойы оның құрамындағы барлық маңыз сорпаға шықсын дегені. Бірақ еттен ешқандай да май шыға қойған жоқ. Тұрсын ыстық сорпаны түгелдей Қаһарға берді. Сосын етті қайтадан суға салып әбден талшық-талшық болып іріп кеткенше тағы қайнатты. Ашқарынды сонымен де жұбата тұрғысы келеді. Айтпақшы, екінші қайнатып жатқан сылдыр суға даланың шөбін әкеп қосып қайнатты. Сосын бір тұтам сүйекті ұнтап тағы қосты.

Шамсыз тасқараңғы үйдің қабырғаларында ошақтағы оттың әлсіз сәулелері дір-дір қағады. Әлгі шөп салып қайнатқан бірнәрсе қарынға барып түскен сияқты. Тұрсынның жүзіне болар-болмас қан жүгіргендей. Бірте-бірте өшіп бара жатқан отқа үнсіз қарап отыр. Екі көзінің ортасына терең қос сызық-әжім түсіпті. Күйеуін, өзінің бақытқа жарымай өтіп бара жатқан өмірі, туған сіңлісі Ақжігітті ойлайды. Алда келе жатқан апатты қыстан Қаһар екеуі аман шықпайтын сияқты. Кішкентай Қаһар көрпенің сыртынан әкесінің шолақ тонын жамылып ұйықтап жатыр. Түсінде үй іші де, сырты да бүкіл дала неше түрлі тағамға толып кетіпті. Ал өзі соның бәрін қанша жесе де қарны тояр емес.

Таң ата аспан ашылып, селдірлеу бұлттардың арасынан күн нұры сығалай бастады. Шығыста қызылшұнақ аязды күн басталды. Алыстан қарауытқан Орал тауларының арғы бетінен күн көтеріліп кейін қалың ағаш өскен шоқылар да жарқырап көріне бастады. Әрі қарай өтуге тиым салынған

тікенек сымдарға да аппақ қырау қонақтаған. Аузынан буы будақтап, таңғы аязда қалтырап-дірілдеп сапқа тұрған үлкен бір топ қарауытады. Олар қазір жұмысқа аттанады.


Дөңгелектер теміржолды тынымсыз дүрсілдетіп заулап келеді. Шынжырын үзердей болып арсылдап ілгері ұмтылған иттерін жетелеп, үстіне жағасы көтерулі ақ шолақ тон, аяғына киіз байпақ киген айдауылдар тұтқындарды бес-бестен бөліп саптағыларды санап келеді. Сондай бір бестіктің ішінде суықтан қатып баратқан қос қолын жыртық күртесінің жеңіне тығып Кенжеғали тұр. Көз жанары сөнген, түрі өте аянышты. Суықтан мұз боп қатқан аяқтарын жылытпақ болып, бір орнында жерді тепкілеген болады. Тайганың үстіндегі буалдыр аспаннан өлімсіреп қараған күнге қарап тұрып туған даласын, әйелі мен ұлын ойлап тұр. Өздерінен кейінгі этаптармен келген қазақтардың айтуынша ел ішін бұрын-соңды адам-пенде естімеген де көрмеген жұт жайлап бара жатқан көрінеді.

Өзі ғашық күйге түскен адамға өзінен басқалардың өмірі қиын сияқты көрінеді.

-4-

Ал бұл кезде ашаршылық Қазақстанда енді ғана басталып келе жатқан-ды. Біреу далада өліп жатқан түлкіні әкеліп асып жейді, басқалары да сөйтетін болды. Сөйтіп, ел ішінде ашаршылық пен безгек қатар өрши бастайды. Бір әйел беті сап-сары болып әбден жүдеп кетеді де артынша көшеде келе жатып құса бастайды да үйіне, киіз үйіне келіп жан тәсілім етеді. Оның үйіне жан баласы жуымастан қойды. Киіз үйлердің іші өлікке тола бастады. Аздап болса да күш-қуаты қалғандардың біразы Торғайға, Қостанайға, тіпті Қытайға көшіп жатыр. Олар жолда кетіп бара жатып аш қарынын жұбатпақ болып қойдың жүнін, қап-қара болып кеуіп қалған жусанды шайнаған болады, сөйтіп те ажал құшуда. Қалаға жетіп те аштан өлгендер көп. Мына ашаршылық адамдарды баяғыда Қаһар өзі көрген сұңқардың әлсіреген кептерді қалай шоқып жеп жатқанын тағы да есіне түсірді.

Қазақтар бүкіл отбасымен ауа көшіп орыстар тұратын теміржол бойына келіп жатыр. Мұндағы ой адамдарға көмекке



азық-ауқат әкелетін көрінеді. Бірақ олардың көпшілігі мұнда жете алмай жолшыбай жан тапсырған еді. Өлген ит-мысық, тышқан аңдып жеп жатты. Қолында барын түгел сатуда, тіпті балаларын сатқандар да бар көрінеді. Адам жегендер де болыпты. Бүкіл Дала қаңырап бос қалды. Киіз үйлердегі үй жабдықтары, керегелердегі кілемдер мен еденге төселген текемет, алашалар да ешкімге қажет емес. Тым-тырыс ақ қар басқан айдала да түлкі мен қасқырдың ізі ғана сайрап жатыр. Желдің үрейлі ызыңы ғана естіледі.

Қаһардың жасы сол кезде тоғызға келсе де көп нәрсені ұмытып қалыпты. Көз алдында құз басында мұзға айналып қоймалжың тартқан лайлы судай бірнәрселер үзік-үзік болып көлденендей береді. Кейде ашаршылықтың азалы күндерінің едәуір тұсы елес берген болады. Азынаған суық үйді сәл де болса жылытуға ошаққа жағатын отын іздеп дала кезгені, тоңып жуыспай қалған кіп-кішкене саусақтарымен бұталардың құрғақ бұтақтарын сындырып әкелгені, сосын әл-дәрмені әбден құрығаны сондай мұздай төсекте қарнының ашқанын да сезбейтін есі-кіресілі күйде киіздің тесігінен ішке ұшып кіріп жатқан қар қиыршықтарына қарап жататыны есіне түседі.

Тұрсын мұздай суық үйде көрпені тас бүркеніп жатыр. Маңай тым-тырыс. Бүкіл ауылдан ыз еткен бір дыбыс шықпайды. Бүкіл Дала мылқау, меңіреу күйге түскен.

Кеше Ақжігіт келген жоқ. Ол соңғы келгенінде жиі-жиі жөтеліп тұрды. Жүдеп күннен-күнге көрер көзге семіп баратқаны көрініп тұрды. Оны бүгін бұлар қанша күтсе де келер түрі жоқ сияқты. Тұрсын Қаһарды жетектеп Ақжігіттікіне бет алды. Адам өмірінде кездесетін белгілі-белгілі жағдаяттар үйреншікті, қашаннан қалыптасқан үрдіс ретінде болып тұрады. Оған онша таңырқап та қарамаймыз. Бұлар үйдің кіре берісіне жеткенде Қаһар кірмей тұрып қалды. Тұрсын киіз үйдің әйелдерге бөлінген тұсына қарай өтті. Ақжігіт түрлі түсті бояулы төсек-көрпеді жатыр екен. Үстінде баяғыда келін болып түскенде киген әдемі той көйлегі, бірақ орамалы жоқ, жалаңбас, не сәукелесі жоқ. Беті сап-сары болып кетіпті. Ернінде болар-болмас жымыс бар. Жансыз

өлі дене. Бас жағында аузы айқастырып байланған шүберек түйіншек. Тұрсын Ақжігіттің кеше өздеріне келмек болғанын, сондықтан өзінің өміріндегі ең бақытты күні-күйеуге тиген тойында қандай көрікті, қандай көркем болғанын баласы көріп есінде сақтап қалсын деген ойда болғанын, бірақ Қаһар екеуіне сол киіммен келгісі келгенін, бірақ оған шамасы жетпей кеткенін түсініп еңіреп отыра кетті.

Тұрсын сол еңіреген күйі, Ақжігітпен қоштасып жүріп оның үстіне өрнекті көрпесін жауып, білетін дұғасын оқып Ақжігіттің Қаһар екеуіне дайындап қойған түйіншегін алып тысқа шықты. Өлі де орнында тапжылмай тұрған Қаһардың жанына келіп:

– Жүр, кеттік Ақжігіт кейінірек келеді. Қазір жағдайы жоқ,-деп үйге қарай жетелей жөнелді.

Сірә, Қаһар дәл сол сәтте анасының о дүниелік болғанын білмеген де шығар.

Ақжігіт өлімі мен одан қалған түйіншек Тұрсынның есін жиғызғандай болды. Түйіншектің ішінде әйел затының ең бір қастерліестелігі сәукеле ораулы екен. Сәукеленің төбесінен бастап, беттің екі жағын жауып тұратын қос қапталы толып тұрған асыл тастар. Және бір түйір жылқы етін қоса салыпты, байғұс. Ақжігіт осы бір ең ақырғы сәлемдемесі арқылы Тұрсын мен Қаһарға «Тезірек кетіндер. Сендердің жолыңа осының жәрдемі тиеді.Тезірек кетіндер» деп аманат қалдырып кеткендей еді.

Тұрсын қалың тұманнан енді құтылғандай болып, санасында тосын бір ой жарқ ете қалды. Ол енді бұл жақта еш аялдауға болмайтынын, мұнда бірнеше күннен кейін баласы екеуі бірдей ажал құшағына ілінетінін, өздеріне енді: ешкім жәрдемдесе алмайтынын, ондай адам да жоқ екенін бірден ұқты. Ертең-ақ ақбасқын қарлы боран басталады, үйлердің төбесіне дейін қардың астында қалады. Сосын көктем, осын көкте ұшқан құс екеш құстың да миын қайнататын аңызқты жаз келеді. Бұлар киіз үйде қазіргідей өлім халінде жатады. Ақжігіт дұрыс жөн сілтепті. Жан-жақтан жалмауыздай анталаған ажалдан аман құтылу үшін дереу кету керек бұл жерден.

Ол бүкіл өмірінде өзі білетін жалғыз ғана жол бар. Ол Жүніс екеуінің үйлену тойына өзін алып келген жол. Тұрсын енді сол жолға түсіп алып өзінің кіндік қаны тамған, екі бауыры тұратын Семиозерный поселкесіне аттануға бел байлады. Ол мекен бұл жерден – Кең Табаннан үш жүз шақырымда. Бұл жол, бұл сапар екеуіне оңай соқпасын білсе де Тұрсын бұдан басқа жол жоқ деген ұйғарымға тоқтады. Ол енді өзі мен мына бір асырап алған тірі жетім үшін арпалысқа түспекші.

Үйге келіп ою-өрнекті сандығын бұтарлап-бұтарлап ошаққа от жақты. Алақандай теріні отқа үйітіп, әбден қырнап жүнінен арылтып, жіп-жіңішке бірнеше тірікке бөлді. Ақжігіт қалдырып кеткен азғана етті бар сүйекпен бірге әбден қайнатты. Кешқұрым Қаһар екеуі соны әлгі тері тіліктерімен араластырып жеп, артынан ыссы сорпамен итеріп ауқаттанып алды. Қалған-құтқанды мұқияттап жинап алып таза шүберекке орап, сорпа-сымақты торсыққа құйып қойды. Бәрін бір қоржынға салып жолға даярланып болды.

Олар ертеңіне күн ұясынан енді шығып келе жатқан алақөбең қысқы таң алдында Аллаға сиынып жолға шықты. Аздап қар қылаулап тұрды. Қалың жүн шарқат орамалға оранған, әбден жүдеп қу сүйегі қалған арық әйел мен қой терісінен тігілген ішік киген, көзіне түсіп кете берген әкесінен қалған көне тері бөрікті қайта-қайта маңжайына көтеріп қойып кішкентай ер бала енді арт жағына бұрылып қарамастан жолға түсіп жүріп кетті.

Олар алғашқы күні қазіргі өлшеммен сегіз- он шақырымдай шамалы «қазақтар «кұнан шаптырам» дейтін жолды жүріп өтті. Баласы аз да болса әл жинап алсын деген оймен Тұрсын тоқтап тыныстаған сәтте бір-екі түйір ет пен сол терінің бір тілімін беріп, сосын торсықтағы сорпадан беріп қояды. Кешке қарай бұлт ыдырап, аспан ашыла бастады. Аздап аяз білініп тұр. Көл жиегіндегі қалың қамыстың ішіне түнемек болды. Екеуі құшақтасып бірін-бірі демімен жылытқан болып, үйден ала шыққан қой терісін де жамылып алды. Түнімен Тұрсынның ұйқысы ұйқы емес, қалғып-мүлгіген түсініксіз бір жағдайда өтті. Ал Қаһар оның да, тері ішіктің де жылуымен жата сала ұйқыға кетті.

Олар күн қып-қызыл болып, алаулап, арайланып таң атқанда қайтадан жолға шықты.

Сол бір арайлы таң оның әлі де көз алдында. Сол бір жұмбақ суретті бұл өмір бойы ұмыта алмайды. Бұлар жұқалтаң қырбық қар басқан жатаған бір төбешікке шыға келгенде алдарында қол созымдай жерде қаптаған киіз үйден тұрғызылған қалашық көрінгендей болды. Неге екенін кім білсін, сол киіз үйлердің бәрі бір қатарға тізіліп тігілген. Киіз үйдің бәрі сәндіақбоз киізден жасалыпты. Бір қарағанда бұл киіз үйлі қалашық ең әрі кеткенде екі-ақ шақырым жерде тұрғандай. Тұрсын ол жерде ешқандай да тіршілік жоқ екенін білгесін, баласын ертіп ол жаққа бұрылмастан ілгері тартты.

Ал ақиқатына келгенде киіз үйлерден құрылған бұл қалашық 1941 жылы Самара қаласында атылған өлкелік партия Комитетінің хатшысы Голощекин ұсынған көп идеялардың жүзеге асырылған бір нышаны ғана еді. Бұл ұжымдық шаруашылық-тұғын. Байлардан тартып алынған кілең ақбоз үйден тұратын мұндай поселкелер әр жерде тұрғызылды. Қазір оларда тірі жан жоқ. Қу медиен Даладағы иесіз қалған бұл ұжымшарлар қазір қазақ жерінде жүргізіліп жатқан «ұлы өзгеріс кезеңі» - Ұлы ашаршылықтың рәмізі сияқты. Ал дәл қазір жолда келе жатқан бір әйел мен бір бала бұған шейін тек өз ауылындағы аштықтың ғанға куәгері болып, бүкіл қазақ даласын жайлаған бұл сұрапылдың мұндай кең етек жайғанынан мүлде бейхабар.

Тұрсын жүріп келе жатып жанындағы баласына қайта-қайта:

– Жетеміз, қалай да жетеміз, - деп қояды. – Онда менің бауырларым бар.

Ол жақтағылар шетінен байлар.көл де көп. Көлдердің суы мөп-мөлдiр, суы сондай дәмдi. Қанша iшсең де iшкiң келе бередi. Ормандарын айтсайшы! Ағаштары таудай биiк. Ұшар басымен көктi тiреп тұрғандай. Арша, шырша, қарағайдың исi қандай керемет! Ал қайыңдары әппақ-ау, әппақ! Сен ондай ағаштарды ешқашан көрмегенсiң. Орман толы жемiс-жидек. Адамдарының талы ырғын көп. Бiз келгенiмiзге бауырламыздың қуанышында шек болмайды. Ет асады. Етпен

майлы сорпа ішеміз. Олар бізге қамқоршы болады. Бұдан былай аштық дегенді білмейтін боламыз.

Сосын Тұрсын баласына поселкенің түп-түзу көшелері, оларды бойлай салынған сәулетті, кірпіш, тас үйлер, киелі Әулиекөл туралы, ол жерде адамдардың айтуына қарағанда бір киелі адам, Алланың сүйікті бір пендесінің бейіті бар екені туралы аузы тынбай әңгімелеп келеді. Тұрсынды тыңдаған Қаһардың көз алдына шынында да небір айдын шалқар мөп-мөлдір, кәусар сулы көлдер, ұшар басымен бұлттарды түрткілеген зәулім ағаштар, үй ішінде дастарханға қойылған семіз ет пен бетінде майы кілкіген ыстық сорпа елестеумен болды. Ал сосын ше? Сосын бұлардың артынан анасы Ақжігіт келгесін ол таңғажайып өмір одан да ғажайып бір нұрлы әлемге ұласады. Бала алда әлі қанша шақырым жол жатқанынан бейхабар. Тұрсын баланың соны білмегенін қалайды. Өзі де алдында бір керемет жақсылық күтіп тұрғанын сезетіндей. Қолындағы қоржында Ақжігіт бейбақтың ақырғы берген сыйлығы – тойға киген ардақты бас киімі – сәукеле. Ол «сау» және «келле», «келлә» яғни, бас деген сөз. Сау келле! Бұл сәукеленің құны жүз жылқының құнымен барабар. Одан да қымбат болуы мүмкін. Сәукеле конус тәрізді, төбесі созыңқы, биік шошақ төбелі бас киім. Оны кез-келген әйел заты өзінің ең бақытты күні дерлік той күні киеді. Өте қымбат мақпал бархыттан тігіледі. Қымбат бағалы терімен, құндыз терісімен әдіптелген. Төбесінің ең сүйір ұштарына үкі қауырсыны кадалған. Сол қымбат мақпал немесе барқыт тысына түгелдей інжу, маржан, зүмірет, гауһар, жақұт сынды асыл тастар жапсырылып тігілген. Сол асыл тастар күн нұрымен шағылысып, бір-бірімен жарыса жымың қаққанда кісінің көзін қызықтырады.

Бұлардың ауылындағы әйелдер бұл қымбат бас киімін әлдеқашан ішер асына айырбастап жіберген. Ал Ақжігіт оны осы күнге шейін киелі заттай сақтап келіпті. Міне, ол өзі өлгесін де туған апасы мен ұлына көмектесуде.

Құдайға шүкір кәзір бұлардың қолында өлмес күнін көре тұруға жететін, сатса өтетін өте құнды бұйымы бар. Тұрсын тек енді алдынан әйтеуір бір арбалы көлікке мінген адам ұшырасса екен деп тілек тілеп келеді.

Оның тілегі орындалып, алдарынан арбалы көлік шыға келді. Тұрсын жүрегі жарыла қуанып ұмтылғанына болған жоқ, андағылар бұның жанұшыра жалына айғайлағанына құлақ түріп, жүзін бұрмастан өте шықты. Бірақ Жаратушының қамқорлығы мен мейірімділігі шексіз. Кешқұрым бұларды қос ат жеккен күйме қуып жетіп, өтіп бара жатты. Тұрсын жалмажан қоржындағы сәукелені суырып алып күйменің алдына қарай ұмтылды. Қыстық жылы ішік киген еркектің жанында он бір-он екідегі баласымен бір әйел және кимешек киген беті әжім-әжім кемпір отыр екен. Тұрсын әлгілерге қарай қолындағы сәукелені ұсына түседі. Делбеші күшене тартып көлікті тоқтатты да сәукелені мұқияттап қарап болып, үн-түнсіз кемпірге берді. Кемпір қыртыс-қыртыс саусақтарымен сәукеленің құндыз әдібін сипалап-сипалап, сосын, әрбір асыл тасты шұқшия қарап шықты.

– Жақсы! Кемпірдің бар айтқаны сол ғана.

Кешкілік қоналқыға келгесін бұл екеуін ыстық шәйға қандырып, біраз сүрленген жылқы етін, орта шелек қуырылған тары берді. Қаһар қашан Тұрсын «болды, бірден көп жеме» дегенше қос уысын алма-кезек толтырып тарыны асаумен болды. Екеуі осы бір мейірімді отбасымен бір апта бірге жүрді де жағалауын қалың қамыс басқан бір көлдің жиегіне жеткенде жолдары екі айрылды. Осы уақыт ішінде Тұрсын да демалып, өзіне-өзі келіп, енді армандап келе жатқан Семиозерныйға жетеріне еш күмән қалмады.

Бұлардың аман-сау осында жетуіне қол ұшын беріп, ауқаттандырған сол адамдардың, Қытайға бет алған сол қайырымды отбасының содан кейінгі тағдыры не болғанын ешкім білмейді. Ол кезде шекарадан екінің бірі өтіп кіре алмайды. Ол үшін түнде «шекара құпиясынан өткізіп», оған жеткенше де жол бастап отыратын адам жалдауға да көп қаржы-қаражат қажет. Ал Шыңжаңның құмтөбелі алқаптарында түнде атылған мылтық дауыстары естіліп жатады.

Ұлы ашаршылық пен Жұт қатар келген сол қасіретті кезеңдерде жүздеген мың көшпелі қазақ Қытайға, Моңғолияға өтіп кетті. Олардың тілінде арғы бетке өтпек болғаны үшін мындаған адамды кеңес әскерлері атып тастады.

Ақжігіттің сәукелесінен сөгіп алынған асыл тастар да ұйғырдың базарында, өздері атып өлтірген адамды түгел тінтіп шығатын, маңдайына қызыл жұлдыз қадаған қызыл гвардияшылардың сұр шинелінің қалтасына барып түсер еді.

Расында да Семиорезное қонысының маңайы толған көл, көлшік, ну орман, тоғайлы болатын. Бір замандарда бұл жер Жөкейлі ауылының қонысы болған. Бұл сол кездері оңтүстіктен теріскейге үдере көшіп бара жатқан көшпенділердің көрінбейтін картасындағы асуы, жол торабы болатын көшпенділер осында келіп көл жағалауларына қыстық мал қоралар салып, арық-тұрық малдарды бағатын ықтасындар, жаппалар тұрғызатын. Айнала толған ұзыннан-шұбақ қора-қопсы, қойма, қатар-қатар тігілген ақбоз қараша үйлер. 1880 жылы осынау ризық пен берекелі аймақты игеруге Ресейден келген колонияшылардың бір шоғыры осында отырықшы болып бұратола қалып қойды. Жерді емін-еркін өзара бөлісіп алып, көше-көше бойлай үйлер тұрғызып тастады.

Сөйтіп, Жөкейлі ауылы бірте-бірте поселокқа айнала бастады. Оның атауы Семиозерное болды. Кейбір жер ауып келген «переселенцы» дегендер қазақ байларынан жер учаскелерін, егін егетін, шөп шабатын шабындық жерлерді түкке тұрғысыз тиын-тебенге сатып алып, өз меншігіне айналдырды. Сосын олар үлкен шіркеу салды. Енді мұнда Қостанайдан неше түрлі алаяқ-саудагерлер келіп жергілікті қазақтарды былайша айтқанда тонай бастады. Олар да, осында орныққан «переселендер» де қазақтарға ойына келгенін істеп, кемсітіп, өздері шетінен байлыққа кенеле бастады.

Көл жағалаулары жатаған жер үйлер мен биік тас үйлерге толды. Дүкендер, наубайханалар, диірмендер кішігірім май шайқау зауыттары ашылды.

Кейін Кеңес өкіметі оның бәрін экспроприациялады, дәлірек айтқанда тартып алды.

– Міне, әйтеуір жеттік-ау, Қаһар!

Тұрсын осылай деп қарсы алдында көсіліп жатқан үйлерді,

кұжынаған үлкен ауылды-поселок жақты нұсқады. Олар қос қапталына бұтақтардың қар басқан қалың ағаш өскен жолды қуалай жүріп келеді. Әйелдің бет-жүзіне күлкі, қуанышты бір жымыиыс орнағандай.

Әйтеуір, жеттік-ау! Адамдар аштан шыбынша қырылып жатқан, қар басқан өлі ауылдағы киіз үйде аштан қатып қалмай аман-есен шығып кетті. Әуелі Құдай, сірә сосын Ақжігіттің асыл тастар орнатқан сәукелесі десе де... Сөйтіп, Тұрсын Қаһарды жетелеп өзінің туып-өскен өлкесіне жетті.

Енді бірде көз алдына еш қамсыз бала шағы, келе көлденең көлбең қағып өтіп жатты. Ашық аспан түстес кең көйлекті, қос өңіріне күміс жіппен кесте төккен қыпша бел камзолды кішкентай қыз. Ойын-той, алтыбақан тепкен бойжеткен мен бозбала, сәнді ер-тоқымды сәйгүлікке мінген жігіттер, бала-шағасы шуылдаған ата-ана. Осының бәрі жер бетіндегі жұмақтай дала төсіндегі қарһәлләзи тіршіліктің көрінісі. Бұны бәрі жақсы көреді, бәрі еркелетеді. Тіфә, тіфә, керемет сұлу қызсың дейді.

– Көп ұзамай үйге жетеміз,- деп Тұрсын Қаһарға дем беріп қояды.

Ернінде болар-болмас жымыған күлкі байқалады.

Бала жан-жағына тынбастан алақ-жұлақ қарап келеді. Бұлар Таз руының қыстауы жайғасқан көл жағалауына жету үшін поселокті түгел кесіп өтуі керек. Көшелерді бойлап алға қарай жүрген сайын Тұрсынның бет-жүзінен әлгіндегі қуаныш пен серпілістің бәрі бірте-бірте өше бастады. Айнала толған адам. Біреулері жолдың жиегінде отырса, енді біреулері сұлап жатыр. Аштықтан әбден жүдеп, жағы суалып, көздері шүңірейіп ішіне кіріп кеткен, киімдері кір-кір адамдар. Балаларын құшақтап отырып әлсіреп құлағалы қалт-құлт етіп шақ тұрған аналар, өлеусіреген еркектер мен ілмиген жасоспірімдер. Бұлардың бәрі осы поселоктің айналасындағы ауылдардан келіп, енді аштықтан әбден әлсіреп бірте-бірте өліп бара жатқандар. Қарақұрым көп тірілер мен өлілер.

Әлдеқашан тоқтап қалған бұрынғы шағын зауыт жанында тұрған әлгі әйел мен ер бала шалшықтың бетіндегі қан араласқан мұзды көріп тұра ұмтылды. Бұрын осында мал соятын қасапхана болған еді. Осыдан бірер күн бұрын ғана

мұнда құжынаған көп малды әкеліп сойған. Әлгілер жүгіріп келіп қан сіңген мұзды апыл-ғұпыл ауыздарына тығып жіберіп, күтір-күтір шайнай бастады.

Осы поселокта бір базар болатын. Соның қасынан өтіп баратып өзі көрген бір жағдай Қаһардың санасына өшпестей болып сіңіп қалған. Қатар-қатар қойылған тақтай сөрелер. Тек біреуінде ғана бір ер адам нан сатып тұр. Үстінде жылы шолақ тоны бар. Қарсы алдында үюлі жатқан сап-сары күлшелер майсыз пісіре салынған. Жерде жағалай отырғандардың бәрінің екі көзі сонда. Қаһар қатарлы ұлы мен үш-төрт жасар қос қызы бар бір әйел тұрған. Олар да анау жатқан күлшелерге кірпік қақпай қарайды. Әйел кенет әлсіздіктен теңселіп, көздері тұманданып күлшелер жатқан сөреге қарай беттеді. Балалары қыбыр етпестен тұр.

Әйел ұйқылы-ояу адамша мәңгіріп келіп, үн-түнсіз бір күлшені алды да баларына қарай жүрді.

– Әй, ақшасын бер! Сатушы айқайға басты.

Әйел үн-түнсіз әлі кетіп барады. Сатушы еркек сөренің аржағынан секіріп түсіп, екі-ақ аттап тәлтіректеп баратқан әйелді қуып жетті де қос бұрымынан ұстап жерге алып ұрды. Орамалы бір жаққа ұшып кетті. Еркек әйелдің қолындағы күлшені жұлып алды да өзін тепкілей бастады. Әсіресе басынан, сосын ішінен тепкілеуде. Әйелде үн жоқ. Қос қолымен басын көлегейлеген болып, бүктетіліп ирелеңдеп жатыр. Ер бала жүгіріп келіп сатушының етігіне жармасып еді анау оны сонадай жерге бір-ақ атып жіберді. Бала тұрмастан қалды. Қос кішкентай қыз шырқырап келіп анасының үстіне құлады. Құшақтап алып шыңғырып жылағанда тұла бойың түршігеді. Ол әйелдің де, балаларының да одан әрі не болғанын Қаһар көрген жоқ. Көз алдында сол жағдай суреттегідей сақталып қалыпты. Тұрсын екеуі көлге қарай бұрылды. Тұрсынның тынысы тарылып Қаһардың иығына асылды. Енді екі жүз метрдей жер қалды. Үмітіне үміт жалғағысы келеді.

Киіз үйлер. Тіршіліктің титтей де нышаны жоқ. Түгін исі де шықпайды, иттер де үрмейді. Тіпті, жансыз иесіз қалған киіз үйлер үңірейіп қарап тұрғандай бұл екеуіне. Тұрсын әлі үмітін үзген жоқ.

– Міне, осында! Бұл біздің үй!

Ол осылай деп бір үйдің іргесіне отыра кетті. Екеуі үйге кіргенде Қаһардың зәресі ұшып кетті. Ол әсіресе, Тұрсынның түрінен қатты қорқа бастады. Тұрсын екі көзінен бірдей айрылған көрсоқыр адамша тағы бір шығатын есікті іздегендей қыртыс-қыртыс саусақтарымен мұздай көрпелерді сипалап, үйдің ішін айналып жүр. Бірнәрсесін жоғалтып алған адамнан айнымайды.

– Қазір, қазір, - дейді ара-тұра.

Қаһар бақырып жылап жіберді де оны есіктен сыртқа қарай сүйрелей жөнелді. Тұрсын алысқа қарап өз-өзімен күбірлеп тұр:

– Бұл қалай? Бұл қалай болғаны? Ағекелерім, ағатайларым қайда? Оларға не болды екен, а?

Бір кезде бұлардың қасына жүн шарқатқа оранған, екі бүктетіліп имиген кәрі кемпір келді. Тұрсын болар-болмас есін жинағандай болып кемпірге қарады.

– Амансыз ба?

– Менің есімім Тұрсын. Мен Таубайдың қызымын ғой! Мынау менің ұлым. Туысқандарымды, немере ағаларым Кентай мен Кенжетайды іздеп жүрмін. Олар осында тұратын еді. Айтыңызшы, олар қайда көшіп кеткенін білесіз бе? Айтыңызшы.

Кемпір бұл екеуіне соқыр адамша үңіле қарап, ернін тістелеп-тістелеп қойды да:

– А-а, сен Таубайдың қызы екенсің ғой. Сені ұмытып қалыпшын-ау.

Ал Кентай мен Кенжетай екеуі де қайтыс болды. Қаш-ш-а-ан! Сонау күзде... Мұндағылар түгел өліп қалған... Мен, мен ғана тірі жүрмін, әлі.

Кемпір мұрнының астынан бірнәрсені мыңқылдап кетіп барады.

Тұрсынның басына кара аспан келіп төңкеріліп түскендей болды. Енді барар жер, басар тау қалған жоқ. Кеудесі қысылып, жүрегі аузына тығылып отыра кетті де екі жағына кезек теңселіп жылай бастады. Біресе еңкілдейді, біресе аспанға қарап ұлығандай үн шығарады, сосын тағы да аңырап

айқайға басады. Оған Қаһар қосылып шырқырай бастады. Ол әсіресе Тұрсынның мына түрінен қатты шошынды.

Екеуі поселоктың бір көшесін жағалап жүріп келеді. Өл-дәрмендері құрып, тұлабойларынан күш кеткен. Көз қарауыта бастады. Тұрсын енді әрі кетсе бір-екі күнде орындарынан тұра алмай бұратола о дүниеге кететіндеріне көзі жетті де ең соңғы, ең ақырғы бір қадам жасауға бел буды. Қайткенде де баланы аман сақтап қалуы керек. Осылай ілбіп отырып көлдің қарама-қарсы бетіндегі ұзын ғимарат мектеп-интернатқа жетті екеуі. Бұл қазір балалар үйі. Есікті тарсылдатып ұзақ қақты. Көзілдірік киген мыжырайған ер адам шықты. Тұрсын мылқау адамша тіл қатпастан Қаһарды оған қарай итере салды.

Иә, сосын... Оны қайда апар дейсің маған. Ол орысша осылай деп қарсыласа бастады. – Немене, бұл жерде керемет өмір деп ойлайсың ба? Мұндағылар да өліп жатыр. Біз енді бала қабылдамаймыз.

Тұрсын оның не деп орысшалап тұрғанынан дәнене де ұққан жоқ. Кіріпін де қақпастан анаған қарап қатты да қалды. Осы есіктің аузында жан тапсыруға да даяр. Орыс ішке кіріп кетті. Іштен бір қазақ кісі шықты. Жасы қырықтар шамасында. Әуелі Тұрсынға, сосын Қаһарға қарап тұрды да:

– Біз енді бала қабылдамаймыз. Азық-ауқат жоқ. Маған енді балаларды қабылдауға тыйым салған.

Тұрсын оған, тіпті жақынырақ келіп тұра қалды да:

– Менің есімім Тұрсын. Таз руынан. Бұл біздің әулеттің жері, менің туған жерім. Мен бүгін өлемін. Мына ұлымды алып қал. Оны аман сақтап қалу керек қалай да. Ол біздің тұқымның соңғы тұяғы, - деді.

Ол осы сөздердің әрбіреуін анық қылып, нығарлап, бөліп-бөліп тұрып айтып шықты.

Оның шегелеп тұрып айтқан әр сөзі, абыржу мен үрей, тәуекел мен батылдыққа толы жанары, аналық күш-қуаты балалар үйі меңгерушісінің жүрек түкпірінде тұнып жатқан қазақи ұлттық сезімі мен намысын қатты толқытып жіберді. Ол біраз уақыт не істерін білмей толқып, ойланып тұрып-тұрып бір кезде оның ешбір құжаты жоқ кәдімгі көп далалықтың

бірі екенін біле тұра «Бұл баланың аты кім?» деп сұрады.

Тұрсын: Қаһар! Жүнісов Қаһар,-деп тақ ете қалды.

– Қа-а-һа-ар! Бастық осы бір ауыз сөзді аузының ішіне бөліп-бөліп салып алғысы келген адамша тағы да Қа-а-һа-ар! Өмір азабы, тағдыр қасіреті, үрейлі тағдыр. Қазір біздің бүкіл қазаққа тағдыр сондай азапты, қасіретті, үрейлі көзбен қарап тұр ғой. Жарайды, ішке кірсін. Есімін Қаһар деп жазамыз. Кім біліпті, мына қатал тағдыр одан кейін оған мейірлене қарауы да ықтимал ғой...

Тұрсын екеуінің жөндеп қоштасуға да мұршасы болмады. Қаһар түкке де түсінген жоқ. Тек оның көз жасы бұның бетіне егіліп жатқанын ғана біледі. Екеуі құшақтасып бетіін-бетіне тигізіп сәл ғана үнсіз егіліп тұрды. Қаһар оны қатты қысып құшақтай берді. Жүрегі әлденені сезгендей. Тұрсынның асығып тұрғанын да сезді. Сол сәтте Тұрсынның дәл қазір баласының аяғы астына құлап түссе, ешқашан тұра алмасын білгендіктен қоштасып көп тұра бермей тезірек кеткісі келгенін Қаһар кейін барып түсінген еді. Ол қарсы алдында не бар, не жоғына да қарамастан тәлтіректеп, теңселе басып кетіп бара жатты. Сол бойда, сол шақта миллиондап аштан қырылып жатқан ерлер мен әйелдердің, шиеттей ұл мен қыздың қалың түнегіне сіңіп мәңгілікке жоқ болып кетті. Ал бұны едені тақтай, пештен аздап жылу есіп тұрған ұзын дәлізге ертіп әкелді. Бұл сол есеңгіреген күйі еденге отыра кетті.

– Әй саған не болған? Өне анау есікке қарай жүр. Сонда балалар бар.

Соларға бар,-деп меңгеруші бұған таңдана қарап тұр.

– Мен анамды күтемін.

– Ау, сен анаңмен жаңа ғана қоштастың ғой.

– Жоқ, ол Тұрсын. Ол менің екінші анам. Ол әзір киіз үйде тұра тұрады. Ал менің туған анам жақында келеді. Мен оны күтуім керек. Әйтпесе, ол мені таба алмай қалады ғой.

Ол осылай деп әлдеқайда сыртқа қарап иегімен нұсқап қойды. Қаһар күні кеше ғана өздері ажал аузынан қашып шыққан, бұл жерден үш жүз шақырым қиянда қалған Дала жақты көрсетіп тұр еді.

Ол сол күннен бастап осында екі жыл бойы туған анасын күтумен болды. Ояна салысымен де, ұйқыға кетіп бара жатып та анасын күтіп жүрді. Оған анасы әлі де сол әдемі киімімен, сол гүлдің суреттері салынған әдемі көрпенің үстінде әлі де тірі жатқан сияқты. Ол анасын осылай күте-күте ақыры шаршады ма қайдам, әйтеуір, соңғы кезде оны күтуді қойып, енді баяғы шөлді де шөлейтті, қайсыбір жерлерде қалың қау бұталы шалғынды, шабындықты жерлерді, тезек исі бұрқыраған ошақты ауылдардың үстін өзі басып өтіп, ешкімге хабарламастан ойда-жоқта үйге кіріп келіп қаракөлеңке киіз үйде бірнәрсені тігіп отырған анасы Ақжігітті «апа, мен келдім» деп құшақтай алатын бақытты бір шақты қиялдайтын болды.

Ол сосын Тұрсын апайын да іздеп тауып алады. Екеуін де құшағына қысып, енді қайтып екеуін де ешқайда жібермейді.

Меңгеруші оған жарайды, күтіп отыра тұр дегендей басын изеді де қойды.

– Иә, мұндағылардың бәрі де аналарын күтіп жүргендер, тек сен ғана емес. Ал кәне, жүр, кеттік деп меңгеруші мұны алдына салып есікке беттеді.



ҮШІНШІ БӨЛІМ

-1-

Житомир, 1947 жыл, мамыр

9-шы мамыр күні Житомирдің орталығында бүкіл Кеңес Одағындағыдай дыбыс күшейткіш арқылы жеңістік-патриоттық музыка жер-көкті басына көтеріп тұрды. Көшеде бозқарағанның исі бұрқырайды. Биыл бозқараған ерекше қалың өсті, қаланың қай жерінде де алқызыл, күлгін түсті бұтақтар басын иіп мүлгіп тұр. Адамдардың мерекелік көңіл-күйін шөкімдей бұлтсыз ашық көк аспан сол аспанның сонау заңғар биігінен жерге күлімдеп көз салып тұрған алтын күн онан сайын көтере түскендей. Бұрыш-бұрышта адамдар балмұздаққа кезекте арқа-жарқа әңгіме-дүкен құрыпты, киоскілерде әртүрлі сырлы шыныяқтарға құйылған әртүрлі шырын қосылған газды су сатылуда.

Ел соғыстан кейін енді ес жиып, тыныш та жарқын бір тіршілікке көшкен: кәсіпорындар ашылып, дүкендер мен шаштараздар жұмыс істеп тұр. Эвакуациядан оралған, еріндеріне қап-қалың қызыл бояу жаққан әйелдер келіп мемлекеттік мекемелерге қызметке орналасуда. Олар-партия, кеңес қызметкерлерінің әйелдері. Жұмысшылар айлық жалақысын мемлекеттік несиенің облигацияларымен алады. Қала көшелері қираған үйлердің терезе сынықтарынан, қоқыс үйінділерінен арылып, тазаланған. Ал қаланың шет жағындағы жатаған жер үйлердің терезелерінен кешқұрым электр шамдары жымың қағады.

Арада бір-ақ жыл өткенде Жеңіс күні деп аталатын бұл мейрамға тыйым салынды да ол әдеттегі жұмыс күні боп белгіленді. Неге десеңіз Сталин жолдас: «Жауынгерлік ордендерді былай ысырып тастап, елімізді кеуделерінде сіңірген еңбегі үшін берілетін ордендермен жарқыратуға ұмтылуымыз керек» депті. Бұл енді бір жылдан кейін болатын өзгеріс қой. Ал дәл қазір Житомирдің орталығында соғыс жылдарындағы әндер дыбыс күшейткіштер арқылы жер-көкті жаңғыртып тұр. Офицерлер көбелек қанатындай желбіреген

жеңіл шыт көйлек киген қыздарды қолтықтап қыдырып жүр. Кішкентай балалар топ-топ болып шуылдап ойын қызығына әбден берілген. Ағаштар жаппай бүршік атып, айнала жап-жасыл бояуға малып қойғандай.

– Самса, самса алыңдар! Пісте, пісте алыңыздар. Көше сатушыларының дауыстары бірінен-біріне ұласып жатыр.

Марк Бернестің зор даусы:

– Екеуімізді бөліп тұр қараңғы түн сүйіктім,- деген әнді шалқытуда.

Халық әсіресе, Житный рынок атты базарда өте көп. Көпшілігі қолында себет толы азық-түліктері бар қалалықтар, сосын жақын маңдағы селолардан келген бастарына ақ шыт орамал тартқан саудагер әйелдер. Олар сүзбе, сары май, сүт тағы-тағы ұсақ-түйектер сатады. Енді бір қатарда шошқаның майы-сало сатып жатыр. Орыстар «карманщик» деп атайтын қалта ұрылары адамдардың арасына әдейі сығылыса кіріп біреудің қолдорбасына білдірмей саусағын тығып жатса, екінші біреуі ақшалы томпиған қалтаны сығалап тұр.

Осынша у-шуды елеместен жалаңаш жердің үстінде бір аяғы жоқ баяншы әлдебір мұнды да айбынды аңыратып ойнап отыр. Ол кенет есіне басқа бірнәрсе түсіп кеткендей құлашын кере созған гармонына қосылып әндете жөнелді

Вставай, страна огромная,

Вставай на смертный бой...

Өткен соғысты, қапалы да, қаралы да қаһарлы күндерді еске салған мына әуенді естіп жұрт бұл жерден тезірек кете бастады. Халық енді сол соғыс туралы айтқысы да, естігісі де келмейді. Қуанғысы, ойнап, күлгісі келеді. Сонау бір кезде эшелонда келе жатып Қаһарда сондай мээ-мәйрам өмірді аңсап отырған еді. Сөйтсе, ол жәй қиял, арман екен.

Мүгедектік! Мүгедектер!

Мәселе олардың саны өте көптігінде болды. Толған мүгедектер

2 млн 576 мың адам

Бір қолы жоқтар. Қос қолы жоқтар.

Бір аяғы жоқтар. Қос аяғы жоқтар

Қолы шолақтар мен аяғы шолақтар

Қос қолы да, қос аяғы да жоқтар. Оларды самаурын дейтін.

Бет-аузы қатты бұзылғандар. Мойны қисықтар

Омыртқасына зақым келгендер
Жыныс мүшелері жұлынып кеткендер
Қатты контузия алғандар

Елде оларға арналған протездер де, арбалар да болған жоқ. Базардағы сөрелердің шет жағына терезелері күмбез тәрізді көне екі қабатты бір үй тұрды. Бұл үй еңбеккерлік үйі деп аталын.

Бір замандарда патшалық Ресейдің көптеген губерниялық орталықтарында осындай үйлер болған. Осында бір күнге жалдануға қайыршылар, жоқ-жітіктермен ел кезіп жүрген диуаналар келіп тұрған. Осындай жалдамалы жұмысшы адамдарды, көбіне күйлі әйелдер де келіп жалдап әкетіп тұрған. Оларға төленентін еңбекақы да кейде ақшалай, кейде азық-ауқат түрінде немесе түнеп шығу сияқты әр түрлі еді.

Қазір бұл үй қаңырап бос тұр. Терезелерінің әйнегі де жоқ. Мұнда сонда да болса бұрынғысынша жұмысшылар, негізінен мүгедектер толассыз келіп жатады. Көпшілігінің үй-күйі жоқ қаңғыбастар. Қысқасы, елге керегі жоқ адамдар.

Үкімет оларды не істеу керегін білмей-ақ қойды. Әзірше госпитальдарға орналастырып жатыр. Бірақ мәселе онымен шешілер емес. Оларды көрген адамның есіне бірден соғыс түсе кетеді. Базарларда бұл мүгедектер осындай үйлерге, сыраханалар маңына жиналады.

Аяқ-қолы, дені-қары саулар әкіреңдей бастаса, бұлар дереу пышағына жармасады. Өлгеніне қарамай төбелесе кетеді. Балдағын лақтырады. Сосын небір лас сөздерді төгіп-төгіп тастайды, «мен мына сен сүмелек үшін аяғымды бердім ғой» деп қалш-қалш етеді. Олар енді өздері осы қоғамға тәуелді екенін біліп, ондай өмірге көндіккісі келмеді.

Қатты мүгедек болып қалғандар интернаттарға жайғастырылды. Оларға күтім жасайтын адамдар табылмай қалғанда бұл бейшаралар осынау жарық та жалған дүниедегі ең елеусіз бір затқа айналды.

Ал дұшпанмен соғысуға да үлгере алмай аяқсыз, қолсыз, соқыр болып қалған жастар мен контузия алып басы қалтырайтындар дені сау адамдардың алдында кінәлілерше оларға жасқана қарап, жасанды түрде жымиятын болды. Асфальтты қос қолындағы кірпіш тәрізді тіреуішпен соққылап

бөксесімен ғана жылжитындар адамдардың аяғының астында қыбыр-қыбыр етіп жүріп келе жатқан болады.

Үстіне ине-жіптен енді ғана шыққан жап-жаңа әскери форма киген, хром етікті жас капитан шіреніп тұрды. Оның жанында қызыл шырайлы үлбіреген жас сұлу. Жерде үстінде көнетоз гимнастеркасына ауыр жараланғанын көрсететін сызықшалар қадалған, Жауынгерлік Қызыл Ту және екі Даңқ ордені бар мүгедек аяқ шөткемен оның етігін тазалап бүкшендеп жатыр. Оның дәл осы сәтте ішкі жан-дүниесінде нендей аласапыран болып жатқанын өзінен басқа түсінер ешкім де жоқ, әрине.

Басына жұқа орамал тартқан бір әйел күніге осында екі қолы да, екі аяғы да жоқ ұлын балалар арбашасына салып әкеліп тұрады. Жұрт мұндай аяқ-қолы жоқ мүгедектерді «самаурын» деп атайды. Бұл жігіттің тілі де жоқ. Дәл қасына келіп снаряд жарылғанда тілін тістелеп, шайнап тастаған екен. Бүкіл денесі бас пен аяқ-қоля жоқ кеспелтек бірнәрсе.

Анасы оны топтасып отырған мүгедектердің ортасына арбасымен апарып қоя салады. Олар оның аузына стаканмен сыра, арақ құяды да артынан басытқысын тағы да аузына тығады. Ал жігіт оларға көзімен, көзінен аққан жасымен ымдап разылығын білдіреді. Сосын анасы мас болған баласын арбасымен үйіне қарай сүйретіп, ол мас, әрі тілі жоқ мылқау баласын бірнәрселерді мыңқылдап айтқан болып кетіп бара жатады. Ертеңіне оларды еңбеккерлік Үйінің жанында тағы да шуылдаған мүгедектер қарсы алады.

Ол осы бір шуылдаған майдангерлердің әңгімелері мен айтыс-тартыстарын, бірін-бірі боқтағандарын тыңдап жымия күледі. Сосын көктемгі көгілдір аспанда нұрын төгіп тұрған күнге сығырая қарап әлдебір рахат сезіміне бөленеді. Оған бүкіл әлем қуанышқа, мейірім мен қайырымдылыққа толып тұрғандай көрінеді.

Осынау кең дүниеде оның жанындағы жалғыз анасы мен өзін бірге туған бауырындай көретін, жанын түсінетін осы шуылдаған қалың мүгедектерден басқа кімі бар? Ешкімі де жоқ қой! Ол осылардан басқа ешкімге де мүлде керек емес!

– Темная ночь, только пули свистят!

Ашық тұрған терезеден палатадағы бұған осы ән анық естіледі. Палатаның қабырғаларында күн сәулесі ойнап,

қырық құбылып тұр. Терезе алдындағы тақтайшаға қойылған шыны ыдысқа бозқарағанның ақшыл-алқызыл бұтақтарын салып қойыпты. Терезеден сырттағы шие бағы, су айдайтын мұнара көрініп тұр. Ол ерте замандарда готикалық мәнермен салыныпты. Одан әріректе трамвай аялдамасы. Тіпті, сол трамвай рельстерінің ортасында өскен жасыл шөпке шейін ап-анық көрініп жатыр.

Мұнда бірнеше орындықтар қатар-қатар тізіліп, біразы бір-біріне қарама-қарсы қойылып әжептеуір үстел құрастырылған. Оның бетіне газет төселіпті. Оның үстінде шишалар, сарқымдар, яғни кружкалар, стақандар, ашылған консерв банкілері, ашытылған қапуста салынған тақсы-тарелкалар, өкпе-бауырдан жасалған шұжық,... Есіктен медбике жылт етіп бір қарады да кетіп қалды. Ол да мұндай салтанатты күндері ешкімге ешқандай ескерту жасаудың ыңғайсыз екенін жақсы біледі.

– Кәне, осы күнге жете алмай кеткен боздақтар үшін алып қоялық!

Бүгінгі мейрамның құрметіне бола үстіне мерекелік әскери киім киген ішінде қолы жоқ сыңар жеңін галифе шалбарының ышқырлығына қыстыра салған жалғыз көзді мүгедек сөйлеп тұр.

Бәрі қозғалақтап орындарынан тұрды. Таяғына сүйеніп Қаһар да орынан ауырлау көтерілді.

– Олар мәңгі есте болсын!- деп қосып қойды тағы біреу.

Қаһар Житомирдегі осы госпитальда екі жылдай жатты. Үнемі қан шығып қызарып тұратын қолының кесілген жері жазылып қатты сүйелге айналғанын күтті. Аяғында ағаш протез. Таяққа сүйеніп протезбен жүруді де үйренді, бірақ әр адымын аттаған сайын аяғы ауырып бетін тыржитады. Осы екі жыл ішінде госпитальда талай өзгерістер болды. Керуерттерге соғыстың шет пұшпағын да көрмеген жергілікті горнизонның сарбаздарына шейін жайғастырылды. Қаһардың палаталас көршісі Евгений Павлович та қайтыс болған. Медбике Анна Николаевна жұмыстан шығып кетті. Қаһарға әрдайым кешірімді бол деп отыратын еді-ау, шіркін! Қазір мына бөлімшеден басқа барар жері жоқ отыз қаралы мүгедек қалыпты. Олар мұнда әлі қанша боларын енді кім білсін.

Бір кездері Қаһар Украинаның осы бір бау-бағы, жеміс-

жидегі мол қаласында өмір бойы қалатын шығармын деп ойлайтын. Қазақстанда оны күтіп отырған ешкім де жоқ. Уақыт өткізу үшін осындағы мүгедектер мен бірге әлгі «Еңбеккерлер Үйіне» барып тұрады, кейде осында отырып істейтін ұсақ-түйек жұмысқа жалдана салады.

Ол осыдан бір-екі апта бұрын баяғыда өзі Ржев маңында өрттің ортасынан аман алып шыққан досы Бахчан-Бақытжаннан хат алды. Хат қасындағы жәшіктің тартпасында жататын. Онда былай деп жазылған еді:

«Қымбатты бауырым, Қаһар! Мен бүгінде Қостанайдағы мүгедектер үйндемін. Ол жақында ғана ашылған. Мүгедектер артелі ұжымдастырылуда. Мұнда біздің 325-және 50-ші армиядан адам көп. Біздің дивизиядан да бар. Мәскеу мен Ржев түбіндегі ұрыстарға қатынасқандар да көп. 250 сом зейнетақы береді. Әрине, жетіңкіремейді, бірақ жұмыс тауып береміз деп жатыр ғой. Жақында тігін станоктарын әкеледі, сосын аяқ-киім, қолғап-шұлық, бас киім тігуді де үйрене бастаймыз. Бауырым-ау, ол жақта жаңғыз өзің не істейсің, келсейші...»

Сол хатты алған күні түнде бұның түсіне Дала кірді. Ұшы-қиыры жоқ көсілген кең дала. Қар. Аязды түнгі бұлтсыз ашық аспан. Өзі тоғыз жыл өмірін, балалық шағын өткізген шатқалдағы ауыл. Түсінде екі аяғы да сап-сау екен дейді.. Аттаған сайын аяқтарының астындағы қар сықыр-сықыр етеді. Бірақ артында құпия бір сыр бар сияқты ма, қалай өзі? Ертеңіне күні бойы сол түс, әсіресе жүріп келе жатқанда артында із қалмағаны қайта-қайта есіне түсе береді.

Бұл, туған жеріне қайтуға, Қостанайдағы Бахытжан бауырына баруға сол күні бел байлаған шығар, сірә!

Егер Қостанайдан оңтүстікке қарай тура тартып кетсең, шамамен жүз шақырымдай жүргесін Семиозер поселогіндегі балалар үйінен бір-ақ шығасың. Ол үй бұның балалық шағының ақтық күндері өткен көлдің жағалауында. Ал одан да әрмен жүре берсең, Торғайдың шөлейтті даласында бұның қазір иесіз қалған, бәлкім орны да қалмаған туған ауылы. Қазір көктемнің көркіне боянып жатқан ол жерге барса мүмкін, балалық шағының бірер елесін де көзі шалып қалады ма, кім білсін.

Үстінде шолақ тоны, басында үлкен адамның қазандай

құлақшыны бар, балалар үйінің дәлізінде Тұрсын тастап кеткен бала қайда? Ол қазір госпитальдағы орындықтардан құрастырылған үстелдің жанында гимнастержасының омырауы орденге толы, бет-аузы иленген терідей көнетоз, әжім басқан, жан-дүниесі соғыс өртіне шалынып жасына жетпей қартайған жиырма төрт жастағы қысық көз мүгедек қана. Егер уақыт тегершігі сәл ғана кері айналып сол бала мен мына госпиталь «ардагерін» бір-бірімен ұшырастырса бұл екеуі бірін-бірі танымай өте шыққан болар еді.

Ойын көрші палатаның бір қолының орнына протез қойылған мүгедегінің даусы бөліп жіберді.

– Алаңдағы шіркеу... Әлгі немістер ашқан ше? Қазір сонда қайтадан адамдар баруда. Бір кемпір айтады, күндердің күні болғанда өлгендердің бәрі тіріліп келеді дейді. Ал мен оған: «сонда немістер де тіріліп қайтып келеді ме? Оларды не қыласыз, тағы да соғысамыз ба?» деп сұрақ қойдым.

Осы кезде біреу: «Қаһар, сен не... Үйіңе қайтуға даярланып жүрсің ба?,- деп оның сөзін бөліп жіберді. – Өзің дастархан жайдың, өзің үндемей отырысың мынау».

– Иә, бауырым мен кетпекшімін. Еліме қайтамын!

Ол кеше ғана базарға барып, алыпсатар біреулерге мархұм Трофим досының швейцариялық сағатын өткізіп ел-жұртына жеткесін Дала балаларының салтымен, мұндағылармен қоштасу дастарханын жайған болатын.

– Досымнан хат алдым. Шақырып жатыр. Енді құжаттарымды ретіп,

Жолпұлымды алсам, шығамын. Сондықтан, сендермен қоштасу дастарханын жайып отырғаным ғой, сендерге. Ал, кәне, бұл күнге жете алмай опат болғандардың рухына деп алып қоялық!

Бұлардың қасына мүгедектер арбасына мінген әйел келіп қосылды. Майор! Ұрыс даласындағы лазаретте оташы болып істеген Сталинградты бомбалау кезінде қос аяғынан бірдей айрылған. Соғыс басталғанға шейін күйеуімен тұрыпты. Бұның екі аяғынан бірдей айрылғанын көргеннен кейін ол басқа бір қатынға үйленіпті. Өзі тылда броньмен қалған инженер екен. Ал бұл әйел үйіне барудан бас тартып осында қалыпты. Оған арнап бұрынғы шағын қоймашаны палата қып беріпті.

Ол әуелі арбада отырып госпитальдағы оташылардың ота жасауына көмектесіп, ақыл-кеңесін айтып жүрді. Кейін ішкілікке салынып кетті. Қазір бет-жүзі ісіңкі, бір замандағы әдемі көздері кәзір тұманданып, жанары өшіп қалған сияқты. Ол уақыт өткен сайын азғындап бара жатты. Осы уәзір де бір жерден жұтып келген түрі байқалып тұр. Отырғандарды көзімен айналдыра түгел шолып шықты да сөйлеп кетті:

Кәне, Жеңіс үшін алып қояйық жауынгерлер! Сендер үшін!

Арақты аузына бір-ақ төңкерді де аузына басытқы салмақ түгіл иіскеместен шорт бұрылып палатадан шығып кетті.

Қаһар өзі қимай қоштасқысы келген тағы бір адам қалды. Ол палатаның түкпіріндегі сардарлар керуетінде жатқан. Үстел басындағы думанды дауыстар күшейген кезде бұл ішінде шамалы арақ қалған шөлмекті алып, таяғына сүйене кирелендей соған қарай кетті. Соқыр, тұлабойын қатты күйік шалған танкші капитан арқасын көпшікке сүйеп отыр екен. Бетінің жарым бөлігі жансызданған, қалған бөлігі сүреңсіз де қорқынышты. Суқараңғы көздері ағарып кеткен. Үй-іші Минскіні дұшпан бомбалаған күні түгел қырылып қалыпты. Ол да мархұм Евгений Павловия сияқты өмір жайлы өз түсінігі, өз көзқарасы бар адам. Тіршіліктің ұсақ-түйегіне қызықпай білім қуған, өмірді, дүниені танып білуге құштар тұғын. Қазір үстіндегі киімдеріне дейін көнеріп, түсі оңып кеткен. Сөйте тұра жан-дүниесі бұрынғы жас, пәк күйінде қалған.

– Жеңіс күні құтты болсын, жолдас капитан! Міне, мынау сізге, мархұм болғандарды еске алып ішіп жіберсеңіз. Қаһар оның жанына жақындау келіп отырды.

– А, Қаһарсың ба? Иә, мархұмдар үшін ішіп қояйын!

Капитан басын сәл көтеріп, тыртық-тыртық еріндерін арақ құйған шишаға тақап аз ғана ұрттады да қиқылдап жөтеліп қалды. Онымен алуан түрлі әңгіме соғып отырудың өзі үлкен бір ғанибет. Госпитальда жатып осы суқараңғы көзімен-ақ көзі саулар көре алмайтын Құдайды көрген сияқты. Өйткені, ол қырылып қалған өз отбасын жоқтап болған. Қазір ол өлгендердің қайтып оралмайтынына, бірақ өзінің де, мына отырғандардың бәрі де сол өлгендердің артынан баратынына, олармен кездесетініне әбден сенеді. Тап қазір, осы отырғанда ол онсыз да ештеңені көрмейтін тасқараңғы көздерін

тарс жұмып алып сырттағы ию-қию алуан дыбыстар мен дауыстарға, алыстағы трамвай дүрсіліне, таңғы-тағы бүкіл тіршілік нышандарына құлақ түріп отыр. Ол сөйлеп мына жарық дүниені бүкіл жан сезімі арқылы көзбен көргендей болып отыр.

Ол кенет: «Сен, қазағым! Айтшы, даладағы желден ненің ісі шығатынын айтшы» демесі бар ма?

– Мен ол жағын онша білмеймін. Шала-пұла ғана есімде. Әйтеуір, жазғытұрым, көктем басталысымен кеудемізге өзіңе деген үлкен бір Сенім ұялай бастайтын. Ал күз! Күз деген адамның көңіліне көп қаяу түсіретін, тұрғанымен бір мұң ғой. Даланың ісіне ешнәрсе жетпейді ғой...

– Сендер жаққа бір барсам ғой... А, иә, сен қоштасуға келдің ғой.

Кетіп барасың ғой. Өте дұрыс. Сенің алдында әлі де ұзақ өмір тұр. Ең бастысы-сен тірі қалдың! Өмірге деген наризалығыңды да, үрейің мен қорқынышыңды да, бәрін ұмыту керек! Әрбір атар таңға қуануың керек. Мені ұмытпағаныңа рахмет сарбаз. Қош аман бол!

Қаһар шығып кетті. Ал капитан оның ендігі өмірінен іздеген бақытын табуына тілектес болып қала берді. Ол осы бір мүгедек барлаушы әрі тәжірибелі ардагер, әрі әлі де болса өмірінен үміті мол жас жігіт екенін әлдеқашан байқаған болатын. Ол оның сырты салмақты да сабырлы көрінгенімен, ішкі әлемінде әлі де жастық жалыны лапылдап жатқан, кеудесі қазыналы сырға толы жан екенін де сезетін еді.

-2-

Теміржол бекетіндегі касса маңы үйме-жүйме, қаптаған қалың ел. Орамал тартқан әйелдер, қапшық арқалаған селолықтар, бешпет пен қиық жағалы көйлек кигенбіреулер нағыз алыпсатарлар екені көрініп тұр. Шашын тақырлап алдырған жас сарбаз-солдаттар. Бұлардың бәрі осы маңайға билет алуға тұрғандар. Әскерилердің бронь-билеті де осы терезеден беріледі. Қаһардың таяққа сүйенген мүгедек екеніне де, мерекелік салтанат кезінде киетін гимнастеркасындағы ордендеріне де тіпті, көз қырын да салып жатқан жан жоқ. Сондықтан, бұның да қалың топтың ішіне ентелей кіруіне тура келді. Міне, мәжбүрлік деген осы.

Касса терезесіне енді жеткенде кассашы қатын «билет жоқ», - деді.

Ол осының алдында ғана мұртының жебесі салбыраған біреуге де дәл осылай дегеннен кейін жұрт оны итеріп шығарып тастаған.

– Маған жол құжаттарын рәсімдеу керек. Қостанайға дейін деп қолындағы құжаттарын касса терезесіне сұқты.

– Әскерилердің жол құжаттары тек пойыз жүретін күні ғана рәсімдейді. Ал жолшыбайғы өтпелі пойыздарда бос орын жоқ, - деп кассашы әйел әр сөзін тақылдатып тақпақша саңқылдап тұрып айтып шықты.

– Енді не істеймін? Мен ол жаққа енді қашан жетемін? Мен демобилизацияланған әскеримін ғой. Қаһардың даусы дірілдеп кетті.

– Бос орындары бар өткінші пойыздарды күтіңіз. Жұрттың бәрі сөйтеді. Болмаса әскери комендантқа жолығыңыз, - деп жайбарақат жауап берді де кассашы қатын кербезденіп қол айнасын қолына алды.

Қаһарды жұрт шетке ысырып тастады.

Енді не қыларын білмей амалы таусылғасын сыртқа шықты. Ақшасы бітті деуге болады. Мүгедектігіне берілетін зейнетақыға ломбардтан сағатын қайтарып алған еді. Тәуліктік ауқаты құрғақ тағамдар ғана. Жолқапшығында одан басқа сабын мен іш киімдерінен басқа ешнәрсе жоқ. Пойыздағы жолсерікке ала кетші деп бере қоятын да түгі жоқ.

Ол вокзал алдындағы орындықта ұзақ отырды. әскери эшелондар мен жүк пойыздары тынымсыз өтіп жатыр, өтіп жатыр. Пойыз басшысымен бе, әлде жолсерік әйелдермен бе келісіп, қалайда бір пойызға ілігу керек. Әлде комендатураға барып жәрдем сұраса ма екен? Бірақ, комендант қайтадан кассаға бар дейтінін Қаһар біліп отыр. Ол енді әскери адам қатарына да жатпайды.

Үстінде тозығы жеткен көне пальтосы бар бір әйел бұның жанынан бұған асығыс-үсігіс қарап өте шықты. Сосын бірер қадам ілгері басып барды да кілт тоқтай қалып, бүкіл денесімен кері бұрылды да таңданғаннан аузын ашып тұрды да қалды.

– О, Құдайым-ау! Сіз екенсіз ғой!

Қаһар оған таңқалып қарады да қойды.

– Село Лозовое... Добропольенің жанында...
Ровеньканың түбінде...

Донбасста... Бұның ешнәрсе түсінбей меңірейіп отырғанына қарамастан әлі сөйлеп тұр. – Есіңізде жоқ па? Полицайлар бізді шіркеуде өртеп жібермек болды ғой. Сіз менің қызыма... Марусяға қант салып бердіңіз ғой...

Ровеньки деген сөз Қаһарды ұйқысынан оятып жібергендей болды. Ол 43-ші жылы Ржев түбінде жараланғанды. Ол шайқастың атының өзі жер жарардай зілді болғанымен кәдімгілерден еш артықшылығы жоқ болатын. 43-жылдың ақпанында бұлардың дивизиясы Оңтүстік-Батыс майданына өткізілді. Ал Доброполье, Лозовое деген ауыл атаулары Қаһардың мүлде есінде жоқ. Бірақ «полицайлар», «шіркеу» деген сөздерді естігенде санасы шайдай ашылғандай болды.

Ақпан айындағы жылымық бір күндер... сіркіреп жаңбыр жауып тұр, орман екеш орман да дымқыл. Бозарып таң атып келеді. Бұлар сібірлеп атып келе жатқан таңның бозамық сәулесінен көрініп тұрған аулаларды, дуалдарды, бөренеден салынған шіркеуді бинокльмен алма-кезек қарап отыр. Немістер деревняны тастап кетіп барады. Бронетранспортерлер мен машиналардың гуілінен құлақ тұнады. Солдаттар көліктерге жапа тармағай жабыса мінуде. Ал аулалардың ішінде кілең қара киім киген біреулер әбігерге түсіп жатыр. Бәрінің қолында винтовка.

– Бұлар полицайлар,-деп Қаһарға сыбыр ете қалды біреуі. Барлаушы топтың командирі екен. Барлаушылардың бір кезде аппақ болған, өзiр кiр-кiр маскхалаттары оларды шоқ тоғайдың жиегіндегі кішкентай-кішкентай томпақ төбешіктер сияқты қып көсетеді. Екі барлаушы оқшаулау орналасқан шоқ ағаштың арасынан барлап жатыр.

Бұл деревняның тұрғындары фашистерге неге ұнамай қалғандары да түсініксіз. Әлде бұл бұрын жөйіттердің мекені болғасын ба, әлде партизандарға көмектестіңдер дей ме екен? Әйтеуір полицайлар деревня тұрғындарын жинап алып, шіркеуге қарата айдап барады. Қатындардың орамалдары ағараңдайды. Шуылдап не айтып бара жатқаны да түсініксіз. Әйтеуір, полицайлар оларды мылтық дүмімен соққылап алға итермелеп келе жатқаны, баласын құшақтаған бір келіншек

тұра қашпақ болғаны, бір кемпір полицайдың тізесін құшып аяғына жығылғаны, бәрі-бәрі бинокльден ап-анық көрініп тұр. Бір кезде полицайлардың біреуі шіркеуге қарай екі темір канистрді алып кірді де, үшеуі үйлерге от қоя бастады.

Селоның әр тұсынан таңғы аспанға будақтап қалың түтін көтерілді.

Барлаушыларға берілген тапсырма дұшпанның қорғанысы қанша жерге дейін екенін анықтау болатын. Сосын селоны көзге түспей айналып өтіп дұшпанның қарамағындағы аймаққа тереңірек барып бақылау керек. Бірақ мына көрініс бәрін өзгертіп жіберді. Старшина белгі беру бойда барлаушылар тұрғындар шіркеуге кіргізілген сәтте бүкшендеп келіп грамның екі жағына тұра қалды.

Бар-жоғы бір-екі минутта бәрі тұманданды. Сегіз полицай сол бойда аутоматтың бір-ақ рет зыр еткенінен қалмай жер құшты. Олар сыртқа күзет қоймағаны тіпті жақсы болды.

Қаһар шіркеуге жүгіріп келіп аутоматпен қара киімді екеуді сұлатып салды, енді біреуі қолын көтеріп тұра қалып еді оны старшина қасынан өтіп бара жатып ата салды.

Атыстың даусын естіген село адамдары әуелі ешнәрсеге түсінбей шіркеу ішінде тұра берді. Естерін жиғасын барып бәрі сыртқа жөңкіле атып-атып шығып ақ киім киген барлаушыларға аң-таң қарап қалды. Бәрі көзді ашып-жұмғанша болды.

Старшина оларға: - Тезірек деревнядан кетіп қалыңдар. Болмаса жасырыныңдар бір жерге! Жақында біздікілер келеді. Сосын қай үйлеріне қайтарсыңдар, қазір тез қашыңдар,-деп айқай салып жатыр.

Мына әйел Қаһардың енді ғана есіне түсті. Мә, ол соның өзі! Басында жүннен тоқылған қалың орамалы бар, қорқыныштан қаны қашып беті аппақ болып кеткен ол баласын тас қып құшақтап үнсіз тұрды. Бала ең әрі кеткенде үш-төрт жасар. Оны да орамалмен әбден орап тастапты. Қаһар оның не ұл, не қыз екеніне де көңіл аударған жоқ. Жалма-жан маскхалаттың бүркеншігін қайырып тастап, бас киімін шешті де қалташасынан майдалап шағылған қанттың бірнеше түйірін алды. Сосын балаға қарап көзін қулана қысып қантты ұсынды. Сол сәттегі әйелдің аялы, үлкен, қап-қара көзі есінде қалыпты. Ол мына қазақтың бет сүйегі шығыңқы жүзінен көз алмай

қадалып қарады да тұрды. Сосын бір кемпірдің старшинаның қолын сүймек болып жатқаны да есінде. Бірнеше минуттан соң барлаушылар орманда сіңіп ғайып болды. Бұл кенеттен болған уақиға еді. Ол туралы барлаушылардың басшыларына берген рапортында да, басқа жерде де ләм-лим деген ешкім болған емес. Тапсырмадан тыс болған бұл әрекеттері үшін олар әскери трибуналмен сотталып кетуі де ғажап емес еді. Ал сол жолы адамдарды құтқаруға бастаушы болған старшина бір аптадан соң минаға түсіп өлді.

Соншама уақыт өткенде ол әйелдің Қаһарды қалай ғана тани қойғаны да бір жұмбақ. Олар сонда бірнеше минут қана көрісіп еді ғой.

– Сіз бізді құтқарып қалдыңыз. Мені де, қызымды да. Мен сізді ылғи есіме алып жүрдім. Қызыма да айтып бергем. Басқаларыңыз есімде қалмапты. Сіз ғана... Біз сосын сайға тығылып қалдық.

Сосын әйел одан әрі не болғанын, жүзге жуық адам сол сайдың ішінде ұрыс шебінің бұзылуын, Кеңес әскерлерінің шабуылын күткенін, сосын өзі кішкентай қызымен көрмеген қиыншылықты көріп, бір ай дегенде Житомирге қалай жеткенін, онда туысқандарының үйінде тұрғанын, бір айдан кейін Житомир жау қолына түсіп, қайтадан баяғыдай күй кешкенін тәптіштеп тұрып баяндап берді.

– Туысқандарым қызым екеуімізге үйінің жарымын босатып берген.

Өзім осында жүк бекетінде істеймін. Мүмкін біздікіне барарсыз? Марусямен таныстырайын. Оған сіз туралы талай айтып бергенмін. Жүріңіз!

Ойда жоқта болған бұл кездесу Қаһарды қатты толқытып жіберді. Тағдыр оны баяғыда жанып кеткен Лозовое селосына сонша уақыт өткенде қайтып апарады-ау деген ой үш ұйықтаса түсіне кіріп пе? Кейде өз өміріңнің аз ғана бір сәті басқа біреу үшін осыншалық есте қаларлықтай ұмыттырмайтын тарихқа айналатынын ол біліп пе еді?

Біз көп жағдайда, әсіресе, соғыс кезінде істеген әр ісіміздің қандай салдары мен салмағы болғанын да, боларын да ойлап бас қатырмаймыз. Жараланғанның жарасын таңып бердік, қан аққан жерін қолымызбен басып тұрып біреулерді оқтың астынан алып шықтық. Оқ атылса «Еңкей, бұқ!»

деп айқайладық. Оның бәрі біз үшін өте шыққан бір сәттер болса, ол енді біреулердің бүкіл өміріне әсер еткен, ешқашан ұмытылмас қасиетті шақ.

Оның еліне қайтпақ болып қайта алмай жүргенін естіп болғасын әйел оған осында отыра тұрыңыз деді де өзі вокзалға қарай асыға басып жүріп кетті. Ол кассирді танитын еді. Көп ұзамай Қостанайға шейін орынсыз болса да бір билет алып қайтып келді. Сосын Қаһарды вокзал кезекшісіне ертіп келді. Сол жерде баяғы Лозовоеде болған уақиғаны түгел айтып берді.

Арада екі сағат өткенде әскери патруль вагонға жапатармағай тұра ұмтылған көпшілікті итермелеп, арасынан жол ашып Қаһарды Мәскеуге бара жатқан жолаушы пойызына мінгізіп салды.

Ол вагонға мінейін деп жатқанда әйел адам.

– Есімің кім еді, сақтаушым менің?– деп сұрады. Қаһар есімін айтты.

Сол кезде әйел сондай бір нәзіктікпен бұны құшақтап тұрып екі бетін кезекпен сүйді. Сөйтті де сәл артқа шегініп басы жерге жеткенше иіліп тұрып:

– Қайда жүрсең де Құдай саған қамқор болсын,- деді.

-3-

Егер Қаһар Житомирдің госпиталінде бұратола қалып қойғанда оның одан кейінгі тағдыры не боларын айту әрине, оңай емес. Бірақ қалай дегенде де баяғы сол базардағы «Еңбеккерлік Үйінің» жанында жүретіндермен бірге өмірі өткен болар еді. Ресми мәліметтерге қарағанда Ұлы Отан соғысы деп аталып жүрген сол соғыстан кейін елде екі миллионнан астам мүгедек болған екен. Олар елдің қалалары мен ауыл, селоларында қаптап жүрді. Өлі деуге, тірі деуге келмейтін бұл пенделер өткен қасіретті кезеңді жұрттың ұдайы есіне салып тұратын болды. Олардың көпшілігінің отбасы қырылып қалған, не хабарсыз кеткен еді. Кейбіреулерін қатындары тастап кетті. Енді біреулер үй-ішіне мұсалдат, масыл болмау үшін қайтпай қалды да «Мен жоқпын. Ұмыт» деп хат жіберді.

Соғыстан мүгедек болып, не жүйкесі бұзылып

қайтқандардың да өмірі мәз емес еді. Олар үнемі айтысып-тартысып, туған-туысқандарымен, үйдегі қатын-баласымен ұрыс-керіспен күн өткерді. Өздерін олардың ортасындағы керексіз, басы артық адамдай сезінді. Сәл нәрсеге ызаланып қолына не түссе соны, тіпті, болмаса өзінің балдағын лақтыратын әдет тауып алды.

Олар вокзалдарда, базарларда, дүкендердің жанында жиналып бірімен-бірі айқайласып, боқтасып, жұлқыласып жататын. Ашу-ызадан көйлегінің омырауын қақ айырып, кейде еңкілдеп жылайтын. Ал, түнде түсінде небір қанды шайқастарды басынан өткізіп, танкінің астына түсіп, қарлы, жаңбырлы түндерде өзеннің арғы бетіне жүзіп өтпекші болады.

Ал енді біреулері елге аман-есен оралғанына шүкіршілік қылып, тәубесіне келді. Тіпті, қолтығындағы балдағына, қолындағы таяғына сүйеніп, кирелендеп әртүрлі курстарға барып, соғыстың сұрапылынан сәл босағанда қиял қанатына мініп ап армандаған бухгалтерлік, есепшілік қызметіне кірісіп кеткендер де баршылық. Өзін әлі де бомба жарылып, снаряд пен оқ ысқырып, танкілердің шынжыр табандары тұлабойын тітіретіп жақындап қалғандай күй кешуден арылмаған күйінде өмір сүріп жүргендер де жоқ емес еді.

Бірінші және екінші топтағы мүгедектерге елдегі айлық жалақының жартысына жуық 300 сомнан зейнетақы төленіп тұрды. Оған қосымша әрбір орденге 10-15 сом тағы қосылады. Бірақ жаңағы жерге жиналып айқай-шу, ұрыс-керіс ұйымдастыратындар ол қаражатын түгел ішімдікке құртады да, сосын көшеде өткен-кеткендерден қайыр, садақа сұрайды. Ал екі қолы да, екі аяғы да жоқ әйтеуір, тірі жандарды жақын-жуықтары орден, медальдарын таққызып әдейі көпшілік орындарға алып шығып қайыр, садақа тілететін болды.

Сол қайыршылықпен тапқан тиын-тебенімен отбасын асырап жүргендер де жоқ емес еді. Пойыздарда екі көзі аппақ болып кеткен соқырлар қайыр сұрап жүретін. Кейбіреулері қырылдап, енді біреулері барылдап соғыс әндерін айтып бас киімін жайып қояды. Ара-тұра олардың жанына біреулер келіп, оның бас киімінде жиналып қалған тиын-тебендіалады да оған бір стақан арақ беріп тайып тұрады.

1949 жылы мүгедектерді оларға арнап ашылған үйлерге орналастыру туралы шешім шықты. Мұндай үйлер бұрын да болғанды, бірақ 49-шы жылдан бастап мүгедектерді жаппай осындай жайларға жайғастыру басталды.

Ал 1954 жылы ішкі істер министрлігі қайыршылықтың алдын алу және жою бойынша қосымша шаралар қабылдауды бастауды ұсынды. Мүгедектер бұл үйлерден кетіп қалмауы және ел кезіп қайыр сұрауды доғаруы үшін бұл үйлердің бірсыпырасын ерекше режимдегі жабық жайларға айналдыруға да ұсыныс жасалды. Солай болды да.

Мүгедектер үйіне ең әуелі госпиталь тізімінде тұрғандар жіберілді. Ондағы мақсат оларда дұрыс күтім жасау, жұмыс тауып беру, бір мамандықты меңгеріп шығатын курстарда оқыту, оларды бірқалыпты азаматтық өмірге, ортаға бейімдеу болды. Бірақ мақсат бар да оның жүзеге асуы бар. Екеуі екі түрлі нәрсе.

Идеялар ешқашан өзінен-өзі жүзеге аспайды, оны адамдар жүзеге асырады. Ал адам дегеніміздің түрі көп.

Осындай, яғни, мүгедектерге арналған мекеменің бірі Вологда облысындағы Горицкий деп аталатын әйелдер монастырі болатын. Кейін бұл монастырь туралы аңызға бергісіз әңгімелер тарап кетті. Оның әр бұрышындағы шағын мұнаралары Шексна өзенінің үстінен төніп тұрғандай көрінетін. Бұл өзенді бойлап үш палубалы бу кемелері – пароходтар жүріп жататын. Орыс Сібірі аталатын бұл өлкенің табиғатын тамашалап саяхаттап жүрген мәскеулік, ленинградтық жолаушылар осы монастырьға жақындап қалғанда, оның сыртындағы құлама жағалаудың көк шалғынына «самаурындарды» яғни, екі аяқ, екі қолдан түгел айрылған құр кеуделерді қатар-қатар тізіп жатқызып қойғанын көреді.

Иә, осындай адам кесінділері бір қарағанда жинап қойған әлдебір кеспелтек, жансыз заттар сияқты. Жан-жағында санитаркалар қыбырлап бірнәрсе істеп жүреді. Бір кезде әлгі кесінділер «Бастайық, бауырлар!» деп бір әнді бастап кеп жібергенде әлгі жансыз кеспелтектер одан әрі «Ұшан теңіз шалқып жатыр әнекей» немесе «Тап-тар пештің ішінде от ойнайды», -деп шуылдап қоя береді. Сонда кейбір жолаушылар

ойда жоқта болған мына сұмдық көріністен шошып естерінен танып құлап қалған да жағдайлар болған көрінеді.

Екінші бір атақты монастырь Валаам аралында болыпты. Өткен ғасырдың жетпісінші жылдарында бұл мекен туралы суретші Геннадий Добровтың «Соғыс аутографтары» деген сериялы суреттерінен ғана біле бастадық.

Бұл – адам баласының бірі білсе, бірі білмейтін, ұмыт бола бастаған тіршілік иелері бейнеленген портрет. Тірілей екі қайтара жерленген жас сарбаз. Ол бүгін «бауырластар бейітіне» көміліп қалған жерден босанып шығып, енді қалған өмірін осы Валаамда өткізуге бел байлаған.

Олар өте көп еді. Жұрттан оқшау, арнайы іздеп бармаса көзге көріне қоймайтын Никольский скитінде (шағын монастырьда-М.К.) аты-жөні, қай жақтікі екенін жан баласы білмейтін жап-жас «самаурын» жігіт жатты. Оның қасындағылардың бәрі контузия алып есінен адасқандар. Ол бір ауыз сөз де айта алмайды. Сондықтан оның кім екенінен бәрі бейхабар. Оқ басының бір қапталынан тиіп, екінші қапталынан тесіп шығып кеткен. Оқтың шыққан тесігі кәдімгідей көрініп тұр. Ол тормен беті жабылған керуетке өмір бойы жататын болған.

Жетпісінші жылдарға шейін Валаам жер бетіндегі ең тыныш мекеннің бірі болатын. Мұндағылардың көпшілігі о дүниелік боп кетті, ал әкімшілікке сергелдең туғызғандар біртіндеп жабық үйлерге ауыстырылды. Ешкімнің мазасын алмайтын бұл «тыныш» мүгедектер мен ардагерлер санитарлардың бақылауында, ерте замандарда салынып, бүгінде өше бастаған суреттері бар төрт қабырғаның ішінде күн өткізеді. Бұл да өте бір жұмбақ дүние. Бір замандарда бұл жалғанның қызық-шыжығынан баз кешкен жандар осында келіп тұратын болған. Олар өлсе тірілер емес періштелер жоқтау айтады деген бар.

Тағы бір «самаурын» туралы әңгіме одан да сорақы. Кезінде ол юнгалар мектебінде Соловки қаласында оқыған екен. Біреулердің айтуынша бір күні мұғалімдердің біреуі бұларды дін сабағы бойынша қараусыз қалған көне монастырьға ертіп келеді. Сосын бұларға қабырғаларда, күмбез-шаңырақта салынған киелі адамдардың суреттеріне түкірттіреді. Әулиелік, киелілік дегеннің бәрі жалған екенін көрнекілікпен

дәлелдеу үшін ол әуелі өзі түкіріп, сосын балаларға да әлгі суреттерге түкірттіреді.

Сосын курсанттар соғысқа аттанып кетеді. Мынау сол ең алғашқы ұрыста-ақ таскерен болып қос қолынан да, қос аяғынан да айрылып осы «самаурын» күйге түскен екен дейді. Оны Валаам аралына, осы монастырьға, дәл баяғы өзі түкіретін суреттердегідей әулиенің суретінің астына жатқызыпты. Ол күндіз-түні шарасыздықтан сол суреттерден көзін ала алмай жатыр. Өз бетімен бұрылып, теріс аунап түсуге де санитарларсыз шамасы келмейді. Бар қолынан келетіні жылай береді. Оның кейде кенеттен әлсіз ғана жымышп күлгенінің өзі санитар қыздарға үрей туғызатындай еді.

Ол адамның жаны бір Құдайдың ғана құзырында екенін енді білді. Ол жан қашан Құдайға қайтып барғанша тыным таппайтынын да енді ұқты.

Бұның бәрі өз алдына. Ал олардың аналары ше? Олар қандай қасірет шегуде екенін айтып жеткізу де қиын. Тәнінен шыққан кешегі сәбилерін осында әкелген аналар оларға күтім жасауға да күші келмей, әлдебір жерден баспана тауып тұра береді. Санитар қыздар «самовар» тірі өліктерді аулаға көтеріп шығарғанда байғұс аналар балаларының жанына келіп, баласының басын тізесіне қойып сипалап бірнәрселер айтып айналып-толғанып отырады. Жүректері қан жылап тұрады.

Иә, бұлар кеше институт бітіріп жоғары білім алған, қазір аяғымен жазуды үйренген әйтеуір тірі жандар. Сталиннің үндеуімен еңбектегі ерліктері үшін марапаттар алып, қазір «самаурын» атанып, туған анасын құшақтайтын қолынан да айрылған мүгедек жандар.

Иә, бұның бәрі неге ойға оралып отыр?...

Қаһар Мәскеуге келе жатқан жолдағы үлкен-үлкен бекеттерде өзінің тағдырластарының бірнешеуін кездестірді. Біреулері балдақпен қиралаңдап, енді бірі қоларбамен жорғалап тамақ асыраудың қам-қарекетімен жүр. Тағдырластар! Бақытсыздық бойынша бауырластар! Өткен-кеткенге жалбарына қарап қайыр сұрағандар!

Пойыз доңғалақтары дүрсілдеп сайға тартып келеді. Купедегі бір орынға бес адамнан келеді. Алақандай бос жер

жоқ. Бәрін қапшық, дорбалар, шамадандар басып салған. Үстіңгі сөреден әлдебіреулердің аяқтары салбырап жатыр.

Челябинскіден түсіп басқа отарбаға отырғасын купенің терезесінен шок-шок ағаштар, орманды алқаптар көріне бастады. Бұл Ұлы Далаға таялып қалғанының нышаны. Қаһар бірінен соқ бірі зу етіп қалып жатқан бағандардан, шок ағаштар мен жазық алқаптардан көзін алар емес.

Ерте замандарда адам баласы жер мен көктің ортасында жаратылған дейді екен. Яғни, адамның тәні топырақтан, жаны көктен. Қаһардың бабалары Дала топырағынан жаралған дейді. Жер адамды ұдайы өзіне тартып тұратыны да сондықтан секілді.

Жолды өткен бірнеше күнде оның қазақы селдір сақал-мұрты өсіп, мерекелік әскери киімі де мыж-мыж болып, кірлеп кетті. Егер ол мына қызба мінезімен Житомирде қала бергенде не боларын Құдай біледі. Есік-терезесі темір торлы қапастың бірінде із-түссіз жоқ боп кетуі де әбден мүмкін болатын. Сосын оны бұл дүнияде Қаһар деген біреу ешқашан болмағандай есіне алатын да, іздейтін де адам болмас еді ғой.

Тағы әлдебір кезде госпитальда жатып көрген түсі, қардың үстімен сап-сау аяғымен жүріп келе жатқаны, ал артына қараса қар бетінде бірде-бір ізі жоқ екені есіне түсті.

Сөйтіп, Молдарахмет атасының жер бетіндегі ұрпағы мүлдем жойылып кетер еді. Бұған Бақытжаннан келген хат оның өткен күндерінен келген сәлемхаттай болды. Міне, енді ол купенің терезесінен сол өткен тағдырымен тағы да жолығуды, онымен ойша болса да қайта ұшырасуды тағатсыздана күтіп келеді.

Ол осы отырғанда қайта-қайта көзіне түсіп кете берген басындағы өзіне шақ емес үлкен құлақшынды қайта-қайта жоғары қарай сырып қойып, ұшы-қиыры жоқ қарлы даламен келе жатқанда «апа, апа» деп еліріп сөйлеген, сосын балалар үйінде жүрген тақырбас бала да өзі сияқты. Ал енді бірде кеудесінде Отан соғысы деген соғыстың ордендері мен медальдары сыңғыр қаққан, сол Отаны үшін бір аяғын, бүкіл жан-дүниесінің бір бөлігінен айрылған мүгедек, бұрынғы сарбазға айналады.



ЕКІНШІ ТАРАУ

АРМАН БОЛҒАН ҚАЙРАН ЕЛ

ТӨРТІНШІ БӨЛІМ

-1-

Екатеринослав губерниясы

1762 жылы Ресей патшайымы ІІ-ші Екатеринаның бос жатқан жерлерді игеруге шақырып ағылшын, француз, неміс тілдерінде жазылған манифесі жарияланғанда оған негізінен көпшілік боп үн қатқан меннонит және анабаптист немістер болды. Меннониттер XV ғасырда өмір сүрген голландық священник Менна Симонс негізін қалаған протестанттық қоғамның ізбасарлары еді. Ал анабаптистер шоқынуды өте бір саналылық таңдауы деп есептегендіктен өздерін шоқынұшылар деп (немісше Тәуфер) атағанды жөн көрді.

Меннониттердің басқалардан ерекшелігі олардың момындығы, келісімге келгіштігі және қандай жамандық болып жатса да керенау, самарқау бейжайлығы деуге болады. Олар әскерге барудан, қолына мылтық ұстаудан бас тартты, табиғатпен де, айналадағы қай ортамен де үйлестілікпен қатар өмір сүруді қалады. Олардың үрдіс-кәделері, салт-дәстүрлері ғасырлар бойы еш өзгермеген қалпында қалып келді. Олардың отбасын үлкен беделді ересектер мен қарттар басқарды, айтқанды тыңдамай дәстүрге нұқсан келтіргендер жазаланды немесе қауымнан аласталып, шығарып жіберілді.

Егер қыз бала жаман жолға түссе ата-анасы оны үйден қуып жіберді, оны ешкім үйіне жолатпайтын болғасын ол қыз қауымнан бұратола кетуге мәжбүр болды. Әркімнің өз ісіне дұрыс бақылау жасап, өз жан-дүниесін тазартып отыруын меннониттер адамның ең биік қасиеттері деп есептеді.

Меннонитті ұстанушылар осы наным-сенімі үшін де небір ауыр сынақтарды, қуғын-сүргінді, атып-асуды бастарынан өткерді. Тарихта XVI ғасырда өмір сүрген Қандықол атанған

герцог Альба туралы әңгіме сақталып қалған Портреттегі үстіне «бес қаруын» асынған, кеудесіне алқызыл жібек мата тартынған сұсты адам осы Альба. Осы бір өшпенді католик герцог меннониттерді католистік шіркеудің шырмауынан шығармай азаптап отқа да өртепті, қылышпен кескілепті. Сол бір азалы шақтар туралы естеліктер көп сақталған. Солардың бірінде «кеше ағамды, бүгін қарындасымды өлтірді, ертең мені өлтіреді» - деп жазылыпты. Уақыт өте келе меннониттерде бұл қорлыққа қарсылық деуге келмейтін ең жасылық қарсылық туындапты. Ол – қуғын-сүргін, ату-асу көбейген сәтте басқа бір жаққа қоныс аударып әйтеуір, дінін және өзін аман сақтап қалу ғана екен.

Екатерина патшайымның Манифесі меннониттер Батыс Германия мен Голландияны тастап Шығыс Пруссия мен Данцигте уақытша аялдаған кезде шыққан екен. Ал бұл жер ол кезде Польшаға қарасты болған.

Екатерина патшайым қоныс аударып келушілерге өздері қалаған дінін тұтынуға ерік беруге уәде қылды. Манифесте «Біздің империяға келгендердің бәріне өз салт-дәстүрлерін сақтап, өз дінін тұтынуына толық рұқсат беріледі» деп анық жазылды. Манифесте тек бір-ақ нәрсеге – өз дінін православтарға уағыздауға ғана қатаң тиым салынатыны баса көрсетілді.

Ал немістер үшін бұрын аюдың Ресейі, жердің ең шеткі қиырындағы мекен сияқты елес беретін еді. Сөйте тұра, пасторлар Санкт-Петербургке делегация жібергенде: «Барамыз. Ол береке мен ризық-несібеге толы өлке. Ол әлі пәк, таза жер. Ол жер өзін жыртатын соқаны күтуде. Көлдер мен өзендерде балықтар құжынап жүр. Орман, тоғайы да жетеді. Жаратушы Иеміз бізге сол жерді беріп тұр. Біз онда барып оның даңқына қызмет етеміз» деп асқақтата ақ сапар тілеген-ді.

Міне, немістердің Руське қоныстануы осылай басталған болатын. Екатерина патшайым қоныс аударушыларды ешқандай әскерге алмауды, ешкім де оларға бастық бола алмайтынына, яғни толығымен өзін-өзі басқаруына, әр отбасына шексіз мерзімге 50 десятинадан жер беруге,

жолпұлына 500 рубль беруге, шаруашылық жүргізуге, 10 жылға шейін салық салдырмауға уағда берді. Сөйтіп, кең байтақ Ресей империясына екі бағытпен-біріншісі Поволжьеге (Волга бойына-М.К.), екіншісі Украинаның оңтүстік-батысындағы Днепрдегі Хортица аралына қарай атқа, ат сүйреткен арбаға мінген қарақұрым қоныс аударушылар аттанып кетті.

Украиндар меннониттерді бұрын ешқашан естіп-білмеген, көрмеген бір ғажайыптарды көргендей қарсы алды. Олар орысша бір ауыз тіл қатпайтын үстіне сюртук киген мұртты еркектерге, ерте заманның тақия тәрізді жұқа бас киімі мен алжапқышы бар қара көйлек киген қатындарға қиял ғажайып ертектердің кейіпкерлерін көргендей қайран қала қарады. Меннониттердің үй салғаны тіпті, таңдандырды: олар үй салатын бөліктегі ағаштың биіктігінен әлдеқайда аласа қып салады екен. Сосын оның айналасындағы ағаштарды кесуге болмайды. Себебі, оның ол жерде өсіп тұруы Құдайдың еркінде екен.

Ал егер олардың бұл қауымы далалыққа қоныстанатын болса, ол жерге дереу ағаштар еге бастайды. Учаскелер арасында ашық көше қалдырады да ондағы ағаштардың бірер жылдан соң сая, көлеңке болып тұруын да есепке алады. Олардың әр ауылында бар-жоғы 20-40 аула ғана болады да әрқайсысында шағын шіркеу мен мектеп салынады.

Меннониттердің мектептері де өздерінің ежелгі әдет-ғұрпының негізі іспетті. Бұл үрдіс бойынша ата-аналар жұмыс істей жүріп, балалардың бәрін бірге және бірдей тәрбиелейді. Балалар 5-7 жастан бастап мектепке бара береді. Онда оларға жазу-сызу мен бірге математика, катехизис оқытылады. Мектеп жас баланың тұрақты дүниетанымын қалыптастыруы керек. Яғни, ол алдағы тұрған, үлкен шара – шоқынуға даярлықтың кіріспесіндей болуы шарт. Сондықтан бұл мектептер шіркеумен бір мезгілде, колонияның қақ ортасында салынуы керек.

Украинаның құнарлы да берекелі жері шынымен де олар үшін нағыз арман мен қиялдың жүзеге асқан мекеніндей болды. Жеп-жеңіл, құп-құрғақ майда желі қандай?! Толқып

жатқан Днепрдің ерке толқыны ше?! Айнала толған ірілі-ұсақты көлдер мен көлшіктер. Топырағы құнарлы алқапта көп ұзамай егістік жайқалып, бидайдың сап-сары масағы пісіп, күнбағыстар дөңге толы басын көтере алмай жерге жеткенше иіліп тұратын болды. Өзендер мен көлдерде балық асыр салып жатады.

Колонияшылардың балалары да көп болды. Оларға енді жер беру тоқтатылды. Дегенмен, неміс халқына тән еңбекқорлық пен құнттылықтың арқасында олар көп ұзамай –ақ өздеріне жетерлік қаражат жинап, жергілікті помещиктерден жер сатып алатын дәрежеге жетті. Голландтық желдиірмен, будиірмендер, ағаш кесетін цех, ауылшаруашылық шеберханаларын алып алды. Олар салған үйлер ғасырлар өтсе де міні құрымайтын берік болатын.

Ойын-той, мереке-мейрамдар дүркіреп өтіп жатты.

Екатерина патшайымнан кейін таққа отырған 1-ші Александр патша қоныстанушыларға бұрынғыдан да тартымды жеңілдіктер жасады. Украинаның оңтүстігіне тек меннониттер ғана емес, өзге де протестанттық ағымдар өкілдері, тіпті католиктер көшіп келе бастады.

Ал 1844 жылдан бастап Жаңаресейдің жерлерін игеруге тіпті, жөйттерге (еврейлерге-М.К.) рұқсат берілді. Бұл бұрын ешкім сене қоймайтын әңгіме болатын.

Бірақ жөйттер немістерше жер игеруге олақ болып шықты. Олар жерде емес адамдары көп мекендерде пұл табуға икемді екенін көрсетті. Олардың колониялары сондықтан құлдырап, қайта-қайта шығынданып қала берді. Сосын оларға жергілікті христиан шаруаларды үш жылға жұмысқа жалдап алуға тағы да рұқсат берілді.

Дегенмен, бұл жаңа амалдан да жарытымды нәтиже шыға қоймады. Дау-дамай, жанжал басталды. Сөйтіп, 1-ші Николай патшаның 1847 жылғы наурыз айында бекіткен шешімі өз күшіне енді. Еврейлерді жер өңдеумен мал шаруашылығын меңгеруге үйрету және үлгілі шаруашылықтарды көрсету үшін он еврей отбасына бір неміс отбасы есебімен еврейлер мекеніне немістерді тартуға рұқсат етілді. Еврей қоныстарына көшіп баруға тілек білдіргендерге қосымша қырық десятина

жер, ұзақ мерзімге салық жеңілдігін пайдалануға және сол еврей қоныстарына өз мектептері мен селолық әкімшілік ұстауға құқық берілді. Шын мәнісінде еврейлер немістердің басқаруына көшіріле бастады. Солай бола тұра, еврейлер оған ешқандай реніш білдірген де жоқ.

Сондықтан да 1850 жылдың бас кезінде Хортицадан Новороссияға елу мыңға жуық неміс отбасы көшіп келіп еврей колонияларына қоныс тепті. Бұл қоныс Луганскіден басталып, баяғыда Екатерина патшайым өзінің атышулы шойын қорыту зауытын салдырған Гуляйпольск уезінің Новозлатопольесіне дейін созылып жатты. Ақыр-аяғында немістер еврейлердің қоныстарынан егістікке, тағы басқа да қажетті шаруаларына арнап жер сатып ала бастады. Ал еврейлер мұнда сауда-саттықпен, айырбастаумен, ұсақ-түйек заттар жасаумен айналысу қиын болғасын басқа тірлікпен айналысу үшін қалаларға көше бастады.

Бірте-бірте қауымдастық мектептерінде орыс тілінен дәріс беріле бастады. Жаңа буын ұрпағы осындағы ортаға бейімделіп, тез көндіге бастаса да олар өздерінің дінін де, ұлттық та болмысын да жоғалтқан жоқ.

Бұл қауымдастықтардың көпшілігі ашық алаңқайларға, сосын шоқ тоғайлы жерлерде орналасқан қалың бөренелерден, берік қызыл кірпіштен, яғни қыштан салынған үйлері бар, дуалдары биік, міндетті түрде шіркеуі мен мектебі, диірмені, ұстаханасы, сыра қайнататын цехы, май шайқайтын ісханасы бар, көшелері қалың ағашпен көмкерген, өрік, шие, бағы бар жанға жайлы өмір ордасы болды. Әр шаруашылықтың он шақты жылқы, сиыры, шошқасы мен үйрек, қазында тіпті, есеп жоқ еді.

Немістер қалың қарлы қыс айларында да іссіз отырмайтын. Олар ең болмағанда бірнәрселер тоқып, тері илеумен айналысты. Рождество күні түнде жаппай тысқа шығып аспаннан алғашқы жұлдызды әрқайсысы бірінші болып көруге таласып шуылдасатын. Сосын түнгі ғарыштан жылт-жылт етіп тұрған бір жарық ноқатты тауып алып сол жұлдыз өзінің киелі сәулесін осы тұрғандардың әрбіреуіне жіберіп жатқандай қарһәллази күй кешісіп, мәз болатын еді.

Бұлар мейрамдарда балаларға алуан түрлі сыйлықтар даярлайтын еді. Біреулері маскарадтың өзгеше киімін киіп алып балалардың өтірік айтқандарын мойындатып, оған бал қосылған пряник пен түрлі-түсті мұзкәмпит беріп қарық қылатын.

Ал балалар да қу. Олар өздерінің жасамаған «күнәсін мойындап» сыйлық алуға тырысады.

Генрих Рейзвихтің үй-іші Хортица аралынан Новозлатопольдегі нөмірі бірінші еврейлер колониясына алғашқы лекпен көшіп келген-ді. Содан бері қаншама өзгерістер болды десеңші! 1871 жылы колонистердің шетелдік қоныстанушылар деген статусы алынып тасталды. Мұндай адамдар әскери міндеттіліктен босатылмайтын. Бірақ оларға осыған орайлас қызмет ойлап табылғанымен тұрғындардың біраз бөлігі жүз жылдан астам тып-тыныш та тәп-тәуір өмір өткізген мекендерін тастап, арбаларын сүйретіп жаңа «ғажайып жерлер» іздеп босып кетті. Олардың біразы Солтүстік Америкаға, енді біреулері хан сарайын салуға Хиуаға аттанды. Айтпақшы, бұлардың әлгі әскерге алынатындарын қолына мылтық ұстамайтын орманшы және өрт сөндіруші бөлімшелерге жіберетін еді.

Немістердің енді біразы осында қалды. Бұлар келгелі екі ұрпақ ауысқан екен. Сөйтіп, осында кіндік қаны тамған немістер үшін Ресей туған жері, Отаны сияқты болып кетті. Генрихтың өзі қолына бірде-бір мәрте винтовка ұстап көрместен Ресей әскеріне төрт жыл өмірін берді де 1907 жылы Новозлатополье қауымдастығына келіп қосылды. Қоңырқай көздері өте ойлы, қалың күңгірт түсті шашы бар, жүзі жарқын, мұрты қатты ширатылған көрікті жас жігіт. Таныстары мен туған-туысқандарын әскери киіммен аралап шыққасын-ақ көйлектің сыртынан жилет пен бешпет киім шіркеуге барып Құдайға құлшылық етті. Колониядағылар соның арасында ол жақында үйленеді екен деп сыпсындасып жатты.

Оның есімі Шарлотта! Көздері ойнақтап тұратын, сары шашты он сегіздегі ажарлы бойжеткен. Өте тартымды, ал еріндері де әсем жиектеліп бояп қойғандай, жүзі алаулап күлімдейді де тұрады.

Үйіне құда түсуге кісілер келгенде ол екі беті бұрынғыдан да албырап қып-қызыл болып шықты. Өзі Генрихті сырттай өте ұнататын. Неткен кісі қызығарлық күйеу! Оның үстіне көзін ашқалы колонияда тұрып үрдіс-салттың «жеті атасынан» хабардар қыз күйеу мәселесінде жолы болғанына дән разы-тұғын. Өйткені, бірде болмаса бірде оны он баласы бар шалға беріп жіберуі де әбден ықтимал ғой.

Меннониттердің салты бойынша құдалықтың екінші кезеңі шіркеуде өтті. Мұнда пастор ұзын-сонар уағыз айтып дұға жасап болғасын Генрих пен Шарлоттаны ерлі-зайыптылар деп мәлімдеді.

Генрих өмірінде алғаш рет сонда, шіркеуде ғана қыздың қолынан ұстап, қолына қолы тиіп еді. Ал Шарлотта ше! Осыдан кейін өзіне анасының бұған шейін жасап көрмеген әдеттен тыс ерекше қамқорлығы мен елжіреп тұрған нәзік бір емеурініне бөленіп те, түсініксіз бір толқыну мен тебіреніп, өзгеше бір қалың ойға беріліп отырып Шарлотта өзінің тойкөйлегін тігіп те қойды. Меннониттерде ерлі-зайыптылардың ажырасуы деген мүлде жоқ дерлік екенін білетін ол енді қашан бұл дүниеден өткенше осы еркекпен өмір өткізетінін іштей мойындаған еді

Бұл тойға бүкіл колония дайындалды. Таңертең Шарлоттаның шашына балауыз бен гүлдерден жасалған сәукеле кигізді. Далада жаңбыр сіркіреп тұрса да ол тек көйлекшең жүрді.

Бұл оның өзінің осынау бір салтанатты сәті, қалыңдық киіміндегі келбеті жұрттың есінде сақталып қалсын деген ойы болатын. Қызын жаңа өмірге аттандырып салғалы жүрген тума-туыстар күйменің жан-жағын гүлге толтырып, жегілген аттардың нокта, жүген, ер-тұрманына шейін безендіріп тастады. Күйеуі екеуі осынау сәнді ашық күймемен қоныстың көшелерін аралап, жұрттың бәрі бұларды құттықтап, гүлден шашу шашып жатты. Балалар күйменің соңынан қалмай шапқылады да жүрді. Жаңбыр жауып екеуінің де тұлабойлары шылқыған су болды. Генрих бет-аузы түгел су-су болып, сәл тоңазыса да еш сыр берместен сабырлы қалпынан бір тайған жоқ.

Тұс ауа бәрі той дастарханының басында отырды. құттықтау сөздер айтылып, көп балалы, бақытты отбасы болындар деген ақ тілектер айтылды. Ақырында сағат 22 ні соққанда Шарлоттаның басындағы гүлтәжін шешіп, оның орнына орамал тартылды. Қыз жасауы тапсырылды. Сосын жұрттың бәрі күйеу мен қалыңдықты оңаша бөлмеге қалдырып тарқасып кетті. Ол қыздық дәуренмен қоштасып, бақытқа бөленіп ең ақырғы рет жақсылап тұрып жылап алғысы келді.

Келесі күн тойға жалғасқан жоқ. Тек жақын-жуықтар келіп шәй ішісті. Шарлоттаның жасауы тәп-тәуір болды. Мал-мүлік, үй-ішінің керек-жарақтары, «Зингер» тігін машинасы дегендей... Жас жұбайлардың тек жеке меншік жері ғана жоқты. Кенет қайынатасы орнынан тұрып:

– Осыдан 250 шақырым жерде Шекефельд (Жайлы алқап.- М.К.) деген колониясы бар. Ол да Екатеринослав губерниясына жатады. Сонда немістерге қырық сотоктан жер берілуде. Ол бір өте жайлы өлке. Жез шығарылады. Ал жас отау! Енді сендер сонда барындар! Сонда тұрып бала туғызып, бала туып, ұрпақ өсіріңдер, қауым болындар,- деді.

Олар аттанып кетті!

Бұл Луганск аймағы Новозлатополье сияқты далалық емес. Орман-тоғайлы, бұйратты, терең-терең сай-саласы мен жыра-жылғасы көп, жарқабақтары сонадайдан эппақ боп көрініп тұратын бор, әк шығаратын кен орны бар. Әлі адам аяғы баспаған, шөбінің биіктігі белуардан жоғары, масағы пісуге жақындап иіліп тұрған қара бидай. Солтүстік Донецкінің құйылысына жақын жер, сосын мұнда қалың қаудың астында ерте заманда қазылған шахта бар. Доброполье колониясы дегеніңіз оңтүстіктен солтүстікке қарай тартылған бірнеше түп-түзу көшесі бар жаңадан салынып жатқан құрылыс алаңы деуге болады. Топырағы өте құнарлы болғандықтан жақында ғана егілген жеміс ағаштары енді бірер жылда өнім беріп, әсем баққа айналары сөзсіз.

Генрих пен Шарлотта екеулеп жүріп баспана салуға кірісті. Карерден арбамен біресе саз, біресе құм мен тас тасып тыным көрер емес. Орманнан ағаш кесіп әкеледі. Үйдің іргетасы енді ғана құйылып болса да Шарлоттаның қиялы көкті кезіп жүр.

Көп ұзамай шарбақтың ішінде бұлардың балалары шулап жүретін болады. Осы үйде Генрих екеуі әбден қартайғанша тұратынына сөз жоқ. Ал үй ше? Әдемі оюлы қақпағы бар үлкен терезелер оңтүстікке қарап тұрады. терезенің етек тақтайында әдемі гүлтостақта хош иісті гүл жайқалып тұр, жұп-жұқа шілтерден тігілген пердені самал желпіпқояды, төбесі әппақ әкпен ақталған. Сап-салқын тас жертөле. Дәліздің сол жақ бетінде ас-ауқат қоятын қойма , одан әрі голланд пеші бар асүй, терезе түбіне қойылған керует пен тағы бір тақтасы бар бөлмеде балалар жататын болады. Аппақ төсек жапқыштар дегендей...

Сосын қабырғада бұлардың бабалары баяғыда Германиядан әкелген көне жарсағат тырс-тырс етіп бұлардың бақытты ғұмырының әр секундын ескертіп тұратын болуы керек. Айтпақшы, кейбір фотосуреттер жарсағат сияқты жарда ілулі тұратын болады.

Ол өзі қашанда бұл үйді мұнтаздай тап-таза етіп қоятынына күмәні жоқ. Балалар кір аяқтарымен үйге кіріп кетпей тұрып аяқтарын сүртіп өтетін дәліз төсеніші де жаюлы жатады.

Екеуі жұмыс істеп жатқанда бұл ара-тұра білдірмей көзқырымен күйеуіне қарап-қарап қоятыны бар. Күйеуіне жәй емес сүйсіне қарайды. Ал ол келіншегінің өзіне осылай байқатпай қарайтынын сезетін. Сезетін де ол да кейде бұған қарап көзі мен ерні қосыла күлімдеп, маңдайының терін сүртіп қоятын.

Не айтары бар, ол бір ертекттей ғажайып күндер еді ғой!

Олар таң қылаң бергеннен күн ұясына әбден батқанша жұмыс істеп тыным таппайтын. Ал жексенбі күндері екеуі шіркеуге барып ғибадат етіп қайтады. Жақында ғана салынған шіркеудің ішіндегі ағаштан қиып құрастырған қабырғаларынан шығатын ағаш исі қандай десеңші?! Олар ғибадат етуді әуелі әнмен бастап, сосын орындыққа қатар отырып пастордың уағыз ғибратнамаларын тыңдайды. Күйеуі сөйтіп отырып бұның қолын өз алақанына салып қысып-қысып қоятынын қайтерсің?! Сондай жексенбілік кештерде екеуі есік алдындағы орындықта алаулап батып бара жатқан күнге, күнбатысқа сондай бір пәкизат пейілмен үнсіз ұзақ

қарап отыратыны да есте. Ой, дүние-ай, ол кезде бұларға мына жарық дүниедегі өмір ұдайы осылай мейірімін төгіп тамылжып тұра беретіндей көрінетін еді-ау.

Не айтатыны бар, жаңадан шаңырақ көтерген екі жас бір-біріне деген жалын атқан махаббат отының лаззатына, жас отаудың тынымсыз болса да ынта мен ықыласқа толы тірлігіне малтып жүріп сол кездің өзінде-ақ дүниеде ешкімнің еркіне бағынбайтын бір аласапыран сапырылыс басталып келе жатқанын сезген де жоқ.

Олар тіпті өздерінің қауымдастығында тұратын еврейлердің әлдебір жаманшылықты сезгендей өз фамилияларын, аты-жөндерін украиншаға неге ауыстырып жатқанына да назар аударған емес.

Бұл кезде сонау қиыр күнбатыста қаһарлы бір қап-қара жел ме, дауыл ма бір бәле көтеріліп, аспан түнеріп, қарақошқыл үрейлі бұлттар шығып солардың арасынан жиі-жиі найзағай жарқ-жүрқ ете бастаған еді.

Еуропада жақында жер-дүниені астан-кестен қып, осынау жаймашуақ жадыра өмірдің ұйқы-тұйқысын шығаратын соғыс сұрапылы жақындап қалды. Бұл соғыс бүкіл әлемге атеизмді таратады. Батыс елдерінде шіркеулер жәй әлеуметтік ғимараттарға айналдырылады. Ал Ресейде священниктер өртенген храмдардың алдында өсіп тұрған алма ағаштарына асылып қойылады.

Екінші жаһан соғысы бірінші жаһан соғысының тікелей жалғасы болды. Сөйте тұра, жер үстіндегі қу медиен Далада жатқан қазақтарға ұқсап, мұндағы Добропольенің халқы соғыс алдындағы күрт өзгерістерді көре тұра оның бізге еш қатысы жоқ деген ойда болды. Неміс Рейзвихтің әулетіндегілер де, Молдарахметтей кемеңгер қарттың әулетіндегілер де жұмыр жердің әр пұшпағында өмір сүріп, әрқайсысы өз тірлігімен күнелтіп жатқан пенде атаулының бәріне ортақ қасірет пен қайғыға, аналардың аһ ұрып жоқтауы мен сәбилердің шырқыраған үніне толып, аспан асты күңіреніске толы тозақы заманға таянып қалғанын сезе қойған жоқ-ты.

-2-

1914 жылы шілденің 28-ші жұлдызында Бірінші жаһан соғысы басталды.

Ал тамыздың төртінші жұлдызында Петербургтің үлкен бір топ үнсіз айбат шегіп Исаакий аланындағы граниттен тұрғызылған өте бір сұсты алып ғимаратқа жақын келді. Бұл Германияның елшілігінің кеңсесі. Не нәрседен де тайынбауға бел байлағаны түтеп кеткен түрлерінен көрініп тұрған бұл ызғармен емен есіктерді төңкеріп тастады да қаны қарайған қалың нөпір жолындағы кабинеттердің есіктерін қиратып, мәрмәр баспалдақтармен жоғары өрлеп қабырғалардағы герман көсемдерінің суреттерін пышақпен, қайшымен жұлым-жұлымын шығарып, ішке лап қойды. Бірнеше адам төбеге шығып алды да қола атқа мінген адамдардың статуяларын төменде шуылдаған халықтың аяғының астына лақтыра бастады.

Қаланың ені тарлау бір шолақ көшесімен аты-жөні немісше, пенсені кеңсірігінен төмен түсіп кеткен, көздері ұясынан шығып, ауа жетпей алқынған ересек адам жүгіріп келеді. Кейде қолымен жүрек тұсын басып тоқтап тұра қалады. Ол «Мойканың» үстіне ғана көпірдің тұсына келгенде оны түрлері жан шошытарлық бірнеше адам қуып жетіп алып ұрып құлатты да, үн-түнсіз тепкілеп, сосын үстіне шығып алып секіріп таптай бастады. Бұл топқа әлдекімдер неміс кәсіпкерлері өз қарамағындағы жұмысшылардың ауқатына у салып беріп улап тастапты деген өсек таратыпты. Әлгі топ адам сосын бұл бейшараның «саудасын бітіріп» одан әрі қарай кеткенде неміс жұмыр тас төселнен көшеде бір аяғы бүгулі, екі көзі Петербургтің бұлыңғыр аспанына бақырая қараған күйінде өліп жатты.

Питер мен Мәскеуде немістерді ұрып-соғу басталды.

Мәскеудегі Бронная көшесінің мүйісінде мандайшасында «Левинсонның дүкені» деген жазуы бар дүкен тұрды. Көзіне қан толған жартылай жабайылар дерлік адамдар сөрелерді талқандап, дүкеннің иесі мен оның туған-туысқандарын көшеге сүйрелеп шығарды. Анау бейшаралар да зәре жоқ, дір-дір етеді. Бір кезде бәрі жабылып қожайынды ұрып соғып,

тепкінің астына алды. Ол бейшара да: «Мен неміс емеспін! Мен евреймін» деп жан даусы шығып айғайлап жатыр. Осы жалынышты дауыс сәл де болса әсер етіп, әлгілер сабасына түсе бастады. Сол арада біреу: «Йә, бұл неміс емес. Ол еврей» дегеннен кейін көзі қарауытқан ызалы топ әрі қарай кеткесін дүкен қожайыны Жаратқан Иесіне шүкіршілік қылып, қағынып-сілкініп дүкеніне енді кіре бергенде тағы бір топ келіп оны тағы да таяқтың астына алды. Сосын оның еврей екеніне көздері жеткесін ұрып - соғуын тоқтатып, өздері сол шуылдаған күйі одан әрі қарай кетіп бара жатты. Левинсон бір - бірінен айнамайтын бұл жағдаятты бүгін бірнеше қайтара басынан өткерді. Немістің аты-жөнімен жүру уақыт өткен сайын қорқынышты бола бастады.

Қалай екенін кім білсін, әйтеуір еврейлер осылай боларын бұдан бірнеше жыл бұрынырақ білген көрінеді. Осы бір қанды қақтығыстың алғашқы күнінде-ақ Мәскеуде төрт жүзден астам неміс өлтірілген дейді.

Көп ұзамай немістерді қырып-жою мен оларға басқаларды айдап салу тіпті, кең етек жайып кетті. Бұл сұмдық жағдай үлкен насырға шапқаны сондай, ішкі істер министрі Ж.Б.Щербатов мемлекеттік Думаға хабарласып жұртты немістерге қарсы айдап салуды тоқтатуға көмектесуін сұрады. Онда «немістердің көпшілігі соңғы екі жүз жыл ішінде толығымен орысқа айналғаны және Ресейге адал екеніне еш күмән жоқ» деп жазылды.

Елдегі колонияларда тұратындардың құлағына үлкен қалаларда ғана сондай бір жағдаяттар болып жатқаны туралы хабарлар еміс-еміс қана естіліп жатты. Бұлар тұрып жатқан мекендер әзір тыныш. Дегенмен Шарлотта және басқа қатындар жәрменке, базарларға барғанда сөздеріне жақтырмай қараған көздерді байқап «немістер...немчура...» деп сырттарынан сыпсындап жатқандарын естіп жүрді. Осы бір жеккөрушілік, жауыға қараған көзқарастардың үдкен бір кесапатқа айналар кезі жақындап қалғандай.

Кейінірек Генрих пен Шарлотта ол кездегі қауым өміріне балалар келгеннен басталған жаңа өмірді еске алып отыратын болды. Александр мен оның інісі Николай ел тынышталып,

бейбіт өмір орныққасын осы үй еселі еңбек пен қуанышты күндерде салынып, аула қора-қопсы тұрғызылып, берекеге бөлгенген кезеңде дүниеге келген балалар.

Ал олардың қарындасы Марта әскери ұрандар жер-жерде жаңғырылып, генерал Брусшовтың әскерлері Австрия майданында бұзып-жарып алға ұмтылуда екені туралы ауыл-ауылда сыбыстар тарап, мұндағы неміс қауымдастықтары өздерінің Ресейді қолдайтынын көрсету үшін Қызыл Крестке, жаршыларға жәрдемге ақша жинап жатқан кезде туды. Одан кейінгі Яков одан екі жылдан кейін, жер-жерде өзгерістер болып, әлдебір шолақ пальто кигендер жәрмеңкелер мен базарларда жұрттың алдына шығып: «Патша кетсін! Өкімет Құрылтай жиынының қолына өтсін!» деп айқайлап, жұрт кімге сенерін білмей екі ұдай болған дулы шақта дүниеге келген бала.

Одан көп ұзамай нағыз қым-қуыт басталды. Азамат соғысы! Бұл кезде бала туу деген ерсі қылықтай көрінетін, кейбіреулер ақырзаман келе жатыр деп қапылтты.

Бүгін Қызылдар келсе, оның орнына ертең Деникиешілер келді. Деникиншілер шегініп кетеді де орнын Махношылар басады. Осы ту-талақай заманда жәй халық та, басқасы да кімді қуана қарсы алып, кімнен қашып тығылуды да білмей басы қатты.

Добропольеге де біресе бас киімін кокардасы бар өздері ауыздығымен алысып аспанға шапшып тұрған ат мінгендер, біресе кепешінің мандайына қып-қызыл айқыш (крест. - М.К.) таққандар келіп колонияның ер-азаматтарының азық-ауқат көліктеріне желшөп беруді, түнейтін жайлы орын тауып беруді талап ететінді шығарды. Олар үйдің үйрек-қаздарын тартып алып, сиырлары мен шошқаларын айдап кете беретін болды.

Бір күндері мектептің жанында Еріктілер әскерлерінің арбалары тұрды да сол жерде басына бір жапырақ шағын орамал тартқан, қарына қызыл крест байлаған талдырмаш медбике жүрді. Сол қыздың жүріс-тұрысынан, бет-әлпетінен әбден шаршағаны ап-анық аңғарылатын. Арбалардың үстіне оқтөгерлер - пулеметтер қойылған. Әскерлер өздеріне

үрейлене, сақтана қарап жандарынан өтіп баратқан қыз-келіншектерге ыржалаңдап сөйлеп жатқаны. Ақгвардияшылар аттарды жұрттың бермесіне қоймай тартып алып, орнына штабтың мөрі басылған қағазды бере салды.

Бұның бәрі ешнәрсе емес екен. Көп ұзамай мобилизация басталды.

Шіркеудің жанында беті күнге күйген, басына папаха киген біреу колониялықтарға:

– Қане, кім барады? Бармасаңдар мәжбүрлеп алып кетеміз, - деп украинша мен орысшаны быттастырып соғып тұр.

Көшелерге әрі-бері шоқытып, аяңдатып, шапқылап жүрген аттылар толып кеткен. Меннониттердің әшейіндегі сыпайы ғана қарсылығының түкке керегі жоқ боп қалды. Барар жерлері де қалмады. Олар ешқайда жібере де қоймас еді.

Жаңағы күнге күйген адамның көзінде өзінің осы жүрісіне деген ырзалық, үстемдік анық байқалып тұр. Немістердің тіршілікке қолайлы шаруашылықтары мен табыскерлігі осындағы жергілікті тұрғындардың неше жылдардан бері ішін қыж-қыж қайнатқан қызғанышқа әбден толтырып тастаған екен. Енді мынау адам өзінің колония тұрғындарына, яғни, немістерге деген үстемдік ететіне әбден разы болып, масаттанып - ақ тұр.

Украинаның жерді шыжылдатқан жазы. Аңызға соғып тұр. Желісі әбден пісіп, толысқан алма ағашының бұтақтары салмағын көтере алмай иіліп кетіпті. Шырқау көкте күн шақырайып тұр. Адам сенімінің ауыр сынаққа түсер сәті туды. Бәрі өз орнында, күн орнынан шығып, ай орнынан туып дегендей... Бір ғана өзгеріс - қабағын тас қып түйген баяғы қанышер герцог қанды қандықол Альбаның орнына бұл дүниеге қазір көзін күнге сығырайтып қарап, өткен-кеткенді аңдып, беліне қылыш байлаған төртбақ мына біреу тұр. Оның түрінен «сәл ғана сылтау табылса, сендердің мына колонияларыңды тонап, сосын түк қалдырмай өртеп жіберер едім» деген зұлым ойы көзге ұрып тұр. Осы тұрғанда оның мыналардың қатындарын да анау арбаға салып алып кетсем бе деген пиғылы да жоқ емес.

Әшейінде, мәжбүрлеп мобилизациялаудан, яғни, әскерге

алып кетуден ақша төлеп, үйтіп-бүйтіп құтылуға болатын еді. Сол үшін жоғарыдағылар үй-үйді аралап, ақша, қымбат-бағалы бұйымдар алып кетіп жүретін. Бұл жолы оның біреуі де мүмкін емес. Жағдай қиын. Папаха киген мына бәлекетке керек нәрсе мүлде басқа екен. Ол бұған шейін осы жердің байырғы тұрғындарына өздерін үлге іспетті қып көрсеткісі кеп тұратын, тәкаппар, кекейіз жүретін колонисттерге дәл бүгіннен бастап сабасына түсіруге келіскендей. Ол колонистерге құдай дегеннің жоқ екенін, оған ешкім де сенбейтінін, құдайға сенеміз дейтіндердің бәрі көзді алдау үшін ғана істеп, қара басына қауіп төнгенде бәрін сатып кететінін дәлелдеуге тырысты.

– Әй, бері кел!

Ол үстіне тік қара жағалы кеудеше киген ер адамды саусағын шошайтып шақырды. - Сапқа тұр! Бізбен бірге барасың!

Ана кісі ештеңеге түсінбей жымыып күлген болды.

– Алып жүріңдер, мынаны, - деп жанындағыларға әмір берді де жалма-жан қылышын қынынан суырып алды.

Әлгілер оны топтың ортасынан сүйреп шығарды. Сол жақ екен папаха киген кісі оның жанына жетіп келіп, қатты айғайлап бірнәрсе деді де, басынан қылышпен бір сермеп өтті. Ана байғұс тізелері бүктетіліп барып жерге құлап түсті. Генрих Кондратович оның шаңдаққа көміліп жатқан денесінің жан-жағы қанға малшынып қалғанына үн-түнсіз қарады да тұрды.

– Енді сен бері кел!

Папахалы адам екінші біреуді таңдап шығарғызып алды.

Колонистердің осының бәріне үнсіз қарап қана тұрғанына қарағанда оларға қазір өз кінәларыңды жуу үшін орталарынан он бес адамды құрбандыққа бересіңдер десе де көнетін түрі бар сияқты.

Оларды Құдай сақтап қалды: Добропольеге келіп кіргелі Старобельск жүздігінің атаманы Петлюрамен жақсы араласатын. Ал Петлюра германдықтармен тікелей келіссөз жүргізудің жолын қарастырып жүрген болатын. Сондықтан немістерге ойран салуға қарсы еді: Осы кезде жетіп келген

шабарман папахалының құлағына бірнәрсе деп сыбырлап кері шегініп кетті. Бұл бетін тыржитып тұрып-тұрып топталып тұрғандарға қарай тараңдар деді де жасақтарына тұрғындардан тартып алынған шошқаларды айдап әкетіндер деді де өзі шаңдақты бұлқ еткізіп шаба жөнелді.

Осы уақиға өтісімен қауымдастықтың жалпы жиналысында ел ағалары меннониттер бұрынғы үрдістерін сақтап ешқандай зорлық - зобалаңға қарсыласпау қағидасын ұстануға ұйғарым жасады. Сонымен бірге қолына қару алып қарсыласа ма, жоқ па оны әркім өзі шешеді деген пәтуаға келісті. Және ол кісі сонысы үшін қауымдастық құрамынан шығарып тастамайды. Мұндай келісімшілдікке келіңкіремейтін шешімді пайдаланып біраз адамдар өздерін қорғайтын жолақтар құруға келісіп, ал қалғандары әскерге кетті.

Көңілің көкте, өзің жерде жерде болып күн кешу кім-кімге де оңай іс емес екені сонау XVI ғасырда іші ыза мен қызғанышқа толы католиктердің жасап бітіре алмай кеткенін Ресейдегі аласапыран мен олардың көршісі, шекесінде айдары барлар жасап шықты. Меннонитердің біразы ата-бабадан келе жатқан қағидаттарын бұзып, қолдарына қару алды. Ал жарық дүниеге жаңа келген сәбилеріне орыс есімдерін қоятын болды.

Тек 1921 жылы Украинаның оңтүстік шығысында кеңес өкіметі әбден орнығып, Луганскіге арбаға мініп гармон тартып отырған солдаттары бар Қызыл Армия бөлімдер келіп орналасқан кезде Генрих пен Шарлоттаның отбасында дүниеге Андрей деген бала келді. Сол кезде жүргізілген халық санағы бойынша бұларды Ресей бодандығын алған немістер демей, бір сөзбен неміс деп жазды. Мұндағы немістер соған дән риза болды. Қатты қуанды.

Ал Каролина елде мәжбүрлеп ұжымдық шаруашылықтар құрылмастан бір жыл бұрын туған. 1924 жылы бүкір мал - мүлік мемлекет меншігіне алынып, Доброполье қауымдастығының орнына, «Рот Фронт» ұжымшары құрылды. Генрих Кондратович соған ағаш ұстасы болып кірді. Бұрын іші шошқа мен тауыққа толып тұратын қора мен құсхана енді қаңырап бос қалды. Мал атаулыдан екі ешкі ғана маңырап тұрды. Бар-жоғы он шақты жылда неміс қауымдастығы

мүлдем жойылды. Егістік жерлер, шеберханалар, диірмендер, мектеп пен шіреу де ғайып боп кетті. Шетелдердегі неміс қауымдастықтарымен қатынас тоқтатылды. Тек мемлекет мекемелерінде ғана жұмыс істеуге рұхсат берілді. Сосын, Христостың өзі оқытатын шәкірттерінің аяғын жууы сияқты, бұлардың да бір - бірінің аяғын жуатын үрдісін сақтауға ғана рұхсат берілді. Сонау жылдары Екатерина патшайым осында көшіп келуге шақырған киелі арман жерлері енді осылайша азапқа толы сынақ жеріне, молаларға айналып, үміт пен сенім атаулыны түгел көміп тастайтын қасірет зиратына айналды. Бірақ сол Сенім, Үміт дегенің де кейде бір шөп іспеттес пе деп қаласың. Йә, кейде, қыс айында да жер - дүние қар жамылып, мұз жастанып жатқанның өзінде кей тұстарында жер астынан қылтиып көрініп тұрған нәп - нәзік өскінді көретініміз бар ғой?! Соны білетін Генрих Кондратович Жаратушы Иеміз адамға бала, яғни, перзент бергенде оны өлсін деп бермейтініне, Сенім мен қуанышқа толы жаңа өмір беретініне нық сенімді адам-тұғын.

Генрих пен Шарлотта барлығы он бір балалы болды. Олардың екеуі дүниеге келер-келместен періште күйінде шетінеп кетті. Көнекөздердің айтуынша сәби дүниеге табиғи жолмен келуі керек дейді. Ал бала тууына акушерлер қатысып, медициналық аспаптар, қайшы, пышақ араласуы сәбидің үрейін туғызатын көрінеді. Ең дұрыс күтушісі сол кезде, яғни, әйел босанып жатқанда анадай жерде оны тыныштандырып, көңілін аулап отыратын екінші тәжірибелі әйел екен. Егер ол бірнәрсе тоқып отырса тіпті, жақсы дейді. Оның қолындағы ілмек сымның жәй дыбысының өзі сәбиді сондай бір балбыраған ләзатты күйге бөлейді екен.

Ольга дені-қары, аяқ-қолы сау сәби болып дүниеге келді. Екі беті торсиған, шашы да әжептәуір қап-қалың. Бұл кезде өзге балалар басқа бөлмеде ойнап отырған. Бір кезде әкелері қолына ішінде шынашақтай нәресте жатқан жөргекті көтеріп кіріп келді. Кіп - кішкентай қыз терезеден бетіне түскен күн сәулесінен бетін тыржитқаны кісінің құлкисін келтіреді.

– Бұл, Ольга. Сендердің қарындастарың,- деді Генрих Кондратьевич.

– Ұстап көруге болады ма,- деді Марта. Ол бұл кезде он бірге келіп есейіп қалған қыз болатын.

Сосын шынашақтай ғана сіңілісін абайлап ұстап оның бетіне ұзақ үңіле қарап тұрды. Ольга ұйқыны соғып жатыр. Түс көріп жатыр ма кім білсін, әйтеуір біресе жылағысы келгендей қабағын түйіп, бетін тыржитады, біресе ерніне күлкі үйірілгендей болады. Әлде осынау жарық дүниеге келгеніне бір-ақ сағат болған адам перзенті түс көре бере ме екен? Бірақ кішкентай Ольганы дүниеге жаңа келген Ольганы қолына алып тұрған Марта қазір оны түс көріп жатыр деп ойлап тұрды.

Кешқұрым Генрих балаларға Көне Өсиет кітабынан Иса пайғамбар туралы оқып берді. Балалар оны өте беріліп тыңдауда. Тіпті, Шарлоттаның жанында керуетте жатқан жаңа туған Ольга да сол насихатты тыңдап жатқандай тым-тырыс. Көзі жұмулы.

Енді, міне, олар осылай жер бетінде аш-жалаңаш азап шегіп қаңғырып жүретін болады. Олар солай азып-тозып келе жатып, күйінгеннен өзінің Құдайына жаман сөздер айтып, ғайбаттап келе жатады.

Олар біресе заңғар көкке, біресе жерге қарап аңтарылумен болады. Қай тарапқа да, мейлі аспанға, мейлі, жерге қараса да қараңғы түнекті, түпсіз қапасты көреді. Олардың ең ақыр-соңында баратын мекені де сол жақ болады.

Бірақ ол қараңғы түнек солай қала бермейді,- деп түсіндіре бастайды балаларға әкесі.

Ымырт үйіліп кеткен. Сыртта мүлгіген Украина түні. Сәбиінің бесігін тербетіп ыңылдап Шарлотта отыр. Осы отырғанда да қос жанарында ауызбен айтып түсіндіріп, көзбен жеткізіп беру мүмкін емес сондай бір ізгілік, ілтипат пен нәзіктік тұнып тұрғандай. Ол кіп -кішкентай нәрестесіне неміс тілінде әлдене деп сыбырлап сыр айтуда. Йә, өмірге інгәлап ұлт салт-дәстүрінің, үрдістерінің сақтаушысы болатын қыз бала келді. Өйткені, ол өсіп, бойжеткесін отбасының сандаған жылдық үрдіс-ғұрпын сақтап, өзінің болашақ балаларына

немістің тілінде сөйлеп, немістің ұлттық тағамдарын, ұлттық мейрамдарын сақтау керектігін үйретуі керек. Неміске тән еңбекқорлық пен тазалықты сақтай білу оның басты парызы. Ар-намыс тазалығының үлгісі болуы керек.

Бұдан 2300 жыл бұрын ерте замандағы грек ойшылы Аристотель: «Заттар табиғаты туралы» деген еңбегін жазған. Ол сол еңбегінде балшықты жерде өсетін балдыр түрінің дамуын бақылай келе, жер бетіндегі тіршілік Құдайсыз да пайда болуы мүмкін деген ойға келіпті.

Оның бұл ой-пікірі оншалықты негізді бола қоймағанмен, адамдарды Құдайдан алшақтатып, бұл идея содан бергі жүздеген жылдар ішінде небір ғылыми ой тастаулар мен ауқымды теориялар кейінде талай - талай трактаттарға көшіріліп сырттағы христиандық, яғни басқа тараптардағы Еуропалық христиандардың үстем тұжырымына айналды.

Кейбір жекелеген елдерде, әсіресе Кеңестік Ресейде, бұл тіпті мемлекеттік деңгейдегі идеология дәрежесіне жетті. Коммунистік Партия Орталық комитетінің Губельман басқаратын Үгіт - насихат бөліміндегі кабинеттердің негізгі құрылымы осы идеядан тұрды.

Керемет белсенді Губельман өзіне тапсырылған осынау іске бар күш-жігерімен, бүкіл ынта-ықыласымен кірісіп, көп ұзамай бүкіл уездерде «Күрескер Құдайсыздар Одағы» деген ұяшықтар құрылды. Жүздеген құдайсыз жастар атеизмнен дәріс оқу курстарын бітіріп, ел аралап мектептерге мұғалім немесе басшы болып кетті. Добропольедегі мектепке Луганскіден басына біртартар орамалы қызыл косынкасы бар, осы идеямен қатты шабыттанған бір қыз келді. Мектепке кірер маңдайшаға жалынды ұран жазылған қызыл мата тартылды. Ілгеріде шәкірттер тақтаға ең әуелі Жаратушыны Құдай Иеміз деп жазатын болса, енді олардың Құдай деген жоқ, ол болған да емес деген сөз саналарына сіңіріле бастады.

Бұл қыз мектептегі әр жастағы оқушы шәкірттерге өз насихаты мен үгітін «Топтар халықты ғасырлар бойы Құдай туралы ертегімен алдап келді», -деп бастайтын болды. Сосын айтатыны: «Бірақ Дарвин жолдаа адамның даму үдерістері арқылы дүниеге келгенін дәлелдеп берді. Қазір Құдай

туралы аңыз-әңгімелерге оқымаған қараңғы адамдар ғана иланады. Міне, Ұлы Қазан төңкерісі енді адамдардың нағыз Ақиқатты білуіне мүмкіндік жасады, біз Құдайды емес адам данышпандығын даңққа бөлейміз» деген сөздер кетеді,

– Өкімет, хайуандардың өкіметі келді. олар аузына келгенін айта берсін, сендер ақиқатқа - Құдайға сеніндер, - деп үйретеді анасы балаларына.

Анасы үйде былайша балаларына баяғы герцог Альба жауыздың ізін жалғастырушы қызыл орамалды кеңестік «Күрескер Құдайсыздар Одағының» бірбеткей қызының бүлдіргілігіне қарсы имандылық дүниетанымына баулып, адалдыққа ғана тәрбиелеуге тырысатын. Қолынан келері сол ғана.

Кішкентай Ольганың есінде тек кейбір үй-ішілік қысқа көріністер ғана мен үзік-үзік әңгімелер ғана қалған. Сосын тыста көшелерді аппақ қар басып, күн суытқан кездерде анасының пеш жағатыны, көп ұзамай үйдің іші адамды ерекше жығылып тұрып, тізелерін уға толтыратыны, ал жадырап жау келгенде жығылып тұрып, тізелерін жаралап, ағалары мен апаларына жәрдемдескен болып өзінің де бақшаға баратыны, өзенде шомылғаны есінде қалыпты.

Әсіресе, әкесінің сақалы болғаны ол жұмыстан келіп, өзін алдына отырғызып алатыны, оның үстінен жонылған ағаштың өте жағымды исі тұратыны да кәдімгі санасында сайрап тұр. Ал әкесінің бұл кішкентай ғана келген қызына деген қос жанарындағы айтып түсіндіріп, сөзбен жеткізе алмайтын мейірімді айтсайшы....

Ольга бес жасқа толғанда мектепке баруы керек еді. Бірақ оған кеңес мектебіне барудың қажеті жоқ екенін әкесі мен анасы бұрыннан айтып та жүрген-ді. Сондай күндердің бірінде сол қызыл орамалды қыз келіп колония ата-аналары, оның ішінде бұлар неліктен балаларын оқытқысы келмейді деп бұркылдап кетті. Бұл кезде ол баяғы қызыл орамалын тастап, шашын қаре үлгісімен алдырып, жалаңбас жүретін болған екен. Ол да басқа насихатшыларша протестанттардың әлсіз сенімінің небір нәзік тұстарынан бейхабар, ол да неміс атаулының бәрі протестанттар деп ойлайтын. Ол өзінің жаңа

өкімет туралы насихатын мұндағыларға қолынан келгенше түсіндіргісі келеді. Ал түсінбесе олардың бәрімен қызыл кеңірдек болып айтысуға дайын тұрды.

Өзінің басқа да ниеттестері сияқты ол неліктен бұл колониялардағылар бірбеткей қайсар еркектер екенін, неліктен олардың қатындарының бәрі шетінен ұзын көйлек киетінінен, сонымен бірге неге бұнымен тіпті пікірталастырып сөйлескісі келмейтінінен де мүлде бейхабар болатын.

Украинада 1932 жылы болған ашаршылық, сол жылы адамдар аштықтан қынадай қырылғаны туралы Ольга онша көп біле бермейді. Неге десеніз, ол адамдар жаппай ұжымдастырудан кейін өте қайыршылық күйге душар болды. Ал бұлар бүкіл отбасымен шаруашылықпен айналысуының, колония тұрғындарының бір-бірімен септесіп өмір сүруінің, неміс халқына тән ұқыптылық пен ыждағаттылықтың арқасында сол бір қияметті қыстан аман шыққан еді.

Қар басқан үлкен жолдың бойында әскери кордондар толып тұр. Добропольенің үстімен қаптаған қайыршылар тізбегі шұбатылып барады. Жолай үйлердің есігін қағып жүрек жалғайтын тамақ сұрайды. Анасы әйтеуір соларды құр қол қайтарғысы келмей сипақтап бірнәрсе іздей бастайды. Оның есінен әсіресе көзі есі ауысқан адамның көзіндей аласұрған қап - қара әйел көпке шейін кетпей қойды. Жұрттың айтуынша, ол он екі жасар қызымен екеуі өзінің кішкентай қызын жеп қойған көрінеді. Ақыл - есін жоғалтқан бұл әйел оны өзі де айтып береді екен. Үлкен қызым бұл бәрібір ауру ғой, оны жеп қояйық деп үлкен қызым көндірді ғой дейтін көрінеді жын қаққан. Ол өзін ақтап, үлкен қызын айыптау үшін осы жағдайды тағы да қайталап есіктің алдында тұрғаны да есінде. Ақиқатында не болып, не қойғанын дәл айту да қиын. Бірақ оның үлкен қызын бұл маңайда көрген жан жоқ. Бұл әйел мұнда жалғыз келгені рас. Үй біткеннің есігін қағып тамақ сұрайды да өзінің кінәлі емес екенін қайталап айта береді.

Жұрт кейін оны жол бойында әскерилер атып тастады десіп жүрді. Осының бәрін естіп, миына сақтап қалған Ольга көпке дейін ұйықтай алмай, көзі ілінбей шығатын. Оған әлгі он екі жастағы адам жегіш қыз осы маңда, не анау жинаулы тұрған ағаштардың тасасында тығылып тұрғандай көрінетін.

Ашаршылық өткеннен кейін өмір аздап болса да жеңілдегендей болды. Үйдегілер сиыр, бір - екі ат, үйрек - қаз, тауық пен күркетауық асырай бастады. Ольга орта бойлы, бет - жүзі ашық, ажарлы, қой көзді, бұйралау шашын ұзын сәнді бұрым қып өріп қойған жасөспірім қыз болып өсіп келе жатты. Бір күні кешқұрым анасы он екіге толар алдында Ольгаға:

– Уақыт келді, қызым. Сен былай қыл: сегіз күн бойы өзіңнің бұған дейін қандай күнәлар жасағаныңды есіңе түсір. Сосын келесі жексенбіде сені шоқындыруға шоқындыруға апарамыз, - деді.

Бұл 1937 жылдың ең алғашқы жексенбісі-тұғын. Күн жайнап тұрды. Тек ағаштардың сарғайып жерге түсіп жатқан жапырақтары ғана көп ұзамай келетін күз мерзімінің хабаршысы іспетті.

Ольга таң атқаннан қаты толқумен жүр. Ағалары да, апалары да ең әдемі киімдерін киген, анасы бұлардың бәрінің, тіпті, ең ересектерінің де шашын тарап сәндеп берді.

Ольгаға осынау қуанышты күнге арнап алдын - ала тігіп қойған әппақ көйлекті кигізіп еді ол көне заман кітаптарында айтылатын, суреттері бейнеленген көне заманауи христиан қыздарының ішіндегі біреуінен айнымай қалды. Анасы шашына ақ шаршы орамал тақты. Сол күні бұнымен бірге шоқынуды көрші отбасының қызы да келетін болған.

Шоқындыру кәделері ғұрып бойынша өзеннің сәл қойнаулы, көзге түсе қоймайтын оңашалау тұсында жасалуы керек. Қалың бұта басқан дөңестеу жерде ешкімнің назарына ілікпеуге де сенім молдау. Сонымен қауым түгел жиналды. Өзен жағалауы алдын - ала дайындалған дала гүлдерінен жаслаған гүлдестелермен әрленіп, безендірілген. Хормен дәстүрлі ән айтылуда. Ольга сол сәтте қатты толқып, тебіреніп тұрғандықтан уағыз сөздерінің көбі есінде қалған жоқ. Тек ақырында пастор «Киелі жазбаны» оқып болып екі қызға:

– Бүгін сіздер күнәларың үшін өлесіздер. Шоқындыру дегеніміз адамның ескісін, өткендерін жерлеу сияқты да сөйте тұра оны жаңа өмірге қайта тірілту деген сөз. Сендердің тәндерің кеуделеріңдегі Киелі жанның мекені ғана. Сендер енді өздеріңнің «мен» деген ұғым, түсініктеріңнен бас

тартасындар. Жаратушымыз оны сендерден өз қамқорлығына алды. Бүгіннен бастап сендердің Жандарың да, Тәндерің де Жаратушымыздың иелігінде, - деді.

Ол пасторға еріп өзенге барар алдында бұрылып анасына қарады. Анасының сол сәттегі көз қарасын ешқашан ұмыта алмайды, Ольга. Олар белдеріне шейін суды кешіп барды. Неге екенін кім білсін, жағалауда қалған жақын - жуықтарына бұрылып қарай бергісі келеді. Еріндеріне өз - өзінен күлкі үйірілетін сияқты. Ольга пастордың жанына келіп тұрды да оның: «Иисус Христостың өзінің жеке құтқарушың екеніне сенесің бе?» деген сауалына «Иә деп жауап берді:

– Жаратушының Данқы арта берсін! Өмірге жаңа адам келді!

Жағалаудағылар осылай деп хормен ән салды.

Ол осынау шексіз бақытқа бөленгеннен, тіпті, жылағысы кеп кетті! Бүкіл өзен бетінде күн нұры ойнап, жеңіл ескен самал су бетін шымырлатып, сансыз моншақтар ұшқындай шашырап жатыр ма дерсін? Жағалауға шыққасын Ольганы анасы, әкесі, ағалары мен апалары түгел құшақтап сүйіп құттықтап шықты. Ол осы сәтте мына өмірдің рахаты бір толқынында жүзіп жүргендей, осынау жарық дүние түгелдей бұған деген махаббат нұрын төгіп тұрғандай сезінген еді. Қуаныш пен шаттық көзінен жас боп құйылып, жанары бал - бұл жанды.

Бұл екі бойжеткен сол сәттен бастап осы қауымның толық ересек мүшесі болып есептелетін болды. Бұлар үлкен топ болып үйге баяу ән салып оралды.

Ольганың көзі кенет су бетінде қалқып бара жатқан гүлдестелерге түсіп кетті. Күзге қарай гүл ашатын бау - бақша гүлдері мен бозқарағанның қауашақтары, сосын тағы бір ашық жалқын сары гүлдер баяу қалқып алыстап барады екен. Кейбіреулер жағалауға жақын тайыз жерде тоқтай қалыпты. Ал әнебіреулері алыс жолға шыққан жолаушыдай бірге - бірге ұзап кетіп барады. Мүмкін, бұл гүлдердің бірі болмаса бірі енді бірталай күндер өткесін әлдебір шалғайдағы тұйық су қойнауындағы сарғыш майлы тұстарынан өтіп небір теңіздерді үстімен, сосын, тіпті, мұхиттардың үстімен жүзіп

отырып бұрын ешкім білмейтін жұмбақ та таңғажайып бір жағалауға жетеді ме, кім білген?!

Кенет бұның сыртынан өзіне біреу көз салып тұрғандай болды. Жолда әркім өз үйіне қарай бұрылып тарап кетті де бұлар да өз шарбағына жақындағанда дуалдан мойнын созып біреу қарады да тұрды.

Сырты қара балшықпен сылай салынған, дұрыс әктелмеген соқыр терезелі көне жер үйде жалғыз баласы бар ерлі-зайыптылар тұрады. Баласы Ольганың құрдасы. Бір кезде бұл үйде бір жөйт-еврей отбасы тұрған-ды. Азамат соғысы басталғасын бәрі астан-кестен болып кетті де бұл үйге осылар келіп жайғасты. Ольганың ата-анасы олармен жақсы араласып, қолдан келгенше жәрдемдесіп тұратын.

Шекесінде айдары бар көрші ер адам дуалға иегін сүйеп сән-салтанатқа бөленіп, мәз болып келе жатқан бұларға біртүрлі қарады да тұрды. Сосын әкесінен әлдене деп сұрап жатты. Бірақ оның көзқарасында түсініксіз бірнәрсе бар екені анық байқалады.

Ольга оны тез ұмытып та кеткен болатын.

-3-

Ольганы шоқындырып болғалы да екі апта өте шықты. Жексенбі күні болатын. Бөлмедегі көне заманда жасалған сағат таңертеңгі 7.50-ді көрсетіп тұрған. Үй-іші түгел таңғы асқа дастархан басына жиналған. Тәрде үстіне бешпет пен кеудеше киген әкесі отыр. Дастархан басына жұмыс киіммен отыру ерсілеу болып есептеледі. Әкесінің оң жағында үлкен ұлы Александр. Бұл кезде ол жасы жиырма алтыға келген, Лида және Фрида есімді екі қызы бар. Оның осы балалары да, қатыны Мария да бүгін осы үйдің дастарханында бас қосып отыр.

Одан әрі әркім өзінің жасына қарай: жасы жиырма төртке толған Николай, сосын Яков пен Андрей, сосын сегіздегі Герман отырды. Ең үлкен төрт жігіттің төртеуі де сымбатты, сұңғақ бойлы мығым, жұмыс істеп әбден ысылған, еңбекке піскен жігіттер.

Еркектердің қарсы алдында тұрмысқа шыққан Марта отыр.

Оның тұңғышы Эдуардты дүниеге әкелгеніне үш - ақ күн болған. Оның қасында Яковтың зайыбы Мария. Оған жалғаса Каролина мен Ольга, сосын осы әулеттің ең сүйіктісі он жасар Лидия. Қысқасы бүкіл әулет түгел жиналған. Үш буыннан құралған он сегіз жан. Қатырып тұрып крахмалданған аппақ дастархандағы жақсыларға қайнатып пісірілген картофель, еті қалың помидор, аскөк қойылған. Күнбағыс майы мен кәдімгі неміс пирогы – «шукер кухен». Құмыралар сүттен, жеміс, жидектен қайнатылған сусынға толтырылған.

Осынау бақытты шаңырақ үшін қазір әлемде қандай өзгерістер болып жатса да жер бетіндегі ең үлкен бақыт пен шаттыққа толы күн осы!

Әлгінде ғана ешқандай да бәле-мәтердің мысқалдай да нышаны жоқ еді. Бала-шағасына шейін түгіл еңбекқор осы үлкен отбасы қарһәлләзи мәз-мәйрам болып, ұядай ұйып таңғы асын ішіп отырған. Терезеге қарама-қарсы отырған анасының үйдің алдына келіп тоқтай қалған машинаны көзі шалып қалды. Қорабында әскери киім киген бірнешеу отырған. Кенет олардың бәрі машинадан секіріп-секіріп түсті де бір-екеуі жүгіріп барып дарбазаны ашып тастады. Көзді ашып-жұмғанша үй қоршауға алынды.

Ешкім ес жиып үлгере де алмай, бір-біріне бұл не деп тіл қатуға да мұршасы қалмады. Есік алды айқай-шуға, салдырлап қираған ыдыстың шақыр-шұқыр еткен дыбысына, аяқ дүрсіліне қапелімде толды да кетті. Әкесі қасық толы картофельді енді аузына салғалы жақындата берген еді. Сол күйінде мелшиіп қатты да қалды.

Әскери киім киген адам он шақты ғана еді. Ал Ольгаға олар көп адам тәрізді көрінді. Олар үйге ентелеп жүгіріп кірді де әрқайсысы өз орнын тапқандай әр жерге қақшиып-қақшиып тұра қалды. Жағаларында күреңқызыл белгілері бар. Ең соңынан олардың басшысы кіріп келді. Басында шұбар ала ноқаттар салынған көк бас киім. Төсқалтасының үстіне шейін толған ордендер мен медальдар, құрметті чекист деген белгісі кірлеп кетіпті. Өзінің әбден шаршаған адам екені тым солғын жанарынан-ақ көрініп тұр. Біреулері орындықта, біреулері тұрегеп тұрған күйі үнсіз мелшиіп тұрған отбасы адамдарын

көршісі шолып әрі-бері жүріп болды да бірден дүңк еткізіп сұрақ қойды:

– Генрих Кондратович Рейзмах?

– Мен,- деп жауап берді әкесі орнынан тұрып!

– Анау төс қалтасынан төрт бүктелген қағазды шығарып әкесіне ұсынды:

– Міне, тінтуге берілген ордер! Қолыңызда бар қару-жарақтың бәрін түгел тапсырыңыз!

– Қайдағы қару? Менде қару жоқ қой!

Анасы мына майордың көкпеңбек қып қырған иегінен көз алмай есеңгіреп тұр.

– Түсінікті, - деді ол. Көп сөйлемейді.

–Түсінікті! Сіз осында қалыңыз. Қалғандарың үйден шыға тұруларыңызды сұраймын.

Ол осылай деді де карамағындағы бағыныштыларына “Бастандар” деп пәрмен берді. Кішкентай Лидия ол кісінің френчіндегі алтын түстес сары ілгегіне қадала қарап қалыпты. Ал Ольга оның тұлабойы - киімінің бәріне, бас киімнің маңдайлығына, қос жеңіне, былғары портупаясының тоғасына, бәріне қадалған жұлдыздарға кезек-кезек көз тастайды. Бастық пәрмен беріп болғасын галифе шалбарының қалтасына темекі сауытын шығарды. Рейзихтердің үйінде ешкім темекі шекпейді, ол күнә деп есептеледі. Солай бола тұрса да анасы мына кісіге ешқандай ескерту жасаған да жоқ. Тек бетінің қаны қашып, бұрынғыдан да қуқылданып кетті. Солдаттар енді еденді ашуға кірісу үшін үйге сүймендерін әкеліп кіре бастады.

Беті күнге тотығып кеткен сержант бастығының бұйрығын қайталады:

– Қане, бәрің сыртқа шығындар!

Әрбір ұсақ-түйегінен бастап бір сабақ жібімен инесіне шейін бірге туғандай болып кеткен құт мекен әп сәтте басқа біреулердің карамағына өткендей, әлгіндегі ғана сән-салтанатынан жүрдай болып айырылып нағыз қараушысы жоқ қора-қопсыға ұқсап шыға келді. Обал-ай, десеңші. Солдаттар бұлардың тысқарырақ шығып кетуін күтіп жатпастан тінтуді бастап та жіберді. Ыдыс-аяқтар даңғыр-

дұңғыр етіп құлақ тұндырып жіберді. Солдаттардың жүрісі нағыз жабайылардың жүрісі дерсің. Терезе перделер мен төсек жамылғылары, көрпе тыс, көпшік тыстар сыпырылып тасталды. Біреуі тасжерқоймаға түсіп, енді пештің ішіндегі күлді сыртқа лақтыруда. Бұлар түгел тысқа шығып кетті. Әкелері үйде қалды.

Анасы бұларды - өзінің сәбилерін тыныштандырмақ болып: - Бұл жәй бір қателік шығар. Әлі-ақ бәрін өз орнына келеді,- деп қайталағаннан басқа ешнәрсе айта алмайды. Немісше ғана сөйлеп тұр.

Немісше сөйлегенін естіп қалған бір солдат анасына қабағын түйіп ызалана қарағанын Ольга байқап қалып қорқып кетті. Бұлар сарай жанындағы кәрі теректің түбіне үймелеп тұрды. Ұлдар сасқалақтап не қыларын білмей қалды. Осының бәрі өте өрескел, өте сөкет екені айдай анық. Әуелгіде осының бәрі ұзаққа созылмай, қазір - ақ бітіп, бұлар қайтадан үстел басына келіп қалған тамақты жеп тауысуға отыратындай көрінген еді. Бірақ нағыз тінту мен тіміскелеу енді ғана басталғандай. Шарбақ ішіндегі әркерилер үн-түңсіз, сондай бір ұйымшылдықпен қимылдауда. Ара - тұра ғана бір-біріне қысқа-қысқа тіл қатып қояды. Біреуі қолына күрек алып бақшаны қопаруға кетсе, енді біреуі ішінде дым да жоқ құсхананы тінтіп, ас қойманы тінтіп, енді біреуі сиыр қорада баяғыдан жатқан сүр шөпке мылтығының сүңгісін сұққылап жүр. Бірақ ешқайсысы үй иелеріне бетін де бұрмайды. Олардың мұнда бар-жоғының да қажеті жоқ тәрізді. Тек дарбазаның алдындағы біреуі ғана жан-жағына өзінше қырағы көздеріп қарап қойып, қақшиып тұр.

Рейзвихтің үйіне тінту жүргізіліпті деген мұп-мұздай хабар лезде бүкіл маңайды түгел шарлап кетті. Әуелі ауыл тұрғындары мұнда не боп жатыр өзі деп келіп, сосын әскери көлік пен ерсілі-қарсылы тінткілеп жүрген сарбаздарды көрісімен-ақ жеделдетіп көшенің арғы бетіне шығып кетіп, сонадайдан көз салумен болды.

Ольга солардың арасынан өзінің мұғалимасын да көріп қалды. Сосын оның жұрттың бәрінен де ұзағырақ қарап, алыстан бақылап көп тұрғанын байқады. Тіпті, оның ашық түсті көйлегі де есінде қалыпты.

Сол мұғалима мен Рейзвихтің отбасының арасы тым суықтау екені бір-біріне білдірмесе де байқалып тұратын. Ол бұлдарың өзін онша жақтырмайтынын айтпаса да сезетін. Дінге қарсы пікір алмасуға да тырысты, бірақ бұлар оған үнсіз ғана ыңғай білдірмеумен болды. Осы мұғалима бірнеше мәрте Ольганың анасына да келді, бірақ анасы оған тек неміс тілінде сөйлегесін, ешнәрсе шықпайтынын біліп түсі бұзылып кетіп қалатын. Оның қолынан түк келмей қойды. Өйткені Рейзвихтер ресми түрде немістер деп тіркелген еді.

Осы мұғалімге не көрінгенін кім білсін, әйтеуір Құдайды қолынан келсе қудалауға дайын адамша ерекше өштігі бар секілді. Ол әр келіп кеткен сайын өзінің дінге көзқарасын түсіндіру үшін емес, бір мәселені шешіп алуға, өзіне қажет бір жауапты естуге келетін сияқты екені көрініп тұратын, Ольганың анасына.

Кім біліпті, мұғалима бәлкім өзінің жан-дүниесіндегі әлдебір күмәнның растығын білгісі келген де шығар. Ол сосын сол күмәнінің растығына көз жеткізу үшін бұлардан кек қайтарғысы келген болуы да ықтимал ғой. Бірақ арада бірнеше жыл өткеннен кейін барып бұлардың үстінен дұшпандық хат жазған мұғалима емес, әлгі көрші жер үйде тұратын адам екені мәлім болды. Ол оны қызғаншақтықпен, іші тарлықпен жазған екен.

Бұлар сол жоқ-жұқалау көршіге не жәрдем сұраса соны беріп, ең аяғы себетін тұқым, жер жыртуға соққысы мен атын да беріп, оның баласы маскүнемдіктен аласұрып жатқанда бұның анасы оны емдеген де өзі ғой. Бүгін бұлдарың үйіне тінту жүргізіліп жатқанда сол көрші аулада жып етіп бір көрінді де көзден ғайып болды.

Күн шаңқай түс болды, тінту әлі де жүріп жатыр. Бұлар сыртта тұрыа үйдің ішінде не болып жатқанын түсінер емес, тек ара-тұра қысқа-қысқа дауыстар, бір заттың дүрс етіп құлағаны, әлдененің жарылып, сынғаны құлаққа шалынады. Тінту жай ғана жоғарыға тінтіп шықтық деп есеп беру үшін емес, әлдебір қаскөйліктің дәлелін табу үшін жүргізіліп жатқаны көрініп тұр.

Жоғарыға жеткен мағлұматқа қарағанда бұл үйде қару-

жарақ болуы керек. Солдаттар ақ тер, көк тер болып, гимнастеркаларының арқасына шейін суланып қарауытып кетіпті. Олар бақшаның ішін әбден қазып қорыс қылып тастады. Көкөністер мен жеміс-жидек топырақ-топырақ болып ботқаға айналды. Екі сарбаз құдықтың бүткіл суын шығарып төгіп, шарбақ іші көл болып кетті. Құдықта тамшы су қалған жоқ. Біреуі беліне арқан байлап құдықтың түбіне түсіп, түк таппай аһлап-уһілеп қайта шықты. Тінтуден шаршаған сарбаздар ашуланып, ызалана бастады.

Бөлмеде ойран-топыр болып үйіліп, шашылып жатқан заттардың қақ ортасында асықпай темекісін сорып отырған жеңіне қызыл жұлдыз тағынған бастық анда-санда Генрих Кондратьевичке қарап қояды.

– Қару қайда? Мылтық қайда?

Үй иесі үндемеді. Өзіне - өзі келе алатын емес. Ішінен бұл бір білместік қой, қателік қой дегенді қайталай береді. Бірауық зайыбының, балаларының қасына барғысы келеді. Бірақ орнынан тұруға да рұхсат жоқ. Отбасына аяушылық, мейірімділік дегеннен жұрдай түрі қорқынышты бір жұмбақ албасты келіп кеткендей үрейлі сезім бойын билеп алған.

Шынында да сондай бір қорқынышты жұмбақ албастының бейнесі ара-тұра Добропольеге арбамен келіп-кетіп тұратын учаскерлік инспектордың тесіле қараған көз қарасынан, сосын дін істері бойынша комиссия мүшелерінің лебізінен, сосын орта мектептегі «Пионер вожатыйын» дегеннің түрінен көрініп тұрғандай болатын еді-ау! Бәсе! Бірақ ол қорқынышты сұлба тек солай бұлардан жырақтау жүретін сияқты еді ғой! Енді міне, ол бүгін бұлардың түп-тұра үйіне келгені ме? Қазір бұлардың әр бөлмесінде жерді аспанға шығарып, бәрің аударып-төңкеріп, сүйменмен еденді қақыратып тастап, сандықтарды ашып-шашып, Шарлоттаның ішкііміне шейін қолына алып сілкілеп жүрген мына адам деуге келіңкіремейтін пенделер ешнәрсені тыңдағысы да, естігісі де келмейтін бір жануарлар ма дерсің. Оларға қазір тек өз басшысына есеп берсе болды, басқа ешнәрсенің еш қажеті жоқ.

...Иә, аудандық НКВД ның тергеушісінің кабинетіндегі картон папкада бұлардың көршісі жазған жала хат жатыр.

Ондағы дәптер парағында Доброполье колониясында тұратын Рейзвихтер отбасының үлкені Генрих сонау Азамат соғысы кезінде Луганскіде неміс гарнизоны тұрғанда Германиялықтарға сатылған шпион, тыңшы екені, қазір ол өзінің ержеткен ұлдарын осы қылмыстық істерге қосып, енді шекараның арғы бетінен белгі берілген күні елде бүлік шығаруға даяр отырғаны ірі-ірі қаріптермен ойқастап тұрып жазылған. Ол хат құпия журналға тіркеліп, қызыл қаламмен жұмбақ белгісі қойылған.

Содан бастап міне «мемлекеттік машина» зыр айналып іске кіріскені...

Бірнеше сағат бойы осы шарбақтың ішінде қара жерде жатқан қыл-қыбырға шейін көтеріп қарап жүргізілген тінтуден кейін сержант онсыз да тінтудің ақырын күтіп қажып отырған майорға келіп:

–Ешқандай қару-жарақ табылмады! Винтовка түгіл берданка да жоқ.

Тінтілмеген жер қалмады. Ал Германиямен байланысы дегенде тек немісше жазылған көне дұғалар ғана бар екен,- деп рапорт берді.

Майордың кеудесіндегі құрметті чекист белгішесі тектен-тек берілмеген бұйым еді. Ол өте тәжірибелі жан болатын. Сондықтан да ол тінту осылай аяқталарын әу бастан білетін. Өз қызметінің дін саласы бойынша, яғни, діни қауымдастықтардың іс-әрекеттерін зерттеумен айналысатын ол меннонит ағымының адамдары қару ұстамайтынын, олар Германия резидентурасына жұмыс істемейтінін, қандай саяси өкіметті де жақтамайтынын, бұлар баяғыдан бері Ресейді өздерінің туған үйіндей көретінін майор өте жақсы білетін. Бірақ жала хаттың НКВД папкісінде жатқаны анау...

– Демек, қару тыққан құпия орын мұнда емес,- деп жағын қиқаң еткізді:

– Бұдан әрі бұл іспен тергеушілер шұғылдансын. Бұл шаруа тәмам осымен.

– Мынаны машинаға алып жүріңдер - деп Генрих Кондратьевичті иегімен нұсқады да, сосын «Үлкен ұлының біреуін қосып алыңдар» деп орнынан тұрды.

Ол терезеден сырттағыларды түгел көріп отырған. Жайлап терезенің алдына келді де:

– Ең үлкені қайсысы? Қолында баласы бар ма? - деп сұрады.

Сосын сәл ойланып тұрып-тұрып:

– Басқасын! Басқасын, анау сол жақтағысын. Соны рәсімде. Ол анкета бойынша кім еді өзі? деп сержантқа қарады.

Кейін Марта майордың Александрдың кішкентай баласына бола аяушылық жасағанын айтып берді. Мүмкін, солай да болған шығар. Әйтеуір, Мартаның сөзі қашанда өте бір мейірімді жүрегі нәзік жан болатын да, сонысын жұртқа да жұғыстырғысы келіп тұратын еді. Бірақ оперативтік топтың жетекшісі білікті физиономияшы болғандықтан жүзі жылылау Николайды таңдаған сияқты көрінеді де тұрады.

Аналар Генрих Кондратьевичті әкетіп баратқанда отбасы мүшелерінің бәрі аулада тұрған болатын. Ол қос қолын артына ұстап, басын төмен салып бара жатты. Анасының жан ұшырып оның соңынан тұра ұмтылғаны, бір солдаттың оны винтовкамен кері қарай қатты итеріп жібергені Мартаның күні бүгінге шейін есінен кетпейді. Әкесі басын көтеріп алды. Ал Ольга оның ешқашан бұлайша сасқалақтағанын көрген емес. Әкесі бірнәрсе дегелі аузын аша беріп еді оны алып бара жатқан солдат «Үнінді шығарма!» деп жекіріп жіберді. Әкесі аузын жаба қойды.

Екі солдат үнсіз келіп Николайды ала жөнелді. Ольга Николайға сыртын беріп тұрған. Николай түкке түсінбей ебедейсіздеу күлген болды. Ал олар оны шынтағынан жақынырақ ұстап алып, машинаға қарай екпіндете итермелеп алып кетті. Өне, оны машинаға мінгізіп жатыр.

Марта «Николай!» деп қатты шыңғыра дауыстап жібергенін өзі де аңдамай қалды. Николай тек бір-ақ рет артына жалт етіп қарап үлгерді.

Майор машинаға мініп жатып:

– Абыржымаңдар, жолдастар! Мәселені талқылап, анықтап сосын үйге қайтарамыз,-деді сондай бір сабырлылықпен. Машина артына шұбатылған шаң қалдырып, аудан орталығына апаратын жолмен тастап кетті. Ал көрші аласа жер үйде

алақандай соқыр терезеге бетін тақап, көршісінің өзі олар қашан қара үзіп кеткенше өзіне-өзі сондай бір ризашылықпен ұзақ қарап тұрған еді. Ол солай тұрғанда өзі жасаған мына күнделікке дейін дән риза болатын!

Үйдің іші ойран топан. Бөлмедердің ағаш едендерді аршылып тасталған, тұздамалар салынған шыны ыдыстар быт-шыт болған, құмыралардағы, гүлтостақтардағы топырақ терезе алдында шашылып жатыр. Бүкіл төсек-орын, киім-кишек, үй бұйымдары шашылып жатыр. Бұлар бір-біріне тіл қатпастан әрқайсысы кеудесіндегі әлдебір үрей мен уайымын да сыртқа шығара алмай үйді ұзақ уақыт жинастырып, ретке келтірумен болды. Тіпті кіп-кішкентай Лидияның өзі де ләммим деп дыбыс шығарған жоқ. Қабағы түйіліп, кеңсірігіңнің үстіңгі жағындағы екі қасының ортасына қос сызық түсіпті.

Түн ортасына таманғанда үйді жинастырып бітірді. Переделері жоқ терезеден ай жарығы түсіп тұр. Жасы кішілер өз керуеттеріне жатты. Күнде жатарда аналары қыздарының бөлмесіне кіріп, олардың шаштарын қайта қайырып жөндеп жатқызатын. Ағаш тарақпен биязылап тұрып тарап, қайта өріп беретін. Сосын: «қызым ұйықтап алдында жақсы бірнәрсені ойлап жат» деп сыбырлап қана қоятын. Анасының осы бір жұп-жұсақ алақанының, майда қоңыр даусының жылуына елжіп Ольга көрпеге кірер-кірместен қалғи жөнелді.

Қыздар, бүгін мамамыз бөмемізге келе қоймас деп жатқаны сол еді мамалары жәй басып кіріп келді. Өңі қашып, қатты уайымға түсіп кеткені көрініп тұр. Бірақ мейірімге толы үні мен алақанының жылуы сол күйі. Ол Ольганың жанына отыра қалып өрім түрлерін өзгертіп өріп, сосын тарақпен тарап, алақанымен бір-бір сипап қойды.

– Уайымдап отырмын, - деді ол сосын. – Қазір түн жарымында әкең мен Коляны қайтарып жіберсе, олар сонау аудан орталығынан мұнда қалай жетеді? Отыз шақырымдай жер ғой! Ертең түске дейін жете алса да жақсы. Ал егер... ол екеуіне жолға ең болмаса бір түйіп жейтін бірнәрселер де салып бере алмадым. Сасқалақтап, тіпті, есімнен айырылып қалыппын... Жарайды, ештеңе етпес. Бәрі жақсы болатын шығар...

Ол қайта-қайта тұның шашын тарап, қайта-қайта «бәрі жақсы болады» деген сөзді қайталай берді. Осы сөзде ол үшін үлкен бір күдірет бар сияқты... Сосын тағы да Ольганың қолынан ұстап, біраз отырды. Ольга осылай жатып қалай ұйықтап кеткенін де білмейді. Иығынан біреу тартқылағандай болып селк етіп оянып кетті.

Меңіреу түн тыныштығы. Үй іші тым-тырыс. Терезеден аспан түкпініндегі жалғыз жұлдыз солғын ғана жалтырап тұр. Ол жұлдызға осылай алыстан көзі тала қарап отыра бере ме еді қайтер еді... Анасының бөлмесінен қыстығып жылаған дауыс естілгендей ме немене? Орнынан тұрып есігін дыбысын шығармай анасына құлағын түре қойды. Анасы жылап отыр! Ольга аяғының ұшымен төсегіне келіп көзін жұма алмай ұзақ жатты. Сосын қалың ой тұманын әлдекім қолымен селт етіп жібергендей қалың ұйқы құшағына енді де кетті. Содан таң атқанша қыбыр етпестен ұйықтапты.

Анасы сол күннен кейін ғұмыр бойы бір жымыып күлместен кетті.

Кабинеттегі терезенің ішкі жағы торланған. Терезенің арғы жағында түпсіз қараңғы түн. Жалаңаш теп-тегіс төбеде жалғыз шамы жанып тұр. Орта тұсына шейін жасыл сырмен боялған, сызылған, тырналанған қалың қабырға.

Мүйістегі темір сейфтің үстінде бір жапырақ газет қиындысына оралған ұлттық қара шәй. Кабинетке ылғи бір қызметкерлер бірі кіріп, бірі шығып жатады. Бешпет пен оның ішінен қайырма жағалы ақ көйлек киген қара торы жігіт еденге бекітілген орындықта отырған Генрих Конратовичке көз қырында салмастан келген-кеткендермен ананы бір, мынаны бір айтып, мәз болып күліп, әзіл-қалжыңнан аузы босамайды екен.

Оның қапылып жатқан шаруасы жоқ екені көрініп тұрар. Ара-тұра телефон тұтқасын алып қайдағы бір интимдік сәттерді соғып, кей тұсына келгенде тұтқаға аузын тақап мыңқылдай қояды. Бұл кабинетте жауапқа алынатындар дұшпан деп те есептелмейді. Олар тіпті, тірі жан деуге

келмейді. Самаладай жап-жарық бөлменің бетон еденінде жуылып, сүртілген қанның ізі байқалды.

– Сонымен не қыламыз? Бірлесіп жұмыс істейміз бе?

Тергеуші тағы біраз телефонмен сөйлесіп болғасын дердей де аңғарымпаз екені көрініп тұратын ойлы көздерін тұтқынға қадай сөйлеп отыр.

– Шынымды айтсам сенің маған қажетің де жоқ. Қару-жарақ қайда жасырулы екенін көрсет те, камераға барып демал. Менің уақытымды ала берме, фашистің сұлбасы!

Генрих Кондратовичте үн жоқ. Аяқтары ісініп кетті. Ұйқыдан мүлде айырылғасын басының ішіне қалың тұман орнағандай түрме өмірінен мол хабардай жандардың айтуынша алғашқы үш тәулік қана адамға ауыр тиеді екен. Сосын жалпы камераға ауыстырғаннан кейін өзіңнің жаңа өмірің, өмір үшін жаңа күрес әдіс-тәсілдерің қалыптасып, жаңа таныстар, сырластар пайда болады.

Үшінші тәулік дегенде кабинетке энеугүні үйін тінткен оперативтік топтың жетекшісі майоры кіріп келді. Үстіндегі френчинің бүкіл ілгегі салулы. Кеудесінде құрметті чекашының белгішесі. Бірақ бұғағы мен көзі қызаңқылау. Қалтасынан алюминий темекі сауытын ашып, мундштугін соның қақпағына қағып-қағып қойды. Тергеуші орнынан тұрап кетті.

– Сонымен жұмысың қалай жүріп жатыр?

– Міне, мынау ешнәрсені мойындамай отыр, - деді тергеуші.

– Түсінікті, қане шыға тұр!

Жас тергеуші шығып кеткесін майор үстелдің шетіне келіп отырды. Жүп – жүқа папкені темекші түтінінен көзін сығырайтып, тыржия парақтады да, жауып қоя салды. Саусағымен әлдебір жорық әуенінің ұқсас қып үстелді тырсылдатып тағы бірақ тұрды. Сосын артына бұрылып, бұған қарады. Әлдебір достық әңгімені бастаған сыңайлы.

– Сен ақылды адамсың ғой! Қане, екеуміз де ақыл есі толыққан егде адамдарша сөйлесейікші. Міне, қара! Сені Германияның барлау қызметінің тыңшысы деген хабар түсті. Кейбір жанама мәлеметтерге қарасақ, ол дәлелденгенде тәрізді. Осы рас па? Оны мен білмеймін. Мүмкін олай емес те болар...

– Бірақ хабар түсті ғой? Түсті! Сонда қалай?.. Біз ол хабарды жоққа шығарамыз ба? Сені босатып қоя беруіміз керек пе? Қателік болыпты дейміз бе? Өйтсек, бізді тас-талқан қылады ғой. Учаскелік инспектордың рапортында сендердің отбасың өте күдікті отбасы. Келіп түскен хабарға қарасақ, қарулы көтеріліске даярланғансындар. Ал біз ешбір дәлелдік зат таппадық. Басшылар «Демек сендер жұмысты істей алмайсындар» дейді. Енді тыңда. Біз тағы да Добропольеге аттандық делік.

Тағы да деректер жинай бастаймыз. Сендердің діншіл көршілеріңе тағы біреулерге жолығамыз... сосын... Сосын не болатынын айтайын ба? Сосын бар-жоғы бір-ақ аптадан кейін біздің қолымызда сендердің тек Германия барлау қызметімен байланыстарың бар екені туралы ғана емес, оған қоса террористтік әрекеттерге даярланғандарың туралы темір бетондай берік те мықты, бұлтартпас дәлелдер жататын болады. Аудандық компартияның басшыларын өлтіруге жасалған жоспарларың да шыға келеді. Сен соның бәрін жалғыз өзің жасамақ па едің? Әрине, олай емес! Сондықтан сенің жақтастарың да табылады.

Майордың әр сөзі оның миына ауыр - ауыр соққыдай тиіп басын айналдырып жіберді. Жан-жағын тастай қалың қара тұман басып, өзі ұшы - қиыры жоқ ми батпақтың ортасында теңселіп тұрғандай. Әлдеқайдан зілбатпан ауыр дыбыстар басының ішін солқылдатып барады. Бар естігені «террористтік әрекеттер» мен «жақтастарың» деген сөздер ғана сияқты. Генрих Кондратович селк ете қалды. Жалмажан көзінің алдын бүркеген қалың тұманды серпіп жіберіп сейілтпекші сияқты.

– Менің ұлым Николай... Ол қайда, оған не болды? Даусы естілер-естілмес қана шықты.

– Міне, міне! Осы бағытпен ойланып көр. Жақтастарың дегеніміз сенің үй-ішің ғой. Зайыбың мен ересек балаларың. Ал қалғандары балалар үйіне өткізіледі. Енді бірнеше күннен соң сенің зайыбың - әйелің осы сен отырған орындықта отыратын болады. Сен мынаны түсін! Майор осылай деп оған жақынырақ келіп отырды.

– Маған қылмысты ашсам болды. Ал сен... Сен қылмысты

мойныңа алуың керек. Сосын іс жабылады. Сотқа береміз. Қол қоймасаң одан әрі қазбалаймыз. Сен әйелің мен балаларың этаппен жөнелтілсін демейсің ғой. Әрине, оны қаламайсың. Мойныңа үш жылыңды аласың да кейін амнистиямен қайтып келесің. Нағыз еркек солай істейді. Ал маған керегі істі жабу ғана.

– Ал Николайше? Генрих Кондратовичтің даусы шықпай қалды. Оны жазбай-ақ қой. Бәрі шындық болсын да... Сен қол қою бойда кабинетке, онымен жұмыс істеп кабинетке барамын. Істі тоқтатамын. Келістік қой? Ол ертең-ақ үйде...

Есіктің сыртынан құмыға айқайлаған даусы шықты. Әйел даусы! Сосын оның аузын біреу алақанымен баса қойған сияқты болды. Біреу дәлізді бойлай жүгіріп өтті. Тағы да құмығып, тұншығып шыққан айғай... Дәп бір судың астынан шығып жатқандай. Осының бәрі Генрихқа оның зайыбын біреулер шешіндіріп, тінткілеп, жауаптың астына алып жатқандай көрінді. Есіне Інжілде жазылған күнәсінен арылу үшін жасалатын құрбандық түсті. Сосын қазір осыннан отыз шақырым жердегі үйі, ондағы бала-шағасы дәл қазір, мына қараңғы түнде не күйде екенін ойлап іші-бауыры қан жылап кетті. Ертең НКВД ның қою жасыл дарбазасы ашылып Николайды алып келе жатса ше?... Көйлегі кір-кір, шашы ұйпа-тұйпа... Ешнәрсеге түсінбей алақ-жұлақ етеді байғұс бала.

– Николайды жібересіздер ме? Оның қайтадан қойған бұл сұрағында жалыныштың, оны басатындаршы деген жалбарынудың лебізі көзге ап-анық көрініп тұрағандай.

– Чекист ретінде сөз беремін, - деді майор. Сосын дәліз жаққа бұрылып:

– Копылов! Кел, мойындау туралы рәсімді жаз. Шпион діни қызметтерді желеу қылып, дұшпанмен байланыста болғанын мойындады деп жаз. Туф, шаршап кеттім. Бес-алты сағат ұйықтап алсам ғой,-деп есінеп кетті.

Он минут өтер-өтпес те майор басқа кабинетте Николаймен сөйлесіп отырды:

– Неменеге басыңды қатырып отырсың? Міне бәрі жазулы тұр ғой... Сен аудандық партия комитетінің басшысына қастандық жасау үшін қару іздепсің. Бірақ қару таба

алмағансың. Сосын өзіңнің бұл пиғылыңнан бас тартыпсың. Көрдің бе қандай айырмашылық барын? Өзің бас тартқансың! Мә қолыңды қой да үйіңе қарай зулай бер! Әкең де бәріне қол қойды. Ертең үйіңе қайтады. Сені де жібереміз, егер қолыңды қойсаң. Кеңес өкіметіне ешқашан қарсы болмаймын деп уағда бересің. Сосын қайда кетсең онда кет. Тек осыдан кейін көзге түсіп жүрме!

Көзіне түсіп кете берген қайратты, қалың шашын қайта-қайырып тастап, ұйқысыздықтан көздері қып-қызыл болып қанталап кеткен жиырма төрт жасар жас жігіт әді өмірдің көп қулық-сұмдығынан бейхабар Николай әлі де ешнәрсеге, бұның бәрі не үшін жасалып жатқанына түсінер емес. Әлсіреп шаққа шыдап отыр.

Бұл адамдарға не керек, сонда? Әкесі мен екеуін мұнде неге алып келген? Осы жерден тұрып, басқа жерге барып ұйықтауға неге рұхсат бермейді? Орындықта отырып сәл қалғып кетсе бетінен бір ұрып сұлатып тастады. Ешнәрсе, ешнәрсе түсініксіз бұл қалай болды. Николайдың ойлайтыны осы. Ақыры өтірік қылмасын, өзі жасамаған қылмысты жасадым деп қолын қойды. Португя асынған, жиегіне жұлдыздар тағынған киім киген командирдің сөзіне әбден сенді:

– Ол қағазға қол қойып, оны алып кеткесін келесі тергеуші майорға қарап:

– Бұл атуға апаратын іс қой. Ал жігіт әлі жастықпен...- деп, сөзінің аржағын жұтып қойды.

– Тыңдап ал! Жап-жақсы жұмыс... Екі қылмыс атылған. Өйтпесек, бола ма?! Аа, мына Николайды айтасың ба? Оған жала жауып жатқан мен емеспін ғой!... Жарайды, мен кеттім! Майор осылай деп шығып кетті.

Николайды қамалғандардың қапас бөлмесіне алып келді. Камера есігі екі тәулік бойы бір ашылмады. Бар болғаны алақандай терезеден нан мен салдыр су быламық берді. Ол жерден шыққан соң аса қауіпті қылмыскер, террорлық әрекет жасамақшы болған деген уәжбен этапқа отырғызып Киевке жөнелтіп жіберді. Ол өзін шығарып жібереді деген үмітін еш үзген жоқ. Үштіктің оны сырттай соттаған ісі бойынша ату жазасына кесілді. Үкімді камераға әкеліп қол қойдырды.



Қазан айының соңғы күндерінің бірінде Николайды таңертең камерадан шығарып ұзын коридормен алып бара жатты. Түрменің сызылған, жырылған түрі жаман қабырғаларын бойлай жүріп келеді. Сасық, ауыр бір иіс бар. Сығырайған алақандай тесік - терезе, камералардың алдынан өтіп барады.

– Тоқта! Қабырғаға қарап тұр!,- деген бұйрықты сол бойда орындады.

Бетон дуалмен қоршалған аулаға кіргесін барып көгілдір көктің алақандай бір бөлігі ғана көзіне шалынды. Камерада кейде күп күңгіртті лампа жанып тұрса, кейде оның орнына көзді қарықтатын жап - жарық басқа біреуін әкеліп салып қоятын еді. Ал мынау... Мынау, міне ашық аспан! Кенет әкесі, анасы үшеуі шіркеуге барғаны, сонда пастордың Жаратушы Ие туралы айтқаны есіне түсе кетті. Сосын көз алдына оның сәуледен жаралғандай жап - жарық бейнесі тұра қалғандай болды.

– Бетінді жарға беріп тұр!

Ол осы сөзді естігеннен кейін барып, енді өзінің бостандыққа шығып, үйге қайтармын деген үміті үзілгенін, қазір тарс етіп мылтық атылатынын білді. Сосын әлгінде көзіне елестеген ұлы Жаратушы Иеге азғын екіжүзді майордың істеген зұлымдығын айтып беретін бейкүнә сәбилік сезіміне берілді. Иә, ол өмірінің ең ақтық сәтінде жан-дүниесі адами кір-қоқыстан таза пәкізат, келешегі небір ұрзада үміттер мен сергек сенімдерге толы сәбиге айналып кеткен-ді.

Шарлотта сол күні түнде түс көрді. Өзі үйде жүр, бірақ үйінде ешбір тіршілік нышаны жоқ, өлілер мекені тәрізді. Көне жиһаздар, оларды қалың шаң басқан, төбе шыт-шыт болып жарылып кеткен, жан-жақ өрмекшінің торабынан көрінбейді, аяқ бассаң еден тақтайлары сықырлаған үрейлі үн шығарады. Ауыз үйде балалардың тыпырлап аяқ басқаны естіледі. Бұл Николай ғой дейді іштей. Николай он екіде деп ойлайды екен. Үстінде аппақ көйлегі бар, ап-арық, құлағы қалқиып тұр. Бірақ бұған арқасы беріп, теріс қарап тұрғаны несі?...

– «Ұлым!» - деп айғайлаған болады. Бірақ үні шықпайды. Николай бұған қарай бұрылып күледі. Бетін қан жуып

кеткен Шарлотта осы көріністерді көріп, қатты қиналып оянды.

Иә, түсіндегінің бәрі қара ала түс. Тек Николайдың бетіндегі қан ғана қып-қызыл. Қан бетінен төмен қарай ағып барады, ағып барады.

Шарлотта ауа жетпей, айғайлайын десе үні шықпай жаны қатты қиналды. Аузын арандай ашып ауа жұтпақшы болады. Осылай азапқа түсіп жатып қатты айғайлап оянып кетті. Қараса өзінің бөлмесінде, өз керуетінің үстінде отыр екен. Сірә, қатты тышырлаған болуы керек, көрпесі жерге түсіп кетіпті. Жүрегі дүрс-дүрс соғып, қос самайы солқ-солқ соғып тұр.

Содан таң атқанша көз ілген жоқ

Ворошиловград түрмесінде этап құрастырылып жатты. Генрих Кондратович аулада сапқа тұрғызылған этаппен айдауға кететіндердің ортасында тұр. Күн қатты суық, ауыздан бу бұрқырайды. Жоғарыдан протекторлардың өткір сәулесі құйылып көз қаратпайды. Этап қалың тайганың түкпіріндегі қар басқан жоталардың арасында орналасқан тұтқындар лагеріне жөнетілгелі жатыр. Ол жер Кемерово облысына қарайды. Үстінде сол жолы үйінен алып кеткенде киіп тұрған бешпеті мен көйлегінен басқа дым да жоқ. Қалш-қалш етіп ұшып бара жатқандай. Сәлде болса жылынып алатын бір жер жоқпа дегендей жан-жағына есі кете қарап қояды.

Оған Германияға керекті барлау мағлұматтарын жинап, кеңес үкіметіне қарсы дұшпандық үгіт, насихат жүргізген деген айып тағылып он жыл түрмеде отыруға үкім шығарылды.

Ол сотта бір ғана өтінішін айтты! Зайыбым мен балаларыма хат жіберейін деді. Бірақ оған да рұхсат берілген жоқ. «Үштіктің» соты бірнеше минутке ғана созылды, ол тек үкім оқыған сотқа минуттар ғана болатын.

Ол Николайды бұлар атып тастағандарын да білген жоқ. Балам үйде деп өзінді сендір, сонымен сөз бітті дейтін олар. Осы бір алдамшы сенім ғана оның жүрегін сонау тұңғиық көкте алыстан жылтыраған жұлдыздың жылуындай ғана жылытып тұратын болды. Жақында түсінде кішкентай Ольгасын көргені бар. Қызы бұның тергеуде ең ақырғы қандай

батыл таңдау жасағанын білгендай ақ «Әке, сен деген сондай күштісің ғой...» деді. Ал оныкі күштілік емес, отбасына, перзенттеріне шекіз махаббатың ұйғарымы ғана болатын.

Түрменің ауласына қос тұмсығындағы қос шамы жарқыраған жүк машинасы кіріп келді. Айдауылдардың бастығы бұлардың аты-жөнін тізімге қарап айқайлап айтып тұр. Теміржол вокзалында бір тұйық қосымша жолда бұларды жер түбіндегі-Сібірдің жан аяғы баспайтын бір түкпіріндегі түрмеге апаратын эшелон күтіп тұрды. Эшелон тұрған алқапты солдаттар күзетуде. Енді бір солдаттың аяғының түбінде қап-қара овчарка отыр. Бұлар қазір осында келген машиналардан тұла бойына түрменің қолқаны қабатып жиіркенішті исі сіңген адамдар секіріп-секіріп түсіп, сапқа тізіле қалатында біледі. Сол кезде мына шынжырлаулы ит соларға қарай арсылдап артқы екі аяғына тұра қалып ұмтылды. Ал бұл жерден эшелондар осыннан аттанған адамдарды енді қайтып оралуы екі талай иесіз иенге алып бара жатады.

Генрих Кондратович сол кеткеннен қайтып орала алмады. Ол Сібірдегі, Кемер уәләтына қарасты абақтының сұп-сұр барағында 1943 жылдың сәуірінде жеті жылдан соң қайтпас сапарға кетті... Ол көз жұмар алдында өзін жаламен ұстатып жіберген азғындарды емес, Шарлотта екеуі үй тұрғызып, бау -бақша егіп жүрген сәттерін, сол бақта өсіп тұрған шиіе ағаштардың гүлдеп бүршік атқанын, жаңа туған перзенттерінің күлкілі бет-жүзін, айтпақшы алуан түрлі жібек таспалармен, гүлдермен безендірілген күймелі арба үстінегі үйлену сәттерін қайтадан көріп күлімсіреп жатты.

Ол өлгесін төсектері қатар тұрғандар оның қалған-құтқандарын жалмажан бөлісіп алды. Ал оның шынымен өлгеніне көз жеткізу үшін вахтадағылар өкшесіне мылтық сүңгісін сұғып тексеріп, зиратқа жерлеп болғасын қабірінің үстіне сиямен нөмірі жазылған тақтайшаны қадап қойды. Бірақ ол Шарлотта үшін балаларының да, өзінің де жүрегінде тірі жүрген болып есептеледі. Өмір бойы!

Үкімет комиссиясы 1989 жылы 20-шы қыркүйекте оның ақталғаны жөнінде Қаулы қабылдады. Сөйтіп ол өзі бұл дүниеден өткесін елу екі жылдан кейін барып еш күнәсіз болған болып танылды.



БЕСІНШІ ТАРАУ

-1-

Доброполье, Қазақстан. 1941

Жиырмасыншы жылдары Добропольеде Бақытты деп аталатын бүркеншік есімі бар жынды ауру біреу болды. Оны жерлестері солай атап кеткен. Бақытты мұнда сонау Азамат соғысы заманында келіпті. Біреулер оны ақтардан ба, әлде қызылдардан ба қашып кеткен, дезертир екен дейді. Расында да оның алақанында винтовкадан қалған мүйізкөк бар болатын. Ол сол кезде онша кәрі де емес еді. Бірақ оның ұйысып, ұйпаланған шашы, сақал-мұрты қырылмай жүн басқан беті мен есіріктеніп тұратын көздері оны қаусаған шал қып көрсететін. Бақытты ұдайы жемшөп қоятын қорада тұрды, жалаңаш етіне ешкі терісінен тігілген жіпсіз кеудеше киіп, жалаңаяқ жүретін.

Сосын ол әр жексенбі сайын шіркеуге ғибадат етуге келгендерге:

– Теріскейден күшті жел соғады да сендерді көтеріп әкетіп, басқа бір жерге апарып тастайды... түбірімен жұлып әкетеді. Сонда жер бетінде сендердің іздерің де өшеді деп қақылдайды да тұрады.

Мейлі, ақылы ауысқан адам не демейді, оның басының ішінде, не жатқанын кім білсін? дейді жұрт. Неге екенін кім білсін. Бақыттының сол сөзі Ольганың есінде әбден орныққан еді. Оның үстіне анасы ұдайы: Ол ешқандай да жынды емес, ол Құдайдың адамы дейтін. Ол өзінің ойына келгенін айтып, мына қыбырлап жүрген қалың елден оңаша оқшауланып, адамдармен арасына былайша айтқанда ешкім өте алмастай қалың қамал қойып тастаған өзгеше бір тіршілік иесі еді.

Бақытты әлдеқашан өліп қалған, ал оның кісі күлерлік әжуа дерлік сөздері колония тұрғындарының арасында күні кешеге шейін айтылып жүрді. Кейін арада талай уақыт өткенде Ольга соның бәрін, сол бір жазды, көкорай шалғынды алқапты, қызыл-жасыл киінген адамдардың жүзінде қуаныш

пен шаттықтың нұры ойнап, әзіл-қалжыңы аралас әңгімелер айтып шіркеуге бара жатқанын сағына отырып есіне алады. Әсіресе, Бақыттының тарғылданған дауысы тіпті, ерекше еді ғой...

Оның айтқан көріпкелдігі арада жылдар өткенде рас екені дәлелденді.

1941 жылдың маусымының 22-ші жұлдызында фашистік Германия Кеңес Одағына соғыс ашты. Көп ұзамай НКВД (Ішкі Істер Халық Комиссиариаты) жүйесінде күнделікті ауызекі тілде Еңбек Армиясы аталып кеткен «Уақытша Еңбек Ұжымдары» деген құрыла бастады.

«Сенімсіз ұлттардың» әсіресе немістердің ер азаматтары JJXK - ның жергілікті бөлімдеріне шақырған қағаздар ала бастады. Ол бөлімдерде оларға өздерінің жеке басының күрек-жарақтарын алып жиналатын жерге келуге пәрмен берілді де сол жерден этапқа мінгізіп мыңдаған шақырымдағы ағаш дайындау, құрылыс, кең орындарындағы сияқты жұмыстарға олардың ықтиярынсыз дереу жөнелтіп жатты. Бұл «Еңбек армияшылары» кәдімгі түрмедегілердің тұрмысы сияқты күн кешті. Олардың сотталған қылмыскерлерден бір ғана айырмашылығы бұл жұмыс мерзімі қашан бітетіні беймәлім екендігінде ғана еді.

Еңбек армиясына Добропольедегі неміс ұлтының еркек кіндіктісі жаппай алынды. Тек жасы 55 тен асқандар мен осының алдында болған халық санағы кезінде ұлтын, аты - жөнін орысша немесе украиншаға өзгертіп алғандар ғана алынғын жоқ. Бірақ ондайлар бар болғаны екі-ақ адам екен.

Рейзвихтер отбасынан сол шақта бесінші баласы дүниеге келген отыздағы Александр тізімге ілікті.

Қиыр Солтүстікке Яковті жөнелтті. Оның үйінде емшектегі баласымен әйелі қалды. Жиырма жастағы Андрейді де алып кетті. Үйге еркек атаулыдан жалғыз он екідегі Герман ғана қалды.

Бұл алда келе жатқан нағыз үлкен Қасіреттің алғашқы ызғарлы желі ғана еді.

Тамыздың бас кезінде JJXK жүйесінде Оңтүстік Майдан штабынан №24 мәлімдеме келді. Онда Украинада тұратын

немістер фашистерді нан мен тұзбен қуана қарсы алып, шегініп бара жатқан совет сарбаздарын (солдарттарын.-М.К) үйінің терезесінен арқасынан атады делінген екен. Ол кезде Ставкаға моральдық жағынан азғындаған солдаттар әскерден қашуда, әсіресе, алғашқы бомбалау кезінде бөлімшесін тастап кетіпті деген сияқты түрлі мәліметтер келіп жатты. Шынында да немістер шабуылының бастапқы шағында командирлердің өздері де дұшпанға не қарсылық көрсетуді, не шегінуге бұйыруды білмей бастары қатқаны рас. Міне, НКВДшылар осындай жағдайда кінәні, бүкіл айыпты әйтеуір, біреулерге аударудың амалдарын іздестіре бастағаны да шындық. Мүмкін, әскердегі қашу, дұшпан жағына өтіп кету уақиғалары ішінара болғанда шығар, бірақ соның бәрі жоғары жаққа жаппай сондай жағдаят болып жатқандай етіп жеткізіліп отырыпты. Сол кезде Қызыл әскер қатарында 38 мыңнан астам этникалық немістер, оның ішінде неміс командирлерде болып кеңес солдаттарымен бірге соғысып, бірге шегініп, қаза тауып жатқанына назар аударып, көңіл бөлген адам болған жоқ.

Мәлімет үстел үстіне келісімен оған Сталиннің «Сүйрелеп тұрып көшіріп жіберіндер» деген бұрыштамасы сол сәтте қойылды.

Дәлел-дәйектер НКВДмен ғана келісіліп, солардікі ғана мақұлданады. «Большевик» газетінің 1941 жылғы 30-шы тамыздағы кезекті санында жарияланған мақалада былай деп жазылған: «Сенімді мәліметтерге қарағанда Поволжье манындағы неміс тұрғындарының арасында Германиядан нұсқау күтіп отырған мыңдаған диверсанттар мен шпиондар бар екені мәлім болды». Одан әрі «Поволжье немістерінің арасында диверсанттар бар екені туралы ол жақта тұратын немістердің ешбірі кеңес өкімет орындарына хабарламағанына қарағанда оларды саналы түрде жасырып отыр деуге болады»-деп жазылған. «Саналы түрде». Демек немістердің бәрі айыпты. Бұл мақала КСРО Жоғары Кеңесінің этникалық немістерді жер аудару туралы Жарғысына орай жарияланғанды.

Жоғарыдан пәрмен келсе, мықсалдай кінәсі жоқ қара

халықтың тіршілігі де соған орай өзгеріске түсіп, өзгеше күйге түсетіні мәлім. Сонымен бұл немістерді қайда көшіру керек деген сұрақ туды. Сонымен осыдан жүз жыл, екі жыл бұрынғы дағдылары бойынша Ресей басшыларының назары Қазақстан картасындағы бос жатқан жерлерге тағы түсті.

Қазақстанда жаңа поселкелер салу тек Сталин жолдастың бұйрықтарын орындап қоя салмай, сонымен бірге бос жатқан жерлерге жер аударылған еңбексүйгіш неміс халқын орнықтырып дала ресурстары тек мал шаруашылығына ғана жарады деген көкезу сөзден құтылуға жол ашып берер еді де...

Бұл операцияның тікелей атқарушы КСРО НКВД-сының арнайы қоныстанушылар жөніндегі бөліміне бұл шаруаны даярлауға бір ай мұрсат берілді. Карталарда болашақ мекендердің орны белгіленіп, жол бағыттары сызылды, жауапты адамдар тағайындалды. Кез-келген ықтимал жағдайда не істеу керектігінің нұсқаулықтары жазылды. Сөйтіп, ана жақта ұрыс даласында адамдар опат болып жатса да, тоқтаусыз жұмыс жасайтын мемлекеттік машина іске кірісті.

Украина аспанында алапат шайқас жүріп, майшандағы бұрқыраған сан тарау жолдармен гимнастеркасының арқасы терге малынған сарбаздар-солдаттар легі өтіп жатыр, өтіп жатыр. Бұлар немістерден шегініп баратқан кеңес әскерінің сарбаздары. Зеңбіректерін сүйретіп, арбадағы ас үйінің ыдыс-аяқтарын салдыратып кетіп бара жатқан тізбектің ішінде штаб көліктері де баяу ғана жылжуда. Жаралы жеріне кір-кір дәке байлаған жаралылар да бірін-бірі сүйемелдеп жылжыған болады.

Олар үстімен өтіп бара жатқан деревнялар тұрғындары оларға: -Бізді тастап кетіп барасыңдар, ә? Гитлерге, ажал аузына қалдырып бара жатырсыңдар сасықтар, - деп әйтеуір бір айқайлап қалады.

Ал ұрыс даласына жап-жақын тылдағы кейбір мекендерде адамдарды өз үйлерінен қуып шығып жатқан қызыл жиекті фуражка кигендер көрінеді. Ауланың қақ ортасында солардың қайсысының қолындағы өз бұйымына жармасарын білмей

колониялық жас неміс келіншек тұр. Қолына іліккен бұйымды іліп алып жүрген энквэдэншілерге аңтарыла қарап келіншек әлі тұр.

– Өздеріңмен бірге балаларыңды, әке-шешелеріңді, тіпті, басқа да тума-туыстарыңды көшіріп әкетулеріңе рұхсат. Қабырғадағы фото-суреттеріңді алуларыңа болады,-деп қызылбет сержант мысқылдап қорлап тұр. Ол ессіз өзі бір кедей шаруаның баласы.

– Сиярға тиіспендер! Ол бізге керек!

Ол осындай қорлап сөйлегеніне, өз-өзімен мәз болып жүр.

Көшеде жүк машиналары гүрілдеп тұр. Бұларды органның өкілдері бол да болдың» астына алып асықтырып қуырып барады. Жиналып жолға шығуға екі-ақ сағат мәулет берілген болатын. Бас-аяғы бір-екі тәуліктің ішінде мыңдаған адамның өмірі қақ ортасынан бөлінді де кетті.

-2-

Шарлоттаның есін жинауына да мұрша берілмеді. Біреулер есікті қағып, сосын бұлардың көшірілетіні туралы қағазды ұсынғанда оның ойына енді күйеуі мен Николайдың баратын жері де болмайды-ау деген ой ғана келді. Олар әйтеуір бір келеді, сонда бұл үйде өз адамдарының ізі де жоқ екенін, бос тұрған шкафтардағы, шаң басқан бөлмелерді ғана көргенде не күйге түсер екен? Біз енді бір-бірімізді көре аламыз ба? Бір-бірімізді қайдан, қалай табамыз?

Шарлоттаның осы ойын аяқтап, өзіне-өзі келуіне де мұрша берместен хром етік кигендер келіп тағы да жүр-жүрдің астында алды.

Сілейіп бір орнында мәңгіріп тұрған Шарлоттаның тұсынан өтіп бара жатқан әскери біреу:

– Нұсқау бойынша жиналуға бір тәулік қана беріледі. Алайда, ...соғыс аймағындағы жағдай ондай жайбасарлықты көтермейді. Сондықтан екі-ақ сағат уақыт береміз. Өздеріңмен бірге ас-суларыңды, жеке заттарыңды, керек-жарақ аспаптарыңды, қысқасы күнделікті қажет бұйымдарыңды ғана алыңдар. Сосын қазан-пазан, көрпе-көпшік деген сияқты.

Егер үйіңнен өрт шығып жатса ең қымбатты бұйымдарыңды

аман алып қалуға ұмтыласың ғой. Ал соншама жылдар жиған-тергеніңнің қайсысын алуынды білмей сасқалақтап тұрсаң ше? Өйткен, оның бәрі сенің өміріңнің әр күніне, әр сәтіне қатысы бар, әрі қажетті естелік, әрі сол өткен күндеріңнің куәгерлері емес па?!

Қабырғада, ең көрнекті жерде Генрекс Кондратовичтің суреттері ілулі тұр. Біреуінде ол әскери киім киген жас сарбаз. Екіншісінде одан едәуір кейініректегі сақа жігіт болып қаба сақалды байсалдырақ кезі. Өлі де өзіне-өзі келе алмай есеңгіреп тұрған Шарлотта әуелі сол фотосуреттерге тұра ұмтылды. Сосын неміс тілінде жазылған көне дұға кітаптарды қолы қалт-қалт етіп қысып алып шықты. Өзі онсыз да есінен танып жүрген оны бір жағынан әскерилер тықыршытып одан сайын қапылдыруда:

– Тезірек! тезірек!

Қолына іліккен заттың бәрін сейсепке (көрпе тысына-М.К.) орап түйіншектеп байлап тастады. Бұл кезде үлкен ұлы Александрдың зайыбы Мария осы үймен жапсарлас салынған шағын құтханасында ол да жанталаса жиналып жатқан еді. Ол да қолына іліккеннің бәрін бір қапшыққа тыққыштап сасқалақтап жүр. Алды оңға, арты төртке енді келген төрт баласы үдірейіп, анасының мына апыл-ғұпылына түсінбей керуерт үстінде көздері бақырайып үнсіз отыр. Мария кенет орнынан қозғала алмай көзі ұясынан шығып қатты да қалды. Түрі де қатты бұзылып кеткен.

Ұлым!...Ұлымды әжесінің үйіне апарып тастағанмын. Көрші ауылда... Александрды айтам... ол он бір-ақ жаста ғой... Үлкен ұлым... енді қайттім а? Оны алып келуім керек қой.

Болмайды! Уақыт жоқ! Бет-аузын шешектен қорасан дақ пен тыртық жапқан әскери осылай деп бірақ қайырды.

Құдайым-ай... Құдайым-ай!... ұлым Сандар қалып қояды ғой.

– Әй, қатын! Болды ғой енд! Тез жинал! Бір сағаттан соң көліктер жолға шығады!

Яковтың әйелі емшектегі баласын кеудесіне қатты қысып алыпты. Оның есімі де Мария. Бір кезде баласын керуетке жатқыза салып сыртта жайылып тұрған жаялықпен баласының

көйлектеріне өарай тұра жүгірді. Осы баласын туар алдында күйеуі, сүйікті Яковы аудан орталығындағы дүкенге барып қаңылтыр сылдырмақ ойыншық әкеп берген. Енді міне, қас қылғандай ол да табылар емес. Мария көз жасына ие бола алмай үйдің ішінде аласұра жүгіріп жүріп соны іздеуін тоқтатар емес. Алдында тұрған мындаған шақырымдық азапты сапардағы ең қажетті де, қадірлі бұйымы дәл қазір Мария үшін сол сылдырмақ қана сияқты.

Тез! Тездетіндер!

Өзіне де беймәлім сапар алдында өз-өзіне келіп сәл-пәл ойлануға да, талай-талай қуаныш пен бақытқа толы күндері өткен осы бір ұядай ғана құтханасымен көз жасын төгіп отырып қимай қоштасуға да мұрша берер емес мына әскери тасжүрекер. Ың-жың айқай-шудан басы шыңылдап, қолдары да қалтылдап кетті. Көше біткен көлікке толып тұр. Аулаларда буыншақ түйіншектер үйіліп қалыпты. Нағыз жанталас енді басталды.

Бір ауладағы арықша келген бір әйелдің беті әлемтапырық үрейлі күйге түскен:

– Ешқайда! Ешқайда да бармаймын! Бұл менің үйім! Менің сүйегім осында, осы үйден шығады. Бармаймын дедім ғой,- деп шыңғырады келіп.

Оның жанында жаз бойы күнқақты болып күйіп кеткен шашы ұйпа-тұйпа төрт жасар шамасындағы қыз бала солқылдап жылап тұр.

– Мынау сіздің қызыңыз ба?

Әскерилердің бірі осылай деді де шыңғырып жатқан әйелдің жауабын да күтпестен кішкентай қызды қолтығынан көтеріп алып көліктің қорабында тұрған екінші біреуге бере салды. Әлгінде ғана шыңғырып аласұрып тұрған әйелдің үні сол бойда өше қалды. Сосын аһылап-уһылеп қызының соңынан тұра ұмтылды да сүрініп кетіп етпетінен сұлап түсті. Сосын қаны сыртына шығып тұрған жаралы тізесі дір-дір етіп кішкентай қызын құшағына қатты қысып алып, меңірейіп тып-тыныш отыра кетті.

Фуражка кигендер мұндағылардың бәрі қалайда көшірілетінін, қарсылықтың ешқандай пайда бермейтінін

әуелден ақ түсіндіріп қойған болатын. Жер аударылып жатқандарды олар қылмыскер, айыпты немістер ғана деп біледі. Олардың неміске қаны қарайғаны сондай тап қазір бұларды түгел қырып салудан да тайынатын түрі жоқ.

Айнала жылап-сықтауға, айғай-шуға толып кетті.

– Ұлым, ұлым менің... Сандар, жан балам менің... ол мына тұрған жап-жақын деревняда ғой... Онсыз менің өмірім өмір болады ма?... Александрдың әйелі Мария осылай деп жанұшыра шыңғырып жатты.

Оның да бір-бірімен іркес-тіркес дүниеге келген төрт баласын үнсіз сүйрелеп әкеліп көлікке мінгізіп жатқанда Мария балаларының соңынан жаны ышқына ұмтылды.

Ал Марта ше? Бұл кезде Марта өзінің соншалықты не істерін білмей отырған толқынысын басып, екі баласына алда өте қызықты саяхат болатынын, бұлар көшіп баратын жер бұл дүниедегі ең жанға жайлы, жер бетіндегі жаннаттай мекен екенін, ол жақта әрқашан көкте күн жарқырап тұратынын, ал әкесі көп ұзамай сонда келетінін майын тамыза әңгімелеп отырды. Оның екінші ұлы әлі екі жаста болатын.

Колонияшыларды көшіру басқа жақтарда дәл мұндағыдай ерекше бір асығыс-үсігістікпен жүргізілген емес. Еділ бойындағылардың (Поволжье) жолға жиналуына бір тәулік мұрсат берілді. Ворошиловград уәлаятында бұл аймаққа соғыс өрті тым таяп қалғанына орай екі сағаттың ішінде көшіріп үлгеруге тырысты. Еділ бойынан көшетіндердің артында қалып бара жатқан мал-мүлкінің әрқайсысының нақты бағасы қойылып, олар көшіп барған жерде сол баға мөлшерінде қаржы-қаражаттарын алатын түбіртек берілді. Қалай дегенде де өкімет оларға осылай уағда берді. Ал босап қалған үйлерге Мәскеу мен Ленинградтан эвакуацияланғандарды әкеліп орналастырды.

Жаңадан көшіп келіп жатқандар келе сала бұлардан қысылып-қымтырылмастан шарбақтардағы үйрек-қаздарды қуалап ұстап алып, үйге кіріп кетіп жатыр. Сірә, әбден ашыққандар болу керек...

Ал Добропольенің көшкелі жатқан тұрғындарына ондай түбіртектер де бұйырған жоқ. Енді бір сағат өтер өтпесте

мұрты бастырылған сардар қолсағатының бет әйнегін маңғаздана түрткілеп қойып: «Болындар, болындар!» деп шіреніп тұрды. Сол-ақ екен көшедегі бүкіл көлік оталып гүр ете қалды. Әскерилер бар даусымен «Шығындар, шығындар» деп айғайға басып елді басына көтерді.

Он алты жасар Ольга ернін тістелеп анасына көмектескен болып тұр. Жолда қорек қылатын ас-су, көрпе-төсек, қыс киім... бәрі керек... Каролина мен бірге өзге де он шақты келіншектер басқа бір көлікке тиелді. Ал Каролинадан екі жас кіші Лидия бұл кезде бақтағы әбден пісіп жерге төгіліп жатқан өріктерді көйлегінің етегіне салып жинап жүр, ал кішкентай Герман темір торшаны ішіндегі құсымен қоса көтеріп машинаға беттеді.

– Әй, торды қайда апара жатырсың?

Жағасына қызыл белгіше таққан біреу Германды тоқтатып оған тесіле қарады.

– Оның ішінде кішкентай балапан бар ғой. Мен оған өзім күтім жасап жүрмін. Ол ауру.

Сол жерде тұрған тағы бір әскери: балапанның не жазығы бар?... оны жібере сал... өзіңе қажетті нәрсені ғана ал,- деп тісін ақситып күлді.

Көздері қап-қара моншақша жылтыраған, төсіндегі қып-қысқа мамығы үлбіреп тұрған торғайдай ғана кішкентай құс уысында кеудесі дүрс-дүрс соғып тұрды да анау алақанын ашып жіберген сәтте пыр етіп ұша жөнелді. Бірақ таяқ тастам жердегі сарайдың түбіне жете бере кеудесін жерге соғып тұмсығымен жер сүшіп қона кетті. Оны көп ұзамай әйтеуір бір мысық жеп қоятыны да күмәнсіз ау...

Мария ана машинаға бір мына машинаға бір жүгіріп көрші деревнядағы ұлымды ала кетейікші деп зар илеп жалынып жүр. Біреулерінің аяғына жығылып қалтасында қалған тиын-тебенін де бермекші. Ең соңғы алтын сырғасын да ұсынады.

«Әне, анау жерде...өзеннің арғы бетінде ғой... жап-жақын ғой! Құдай үшін, балапанымды ала кетейікші. Ол менің анамның үйінде ғой»- деп айтпаған зары қалмаса оны еститін тірі пенде көрінбейді.

«Жок. Болмайды!» еститіні осы. Бар тапқан амалы бір кезде ауланың қабырғасына жақындап барды да: «Ұлым! Біздің

бәрімізді басқа жаққа әкетіп барады. Бірақ мен сені бәрібір табамын. Маған сенші!» деп көмірмен жазып қойды. Балам осында келгесін осыны оқиды ғой деп өзін-өзі сендірген болды.

Оларды қайда алып бара жатқанын ешбір жан баласы білген емес. Ал солдаттар білсе де үндемейді.

Міне, машиналар қозғалатын сәт те келді. Шарлотта жәшіктері мен сандық, шамадандары ашы-шашық боп қалған әжептеуір бұйымдары жатқан бөлмелерді тағы бір айналып шықты да сыртқы есіктің құлпын ілді. Кәре берісте бірер секунд тағы да аялдап тұрды. Бұдан басқалардың бәрі көлікке жайғасқан. Қап, мына терезелерге айкастырып тақтай қағып тастасам ғой дейді іштей. Сарайға бет ала бергенінде...

Көз алдына күйеуі келе қалғандай болды. Ән, ол шашы аппақ қудай болып кіріп келеді. Иығына қоржын ба әлде жолқапшық па томпайған бәрнәрсені асып алыпты. Жан-жағына тас-талқан, тал-берен болып жатқан айналасына, ащы соранның бұталарына, жаңағы төңкеріліп жатқан құстың торына, жартылай күйіп қалған сүлгі, орамалдарға аң-таң қалып қарап тұр. Есіктің алдына келіп ол да бұның өзіне ұқсап тот басқан құлыпты ұстап көре бастады. Терезелер бітеп тасталған, Қатын, бала-шаға қайда кеткен? Құдай-ау енді оларды қайдан табам деп тұрғандай.

О-о-ой, дүние-ай! Күйеуі мен екеуі осы үйді сонау жылдары қандай ықыласпен, шат-шадыман күйде ойнап-күліп жүріп салып еді-ау! Осы үйде екеуі бала-шағалы болды, арасынан қыл өтпей ұрыс-керіссіз, балаларын бағып-қағып, бірге тәрбиелеп өсірді. Құдайды құрмет тұтатын мейірбанды азамат қып өсірді. Екеуінің балдай тәтті қаншама өмірі осы үйде өтті. Мұндағы қағылған әр шеге бұлардың көнекөз таныстарындай ғой. Қабырғаларында қасиетті кітаптан алынған дұғалар ілулі тұр.

А-а-а-й, Шарлотта-ай!... Добропольеге немістер келген күні бұларды үстінен жала жауып хат жазған көршісі қазір ер жетіп қалған ұлымен бірге полицияға жүгіріп барып, енді соларға қызмет қылатын болады-ау, ә? Жақын маңайдағы селоларда сонау төңкеріс кезінде аты-жөндерін, ныспысын,

ұлтын өзгертіп алған жөйттер-еврейлер аз болған жоқ. Бірақ оларды кейін өз ауылдастары шетінен ұстап берді. 1943 ақпанында жазалаушы полицияларға еврейлердің көзін құртуға пәрмен берілді. Адамдарды осы Добропольеге тақау жердегі Лозовое селосының шіркеуінде өртеп жіберуге шешім қабылданды. Оларды сол жерде өз тапсырмасымен жүрген барлаушылар кездейсоқ кездесіп құтқарып қалады. Құдайдың күдіреті деген осы шығар, бұлардың полицияға қызмет етіп жүрген көршісін сол күні орта бойлы, қысық көз, түрі бір қарағанда өте сұсты Қаһар деген қазақ барлаушысы жүгіріп бара жатып бірақ атып сұлатып кетеді. Ал ол полицай сонау кезде Рейзвихтардың ең үлкен ұлы Николайды әдемі бұйра шашы толқынданып тұрған көк желкесінен атып өлтірген адамның өзі болатын. Қаһар оның Николайды атқан жаңғыз оғын сол күні оның өзіне жұмсаған екен ғой.

Бұл жайлы кейінірек...

Сонымен міне, енді өткен күндермен бұратола қоштасар сәт те келді.

Гүрілдеп тұрған көліктен біреу:

– Әй, қатын! Неғып тұрсың мелшиіп? Бол тез! -деп айғайлап жіберді.

Шарлотта сүйікті құтханасы мен алмалары балбырап пісіп тұрған алма ағашына, қорада төрт аяғына кезек теңселіп қашан бір шелек су келерін күтіп тұрған сиырына ең ақырғы рет жүрегі сыздап тұрып бір қарады да жүк көлігіне қарай беттеді. Балаларына қолын созды. Олар есеңгіреп тұрған анасын қолынан тартып мінгізіп алды.

Олар Добропольеге жеткенде машиналарда адам лық толы екен. Жүк көліктері осының алдында ғана бұрынғы колония Миллеровада болған. Ольга қорапқа отыра бере бір жас әйелді көзі шалып қалды. Ольгаға бұл әйел шамадан тыс сұлу көрінді. Оның қап-қара мөп-мөлдір аясы кең көздерін, иығынан төмен қарай төгіліп арқасында сұлап жатқан қалың да жуан бұрымын, тізесінен сәл ғана төмен түскен ашық түсті шыт көйлегінің ішінен сыртқа теуіп тұрған сымбатты мүсінін сөзбен суреттеп жеткізу де мүмкін емес. Бұл жап-жас әйел іші көр-жерге толып томпайып жатқан қапшықтың үстінде қос

жанарын қияндағы әлденеге тігіп үнсіз отыр. Ол тап осы қазір мұнда, жүк көлігінің қорабына емес, мүлде басқа бір жерде жүргендей көрінеді. Ольга оның жанына жайғасқан екен.

Күн ашық, бүкіл жер дүние жасанып жайнап тұрғандай. Деревняның шетіндегі егін алқабында әбден пісіп, масағы жерге иілген қалың бидайдың о шеті мен бұ шетіне көз жетпейді. Иә, егін биыл орасан бітік шықты. Бақтардың іші қызғылт, сарғылт алмасын тұнып тұр. Үлкен жолдың екі бетін қуалай алуан түсті жидек тіпті қалың боп өсіпті.

Көліктер жолдың шаңын аспанға көтеріп, деревнядан ұзап барады. Көпірдің ар жағынан қалың бұта өскен қырат, сосын ирелендеп аққан өзен бір көрініп, бір жоғалып қалып барады. Меннониттер өздерінің бала-шағаларына аппақ көйлек кигізіп талай жылдардан бері осы өзеннің жағасына әкеліп шоқындыру рәсімін сән-салтанатпен өткізетін еді-ау...

Оның есіне сонда өзен бетінде қалқып бара жатқан гүлдер түскенін қайтерсің?

Көлік селоларды бір-бірімен жалғайтын үлкен жолға түсіп, аудан орталығына бұрыла бергенде жаңағы жас сұлу әйелге бір бәле көрінгендей болды. Ол кенет қалың ұйқыдан селк етіп оянғандай атып тұрып жан-жағына алақ-жұлақ қарап алды да қораптың ернеуіне қарай тұра ұмтылды. Отырғандар ұшып түрегеп ұстап қалмағанда ол жүйткіп келе жатқан көліктен секіріп кететін еді. Жұрт енді өзін жібермесін білген ол қораптың бұрышына әуелі үнін шығармай отыра қалып кенет көкке қарап «А-а-а-а» деп аңырай бастады. Оның даусын кабинадағылар естіп машина тоқтай қалды. Әскерилердің біреуі мойнын созып қорапты көзімен бір шолып шықты да жүргізушіге «Кеттік!» деді. Миллеровадан мінген бұйра шашты толық бір әйел айқайшыны баласындай қып құшақтай алып жұбатқан болып жатыр. Ал ананың оны тыңдайтын түрі жоқ. Аузынан «Фрида, Фрида...» деген бір сөз түспестен аңырай берді. Қораптың ернеуінен алысқа көз салып отырған Ольга бір кезде көліктің шұбатылған шаңының арасынан бұлардың соңынан қалмай шауып келе жатқан итті көріп қалды. Бұл олардың өздерінің Китрел деген төбет иті еді. Жүні сабалақ-сабалақ. Дүбара көлікті қуып

жетпек болып барын салып келеді. Денесі шағындау бұл дүбәрәның аяқтары сәл ұрындау болғанда ғой... Ол ара-тұра аузына тығылған жүрегін, ауа жетпей алқынып бара жатқан өкпесін тынықтырып алғысы келгендей сәл жата қалады да бұлардың соңынан тағы жүгіреді. Соның арасында қатты-қатты қыңсылап қояды.

Әрқайсысы бір қауым жұртты тиеп алған жүк көліктері үлкен жолға шығып алып, жылдамдығын бұрынғыдан да күшейте түсті. Қорапта отырған әйелдердің шаштары иелікке көнбей біресе дудырап, біресе көздерін жауып желпілдеп келеді. Иттің мына қылығын көрген әйелдердің көпшілігі көзіне жас алды. Ал ит көлікке біресе жақын қалып, енді бірде бұрылыстарда көзден таса болып, сосын қайтадан көрініп заулап келеді. Қожайындарына әбден берілген дүбара төбет он жеті шақырым жолды жүгіріп өтіп, станциядағы жүк вагонының қасына жиналып тұрған қалың адамның ішінен Шарлоттаға тақалып келіп Шарлоттаның қолын екі мәрте жалап-жалап алды да жәймен ғана қыңсылап қып-қызыл тілін түгел шығарып жіберіп оның аяғының астына құлай кетті. Ол өзінің бүкіл демін тауысқан еді.

Жұрт вагонға тиеле бастағанда төбет қимылсыз қалған болатын. Ольга мен Лидия өздерін қашан вагонға шақырғанша өлі, сүйікті итінің қасында тізерлеп жылап қоштасып отырды. Оның тілі бір жақ езуіне түсіп, азуы сәл ақсиыңқырап жатты. Табандарында шаң аралас ұйып қалған қан көрінеді, қос бүйірі солып, ішіне кіріп кеткен. Асыл тұқымды, өте сезімтал төбет өзінің сүйікті қожайындарымен осылай қоштасты. Бұл жер ауып көшіп келе жатқандардың алдағы өмірінің алғашқы қазасы болатын.

Вагонның қасында қара-құра көп жиналған. Добропольеден, Миллероводан, Лазовоедан, Отродноедан, әйтеуір елуге жуық. Арасында еркек кіндіктен біреуі де жоқ, ылғи әйелдер мен балалар, сосын кемпір-шалдар. Бір кемпірдің үстіне көрпе жайып, матрацымен көтеріп әкелді. Оны вагонның дәл түбіне жатқызып еді, ол бірде-бір тісі жоқ үңірейген тасқараңғы аузын ашып анаған да, мынаған да қарап жымыып қояды.

Омырауы мен екі жеңі неше түрлі әскери белгілерге толған біреуі кемпірдің жанына келіп тұра қалды.

– Иә, қария! Немене өмір бойы немістерді туыш-туыш болып, енді сүт пен бал татыған жерге кетіп баратырсың ба?

Кемпір оған да қарап күліп қояды. Оның жанары өшіп солып қалған көздері тағы да қалың әжімнің астында көрінбей қалды. Ол осы жатқанда айналасында не болып жатқанын білетіні күмәндау еді.

Мария әлі жылап отыр. Бейшара ананың мына колонна жолда көрші деревняға соғып ұлын – Александрды ала кетуі де мүмкін деген өте әлсіз үміт жібі үзілмей тұр. Бірақ бұлардың қарсы алдына есігі айқара ашылған қызыл жүк вагоны келіп тоқтай қалғанда сол нәзік үміт жібі бұратола үзілді де кетті. Ол сол минуттан бастап кеше ғана алпыс екі тамырын түгел иітіп өзі дүниеге әкелген перзентінен айрылғаны рас екеніне, өзінің басынан өткеріп жатқан осы жағдаяттың бәрі түсі емес өңі екеніне енді өзін-өзі көндіре бастады.

Ол өзінің осыдан кейінгі өмірін тірілей айрылған ұлымен кездесетін күнді күтумен өткізді. Соншама жылдар өтсе де оған ұлы сол кездегі он бір жасындағыдай көрінетін де тұратын. Әттең оның Кеңес Одағының темір құрсауында өмірлерін өткізген не тума-туысқандары, не ағалары мен апалары, кейін еркіндік алып Германияға көшкен ұрпақтарының ешқайсысы да оны көре алмастан, қайда, не өлі, не тірі екенін біле алмастан кетті.

Баяғы бақытты деген қаңғыбас мархұм айта салған Ұлы Жел соғатыны туралы айтқаны айдай келіп, ананы – баласынан, ерлі-зайыптыларды бір-бірінен тірілей де, өлілей де айырып, әрқайсысын әр тарапқа бастырып, тұтас бір халықты қара жамылдырып соғып өте шықты. 1939 жылғы халық санағының мағлұматтары бойынша Кеңес Одағында сол кезде бір жарым миллионға жуық неміс болған екен. Солардың бір-бірінен айрылып ту-талақайға түскен жарты миллионы Қазақстанда қалыпты.

– Қане, вагонға кіріндер, - деп энкэвэдэшiлер айқай салды. Паровоз орнынан жәйлап қозғала бастады. Бұлар мінген вагон Новошахтинск түбіндегі шағын теміржол бекетінде Қырым мен Таганрог немістері тиелген вагондары қосылып, тұтас бір пойыз болғанын күтетін әскери эшелондардан бөлек жалғыз

кете береді. Бірақ осы бір жаңғыз вагонның жол бойында тоқтамайтын жері болсайшы.

Ал пойыз бастығы күн сайын телефон арқылы байланысқа шығып, өздерінің қай маңда кетіп баратқанын КСРО ПХК-ның арнаулы қоныстандырушылар бойынша бөліміне тікелей баяндап отырады.

Тарих тағы да қайталанумен болды. Енді міне.... Бұл жолы жүк тиейтін вагондар, сосын малдың орнына қағаз түбіртектер ғана. Буыншақ-түйіншектер, көрпе-көпшіктер, сейсептер мен етік, шұлғаулар. Өзгерген ешнәрсе де жоқ. Тек қана бұрын меннониттер қуғын-сүргіннен өздері қашқан болса, бұл жолы оларды басқалар қуып келеді.

Көгінен күн нұры төгіліп тұратын қайран Украина көзден ғайып боп тасада қалып барады, алда бұларды картада тірі жан тұрмайтын қу медиен деп көрсетілген жаққа әкетіп барады. Бұл жолы Ұлы Даланы олар үшін бір аяуға да болмайтын адамдардың күшімен теп-тегін игермекші.енді тағдыр тепкісіне түсуден бір арылмаған жұртты алда қыс болса қарлы боран үйлердің төбесіне шейін жауып, ал қара қарғаның қанатына шейін күйдіретін ыстығы бар, аңызак желі аңқанды қуыратын, аналары тіл-көзден сақтау үшін деп арқалығына үкінің қауырсыны мен тырнағын тағып қойған бесікте бөпесін әндете тербетіп, дастарханында сүзбесі мен сары майы, қазы-қарта, жал-жаясы қалаған уақытында кіріп келетін мейманын күтіп, ақсақалдары кең даламен адамша сыр шертісіп отыратын ұш-қиырсыз Дала шалқасынан түсіп күтіп жатыр.

-3-

Сыртынан пломба салынған жабық вагондарды ел ішінде «бұзаухана» деп атап кеткен. Ол мал және әртүрлі жүк тасуға арналған. Ішінде нары да жоқ, жата кететін сабан да төселмеген. Ауа кіріп тұратын «соқыр терезесі» бар кәдімгі көне ағаш вагон. Қабырғаларындағы жырық-жырық саңылаулардан шаң кіріп, ар жағынан күн сәулесі жылтырап қана көрініп тұрады. Осындағылардың біреуі үйінен ала шыққан шамды төбеге іліп қойған екен. Вагонның түкпір

жағынан сол шайқалақтап сарғыш түсті жарық түсіргендей болады. Бүгіннен бастап осы бір сұрқы жаман көне вагон осында отырған елуден астам адамның ортақ үйіне айналды. Алда әлі де ұзақ жол жатыр.

Вагонның есіктері бұларды басынан нұқып тұрып тәулігіне бір мәрте санап тұру үшін, сосын іші толы шелектерді шығарып төгу үшін аялдамаларда ғана ашылады. Вагонның ысырмалы есігі ашылғанда ішке лап етіп күн сәулесі құйылып, қараңғыға көзі үйреніп қалған бұлар бетін қос қолымен бүркей қояды. Жаңбыр жауған түндері бүкіл жыртық-тесік саңылаудан су төгіліп еден тақтайлары шылқылдап кетеді.

Бұлвагонның жүргенінен тұрғаны көп. Олайдалаға тоқтаған кезде балалар қуықтай терезеден қолдарын сыртқа шығарып күн сәулесіне, тосады. Ал бекеттердегі аялдамаларда терезеге қол салсаң болды, етігімен қиыршық тасты сықырлата басып арлы-берлі жүрген сақшы «Тарт қолыңды, Тұмсықтарыңды көрсетпеңдер!» деп арс-арс етеді.

Ростов қаласына жақын жердегі шағын бекетке келіп тұрғанда терезеден мынадай бір көріністің де куәсі болды. Сақшының жанына басындағы кепеші умаждалған масаң біреу келді. Терезеден қарап тұрған балаларды көріп сақшыға қарады.

– Кімдер бұлар?

Әшейінде солдаттар жанына бөгде біреулерді жақын жуытпайтын, қарапайым адамдар олардан өздері де жырақтау жүретін. Осы жолы қарауыл әлгі маспен сөйлеуден қаша да қойған жоқ.

– Немістерді! Немістердің балаларын алып бара жатырмыз.

– А-а, фашистар десейші... оларға сол керек.

Солай деді де балаларға қарап: – Не қарайсыңдар, сұр жыландар! деп жекіре бастады.

Бекеттің перронында бір әйел ашытылған қырыққабат сатып отырды. Ол вагон терезесінен қолын созып тұрған балаларды көрді де орнынан түрегеп тұрып осы бір бейтаныс жандарды сақтай гөр деп Жаратушыдан тілек тілеп алыстан қолымен шоқындыру қимылдарын жасады. Әшейінде эшелон

жұрттың көзінен таса қосымша шеткерілеу жолдарда тұратын еді. Ал бұл жолы қалың көпшіліктің жүретін жерінде тұрғаны оны әлдебір жақсылыққа жоруға боларлықтай жағдай деген үмітке жетелеп...

Балалардың ең басты міндеті суды молырақ жеткізу. Әдетте вагон есіктері ашылған бойда оған өрт сөндіру шлангысы жалғана қоятын. Қалай да оған шелекті тосып үлгеру керек. Қатты қысыммен келіп атқылап тұрған су қолыңнан шелегіңді жұлып кете жаздайды. Жан-жаққа шашырағанда тұла бойыңа да құйылып малмандай боласың. Соның өзіне де бала-шаға шуылдасып маз болып жүр. Шлангден құйылған судың астына шелекті бұрыш жасап қоя білу де балалар үшін үлкен бір өнер. Су алып болғасын вагон есігі қайтадан жабылып бұлар лақсасы шыққан көне вагонның бүкіл жыртық-тесігіне қайтадан үңіледі.

Рейзвихтің отбасын түгендесең қазір олардың мұндағы қалғандары – Шарлотта, Марта, Мартаның екі баласы қазір көп-көркем бойжеткен болған Каролина, Ольга, Лидия, сосын он жасар Герман ғана. Бұлар вагонның түкпіріндегі терезенің түбіне жайғасқан. Олардың қасында Александрдың төрт баласымен әйелі, Яковтың емізулі баласы бар әйелі. Бүкіл көрпе-көпшік, киім-кешекті төсеп бәріне ортақ бір төсек құрастырған. Керулі арқанға көрпе тыстарын керіп, қоршау жасап өздерінше бір жеке кеңістік жасап алған.

Үйінен ала шыққан бұрынғы даярланған тағамдардың қалғанын, кеуіп қалғанқытырлақ нан. Бар қоректері сол ғана. Бұнда ас пісіретін пеш те, ошақ та, отын да жоқ. Бәріне ортақ бір шелек. Олардан қол созым жерде – Ольгаға тақау бағы бір отбасы, сосын әлгі қарт әже. Ол түнімен ыңқылдап-күркілдеп шығады, кішкентай балалар жылайды.

Бұлар алғашқы кезде кеш түсісімен бәрі қосылып ән салатын. Эшелон қайдағы бір алыс алқапта, тас қараңғы түкпірде тұратын. Алыстан паровоздың белгі беретін оттары ғана анда-санда көрініп қалады, айдауылдар отыратын жайлы вагонның терезесінен күңгірт сәуле жылтырайды, ал Құс Жолы түнгі қарасұр аспанның о шеті мен бұ шетіне созылып жатқан бозғылт тұман сияқты. Теміржол шпалдарын жағалап

арлы-берлі сенделіп жүрген айдауылда үн жоқ. Вагондардан хормен айтылған неміс әндері кең даланы кезіп кетіп бара жатқандай. Бұл—өте-өте ерте замандарда меннонит әжелердің әжелері арбада баяу шайқалып келе жатып созылта салатын көне заман әндері-псалмалар. Сырттағы айдауылдың әнді тыңдап тым-тырыс тоқтай қалғаны сезіледі. Бұлар соның арасында орысша да әндер айтады. Әрине, орыстың ортасында өткен екі жүз жыл ішінде орыс жерінің ғадет-ғұрпы қанмен араласпай тұрады ма?!

— Мен ажал көлеңкесі көлбеңдеген иен даламен жападан жалғыз кетіп бара жатқанда ешқандай қаскөйліктен сескенбес едім, неге десең Сен қашанда менімен біргесің дейді көне замандардың сызылта салынатын осынау әнінің мұңды мәтіні.

Жер мен Көктің ортасында қап-қара түн қалқып тұр. Бір кезде паровозға жан біткендей болып орнынан ауыр қозғала бастады да көп ұзамай бірте-бірте жүрісін жылдамдатып, ең соңғы вагонын бұралаңдатып, қос рельсті доңғалақтарымен дүрсілдете соғып шайқалақтай жөнелді. Міне, енді бар екпінімен жүйткі бастады. Өздерін қайда сүйрелеп баратқанын әлі де мұндағы ешбір жан баласы білмейді. Осындағы үйме-жүйме әйелдер мен балалардың ортасында әлі де ақ шалмаған мұрты қап-қалың, дене бітімі келісті келбетінен әлі де айрыла қоймаған, көнетоздау сәнді бешпет киген жалғыз еркек бар. Ол осыдан біраз ғана бұрын коммунистік партияның мүшесі болып, неміс тұрғындарына арнайы шығып тұратын тиражы шағындау газеттің редакциясында қызмет жасайтын. Иә, ол Ворошиловград уәлаятында тұратын немістерге арналған газет. Ол да осы қара тізімге іліккенде осы уақытқа шейін оның сонау төңкеріс кезінен бастап Кеңес өкіметін мадақтап, қауымдастықтар арасында үгіт, насихат жүргізгенін елеп араша түскен біреу де болмапты. Оның аты-жөні Анхель Альбертович болатын. Оның айтуынша бұларды Вологда уәлаятын да (область-М.К.) алып бара жатқан көрінеді. Бірақ әуелі солтүстікке бет алып келатқан эшелон көп ұзамай күншығысқа қарата тарта жөнелді.

Сталинград түбінде айдауылдар алмасты. Эшелон ұзақ тұрды. Есік біткен түгел тарс-тұрс ашылып-жабылуда. Бір

топ адам эшелонды бойлай жүріп келатқаны көрініп тұр. Әне, жүгіртпелі дөңгелекке орнатылған ауыр есік ысырылып ашылды да ішке жап-жарық сәуле құйылып түсті. Ольга көзін жұма қойды.

– Немене, тағы да тізім бойынша ма?

– Тек тізіммен ғана!

– Ау, жүретін уақыт болып қалды ғой! Жолдас лейтенант...

Қазір жасыл бағдаршам жана қалса қайтеміз? Біз оларды бас-басымен қабылдап алған едік қой ия...

Вагонға бірнеше адам кіріп келді. Ішіндегі ақсары шашты жап-жас біреуінің жап-жаңа гимнастержасы толған қызыл белгішелер, иығынан төмен қарай көлденең тартылған португезясының былғарысы да, аяғындағы хром етігі де жылт-жылт етеді. Оның қасындағысының шені де лейтенант. Бірақ бет-жүзі көгеріп кеткен терідей, мыж-мыж, қолында картон папкесі бар. Олар осының алдындағы вагонда басталған мәселені өте көтеріңкі үстемшілдеу сөйлеп жалғастырып келеді.

– Сол сен айтқан бас-басымен санағанда сәйкес келмей тұр ғой,- деп ақсары шашты жігіт әр сөзін нығарлап, шегелеп айтып тұр.

– Жарайды, бір адам артық екен... Әйтеуір, кем емес қой,- деп екінші лейтенант өзеурей түседі. – Сонда не демекшісің, бүкіл тізімді барлық мекемелерге қайтадан жіберейік пе? Олай болса, мен рапорт жазамын. Бітті!..

Сөйтсе, бұдан екі күн бұрын көрші вагондағы буаз әйел босанып, қыз туған екен. Бұл жас келіншекті Таганрогқа жақын бір деревнядан алыпты, ал күйеуі Еңбек Армиясында дейді. Қарны шермиген байғұс келіншекті сол күйінде жүк көлігімен солқылдатып әкеліп, осы вагонға мінгізіпті. Байғұс қатынның үстіндегі жаңғыз көйлегінен басқа дұрыстау көйлегі де жоқ екен. Туған-туыстары да болмаған сияқты. Күйеуімен де өте кедей өмір сүріпті. Енді ол өмірге сәби әкелгені айдауылдардың қолындағы адам санымен вагондағы адам саны сәйкес келмей тұр. Яғни, бір адам артық. Оған тағы да қағаз толтыру керек. Бұл олардың ұғымынша бала дегеннен гөрі қоныс аударушы дегенге келеді. Ал оның құжаты түгіл әлі есімі де жоқ.

Сардардың (офицердің-М.К.) арт жағында тұрған мұрты қолақпандай ересек қызыл әскер:

– Бір ақымақ қатын бала туып, енді, міне этапты тапсыра алмаймыз.

Өлген, жоғалған болса сызып тастай салар едік , -деп бұрқ-бұрқ етті.

– Өздеріңнің істейтін жұмыстарыңды бізге артпаңдар. Қосымша бір адам сендердің жауапкершіліктеріңдегі жерде келіп қосылды. – Лейтенант та беріле қоятын түрі жоқ. Енді бірде вагондағыларға қарап: Қоныс аударушы азаматтар, тыңдаңыздар! Сіздер қазірден бастап ПХК ның 17 ші дивизиясының айдауылдың (конвой-М.К.) қызметінің құзырына өтесіздер. Қазір тізім бойынша қабылдау басталды. Өзінің аты-жөні аталған адам «Мен!» деп дауыстап анық жауап беруі керек. Тізу тәмәм болғаннан кейін шағымдарыңыз болса, сонда айтарсыздар. Тек қысқаша ғана...

Осы кезде Анхель Альбертович айдауылдар бастығына қарап: - Бұларды тамақтандыру мәселесін шешу керек. Олардың үйінен алып шыққан ауқаттары бітуге жақын. Көпшілігі ауырып қалыпты. Қабырғалардан жел уілдеп соғып тұр. Адамдар жөтеліп жатыр. Мына әжейге тіпті, қиын. Қатты ыңқылдап жатыр. Емізулі балалар да бар... Мүмкін, вагонға дәрігер шақыру керек шығар?! Жеңіл-желпі ұнтақ дәрілер бере ме, әйтеуір,- деді.

– Вагондағы жетекші сіз бе?- деп лейтенант оның сөзін бөліп жіберді.

– Жо-жоқ! Мен былай... Осы кісілердің атынан айтып тұрғаным ғой ...

– Неге жетекші тағайындамаған,-деп лейтенант бұрынғы айдауыл бастығына бұрылды. –Старшина, әр вагонға жетекші тағайындаңдар. Күн сайынғы түгендеу кезінде солар есеп беріп отыратын болсын. Егер вагонда ТЖ болса, соны жауапқа тартамыз. Лейтенант өте өктем сөйлейді. – Ал, сіздің сұрақтарыңызға... Былай: Біріншіден, мен фашистерге «жолдас» емеспін. Екіншіден, дәрігерлер де, ас-ауқат, күн ваннасы да, басқасының бәрі де Қостанайда. Түсінікті ме?

Эшелонның Қостанайға қарай келатқанын бұлар сонда

ғана білді. Айдауылдар басшылары кеткесін бәрі «ол қай жер? Алыста ма?» деп бір-бірінен жапатармағай сұрап қыбыр-жыбыр қозғалысқа кірісіп кетті.

– Қазақстанда! Анхель Альбертовичтің дауысы мұндылау шықты.

Оның ішіндегі реніш пен наланың өзі бір төбе. Ол дәл қазір мына пойыз өзін құлақ естіп, көз көрмеген жаққа алып бара жатса да былқ етпес еді. Бәрінен де оның жанына бататыны кеңес адамдары өзін жат санауға көшкені ғана емес. Қазір солардың ешқайсысы бұның кеше ғана өздерімен бірге жаңа мемлекет құруға қызу атсалысып, кеше ғана өздерімен бірге талай биік армандарға қол созып қатар жүргенін есіне алар емес. Ау, кеше ғана бұлардың мақсат-мүддесі, ой, арманы келешектің ғажайып нысандарын бірге салу еді ғой. Міне, енді... Сөйтіп жүргенде сол өзімен қатар жүргендердің бірі бұны мынадай сүркіят тізімге енгізуінің кесірінен бұл бұрынғы таныстарына енді белгісіз біреу ғана болып, ал бұны бұрын білмейтіндерге-нағыз фашист болып шыға келді. Апыр-ай э, бір адамның ғана емес, мыңдаған адамдардың өмірін, тағдырын тас-талқан ету оп-оңай дейді іші-бауыры қан қақсап. Көрші вагонда үстіне қан-қан көйлек киген жас босанған келіншек қу тақтай еденнің үстінде өмірге жаңа келген қызын емізген болып отыр. Сәби көзін жұмып алған күйі анасының емшегін солқ-солқ еткізіп соруда. Ол осы жатқанда анасының бет-жүзін қайғы мен қасіреттің торы жауып қалың мұңға батып отырғанын, оның жанындағы дорбашлада ең соңғы жүрек жалғар тамаұтары ғана қалғанын, әні-міні дегенше күздің де жақындап қалғанын, ал соры қайнаған анасы жолға шығарда есінен танып жүріп жылы киімдерін де, басқа да ең зәру заттарын да ұмытып кеткенін қайдан білсін?!

Қашан да бір ғана Құдайға сенетіндер үшін өмір дегенін жалған, уақытша алдамшы бір нәрсе және сөйте тұра ылғи неше түрлі сынақтан тұратын тіршілік қана. Олар соны білгендіктен де тағдыр басына не салса, соған көне береді. Ал Анхель Альбертович осы сенімінің бәрінен қазір жұрдай болып айрылған адам. Ол бүгінде ешнәрсеге де, ешкімге

де сенбейді. Ол топырлаған осы топтың арасынан аттап-аттап өтіп басының астына төсеген пальтосын киіп, жағасын көтеріп алды да теріс қарап жантая кетті.

Сол күні қатты жаңбыр жауды. Вагонның төбесін тесіп өткісі келгендей тарсылдатып құйып тұрғанда ана тұнжыраған қара сұр аспанның өзі мына жер ауып жадап-жүдеп, біреуі әкеден біреуі жан-жарынан айрылып, енді біреулері жанына батқан аурудан әбден әлсіреп өмір мен өлім деп аталатын екі дүниенің ортасында азып-тозып келе жатқандарға арнап қаралы жоқтау айтып тұрғандай. Бір аялдамада пойыз тоқтап тұрғанда бастықтан «буржуйка» (шағын пеш.-М.К.) сұрап көріп еді ол «пеш қарастырылмаған» деп бір-ақ қайырды. Орал тауларының сілемдерінен өткенде жаңбырдың арты қарға ұласа бастады.

Ал Орынбордан өткесін Яковтің әйелі Марияның емізулі баласы өте әлсіреп шетінеп бара жатты. Ол соңғы күндері тіпті, емуді қойды. Анасының емшегіне ернін сәл тақайды да басын тартып алып бұра қояды. Тынысы тарылып, кеудесі жоғарылы-төмен көтеріліп басылып, жиі-жиі ауа жетпей ышқына демалатын болды. Сүлесоктанып, еңіреп отырған анасының алдында дыбысын шығармай жанарын жарқыратып, анасының бетіне қарап жатты да қойды. Анасының өзінің бетіне тақаған жүзінен әлдебір қатерді сезіп ышқына қараған көзіне, көзінен төмен қуалай аққан көз жасына біраз қарап жатады да басын тағы бұрып әкетеді. Көшкелі жатқанда Мария жанұшырып іздеп жүріп тауып алған сылдырмаққа да мойнын бұрмайды.

Шарлотта жүрегі аузына тығылып аласұрып келініне жәрдемдеспек болады. Сүтті қасыққа сүзіп сәбидің аузына тамызады, ол оны жұтуға да дәрмені жоқ.

Бүгін күн ашық болып жер дүние жарқырап тұрды. Айдын дала аппақ қар жамылған. Паровоз буын бұрқыратып, андасанда қатты бір қышқырып қойып бар күшімен заулап келеді. Вагонның сыртынан бекітілген есіктеріне пломб салынып тасталған. Тап қазір «Тоқта, тоқтаңдар! Балам өлім аузында жатыр ғой!» деп айғайласаң да ешкім естімейді. Ал бала терезеден түскен күн сәулесіне қарап бүгін ол үшін сонау

бұлттың ар жағынан сығалай қарап тұрған Күн де өзімен бірге бақиға кететінін біліп, сосын өзіне қарап зар еңіреп отырған қос ананың жасаураған жанарына көзін тігіп талықсып, үзіліп барады. Өкпесіне ауа жеткізетін қолқасын беймәлім бір бәлекет бітеп тастағасын кіп-кішкентай кеудесіндегі кіп-кішкентай жұдырықтай-ақ сәби жүрегі де әне-міні тоқтағалы баяу ғана соғып, ауа жетпей жас жаны алқымына таянды. Әжесі ғана оның бетіне өз бетін көбірек тақап өкси береді, өкси береді. Ал сорлы анасы шыңғырып жібермеу үшін өз қолының қанын ағыза тістелеп отыр. Ажал аузында жатқан сәби кенет екі анасын бірдей көргендей болды. Біреуі шашын жайып жіберіп вагон қабырғасына арқасын сүйеп екі жағына кезек теңселіп еңіреп отыр. Ал осы анасынан айнымайтын екінші бір анасы сонау заңғардағы күн сәулесінің астында бұған жымия қарап өзіне шақырып тұр. Ол енді Шарлоттаның қолына өзінің жас тәнін ғана тастап, сол күн сәулесіне шомылып шақырып тұрған аспандағы анасының соңынан жүріп кетті.

Кешқұрымғы түгендеу жүріп жатқанда Шарлотта ашық тұрған есіктің алдына келіп өте бір қатқыл үнмен:

– Біздің баламыз өлді. Пойыз тоқтап тұр, Анда анасы екеуіміз қабірін қазып жерлеп келейік. Жіберіндер, - деді.

Бұл жолы портупая асынған лейтенант сәл-пәл адам қалпына енген сыңайлы. Бірақ вагоннан шығуға рұқсат бермей қойды:

– Баланың мәйітін бізге беріндер, станцияда оны қажетті мекемеге тапсырамыз.

– Құдай үшін, баланы ең ақырғы рет мәпелеп жерлейікші.... тездетеміз ғой.... қабірді қазамыз да, қажетті рәсімімен жерлейміз. Мына жолдың жиегіне. Құдай үшін жалынып тұрмын ғой... Біз діндар, Құдайға сенетін адамдармыз. Қазір далада тұрмыз ғой...Пойыз жүргенше... Мына алтын сақинам бар... Неке сақинам... Аздаған ақшамыз да бар... Бәрін берейін...

Бірақ лейтенант міз бақпастан қалды.

Мария бастық пен Шарлоттаның сөйлеген сөздерінің бәрін естіп тұр еді. Шарлоттаның ана сұмырайға сақинасын

ұсынғанын естігенде бұл да саусағынан сақинасын суыра бастады. Ол бір сақинаны азсынып тұр деп ойлайды. Ақыры олар баланы жерлетпей өздерімен бірге алып кетті.

Олар баламен бірге Ольганың қасында жатқан ауру кемпірді де ала кетті. Кемпірдің өлгенін ешкім де байқаған жоқ. Байғұс кемпір бұрынғыдай ыңқылдағанын да тоқтатып тек бет терісі төмен салбырап кетіпті, жүзінде мына жалған дүниеге деген әрі кекесінді, әрі салтанатты бір жымыбыс бар секілді.

Әжейді еш адамы жоқ қаракөлеңке перронға әкетіп баратқан сол солдаттардың:

– Бірінші вагонда да бір бала... бүгін қандай күн болды өзі, - деп өзара сөйлескендері естіледі. Мария әлі де есін жияр емес, оның бетіне қасындағылар әлсін-әлсін су бүркіп жатыр. Бұл қыз бала Яков екеуінің зарығып көрген перзенті еді. Яков екеуі жеті жыл бала көрмей, Жаратқанның берген жалғыз осы қыз ғана еді ғой.

Ол таң алдында селк етіп оянып кетті. Әуелі балам жылап жатыр екен ойдан шошып кеткен еді. Баласы жататын жерге күндегідей қолын созып еді ешнәрсе ілікпегесін ұйықтап жатқан адамдардың арасынан есеңгіреп баласын іздеп біраз жүрді. Сосын барып ұйқысынан енді ғана оянғандай болды да баласының кеше ғана мәңгілік келмеске кеткені есіне түсіп сылқ етіп отыра кетті. Нағыз үрей енді басталды. Сосын есін қайтадан жиды. Ол енді мына жер бетінде ешқандай да мән мағына жоқ екенін, бұл дүние астан-кестен төңкеріліп жатса да өзі үшін бәрібір екенін сезгендей болды. Күйеуі қайда, жер бетінде бар ма, жоқ па? Ішінен шыққан жалғыз қыз жер қойнына кетті. Жер бетінде бұл бір өзі ғана қалды. Бұратола, енді өмір бойы жалғыздықпен күн өткізеді.

Пойыз әлі де заулап келеді. Белгісіз бір тұңғиық қиырға сүңгіп баратқан сияқты. Мария енді ешқандай уайымы да, қайғысы да жоқ, меңіреу бір тыныштық күйге түсті. Осы пойыз әйтеуір, бір жерге барып тоқтайды ғой... міне сол кезде ол жақын маңдағы бір өзенге, не көлге батып күйеуі мен қызының артынан аттанады.

Сөйтіп, ол христиан қызы болып қала береді. Ол енді бір

Құдайға ғана сенеді. Және өзін-өзі өлтіру Құдай алдында өте зор күнә екенін де жақсы біледі. Бірақ енді қалған өмірінде жападан жалғыз қалу деген ол үшін жан шыдарлық нәрсе еместей еді. Адам өмірінің мәні мен мағынасы хақында философтар талай-талай ой-толғаныстарын жазып қалдырған ғой. Бірақ кішкентай нәрестесі бар қай ана болса да бұл орайда оларға әрі қысқа, әрі нұсқа қып басқаша айтар еді. Қазір Марияның да тұжырымы олардікінен мүлде өзгеше.

Бүгінде ол «уақыт ешнәрсені ұмыттыра алмайды, ешнәрсені де емдей алмайды, бірақ жан ауруын бірте-бірте аздап болса да басады» деген қарапайым ғана ақиқатқа тоқтап, ден қойған адам. Ол былай: Өлгендер бізді ана жақта күтеді, ал адам жаны бір-біріне деген махаббатты берік сақтап қалады. Өлгендер енді бізге қайтып келмейді, бірақ біз қазіргі тірілер оларға түбінде бір барып, олармен кездесеміз деген тұжырымға Мария әбден сенді.

Сондықтан әзір шыдау керек. Күн артынан күн келеді.

Бірнеше күннен кейін дизентериядан Мартаның екі жасар баласы да шетінеді. Соңғы күндері осы бір кішкентай қыздың жаны қатты қиналды. Іші тарсиып кеуіп кетті, тұла бойы түгел дірілдеп қалш-қалш ететін болды. Сосын соның бәрі басылып, жан-жағына кезек қарап тілсіз жатты да қойды. Марта өмірі үзілгелі жатқан қызына еш жәрдем бере алмады. Үлкен ұлы Эдуард төсекте жаны қиналып жатқан қарындасының аянышты түріне қарауға шылай алмай үлкендердің артына тығеылып тұрды. Жұрттың бәрі мына қасіреттен көкірегі қарс айрылған Мартаны жуатқан болып жатыр. Ал Ольганың есіне осы азап жолына шыққалы жатқанда Мартаның өзі балаларына керемет таңғажайып мекенге барамыз деп қызық әнгіме айтып жатқаны есіне түсіп одан да қатты еңіреп жылағысы келді.

Ал жалғзынан айрылған Мария (Яковтың зайыбы) тағы бір ұлы, үлкен ұлы бар Мартаның жұбанышы бар ғой, ал мен ше деп өз ойымен әлек боп кетті. Көзін сәл жұма қойса күйеуі алдына тұра қалып: «Қалай, сен қалай ғанажалғыз баламызды сақтап қала алмадың?» деп ренжіп тұрғандай көрінетін болды.

Арада жарты жыл өткенде Мария баласыз-байсыз

жалғыз басты әйел ретінде Свердлов уәлаятындағы «Еңбек Армиясына» ағаш дайындау жұмысына жіберіліп, бір күні бөрене тиеген вагонның артынан келіп соғып жамбасын бірнеше жерден сындырып өтеді. Ол сол апаттан тірі қалғанымен өмірден бала көтермей өтеді. Ал енді бірнеше жылдан кейін сол «Еңбек Армиясында» солтүстік жақта жүргенде бір көзінен айрылған күйеуі оралады. Екеуі өткен-кеткенді, атауы жоқ айдаладағы бір стансада шинель кигендер жерлеуге алып кеткен жалғыз баласы туралы жақ ашпастанқатар өмір өткізді. Бірақ екеуі де күніге Құдайға ғибадат еткен сайында, төсекке жатарда да бақиға кеткен бейкүнә сәбиін іштей еске алып, дұға жасайтын еді.

Ертеңінде қаракөлеңке вагон ішінде Анхель Альбертович Ольгаға баяу, қоңыр бір дауыспен әңгіме айтып отырды.

– Бұл партияның дұрыс шешімі. Егер қазір елдегі соғыс жағдайын ескерер болсақ бұл өте қисынды іс. Қазақстанда бос жатқан жер өте көп. Ал жергілікті халық қабілетсіз шаруаны қолға алып, ауыл шаруашылығын оңалтуға еңбекқор неміс халқы өте қабілетті екенін тарих көрсетіп отыр. Сондықтан, экономикалық тұрғыдан алып қарағанда немістерді солай қарай көшіру өте ақылдылық. Бұған көп қаржы шығындалмайды да. Қазақстанға халықты қоныстандыру талай рет қолға алынған, бірақ Дала сол ежелгі жабайы қалпында қала берді. Ал енді жер аударудың жол жол-жағдайына келсек, бұл енді... Кеңес өкіметі дегеніміз ұжымдық мүдделерді жеке адамдардың мүддесінен үстем ету. Жекемен ешкім де санаспайды. Оған қарағанда Мемлекет мүддесі маңыздырақ!

Бұрынғы редактордың он алты жасар қызға бұлайша саясат соққаны неге қажет болғанын кім білсін. Әлде ішінде жатқан сырын әйтеуір бір қыбын тауып сыртқа шығармақ болды ма екен?

Ал Ольга бұның бәрін ол өзіне айтып отырғанын сезбестен үнсіз отырды да қойды.

Ол бір күрсініп алып әңгімесін одан әрі созды. – Қазір соғыс жүріп жатыр. Бізді беймәлім бір қиырға әкетіп барады. Сендер әзір жассындар. Азды-көпті көрер қызықтарың алдарыңда. Тіпті, жан-жақта аласапыран болып жатса да

сендердің азды-көпті өз қуаныш, өз бақыттарың бар. Біз қазір өзімізді құлақ естіп, көз көрмеген жерге, ажалдың аузына айдап бара жатқандай сезініп келеміз. Бірақ, ойланып көрсең, тасқараңғы түнектен де жарық сәуле табуға болады. Әсіресе, сендер, жастар...

Ольгада үн жоқ. Ал Анхель Альбертович осынау уайым-қайғының ордасындай вагон ішінде мысқалдай болса да жанға жайлы бір үн шығып, естіліп тұрсыншы дейді. Не айтары бар, ол өте жақсы адам еді ғой. Ольга оның айтып отырғандарының жартысына түсінсе, жартысына түсінген жоқ. Дегенмен оның қоңырқай, жанға жағымды даусының өзі егер адамның жүрегінде шыдам, сабыр, төзім дегендердің қайнары. – Сенім бар болса қандай қиыншылықтан да амансау шығуға болатынын дәлелдеп тұрғандай еді. Ал бұрынғы редактор сонау бір кезде өзі әртүрлі ұран, лозунгілерге сеніп жоғалтып алған киелілерін іздеп аласұрып отыр ма, кім біліпті?...

Ал Ольгаға осы келе жатқан сапардың аяқталғанда ол жалғыз өзі сонау кезде, шоқындыру сәтінде айтқан «Егер мен өлім көлеңкесі көлбеңдеген алқаппен кетіп бара жатқан болсам да...» деген шіркеу әуенін айтатын сияқты көрінді.

-4-

Балқыған болат шардай қып-қызыл болып күншығып келеді

Титықтатқан ауыр да азалы сапарға екі ай болғанда бұларды жермен-жексен жатаған балшық үйлері жыпырлаған шағын стансаға әкеліп түсірді. Көріксіздеу кішкене ғимараттың жанында «Жаркөл станциясы» деген тақтайша жапсырулы.

Келушілерді қабылдау кезінде тағы да дау-шар шықты. Атпен шауып келген қиықкөз қазақ эшелон бастығымен дауыстап ұзақ сөйлесті. Көлікті ұзақ күтуге тура келді. Вагондардың есіктері ашық тұрғанымен бастық көшпелілерді енді оған жолатпай қойды.

Осыдан екі-ақ ай бұрын бұл вагонға жүздері күн нұрымен тотыққан, өңді де күйлі, үстіне жеңіл көйлек киген адамдар тиелген болса, бүгін одан түрлері боп-боз, көздерінің жанары

солғын, жүзінде әлдебір үрей мен елегізу бар, киімдері ылғал сұрықсыз адамдар топырлап түсіп жатыр.

Күн едәуір көтеріліп қалды. Күздің әппақ қырауына бүркенген Даланы селдірлеу тұман басқан сияқты. Бір-бірімен иық тірестіріп қатар-қатар топталып тұрған адамдар бұрын өңі түгіл түсінде көрмеген мына Далаға үрпиісіп, алақ-жұлақ қарайды. Солтүстік тарапта Батыс Сібір жазығы, күнбатыс тұста бұл жерден шалғай да Үстірттің толқындай өркеш-өркеш бұйраттары, ал оңтүстікке қарай Сарыарқаның тіршілік нышаны байқалмайтын тау сілемдері. Торғайдың құс қанатын талдыратын қу медиен кең даласы да сол тарапта көсіліп жатыр. 1941 жылдың қара күзі қазан айы да келіп қалды. Батыста Мәскеу үшін шайқас. Оған дұшпан жасаған алғашқы соққыны Орта Азия дивизиясы тойтарып, солардың ішінде тұл жетім Қаһар да бірде орысша, бірде қазақша ақырып, қолма-қол шайқаста немістің алқымынан алғаны бар.

Бұл кезде ұлан-ғайыр Даланың бір пұшпағындағы Жаркөл стансасының жанындағы Федоровка деген таныс сөзден тұратын атауы бар ауылдаорамалға оранып, бүрсең қаққан әйелдер мен суықтан қалш-қалш етіп ұшып кетердей болып қарттар мен жас балалар ұйлығып үнсіз отырды.

Шарлотта екі көзін енді көтеріліп шығып келатқан күннен ала-алар емес. Енді бір сәтте Даланы басқан селдірлеу боз тұман қызғылттау түске боянды. Оның егіліп, еңіреп тұрып бір жылағысы келеді. Бүгінде мына өмір, мына тағдыр оған өрмелеп жүрген кіп-кішкентай қоңызды қолындағы таяқшасымен әрлі-берлі түрткілеп ойнап отырған есерсоқ бала сияқты. О, Құдайым-ай, ол кейде күнделікті бір болмай қалған нәрсеге де қатты қапаланып онша жақсы өмір сүріп жатқан жоқпыз ғой деген пендешілік ойға да беріліп кететіні бар еді ғой. Қолына бір уыс қатқан топырақты неге алғанын өзі де білмейді. Оны уысына қысып ұнтақтап біраз отырды. Иә, меннониттер ықылым заманнан-ақ топырақпен бірге жаралғандай болатын. Енді міне, мына топырақ та олармен бірге!

Егер кез-келген адам осы топыраққа өзінің махаббатын

арнап, еңбегін сіңіріп, оған жансыз бір зат қана болып көрінетін дәмді сеуіп көрсе ше? Ол көп ұзамай жер бетіне жасыл балаусасын қылтитып, одан тағы да көп ұзамастан ондаған, жүздеген өмір дүниеге келер еді ғой.

Ол осындай қалың ойға беріліп, өзі алғаш рет табаны тиіп отырған осынау киелі Даланы алтын нұрына малындырып көтеріліп келе жатқан күнге жүзін тосып отырып нағыз да шынайы меннонит әйелше өзінің отбасына, балалар мен еріне жасалған бүкіл азап та, қайғы-қасірет те Жаратушының сынағы екенін, соның бәріне шыдау, төзу керек екенін әбден түсініп, бойына ерекше де жаңа бір күш біткендей орнынан серіппедей серпіліп түрегелді. Сенім, көндігу, төзім, еңбек бар жерде бәрін жеңіп шығуға болады. Ықылым заманалар тарихы осыны көрсетіп келеді. Сондықтан енді мейлі, тіпті жертөле болса да, әйтеуір баспана боларлық бірнәрсені салып алып, оны қолдан келгенше көркемдеп те көркейтіп, сосын мына киелі топыраққа дән сеуіп жемісін көру керек. Міне, солай!

Ал күндердің күні болғанда оның ері мен ұлдары қайтып келіп бұл жерден өздерінің отбасы мүшелерін, жаңа салынған үйін, өздерін соншама жылдар бойы бір сәт те естен шығармай күткен отбасын осы үйден табатынына күмән жоқ!



АЛТЫНШЫ ТАРАУ

-1-

Березовка ауылы, Қазақстан, 1942 – 1943 жылдар.

Далада жел құтырынып тұр. Мұнда жазғытұрымғы жылы жел оңтүстіктің шөлейтті даласынан бермен қарай аңқып тұрып соғады. Сондықтан бұл өлкенің көктемі де керемет, бірақ тез өте шығады да маусым мен шілдеде өрттей аңазақ болып, Далада көкке созылған биік дiңгек тәріздес күйiндар жортып бара жатады. Тамызда да құрғақ ыстық леп ұрып тұрғаны. Қыстыгүні осы ыстық жел ысқырған үскірікке айналып жота-жоталардағы қардың бәрін ысырып, сыпырып әкеліп сай-салаға, орман-тоғайға үйіп-төгіп, тіпті, үйлердің төбесінде қармен сипап тастайды. Ал қаракүздегі мұп-мұздай суық жел өңменіңнен өтеді. Бұл шақтағы сұрғылт аспан мен жел қаққан сұр селеуге, қар бүркенген тым-тырыс жырасайларға қарап тұрып сонау алыста қалған теміржол торабына тартып кеткің келеді.

Егер жаркөл стансасынан ат немесе өгіз жеккен арбамен оңтүстікті ғана тапжылмай бетке алып күні бойы жүріп отырсаң, Құмдыкөл көлінен кейін екі жүздей жаны бар Қоржынкөл ауылын басып өтсең Березовкадан бір - ақ шығасың. Бұл иен Даланың алыс бір шалғайында жатқан жарлы, кедей ауыл. Оған кіреберістегі жолдың екі бетін бойлай өскен қайыңды тоғай доғаша иіліп келіп бұл ауылды қыстың қарлы боранынан, жазда алаулаған өрттей аңызақтан қорғап тұрады. Үлкен-үлкен үш көшені қуалай салынған ауылдың жүз жарымға жуық тұрғыны бар.

Березовкада қазақтар, орыстар, сосын ғасыр басында қоныс аударып келген украиндар тұрады. 1939 жылы Батыс Белоруссиядан жер аударылған бірнеше поляк отбасы тағы бар. Кеңес өкіметі сол жылы Жапонияға шпиондық жәрдем беруі мүмкін деген залымдық пиғылмен Қиыр Шығыстан Корейлерді Қазақстанға мәжбүрлеп көшіріп әкелді.

Березовкадан сәл жырақтау жердегі Мыңбай деген тұщы

көлдiң жағалауындағы мекенде бiр Корей отбасы да болды. Бұл көлдiң айналасындағы жердiң топырағы құнарлы едi. Еңбекқор Корей отбасы осында қырыққабат. Сәбiз, қызылша, жуа және басқа көкөнiстер өсiрумен айналысты. Осы өңiрден оңтүстiкке қарай құлан өтпес, құс ұшпас елсiз Торғай даласы жатыр шалқиып. Бұларды сол далаға апарып қоныстандырмағаны мұндай жақсы болар ма! Ол тiршiлiксiз қу медиеннен тiрi қайту да күмәндi болар едi. Торғаймен салыстырғанда бұл жақта қайнаған өмiр бар дерлiк қой. Жердiң шыжыған шiлдесiнде де шалқып жататын, торта-тобыр балықтары уылдырық шашып емiн-еркiн ойнақ салып жүзетiн үлкендi-кiшiлi көлдердiң қалың қамысы сыбдыр қағады. Ауылдың дәл iргесiнде түбiндегi аппақ қайыр құм апанық көрiнiп жататын мөлдiр Көктерек көлiнде жуынұға да, шомылуға да болады.

Иә, Березовкаға алпыс шақты адамды әкелгендi. Бұл Украинада эшелонға мiнгiзiп жатқанда энкэвэдэ сардарының қоныс аударушыларға кекесiнмен қарап тұрып айтқан нағыз «сүт пен бал қатар ағып жататын жердiң» өзi дерлiк екен.

Иесiз қалған аңғал-саңғал ауланың iшiне кiргенде қабылдап алушы iрi денелi ересек: –Мiне, осында тұрасындар, деп дүңкете қалды. Анадай жерде қаңырап бос қалған төбесi қурап қарайып кеткен қамыспен жабылған ұңғыл-шұңғыл бiрнеше мал қора мен қабырғасының сылағы түсiп қалған құсхана көрiнiп тұр. Оның есiгi ең төменгi топсасына iлiнiп қисайып кеткен. Сосын арбаның дат басып кеткен сыңар доңғалағы.

– Бәрiн оңдап, жөндеп аласыздар әлi-ақ. Уәкiл Шандецкий жолдас сiздерге жұмыс мәселесiн шешiп бередi,-дедi әлгi еркек қабағын ашпастан.- Бұл жерден басқа жаққа кетулерiне рұхсат жоқ. Рұхсатсыз кетiп қалған адам түрме лагерiне жiберiледi. Аптасына бiр мәрте комендатураға барып тiзiмнен өтiп тұратын боласыздар. Ал қәзiр заттарыңды түсiрiндер!

Оның түрме лагерi туралы айтқаны рас болатын. Осы уақытқа шейiн мұндай арнайы қоныс аударушылар мен ГУЛАГ тың бөлiмi шұғылданатын, кейiн немiстердi жаппай көшiру кезiнде ол бөлiм одан гөрi айбыны асқақтап тұрған қаһарлы Лаврентий Берияның ЭНКЭВЭДЭ нiң құзiретiне өткiзiлдi.

Бұл бөлім негізінен «арнайы қайта қоныстандыру мәселелерін қарау, қайта қоныстанушыларды тасымалдау жөніндегі іс-шараларды қамсыздандыру және олар қоныстанған жерлердігі жағдайға бақылау жасаумен» айналысатын болды. Қысқасы- алып кету, жеткізу, орналастыру мәселелері! Арнайы комендатураның рұхсатынсыз басқа жаққа шығып кетсең, жиырма жылға түрме лагеріне аттандырады.

Түрінің өзі жан шошырлық бұл құсқорада балалармен қалай тұруға болады? Пеш жоқ, қабырғаларының сылағы саулап түсіп жатыр, құстар қонақтаған сөрелер құстың саңғырығынан көрінбейді. Жел қағып, көзі қызарып кеткен Шарлотта арбадан зат –сымақтарын түсіре бастады. Бұлар Березовкаға ымыртта келіп еді, кәзір жер бетін түн түнегі басып барады. Ызғарлы да ызғырық желді түн.

Қатындар әп дегеннен істі төбеге жермай шамды іліп, сосын от жағатын отын іздеуден бастады Балаларға төсек салу үшін тауықтар қонақтаған сырықтарды саңғырықтан тазарта бастады. Жыртық-тесік атаулыны шүберек тауып бітеп жатыр. Жейтін бір түйір нан қабығы да қалмаған. Аш қарынды алдарқата тұрмақ болып қазаншаға қара суды қайнатуда.

Өлгілер бұларды осында әкеліп тастап ал енді өздерің біліңдер деп кеткен тәрізді. Осында келгенде ең бірінші көрген кісі бұларды жек көретінін ашықтан-ашық аңғартты. Оның ойынша бұлар тек фашистер ғана. Соғыс басталғалы елдің көпшілігі немістер туралы тек солай ғана ойлайды. Мартаның сәбиі өліп, оның денесін аялдамадағы айдауылға жерлеуге беріп жатқанын, өлі сәбидің анасының жылап-жылап күп болып ісіп кеткен көзіне қарап сосын вагон есігінің аузында түрлері қайғыдан топырлап үнсіз тұрған әйелдер мен балаларды көріп тұрған бір жас солдат біреу-міреу көріп қалмасын деп жалт бұрылып бетінен сорғалап баратқан көз жасын тез-тез сүрте бастады. Түнге қарай ауа температурасы күрт төмендей бастады. Селоны сұп-суық дымқыл тұман ба бірнәрсе бүркеп тұр. Аузыңды ашсаң бу бұрқ етеді.

Шамды өшіріп, кіреберістегі алау өшіп, адамдар қолда бардың бәрін бүркеніп бір-біріне сығылысып, бірін-бірі

жылытпақ болып үйме-жүйме боп жатқанда Марта төрттегі ұлын құшақтап сондай бір мұңлы да баяу үнмен ыңылдай әндеткен болып жатты.

Ұйқысынан айрылып кірпігі ілінбеген Шарлотта түн ортасында тысқа шықты. Анадайдағы село да өлілердің мекеніндей тым-тырыс. Ол түнгі аспанның заңғар түкпірінен көгілжім тартып жылтыраған жұлдыздарға қарап күбірлеп тұр.

Жаратқан Ием! Маған мол күш-қуат бере гөрші! Маған мейірімінді төкші! Отбасымды аман сақтап, қамқоршы болшы!

Ол түнгі аспан астында Жаратушысынан тілек тілеп қанша уақыт тұрғанын да білмейді. Бар болғаны балаларын асырап, аман сақтап мынау бейтаныс алыс аймақта тірі қалуды, хәмбе еркектердің, өзінің күйеуінің аман оралғанын көруді ғана жазып, сосын ең ақырғы демін шығаруды жалынып та, жалбарынып та тілегенін біледі. Сосын дұғасының ең ақырында бір жұлдызға қарап айтқаны мына сөз ғана болды:

Менің күйеуім...

Оған сол тұрғанда оның осы сөздері көк жүзіне көтеріліп, онда жеткесін сол жақтан өзі сұраған адамын табу бойда онымен бірге жаңғырып жерге келіп жетердей көрінді. Ол дәл қазір өзінің күйеуі де бұған ұқсап Жаратқанға жалынып дұға оқып осы жұлдызға қарап тұрған шығар, ол да барактың ағаш нарында дөңбекшіп бұны ойлап жатқан болар деген болмашы бір үміт пен сенім күшағында тұрған еді.

-2-

Таңертең шаруашылық ауласына бірнеше қазақ келді. Өндері сәл сарғыштау, сығырайған көздері жәй сыза салған жіп-жіңішке бір сызық сияқты. Үстеріне қалың шолақ тон, басына тері құлақшын киіп алған. Бұларды мейман болуға шақырып келген екен. Ал немістер кеше бұл ауылға бір топ ақсақал келіп, әр үйге кіріп шығып: –Жер аударылып келгендерді жақсылап қабылдайық. Қолымызда барымен сый-құрмет көрсетейік. Нанымыз болса нанымызды, шайымыз болса шайымызды бөлісейік. Жылы киімдерің, басы артық

тон-пон, құлақшын, малақайларың болса сол ғаріп-қасерлерге берейік, сауабы тиер, адам баласы ғой. Көп ұзамай олар жұмыс істеп өз ауқаттарын өздері табады. Қазір оларда оның бірі де жоқ. Сондықтан меймандос ата-салтымызбен оларға қарасайық, деп тапсырып кеткенінен де бейхабар-тұғын.

Қазақтарда жаңадан келген қоңсы, көршіні үйге шақырып дастархан жаятын ертеден келе жатқан «Ерулік» деп аталатын үрдіс бар. Жасы үлкен қарт адамдарға арнаулы сыбаға, ал жолаушыларға дастархан жайып ас-ауқат беріледі. Отызыншы жылдары Қазақстанда қолдан жасалған ашаршылықтан халық қынадай қырылды. Ал тірі қалғандар оны есіне алуға да үрейленеді. Ұлы Дала аштан өлген адамдардың өлігінен қан сасыды. Қарапайым қойшының баласы Әбіл бүгін осы бір ұлттық қонақжайлық ғұрып пен үрдіс бойынша бұлардың алдына қолда бар тамағын жайып салды.

Енді біраздан соң сонау Дала қазақтары осының алдында ғана жер ауып келген поляктар мен корейлерді қалай күтіп алған болса, енді чечен, ингуштарды да солай ата-дәстүрі бойынша қолында барымен тең бөлісіп қарсы алды. Олар кейін заман түзеліп өздері қартайған шағында немерелері мен шөберелеріне, қарақтарым, естерінде болсын, бізді аштан қырылудан әуелі Аллаһ, сосын осы қазақтар деп айтып отыратын болса вайнсах ақсақалдары оған қоса ұрпақтарына: «Естерінде болсын, қазақтарды ренжітпеңдер, қазақты көрсең бауырыңды көргендей амандас. Егерде олардың біреуі Чечняға келе қалса ең тәуір тағам солардың алдына тосылып, ең жұмсақ төсек соларға төселетін болсын» деп өсиет айтып кетті.

Жүріңіздер, біздің үйден дәм татыңыздар!

Шарлотта балалары мен немерелерін ертіп орта бойлыдан биіктеу, мығым денелі, сақалы-мұрт қойған Қалмен деген қазақтың үйіне тап болды. Бұл Березовканың шеткерілеу тұсындағы қам кірпіштен салынған аядай ғана шағын үй екен. Кіріп келгенде сол тарапта ас үй және әйелдің арнаулы кішкене бөлмесі көрінеді. Көнелеу бір-екі сандық, алабажақ терезе перделері, еденге төсек көрпе жайылып бір-екі жастық-көпшік тасталған. Бұлардың жетісіп тұрған ауқатты отбасы емес екені бірден аңғарылып тұр. Сөйте тұра, меймандарды ең құрметті орынға-төрге жайғастырды. Үй иесінің орта

бойлы, ұялшақтау бойжеткен қызы қолына шылапшын, құман мен сүлгі алып төрде отырған бұларды жағалай қолдарына су құйып шықты. Ол кетісімен осы үйдің ұлы келіп дастарханға ет пен салма-көже әкеліп қойды. Бұл кейбіреулер «бешбармақ» деп атайтын отбасылық мереке немесе сыйлы қонақтарға тартылатын асылған ет.

Ольга өз өмірінде мұндай дәмді асты жеп көрмегендей болды. Бұл соғымға сойылған жылқының қайыңның қабығына ысталып сүрленген еті болатын. Қолмен жеген жұп-жұмсақ болып піскен еттің жан сенгісіз ғажап дәмінен, ошақтағы оттан соққан жылы лептен, мына үйдің қазақтарының жылы шырайлы жүзінен Ольга біртүрлі масаң күйге түскендей балқып отырды. Марияның–Александрдың әйелі Марияның ұлы мен қызы Шарлоттаның аш өзекке бірден қатты тойып жеуге болмайды дегеніне құлақ түрместен етті құныға асаумен болды. Мартаның ұлы да тоятын түрі жоқ.

Үйдің ұлы ерекше тәсілмен пісірілген шелпектерді дастарханға әкеп қойды. Ұлы Даланың осы бір шап-шағын баспанасының дастарханы басында мал шаруашылығы мен диханшылықтың, яғни еуропалық және азиялық екі мәдениеттің, екі түрлі діннің, екі түрлі дүниетанымның, өмір мен өлім туралы екі түрлі ұғымы бар жандардың айтып жеткізуге тіл жетпейтін риясыз ыстық ықыласы мен пәк пиғылы осылай душарласты.

Дастарханның соңында балаларға қаймақ пен бал араластырып ұнға шылап жасалған балқаймақ берілді. Мартаның ұлы Эдик бір тілім күлшені балқаймақ толы кесеге бір малып алып аузына сала салысымен рахаттанғаны сондай «ы–ым» деп көзін жұма қойды. Сосын Мартаға қарап:

Қандай тәтті і-і,-деді даусын соза.

Қыстан жақсы, күйлі шығу оңай емес. Балаларыңыз біздің осы үйімізге келіп тұрсын. Қолда барымызды өзімізбен бірдей бөліп жейтін болсын. Біздің балалармен ойнасын. Сонда қандай қиыншылық та өте шығады. – Қалмен осылай деп ақ пейілін қонақтарының алдына ақтара салды.

Камалдай қоршаулы қалалары ығы-жығы, есігі жабық Еуропа жан-дүниесі өзінің далиған кең даласындай кеңпейіл көшпелі халықпен бүгін осылай душарласты.

Шарлотта, осы далада сол қиын-қыстау заманда күн

кешкен өзге де жарты миллион немістерге ұқсап ол да бір жұпыны болса да пейілі мен дастарханы Даладай шалқыған осы бір қазақ отбасына, һәмма қазақ халқына деген шексіз разылығын өмір бойы жүрегінде сақтаумен өткен болатын.

Қалменнің отбасы өте кедей тұратыны, олар мына етті де, ұн мен шай-шекер, балқаймақты да күйлілеу жақындарынан қонақ күту үшін сұрап алғаны айдай анық ты. Үй иесінің әйелі қонақтарына ас та төк дерлік мол ауқат пісіргеніне өз-өзінен мәз болып жүр. Оның ұлы Төлеген пиала толы қаймақты өзі ішпестен қонақтың баласына бергеніне риза.

Бұл өмірдің ең бір жаман қиямпұрыстығының бірі мынау: ол нағыз ақпейіл, ізгі ниетті адамдардың сауабы мол істерінің өзін басқа жаққа бұрып әкетіп жатады. Енді қайсыбір колонистер мына қаһарлы қысты мал қора мен азынаған көне жер үйде өткізу балаларына өте қауіпті екенін білгесін, оларды қазақ отбасыларына аманаттады. Сөйтіп жүргенде өкімет тағы бір зұлымдықты ойлап тапты. Еңбек Армиясына баласы жоқтар мен баласына басқа біреулер қарайласатындарды да ала беретін заң шықты. Олардың тізімін кімнің қалай, қайда тұратынын жергілікті өкімет жасап жатты.

– Кім дейсің? Лидия Рудц па? Оның баласы деген әлгі кулакке жатқызылған Шынғының отбасында тұрады ғой. Ауыл конторындағылар енді осындай шаруамен айналысатын болды.

Соры арылмаған аналар енді баласынан тірідей аласталып Сібірге ағаш кесуге жіберілетіндердің тізіміне ілікті. Кеңседегілер уәлаят (берген тапсырманы орындауға, тіпті, асыра орындауға зор ықыласпен қызу кірісіп кетті. Өзін эшелонға мінгізіп жатқанда айы да, жұлдызы да теріс туған Лидия бейшара ботасынан айрылған боз інгендей аңырап боздап бара жатты. Қанша мейірбан болса да жаттың қолында қалған балаларының артынан бақырып жылап жүгірді.

Бұларды мына тағдырын көріп тұрған қазақтар кетіп баратқан аналармен қалып баратқан баллармен қосыла үнсіз жылап тұрды. Қаракөлеңке вагонда Ольгаға «Мемлекет мүддесі үшін бәрін жасауға болады, ол жеке адамның қайғысы түкке тұрмайды деп» Анхель Альбертович түкке де тұрмайтынын осы бірақ сәт дәлелдеп берген еді.

* * *

Қазақтар бұларға қолында не бар болса, соның жартысын бөліп беріп отырды. Әсіресе, алғашқы ауыр қыс айларында. Ол кезде қазақтардың өздерінде де ауқат жетіспейтін. Егер Ольгадан сен қыстан қалай шықтың десе не айтарын білмес еді. Қар жамылып, мұз жастанған Дала тылсымын ішіне бүккендей тым-тырыс. Аяз қырық градустан да асып түсті. Адамдардың қас-кірпігі аппақ қыраудан ауырлап төмен түсе бастаған тәрізді. Бұлар тауық қораның ішіне өйтіп-бүйтіп пешке ұқсас бірдеңе орнатып алды. Оған сиырдың жаздай кептірілген жапасын едәуіржердегі мал қорадан тасып әкеледі. Шамға құятын керосин да осы болған. Ең ақыры тиын-тебенге бір-екі литр керосин сатып алды.

Әсіресе қарлы боран кезінде қиямет қайымды айтсаншы. Ақ түтектен қол созым жер көрінбейді. Березовканың үйлерінің төбесі де қардың астында қалған. Үйден сыртқа шығу үшін биіктен 2 метр үйінді қарды ашып алу керек. Бүгін комендатураға барып белгі соқтырып кететін күн.

Ақпан айының осындай күндерінің бірінде біреу қашып кетіпті деген хабар шықты. Сөйтсе, жер ауып келген бір әйел Березовкадан шығып кеткен екен. Ешкімге де ештеңе айтпастан кетіпті. Ешкімге ештеңе деместен ұшты-күйлі ғайып болған.

Оның есімі Агна болатын, жасы он алтыда. Ольга қашарда онымен бірге тұрды. Бойы кішкенеулеу, кемпірлерше ылғи жүн шарқатқа оранып жүретін. Неге екенін кім білсін, әйтеуір бірнәрсеге қайран қалып тұрған адамша екі қасы маңдайына қарай көтеріңкі қалпынан айныған емес. Кеңсіріктерінің үстінде, қос қасының ортасында екі сызық көрінеді де тұрады. Ата-анасы бұдан бірнеше жыл бұрын қайтыс болған бес жасар інісі екеуі Миллероводағы апайының үйінде тұрып жатты. Неге олай болғанын қайдан жолға шығарда бұл апайы мен інісі мінген вагоннан басқа вагонға тап болыпты. Айдаушылардың бастығы қараша жылап-жалбарынғанына қарамастан бұны оларға жібермей қойған. Апайы жолда қайтыс болыпты.

Орал жағындағы стансалардың бірінде бірнеше вагон ағытылып Челябинскіге жөнелтіпті. оларда келе жатқан қоныс аударушылар зауытқа жұмысқа орналастырылды. Бауыры сол вагондардың бірінде кеткен.

Бұл қыз уайымнан әбден жүдеп кетті. Қайта-қайта інісімен түскен фотосуретін көрсетіп мұная қалады. Ол інісіне ата-анасының міндетін толық атқаруға тырысты. Киімдерінің ілгегін салып қасықты қалай ұстауды да үйретуіне тура келді.

Қайта-қайта «ол кішкентай ғой мен болмасам азып-тозып не күйге түсерін кім білсін» деп жылайды да отырады Агна.

Бұл кезде мұнда пошта жұмыс істей бастаған болатын. Арнайы қоныс аударушылардың мекен-жайы аталып алыстағы жақын-жуықтардан, таныс-біліктерден хат-хабарлар келе бастады. Орал аймағында қалған қоныс аударушы достарының бірінен мнаға келген хатта оның інісі Челябинскідегі балалар үйінде екені айтылды. Мұны естіген Агна жолға жүріп кетті. Ал мына жақта оны іздеу салып адамдар әртүрлі жаман ойға беріліп жатты.

Арнаулы комендатураның тапсырмасы бойынша мұндағы отбасылардың жетекшісі болған уақиға жайлы үш тәулік ішінде хабарлауы керек болатын. Бірақ Агнаның мұнда ешкімі жоқ болғандықтан жазаға тартылатында адам болған жоқ.

Аганы Федеровка селосына жақын жерден тауыпты. Сай-саласы, ойпатты жерлерде қар белуардан келетін қысқы Даламен ол темір жолға жеткенше қырық шақырымдай жол жүріпті. Оны ұстаған кезде қалтасында баяғы Ольгаға қайта-қайта көрсете беретін фотосурет пен шүберекке мұқият оралған екі түйір шекер ғана шығыпты. Ол шекерді осыдан біраз бұрын бір қазақ берген еді, бейшара қыз оны өзі жемей інісіне сақтап жүрген екен. Өзін ұстаған милиционерлерге де інісінің өте нашар, қорғаншы болатын ешкімі жоқ екенін, мына жер бетінде бәрінен айырылып тек екеуі ғана қалғанын екеуі қалайда бірге болу керек екенін айтып тоқтамай жылай берді дейді сол жерде болғандар.

– Челябинскіге дейін үш жүз километр сол жолда, теміржол танабында қатып өліп жатар едің ғой. Не аштан қататын едің. Комендатурадағылардың бұл сөзіне ол тек жайменғана жауап беріп, інісіне барғысы келетінін айта берген көрінеді.

Арнаулы мекеннен өз еркімен кетіп қалғаны үшін Агнаға кәмелетке толмаған қыз ретінде лагерьге жіберуге үкім шығарылды. Ол бұл мерзімін өтеуді Орал тауларында бастап он сегізге толғасын этаппен Севостлагқа Магадан

лагерлер баскармасының Колыма түбегіне жөнетілді. Арада соншама жылдар өткенде қыркұлақ аузынан тістері түсіп аузы опырайған түрі де нағыз түрме тұтқыны екенін айтпай-ақ көрсетіп тұрған сорлы қыз сонау Березовкадан басталған талай-талай бұралаң жолдардан өтіп, Челябинскіге жетіпті. Балалар үйіндегі інісі бұл кезде мойнына қызыл галстук таққан пионер болыпты, енді комсомолға өтуге дайындалып жүр екен. Мына қасіретке қараңыз: Сөйткен Агнамен кездесуден інісі ат-тонын ала қашыпты.

Балалар үйіндегі тәрбиешілердің жас баланың санасын соғыс жайлы, немістер жайлы улағаны бекерге кетпей қайран ақылы толыспаған жасөспірім үстінде салтақ-салтақ бушлаты бар туған әпкесін көруден де бас тартты. Ол, тіпті, бөлмесінен де шықпай қойды. Сосын бұл қызды тағы да түрмеге қамапты. Иә, оған енді мынау жарық дүнианың түкке керегі жоқ.

Бұл Березовка селосы әйтеуір орысша атауы бар өте жұпыны да қайыршылар мекені сияқты. Оны осынау кең байтақ далаға не үшін салғаны да жұмбақ. Бірақ осы маңайдың қазақтары үшін бұл жердің әр сайлары, әрбір алақандай көлшігі, тіпті, әр бұтасы да қажет кезде сөйлеп кетуге дайын тұрған тарих іспетті. Ұлы Далада көшпенділер тайпалар мен рулардан тұрады. Торғай, Жезқазған – арғындарға, Торғайдан теріскейге, Қостанайға қарай, сосын Ақтобенің бір бөлігі қыпшақтарға қарасты. Рулар аталықтарға бөлінеді. Федоров ауданының Қара балық, 1-ші май, Қоржынкол және басқа бірсыпыра жерлері қазақтарға қарайды. Төңкеріске шейін бұл маңайдың ең бай адамы Сайым Қадыров деген бай екен. Сондықтан осындағы біраз жер Қадыр ауылы деп аталады.

Сайым Қадыров Ресей империясында ХХ ғасырдың бас кезінде болып жатқан қызу өзгерістерден қалыспауға тырысты. Орыс көпестерінің айтуынша ол орыстармен тілмашсыз емін-еркін сойлеседі екен. Ол бұл өңірде ең алғашқы тракторы бар адам болған, ал оның үйін салуға пайдаланылатын бөренелер Сібірден әкелінетін дейді олар. Қыдыровтың Троицк пен Челябинскіде сауда үйі болыпты. Бұл маңайдағы жердің бәрі соның иелігінде болған. Орынбордың генерал-губернаторы Евгений Оттович Шмидт Қадыровтың абырой-беделін өте жоғары бағалап осы Қарабалық болысының правителі етіп бекітетін бұйрық шығарған.

Қадыровтың орыс өкіметіне сыйлы болғаны сондай, ол 1913 жылы Петербургте Романовтардың таққа отыруының үш жүз жылдығына арналған тойға шақыртылып оған патшаның өзі құрмет медалін тапсырыпты. Далалықтар үшін бұл адам баласы естіп көрмеген жаңалық еді. Патшалық қазақтарды әскерге алу туралы бұйрығына қарсы көтерілісшілерді жергілікті байлар қолдап, оларға жәрдем қолын созып жатқанда Қадыров та Ресейді жақтап патшаға адал берілген күйінде қалыпты. Бұл аймақтағы көтерілістер аяусыз басып жаншылғанымен қоңсылас Жалшы болысының көтерілісшілері Жалбыр деген жігіттің бастауымен күресті тоқтатпай әскерге аттанатындардың тізімін өртеп, өз болыстарын жазалаған жағдайлар жиілепті.

Ал Қадыровты ашу-ызалы топ оның үйеңкі бөренесінен салынған зәулім үйінің шарбағында пышақтап өлтіреді. Сонда Сайым біразға шейін жаны шықпай бетін Меккеге бұрып тізерлеп отырып сыбырлап дұға жасапты. Сөйтіп, отырған Сайымды қаны қарайып әбден ашынған топ тамағынан мауыздап, аяқтарын ат құйрығына байлап далаға атты қуалап жіберіпті. Туысқандары кейін Сайымның өлі денесін тауып алып Тұздыкөлдің жағалауындағы әкесі Қадыр жатқан молаға, қарсақтардың зиратына әкеп жерлепті. Сайымның үш ұлы-біреуі бірінші қатынынан, ал Солтан мен Қаратай екінші қатынынан туған екен. Кішісі Қаратай кейін Березовка болып атауы өзгертілген Қадыр ауылында біржола тұрып қалады. Кейін Кеңес өкіметінің қудалауынан құтылу үшін шешесінің атына- Садықов болып жазылады.

Қаратай тапалтақ келген, көп сөйлемейтін тәрбиелі биазы адам еді. Ауылдың жандықтарын—қой-ешкісін бағатын.

Осы өңірдің заңды мұрагері болып есептелетін ол Сайымға қарасты жалшылардың бірі болып есептейтін. Оған мал бағу үшін ақшасын төлеп жатқанда оларға шын жүректен алғысын айтып көзін төмен салып, ешқайсының жүзіне тура қараған жоқ. Олардың ішінде әкесін өлтіргендер де тұрғанын білген. Қаратайдың сол сәтте әкесі есіне түсіп жылап жіберудің аз-ақ алдында тұрғанын кім білсін. Қаратай малды жаюға Тұздыкөл мен Сарыбақсы жаққа бір ғана жолмен айдап баратын Березовкадағылардың бәрі біледі. Ал бұл оның әкесін ат құйрығына байлап атты солай қарай қуалап жіберген, әкесінің

қаны төгілген жер болатын. Қазір сол қан төгілген жердің дәл үстінен қып-қызыл қызғалдақ қаптап өсіпті.

Бұның бәрі қазақтардың ғана тарихы. Ал бұл жерде әлі де болса ешқандайда неміс тарихы деген болған емес. Мұндағы неміс тарихы осында келіп қайтыс болған немістердің алғашқы молаларынан басталады. Қазақтар өлген адамды мұсылман бейтіне апырып қояды. Иә, адамдар өлгеннен кейінде әрқайсысы дін тұтынған дініне қарап бөлек-бөлек жерленеді. Мұнда қайтыс болған неміс әрбір кезде қашып кетпек болып, одан өзімен-өзі сойлесіп «Фрида, Фрида...» деп күбірлеп отыратын әйел еді. Оны вагоннан көрпеге орап шығарыпты. Оның қабірін Ольга мен бірнеше әйел қазыпты.

Көп ұзамай оның моласының іргесінен құрбысының да моласы орын алыпты. Уақыт өте келе аналарда бұл дүниеден осы Далада өтіп, баллары ғана қалды. Он алтыға толғасын оларға жеке құжат ашыла бастады. Онда арнайы қоныстандырылған деп көзге шұқып тұрып көрсетілген, бұрын олар жас балалар есебінде ЭНКЭВЭДЭ-нің назарынан тыс болатын. Партия жиналыстары кезінде үлкендер жетім балалар ұжымшар тәрбиесінде болсын деген ұсыныстар да айтылып қалатын. Бірақ оның бәрі айтылған күйінен әлі асқан емес. Кейде анасы мен әжесі қайтыс болған, ал әкесі Еңбек әскеріне алынған бала өздерін баллар үйіне жіберетінін біліп қоныстан қашып шығып әкелерін іздеуге кететін. Ондай, баллар қалаға келгесін сондағы қаңғыбас балалармен араласып үйлердің шатырында, жертөледе тұратын болған.

Сондай кірқожалақ топтың ішінде орысша бір-екі-ақ ауыз сөз түсінетін ақсары шашты неміс баласы да көрінетін болды. Ол базардағы саудагерлердің алдына келіп үнсіз қос алақанын жайып мәлие қарап тұрады. ПХК-ның қызметкерлері бар жоғы бес-алты айдың ішінде арнайы қоныс аударғандар мен еңбек армияшыларының 2900 баласын тіркепті.

Олардың бәрі балалар үйлеріне рәсімделді.

Алғашқы кезде балалар үйінде неміс балаларын қорлау-жәбірлеу өте көп болды. Соғыс жүріп жатқан шақ. Балалар өте мейірімдісіз, өзгенің күйзелісін ұғыну дегенен бейхабар болғандықтан қорлық, зорлықтың шектен шыққан түрін жасауға шейін барады. Әлсіз, төбелесе алмайтын баланың

күндн көрген күні күн емес. Әсіресе, неміс баласына деген өшпенділік өте өзгеше.

Сол замандағы кеңес баспасөзі этникалық немістердің бәрін шпион, диверсант атандырып шықты. Сондықтан халық арасында неміс халқына деген адам айтқысыз ызакек, зығырданы қайнаған өшпенділік туды. Егер олар сол айтылған диверсант фашист әйелдер мен аналарды, кішкентай балаларды көріп, білсе ғой...

Ал сол немістер Германияға қарсы соғыста қандай болды?...

1941 жылдың жазында этникалық немістер туралы Жарлық шыққан кезінде Қызыл әскерлер қатарында кейбір мағлұматтарға қарағанда 40 000 дай неміс болған екен. Бірақ оларды бірден демобилизациялады да сосын ұрыс аймағынан, әскери бөлімдерден тура Еңбек Армиясына жіберді.

Көптеген неміс аты-жөндерін орысшаға өзгертіп әскер сапында қалды.

Соғысқа қатысқан ардагерлердің көпшілігі 1941 жылы әскери басшылық оларға деген марапатқа өте сараң болғанын жақсы біледі. Сондай өте сирек берілетін марапаттың біреуі полковник Гагенге берілгенін де көпшілік біле бермейді. Ол басқаратын бөлімше Витебскінің іргесінде қорғаныста тұрып күніге қарсы жақтың жаяу әскерлерімен танкілерінің 5-6 шабуылына тойтарыс беріп отырған. Одан кейін гитлершілер қорғаныс шебін бұзып өткесін полковник өзінің сарбаздарына бірге қоштасуда 18 тәулік бойы адам айтса нанғысыз шайқасқан.

Ал бұл кезде жан-жақта үрейлі-дүрбелең, қорқынышты байбалам үдеп, кейбір бөлімшілер алғашқы бомбалар түсе бастағаннан-ақ қаша жөнелген жөйттер де ұшыраған еді. Әйгілі Сталинград шайқасы кезінде лейтенант Николай Александровтың KB-1 танк экипажы жасаған ерлікті көп адам айтып та жүрді. Онда зеңбіректі оқтаушы Волга бойының немісі Феодосий Ханус деген еді. Олар дұшпанды кідірте тұру үшін қойылғанды. Сонда үздіксіз бес сағат бойы толассыз жүргізілген ұрыс барысында дұшпанның тура келіп түскен снаряд жарылысынан контузия алып, құлақтары тас бітіп қалған әйгілі KB-1 экипажы дұшпанның бес танкісін, 24 аутокөлігін жойып, 19 зеңбірек ұясын, 15 оқтөгер (пулемет-М.К.) және 5 дзотын жермен-жексен қылыпты. Ол шайқасты

көзімен көргенде «О-ой, нағыз ерлік шайқасын қордік қой көзімізбен» деп ауыздарынан тастамай жүріпті. Осы бір жалғыз танктегілердің оғы таусылған кезде барып оны атып жоқ қылуға шамасы жетіпті дұшпанның. Экипаж түгелдей мерт болды. Бірақ гитлершілер соның өзінде бұл танкіге бензин құйып қойып экипаждағымен бірге күлге айналдырып жіберген көрінеді.

Арада талай-талай жылдар өткеннен кейін барып игілігі мол Ресей үкіметі Феодосий Гануске Кеңес Одағының батыры берілді.

Сол сияқты батырлық жұлдызы десантшы майор Гарвартқа да берілді. Будапешт манындағы Тиса өзеніне тақау жерде жау шабуылып тойтарып, одан әрі қарай өзеннен кеңес әскерлерінің өтуіне жол ашқан сол Гарварт болатын. Сол соғыс жылдары мұндай жүздеген ерлік көрсеткен немістер аз болған жоқ. Әттең ...

Әттең, олар туралы қалың елге мүлде айтылмай келді. Осылайша немістер сол кездегі кеңес газеттері жазылған өтіріктерді жоққа шығарған болатын. Кеңес газеттерінің жазуынша немістер фашистерді нан-тұз алып шығып қошметтерін қарсы алып жатыпты-мыс. Адамдар тек сондай залымдық мақалалаға сеніп, мысалы тұтқынға түсіп қанша азапқа түссе де өзіне Отан болған еліне адалдықпен көз жұмған жазалаушылар сол үшін тәнін барша-барша қып тастаған Генрих Гофман туралы естіген де емес.

Мәне, сол соғыс кезінде орыспен орыс болып, онымен қатар тұрып опат болған немістер жайлы әлем жұртшылығына бір ауыз сөз айтылған емес.

– Сендердің бәрің де дұшпансыңдар,- дейтін Березовка кеңсесінде жер аударылғандар мәселесі бойынша уәкіл Шандецкий. – Сендермен ешкім де мәселені талқылап, тәжікелесіп отырмайды. Жұмыс істеп қарық қыдатын түрін жоқ па, баратын жерің түрме лагері.

– Шандецкийді мұнда Қостанайдан жіберіпті, үй-іші сонда көрінеді. Кімді қай жұмысқа жегу, азық-ауқат пайы бәрі соның қолында. Ол әсіресе Қызыл Армияда сәтсіздік бола қалса, ашу-ызасын осындағы немістерден алатын. Өзінің көздерінің түсі адам түсінгісіз, жеп жіберердей қарайды. Ол Ольганы әйелдердің тракторшылар бригадасына тракторшы

етіп жазды. Ольга өзіне берілетін паймен берілетін паймен отбасын асырап жүрді. Ал Мартаны сауыншылыққа, Александрдің әйелі төрт баласы бар Марияны да соның қасына тіркеп жіберді. Жолда сәбиінен айрылған Яковтың әйелі Марияны Свердловск облысына Еңбек Армиясында ағаш кесуге жіберді.

Ал бала-шағасы болмаса да Каролинаны ешқайда жіберген жоқ.

Бірде ол Каролинаға қарап:

– Маған, кеңсеге келіп кетші, - деп жымысқылана жымияды.

Бұл кезде жасы он тоғызға енді ғана келген Каролина Ольгаға ұқсас, одан гөрі бойы сұңғақтау, жанары жарқылдап тұратын әсем қыз еді. Әрине, соңғы кезде аштықтың табы оның да бет-әлпетінен байқалып, көзінің алдында сәл қарауытқан сызықша көрініп тұратын болды. Соның өзінде ол осындағы орамалға оранып, түр-түсі оңып кеткен басқа әйелдерден оқшау ерекше көзге ілігетін. Сол күні кешке ол Шандецкийден қос тізесі бүгіліп, әлсіреп келді де бір-ауыз ләм деместен теріс қарап жатып қалды. Арқасы қатты қусырылып ыңғайсыз жатқанынан-ақ оның ояу екені көрініп тұрды. Енді біраз уақыттан соң сол теріс қарап жатқан күйі өзгеше бір үнмен:

– Ол мені зорлап тастады, - деді.

Бірнеше күннен кейін Шандецкий оны тағы да шақырды. Каролина басын көтерместен көзін төмен салып тұра берді.

– Оның есесіне, Еңбек Армиясына бармайсың. Таза жұмыс тауып беремін. Бүгін кешке тағы келесің. Ертең де келесің...

... Қалың қар басқан шағын ғана Березовка ауылы. Еркек атаулы Еңбек Армиясында. Бұларды қорғап, жанашыр болатын тірі жан жоқ. Батыста–соғыс, мұнда–ашаршылық. Еститінің «немістер, фашистер».

Осында өлген немістердің зираты да үлкейіп барады. Олардың ата-бабалары ғасырлар бойы өгіз-арбамен жер бетінен жерұйық іздеп өткен. Ал оларға қандай жерұйық, қандай тағдыр бұйыртатынын Кеңес өкіметі белгілеп көрсетіп қойған болатын.



ЖЕТІНШІ ТАРАУ

-1-

Березовка ауылы. Қазақстан, 1944-1947 жылдар.

Шашағы желбіреген ақ селеулі алқап пен талдырмаш қыздай жіп-жіңішке тал-терек өскен ойпаты бар бұл өңірді тек айналып өтуге ғана болады. Аспан ашық, күн шапағы күйылып тұр. Тек трактордың ғана дүрілдеген даусы бұл маңайды түгел жаңғыртып тұр. Трактордың артына тіркеген соқа жыртып тастаған жер жүзіп бара жатқан кемеңің артындағы теңіз толқынындай жал-жал болып үйіліп қалып жатыр.

Шынжыр табанды трактордың бәрін соғысқа алып кеткесін, кеңшардың қарамағында артқы донғалақтарына сүйір үшкір темірлер қойылған бірнеше көне «Универсал» ғана қалыпты. Трактордан ыстық леп соғып, қызған темірдің исі мұңкіп тұр. Ольга дір-дір еткен рульге қаншама қатты жабысып түп-түзу жүргізгісі келсе де тәжірибесінің жоқтығы көрініп-ақ тұр.

Ылдида шағын көл көрінеді. Бетін қалың қамыс басыпты. Соқаны көтеріп, тракторды тоқтатып біраз аялдау керек болды. Моторды сөндіріп жерге түскенде ғана арқасы сіресіп, тұлабойы қозғалтпай құрысып тұрғанын енді сезді Ольга.

Шөлдеп тамағы кеуіп барады. Тап-таза, сұп-суық қайнар бұлақтың суынан қанып тұрып бір ішер ме еді, шіркін. Бірақ ол құр қиял ғана. Бұл аймақтың суы өте нашар, әрі кермек. Осыдан сәл жырақтау Көктерек көлі бар. Суы тұщы. Бірақ ол жерде күндізгі ыстықта ағаш түбінде мал үйездеп жатады. Солар суды кешіп жүріп ішеді де ластап тастайды. Негізінен суды кешіп жүріп ішетін мал—сиыр. Солар әрі ішіп, әрі суға сиіп те кете береді. Балаларға бәрібір, сол суға келіп шуылдап шомылып жатады. Байқамай суды жұтып та қояды. Ал қатты шөлдегенде сол балалар суды көйлегімен бір сүзіп өткізіп алып ішіп, шөл қандыра салады.

Ольга трактордың суығанын күтіп, жерге түсті де айналаға

ойлана қарап едәуір отырды. Соңғы жылдары оның басынан өткерген алмағайып, аласапыран өмірге деген нала мен қапа, қайғы мен уайым іздері кешегі балаң қыздың бетінен ап-анық көрініп тұр. Басындағы мыж-мыж орамал мен май сіңген фуфайка бұған қарап, ол кеше ғана Украинада ойнап-күліп, жарқыл қағып жүрген әсем бойжеткен еді дегенге кім сенеді?!

Дәл аяғының астындағы қайыркүмда ұя, ал сол ұяның ішінде ашық жасылдау түсті үйрек жұмытқалары жатыр. Көл мен екі араға қалың, биік қамыс өсіпбұл жерді сырт көзден бүркемелеп тұр. Сірә, үйректер осы мандағы балдырдың арасынан қорек іздеп көлде жүзіп жүрген болу керек. Ольга ұядағы тоғыз жұмыртқаны сындырып алмайын деп мұқияттап алып орамалына түйді. Оларды қуырсаң да, қайнатып пісірсен де үйдегі бірнеше адамға қорек болып жарытпайды. Одан да сұйық үзбен пісіріп соған қоссаң үй-ішіңмен бір-ақ тоясың.

Соғыс әлі жүріп жатыр, бүкіл қазына соған жұмсалуда. Азық-ауқат пайына 200 грамм нан береді. Кеңшар айлық жалақыға әскери-мемлекеттік қарыз-облигация береді. Оған бірнәрсе сатып ала алмайсың. Қағаздың аты қағаз.

Қолына қызыл жалау ұстаған қызыләскер сарбазының суреті салынған 5, 10 сосын 25 сомдық бұл облигациялармен әлдебір ойындар ойнайды.

Немістер тиелген эшелондар Қазақстанға бастапқы келген кездері жер аударылғандар ауданның ішінде емін-еркін жүріп жұмыс қарастыратын еді. Кейін ПХК ның жергілікті бөлімшелері әскери кәсіпорындарға жұмысқа орналасқан немістерге бірқатар қылмыстық істер қозғады. Оларды бәріне тыңшылықпен және диверсиямен айналысты деген жалған айыптар тағылды. Сауыншылар 200 грамнан нан алып тұрды, ал Ольга сияқты тракторшыларға сәл молырақ пай, ал балаларға қосымша нан беретін еді, кейін оны да алып тастады.

Бұлардың аштан өлмеуіне айналадағы табиғат-ананың, әсіресе, қазақтың жер, суының көп септігі тиіп тұрды. Көлдер мен өзендерде торта, шабақ сияқты балықтың түр-түрі өріп жүретін. Балалар да қолы сәл босағанда үлкендер де балықты аулапта, былай ұстап алып та еті мен сүйегіне шейін ұнтақтап

быламық пісіріп ішетін. Ал далада, шалғынның ішінде жуа өседі, бірнәрсеге қосып жеуге ол да жақсы. Қайың тоғайының ішінде жеміс-жидектің түр-түрі бар. Күзе қанттың орнына қызылша мен сәбізді қосып қайнатып алады. Шарлотта көне үрдіс-ғұрыпты катаң сақтап, дастарханға кептірілген масақ болса да әйтеуір, бірнәрсе тауып, күніге үш мәрте үстел басына үй-ішін шақырады.

Ал киім туралы айтуға да тұрмайды. Сал байлайтын арқан, кендір жіптерді тарқатып теріден, тері болмаса брезенттен аяққа киетін шарық сияқты бірдеңе тігіп алады. Егер Шарлоттаға сонау бала кезінде сен өскесін трактор айдайтын боласың десе күліп қоя салар еді. Енді, міне, тағдыр оған өз білгенін осылай жасады.

Қыздарға тракторшылар курсынан Қалменнің інісі Балмұқан Баянов дәріс берді. Шарлоттаның үй-іші Березовкаға алғаш келгенде соның үйінде мейман болған еді. Балмұқан өте қызық адам. Өте қарапайым да сабырлы. Бір айтқан сабағын он мәрте қайталап айтып беруден де шаршамайтын сияқты. Жас шағында аудан орталығындағы көркемөнер театрында ойнапты. Оның дарындылығын байқаған режиссер сол кездегі астана Қызылорда театрына шақырған екен, ағасының күштеуімен Березовкаға қайтып келіпті. Денсаулығына байланысты әскерге жарамсыз болыпты.

Бірде Ольга ағайынды Баяновтар отбасында болған жан тебіренерлік бір жағжаяттың куәсі болғаны бар. Балмұқанның ағасы Қалмен қатты науқастанып қалды. Бұл екеуі жастайынан жетім өсіпті. Балмұқан қатты қиналып жатқан ағасын көтеріп әкеліп жатқызыпты да өзі арбаға көлік орнына жегіліп 18 шақырымдай жердегі Украинка селосындағы дәрігерге жүріп кетіпті. Рас, ол шақта бүкіл техника егістікте болатын. Онсыз да денсаулығы мәз емес Балмұқан ағасын ол жерге жеткізе алуы да неғайбыл болатын. Әйтеуір, жүрегінде аяушыл сезімі сөнбеген адамдар бос көлік тауып артынан қуып жеткенде ол үш шақырымнан астам жол жүріп өткен екен.

Ольга мен Балмұқан екеуінің жас алшақтығы жиырма жас болса да екеуі өте жақсы дос болды. Иә, жаны жайсаң, білімқұмар, көп оқыған қазақ жігіті мен үстіне фуфайка,

аяғына керзі етік киген бес-ақ сыныптық білімі бар неміс қызы өте жақын болды бір-біріне. Ол бірде Ольгаға қазақтар үшін өте таңданарлық бір тарихты айтып берді.

Қырықыншы жылдардың бас шағында, ашаршылық аузын айдаһардай ашып адамдарды тірілей жұтып жатқанда Торғай даласынан бір кішкентай қозысы ғана бар ерлі-зайыпты екеу көшіп келіпті. Қалай болғанын кім білсін әлгі жас әйел Балмұқанға ғашық болады. Ол қазақ арасында салт-дәстүр мызғымай тұрған кез болатын, сондықтан бұл өте бір ұят жағдай саналады. Не керек, Балмұқан да оған ынтызар болып, бірақ бірнеше жыл онысын ішіне сақтап келіпті. Күндердің күні болғанда бұл да жан сырын келіншекке жайып салмай ма?! Сөйтіп, екеуі Балмұқанның үйінен бір-ақ шығады! Ал келіншектің күйеуі қызымен екеуі Торғайға қайта көшіп кетеді.

Қазақ ортасында өте ерсі көрінетін бұл жағдаят уақыт өте келе жаңа бір жалғасына ұласты.

1949 жылдың жазында Балмұқанды Қызылордаға тұз дайындау өндірісіне іссапарға жібереді.

Сырдарияның үстінен қайықпен өтіп баратқанда Балмұқанның жанына бір қарт келіп отырады. Бақсы екен. Бір кезде қарт Балмұқанға «қолыңды жай!» дейді. Бұл қолын жаяды. Ақсақал бір-екі дұға оқып, бет сипап болғасын Балмұқанға сенің келіншегің буаз, алдағы тамыз айында ұл туады, оның есімі осы Сырдарияға ұқсас Дариябай болады дейді. Арғы бетке өткесін екеуі екі айрылады.

Іссапардан келгесін Балмұқан бақсы туралы да, оның көріпкелдік жорамалы туралы да жан баласына айтпай ақырын күтеді.

Тамыздың 24-ші жұлдызында келіншегі ұл туады.

Әкесі балаға Орта Азияның ұлы дариясы Сырдарияның атауына үйлестіріп сол бақсы айтқандай Дариябай деп ат қояды.

Кейін сол Дариябай атақты суретші болып, елу жылдай Ғани деген бүркеншік есіммен алматылық балаларға суретшілік өнер үйретіп, құрметті ұстаз болды.

Одан кейін жас келіншегі Балмұқанға тағы бір ұл–

Серікбайды туып берді. Ол өскесін құрылысшы болып, құлазыған қу медиенге Қашар деген жаңа қалашық салушылардың бірі болды.

Бұның бәрі баяғы уақиғадан кейін бірнеше жыл өткенде болғанды. Бастапқы кезде келіншектің ата-анасы бұларды көрместей болды. Балмұқан да келіншегінің қандай ауыр күй кешіп, жаны азапқа түсіп жүргенін сезгенімен қолдан келер қайыр жоқ. Тек арада жеті жыл өткесін, тап соғыс басталар алдында ата-анасының бұларға жүрегі жібіп, қызын көруге жолға шығады. Ата-анасы ауылдың шетіне жақын келіп қалғанын естігенде әйелі үйде отырғандағы киімшен күйінде далаға жалаңаяқ атып шығып, аңырап жылап ата-анасына қарай құстай ұшады. Соншалықты қатты тебіреніс пен күйзелістен оның кейбір қан тамырлары жарылып кетіп мұрнынан қан саулап бара жатты дейді.

Ольгаға осы әңгімені айтып отырып Балмұқанның жанарына қайта-қайта жас үйіріле берді. Әйелінің сонша жыл тартқан тән азабы емес жан азабын Балмұқан да қосыла көтере біліпті. Аңырап жылап келіп, ботадай боздап жан сырын, ішіндегі бүкіл шерін көз жасымен қосып шығарып тұрған қызыната-анасы кешіргені Алланың да кешіргені шығар. Сол күннен бастап бұлардың отбасылық өміріне жаңа бір жарық сәуле түсіп, жылу оралғандай болған екен.

Балмұқанмен әңгімелескен сайын Ольга жергілікті қазақтардың ұлттық үрдісі, ғұрып, салт-дәстүр, кәде, ырымдарынан Ұлы Даланың қырық тарау соқпақ-салалы тарихынан мол хабардар болды. Қазақтың жанын түсініп, түйсінді. Ол Балмұқанды қатты ұнатты. Ол қырықыншы жылдары оны адал еңбегі үшін жергілікті өкімет марапатқа ұсынады. Сонда Балмұқан олардан марапат ретінде велосипед беруін сұрапты. Ол оның көптен бері жұртқа айтуға ұялып жүрген бір арманы екен. Сөйтіп, ол осы аймақтағы екі дөңгелекті кереметтің ең бірінші егесі болып шығады. Көп ұзамай сол екі дөңгелекті көлігімен жолдағы ауылдарға тоқтап, көшпелілерді таңқалдырып ақыры Қостанайға жетіпті.

Бұл таңсық көрініске ауыл адамдары мен бала-шағасы түгел жиналып, ол қашан ілгері жүріп кеткенше мәз-мәйрам болып оның қасынан қалмапты дейді көргендер.



Тракторшылық оқу да, оны айдау да Ольгаға оңай болған жоқ. Қаншама мәрте қайдағы бір батпақты өзі іздеп барғандай болып тракторымен кіріп кеткен шақтары да болды. Бірақ Балмұқан соның бірде-біріне қабақ шытқан емес. Ол кез-келген уақытта бастықтарға: «Бұл әйелдің қолынан трактор айдау келмейді, оны ферманың біреуіне жөнелтіндер» деуіне де әбден болатын еді. Тіпті, трактор айдауға таласып жүрген сол маңның қыз-келіншектері де аз болған жоқ. Бірақ Балмұқан Ольганың бүкіл үй-іші соның көтеріңкілеу пайының арқасында ғана күнелтіп отырғанын жақсы түсінетін. Кейде өзінің де уақытының тығыздығына қарамастан бірде жәй, бірде әдейі ұрысқан болып Ольганы басқалардың ешқайсысынан қалыспайтын шебер тракторшы қылғанына үйретуден жалыққан емес бұл Балмұқан!

Балмұқанның оны ауқат, азық-түлік беріп асырауға шамасы да жетпейтін. Алайда, ол оның осы жұмыстан шығып қалмауына барын салып бақты. Ал Ольга оған мұсылман болса да алғыс дұғасын оқып, Христтың оны желеп-жебеуін тілеу ғана қолынан келетінін білетін.

Жер дүние осындай адамдардың арқасында аман-сау сақталып тұрады екен ғой.

-2-

Биылғы жазда Березовка екі есе үлкейді. Жер аударылғандар тауық қора, мал қорада тұрудан құтылды, оған қазақтардың ерте заманнан келатқан «Асар» деген дәстүрі сеп болды. Бұл дәстүрдің ең басты нысанасы да, мақсаты да әлсіздер мен нашарларға, жоқ-жітік шаңырақтарға жәрдемдесу. «Жақсы көрші туысыңнан жақын» деп қазақ бекер айтпаған. Үй самақшы болған адам ағаш, қамыс сияқты материалдарды жинастырып, қам кірпіш құйып жақсылап тұрып даярланады. Кірпішке жағатын саз балшықты бірнеше адам аяғымен кешіп арлы-берлі жүріп илейді, болмаса жылқымен айдатады. Сөйтіп, бір-екі күнде ауыл-аймақтың азаматтары бір үйдің адамындай жиналып кәдімгідей үй тұрғызып тастайды. Сосын бәрі жиналып дастархан басында нағыз мереке мен берекелі отырыс жасайды.

Шарлотта өзінің қам кірпіштен салынатын үйі Добропольедегідей терең жертөлесі бар, ал бөлмелерінде Генрих Кондратовичтің суреті мен балаларының суреттері қатар ілулі тұрса екен деп қиялдайды. Оның асүйінің іші де жып-жинақы, ал есік алдындағы қақыраның балшықпен тегістеліп, жалтырап жатуы үшін жылқы тезегі ерітілген сумен сүртілген. Терезенің жан-жағын ніл қосылған әкпен ақтап, әдейі көгілдір түс жасап қойған. Тақтайлардан құрастырылған үстел үстіне газеттерді оюлап қиыпжауып қойып еді, ол кестелі дастарханнан айнымай қалды.

Шаруашылықтың жұмысынан қол босағанда әркім өз үйінің қам-қарекетіне кірісе бастайды. Каролина басқармаға есепшіл болып орналасты. Шандецкий оны қасынан бір аттам шығармайды. Ол екеуінің арасында қандай жағдай болғаны туралы Каролина жұртқа тіс жарған емес. Ешкімге ашылып сөз айтпайды. Тек Ольга ғана оның түнде жатып алып булығып жылайтынын естіп жататын.

Басынан орамалын тастамайтын, ұдайы тойып ас ішпегесін беті қан-сөлсізденіп тұратын, орта бойлы, үстінде осыдан бірнеше жыл бұрын сатып алынған көне көйлегі бар Каролина тума-туыстарға баяғы Каролина қыз болып көрінгенімен оның бүкіл жан әлемі жалғыз қалған еді. Ол жұмыс істейтін басқармаға адамдарды Еңбек Армиясына жіберу керектігі туралы нұсқаулар ылғи келеді де жатады. Сондықтан да Шандецкий ол жаққа тек Каролинаны ғана емес бүкіл туған-туысқандарын да жіберемін деп қорқытумен болды. Иә, Березовкадағы жер ауып келгендердің бүкіл тағдыры бір ғана Шандецкийдің уысында болатын.

Бұл ауылға анда-санда почта келген күннің өзі анау-мынау мейрамнан кем болмайтын. Марияға күйеуі Александр, ал қалғандары Шарлоттаға хат жазып тұрады. Ол жылдары екінің бірі ата-анасын, ері әйелін, әйелі күйеулері мен балаларын іздеп, ел-жұрттан сұрастырып жүретініне де көз үйренген жылдар болды. Олардың бірі іздегенін тауып жатса, екінші бірі іздеген адамының о дүниелік болып кеткенін естіп күйзеліп, тіпті табысқандардың өздері де бірін-бірі танымай қалып жатты. Өліп қалыпты деп артынан дұға бағыштап, оған

жәннәттан орын бере гөр деп Құдайдан тілеу тілеп жүргенде ол адам тірі болып, аман-есен оралған да кездер болған екен. Ал ол тірі, ол әлі-ақ аман-сау келеді деп үміттің шырағын сөндірмей жүргенде оның о дүниелік болып қараңғы көрде жатқанына да талай заман өтіпті.

Мария күйеуінен келген хатты қайта-қайта оқи береді. Ол байғұс дұшпан басып алған жерге баламды тастап кеттің деп бір ауыз реніштің де лебін білдірмей, керісінше біз әлі-ақ оны тауып аламыз, қамықпа деп бұны жұбатып отырады.

... Сөйтіп, әрі-сәрі күн кешіп жүргенде, 1944 жылы таңғажайып уақиға болды. Наурыз айының бас кезінде ХалКомКеңестен дұшпаннан азат етілген жерлерге ұжымшарлар малын әкелу туралы бұйрық шығады. Сонда Қостанай облысынан Украинаға 7200 бас сауын сиыры бөлініп, оларды Краснодар қаласына жеткізу керектігі де көрсетіледі. Ал Краснодар Ровеньков пен Добропольеге тиіп тұр. Теміржол вагондары толған әскери жүк болғасын, сиыр табындарын «жермен айдап» бару керек. Сондықтан шаруашылықтар ол жаққа малды әрі жайып, әрі аздырмай-тоздырмай ауанымен жәйлап айдап баратын малшылар, ұзақ жолда сауын сиырды сауып отыратын сауыншылар жинай бастайды.

Мария шаруашылықта сауыншы болып істейтін. Бұны естіген Мария екі өкпесін қолына алып, жүрегі алып-ұшып Шандецкийге келеді. Осылай да осылай, ол жақта ұлым қалып еді, соны әкеле алсам әкеліп алайын, болмаса бұл дүниеде бар-жоғын біліп қайтайыншы деп жалынып, аяғына жығылады.

— Сен арнайы қоныстандырылғандар тізімінде тұрсың. Одан ешнәрсе де шықпайды. Бар, жұмысыңды істе!-дейді Шандецкий тұздай көздерін бұған өшпенділікпен қадап.

Мария мал айдап баратқан екі қазақ әйелі мен қасында он төрт жасар баласы бар Иринаға туысқандарының мекен-жайын жазып беріп тұрып сондағы әке-шешесінің, ұлы Александрдың жағдайын біле келіндерші деп жатып кеп жалынады.

Ертедегі арийлер ғана малды алыс жолға осылай айдайтын болған.

Маусым айының арайлап атып келатқан ақ таңымен таласа бірнеше ұжымшардың жүздеген сауын сиыры аңырап-мөңіреп ұзақ жолға шықты. Қаракұрттай қаптап қыбырлап келе жатқан малдың қос қапталымен қос салт атты желе жортып отырады. Егер осынша малдың ішінен біреуі кем шықса сталинше үкіммен жазаланатынын олар жақсы біледі. Олар осындағы жер ауып келген немістер бері қарай жүріп өткен бірнеше мың шақырым жолды жүріп өту енді бұларға жазылған екен.

Енді шілденің шыжыған аптабы мен тамыздың жалаңдаған аңызағында, күздің күндіз-түні сылбырап еңсенді басқан жылауық жаңбырында малшылар батысқа қарата жүздеген сиырмен жағаласып жүріп отыратын болады. Алда Жайық, Еділ сосын Дон сияқты үш өзенді кешетін жерде кешіп, кешпейтін жерде аспалы көпірмен асып өтіп отыруына тура келеді. Одан әрі соғыс өртінен күлге айналған алқаптармен тоғайлар, үйлері қираған, иесіз қалған деревнялар мен әр тұста жанып кеткен танкілер. Кейбір сиырлар минаға түсіп бөлшек-бөлшек болып қалды. Ал Ирина мен оның қызы тозып біткен юбканың орнына сығандардың алабажақ көне шәйісін қақ айырып соған оранып алған.

Березовка сауыншылары Марияның өтінішінде орындапты. Олар Қазақстанға қайтып келгесін оның баласы Германияға кетті дегенді естігендерін айтып берді. Добропольеде бірде-бір неміс қалмапты. Үйлердің бәрі өртеніп, өртенбегендері иесіз қаңырап, қурай мен арамшөп басып кетіпті.

Ал Мария ұлын әйтеуір тауып алатынына сенімді болды.

1945 жылдың күзінде жұрттың бәрі иттің етінен де жек көретін Шандецкий өзінің отбасы тұратын Қостанайға ауыстырылды. Ол Каролинаны комендатураның шебінен шығаруға рұқсатты оп-оңай алып оған пәтер жалдап әпереді. Басқалар білмеу үшін Каролинаға ара-тұра келіп, сосын үйіне қайтып кетіп тұрады.

Арада бір жыл өткенде қазан айының бір кешінде Каролина Березовкадағы үйіне қайтып оралады. Ол әуелі Федоровкаға жетіп, одан бері қарай дала жолымен қырық шақырым жаяу жүріп өтіп Шарлоттаның үйіне кірген бетте қолындағы

қапшығын пештің түбіне қоя сала өзі есінен танып құлап түседі.

Оны есін жиғызбақ болып үй-іші әбігерге түсіп жатқанда пештің түбіндегі қапшық жыбыр-жыбыр ете қалғандай болды. Сосын түсініксіз бір дыбыс шықты. Ашып қараса ішінде бір жарым айлық нәресте жатыр екен. Әбден қатып-сеніп бет-аузы көгеріп кеткен бұл тірі жан шамның жарығын көзіне түскенде тағы да тіршілік белгісін беріп, кірпіктерін жыпылықтатқандай болды.

Иә, Шандецкий өзінің пасық адам екенін сонда көрсетіпті. Каролина босана салысымен жаңа туған шаранасымен бірге қуып шығып, содан қайтып бұл екі мұңлыққа жоламай кеткен дейді. Каролина ағасы Николайдың рухын есте сақтау үшін баласына Коля деген есім берді. Ал Николай ағасы 1937 жылы Киевке жақын жердегі сталиндік қапаста ұшты-күйлі жоқ болып кеткен-ді.

Сталиннің адамдарды құрбандыққа шалушысы Шарлоттаның туған ұлының өмірін өшірді де сол адам жегіш хайуан осылайша оны немерелі қылды.

Адамның аңқасын кептірген аптабы мен аңызға аралас ойда-жоқта аспан жарылып кетердей боп күн күркіреп, найзағай ойнайтын жусаны мен изені, селеуі мен еркегі түгел қурап сүреңсіздене бастаған, құйыны аспан мен жердің ортасындағы жалы бар дінгектей жортып жүретін далаға күз де келіп, егін де пісті. Жер ауып келгендердің шарбағының іші осыдан екі-үш жыл бұрын отырғызған алма ағашының жемістерінен түп-түгел айрылып, сарғыш қызыл түске бояп қойғандай кешегі көркем көрінісінен мүлде өзгеріп, даланың ақшамдағы аспаны қыстың үй іргесіне келіп те қалғанын ескерткендей алаулап тұр. Сөйтіп ақыры Рождество қарсаңында қарлы боран ұйтқи жөнелді. Кеше ғана секілді еді ғой... Бұлар былтыр Добропольеде дәл осындай кезде, осы Рождество түнінде үлкен-кішісі түген сыртқа жүгіріп шығып, түнгі аспаннан ең бірінші шыққан жұлдызды көруге таласып, бірін-бірі құшақтай Құтқарушының туған күнін шалқар шабытпен қарһәлләзи көңіл-күймен мәз-мәйрам боп келіп дастарханға отырып жатқаны былтыр ғана, жоқ, кеше ғана емес пе еді?!

Ал қазір ше? Қазір сыртқа шығудың өзі бір мұң. Аспаннан жұлдызды да көре алмайсың. Есікті ашсаң далада боран ұлып тұр. Аспан мен Жердің ортасы ақ кебінге оранғандай. Ольга мен Лидия қалған құтқанын киіп, шолақ тонын теріс айналдырып қалыптасқан үрдіспен балаларды қорқытпақшы болып еді Марта кәзіргі өмірімізде онсыз да қорқыныш шаш етектен ғой деп тыйып тастады.

Бұл ауыр ой үстінде. Жарда Генрих Кондратовичтің фотосуреті бұған көз алмай қарап тұрғандай. Кенже ұл Герман әкесінің аузынан түсіп қалғандай, оны көргенде Генрих Кондратовичтің өзін көргендей боласың. Оны әкеткелі де міне, жеті жыл болыпты. Азап пен мазаққа толы жеті ғасырдай болған жеті жыл! Шарлотта әлі де болса оны тірі деп, дәл қазір осында өздерімен бірге отыр деп те ойлағысы келеді. Онымен аман-есен қауышқан күні айтатын сөзін де мұң мен шерге толы тар кеудесінде алтындай сақтап келеді. Сол күні оған: «Міне! Мінекей сенің жаңа үйің. Мен бәрін аман сақтап келдім саған» демекші.

Ол қазір 53-ке келді. Мұрны мен ернінің ортасынан терең қос сызық түсіпті. Көзінің астындағы әжімдерге қарап ол өмірін тек күлумен өткізіп келатқан ба дерсің. Қазір алдына үлкен-үлкен мейрамдарда, не болмаса жерлеу сәтінде киетін ақ алжапқыш байлап алған. Жалпы алғанда оның осы бір онша ұзақ та емес өмірінде көрмеген машақаты да аз емес екен ғой. Кім дос, кім дұшпан екенін біліп болмайтын қым-қуыт азамат соғысы, қуанышы мен күлкісі де өлшеулі ғана шалапұла балалық шақ, балалары дүниеге келіп, одан ажалдың аузында кетуі, хабарсыз кетіп атылған ұлы мен еріне деген зор махаббаты. Шіркеуде жалбарынып дұға жасау, «фашистка» деген ызғарлы сөз бен өзіне тесіле қараған оқты көздер. Одан кейінгі екінші соғыс эшелонда келе жатып құшағында қайтыс болған екі немересі. Құлап түскелі әлсіреп тұрып, мықты болып көрінуге тырысу. Бәрі-бәрі көз алдында.

Оның шашындағы әрбір ақ тал қылшық та, қос жанарының астындағы әрбір әжім де ол көрген бейнет пен мехнат туралы сыр шертіп тұрғандай. Ал бірақ қуаныш, шаттық атаулының ізі де қалмаған.



Осы ақбасқын боранның алдында ғана үйге таныс қазақтар келіп кеткен. Бүгін христиандардың мейрамы екенін білгесін құттықтап келген екен. Балаларға әкелетін ешнәрсе таба алмадық деп біраз ет пен ұн әкеліпті.

– Біз қазақтар сендерге деген ниетіміз бен пиғылымызда қылау жоқ, - деді Ситай шығып баратып. – Бірақ ішімізде сендерге өте қастігерін қадағандар да бар. Әнеугүні Самат елге оралды. Жаралы, контузия алыпты, ішегін де кесіп тастаған ба... Немістерді жек көремін дейді. Саматтан сақтанып жүріндер. Ол ауру адам, ашу-ызадан не істеп, не қойғанын да білмей қалады.

Ситай кеткесін де бұлардың көңілінде үлкен бір қаяу қалғандай болды. Бұрын соғысқа қазақтар да қатысып жүр ғой деген ой мүлде болмаған екен-ау. Олар да басқалар сияқты неміс халқына деген өшпес ызамен, өшпенділікпен, кекпен оралады немесе ешқашан орала алмай сүйегі сол жат жерде қалады. Олардың сол өшпенділігі мен кегі тірі қалған туыстарына да көшеді деп кім ойлаған?

Түн ортасына таман бәрі үстел басына келді. Сыртта ақтүтек бұрқасын ойнақ салып тұр. Әйтеуір, үстел үстінде суға пісірілген құймақ пен аздаған ет туралған...

Марта бұдан екі жүз жыл бұрын осындай мерекелі түндерде айтылатын көне дүние әнін «Stille Nacht, heilige nacht» деп бастап кеп жіберді. Дәл осы минуттарда Березовкадағы жатаған жартыкеш қақыра үйшіктерде тұратындар да осы әнді шырқап жатты.

-4-

Наурыз, 1944 жыл.

Кеңседе істейтін әйел жеделдете жүгіре басып келіпті. – Таулықтарды, чечен дей ме, әйтеуір жиырма шақты адамды әкеліпті. Клубтың қасында жиналып тұр. Сөздері тек кеудесінде жаны ғана бар демесең, әбден өлуге келген... Жүріндер, барайық, - деп аптығып, алқынып тұрғанда трактор бригадасының әйелдері механика ауласында жұмыс істеп жатқан еді.

Наурыз айы болатын, күн ашық, көктем желі баяу ғана сипай соғып тұр. Клубтың алдында үстіне бума-бума түйіншектер тиелген арбалардың жанында бір топ кісілер қауқылдасып тұр. Ольга осыдан тура үш жыл бұрын өздері де тап осы жерде осылай үймелесіп тұрғанын есіне алды. Ол кезде қазан айы, жерге қырбық қар енді түскен шақ еді.

Бет әлпеті орысқа келіңкірейтін шашы дудырап орамалының сыртына шығып кеткен бір әйелге көзі түсе кетті. Үстінде пальто, аяғында терімен жиектелген боты. Қаланікі екені көзге ұрып-ақ тұр. Оның жанында таулықтарға көбірек ұқсайтын, шашы қап-қара, қой көзді екі бала тұр. Көздерінен біздің анамызға тиісіп көріңдер деген өркөкіректіктің ұшқыны шашырап тұрғандай.

Бұл әйел расында да орыс екен. Заң бойынша егер чечен қызы орысқа тисе оған тиіспеу керек, ал орыс қызы чеченге тиген болса, сонымен бірге ажырасқысы келмейтін болса, ол әйел депортацияға, яғни, жер аударылуға жатады. Бірақ қалай болғанда да балалар онымен бірге жер аударылатын. Ал бұл әйел ері мен балаларынан айырылуды ойына да алмаған көрінеді.

Бірнеше адам жаюлы көрпенің үстінде жатыр. Көпшілігі күрк-күрк жөтелден аузы босамайды. Қорлық пен зорлықтан да, жол азабынан да әбден қажып, әлсірегені көрініп-ақ тұр. Бұндай жағдай қазір осы жерде тұрған немістерге «жақсы таныс». Чеченді алып келген сардар шинелінің омырауын ашып тастап дәл жанында тұрған учаскелік басшыға даусын шамадан тыс қатты шығарып бақырып айқайлап тұр.

– Бұлар қарақшылар. Бұларды анау фашистерінді еркелеткендей еркелетуге болмайды. Егер жұмыстан бас тартып, орнынан басқа жаққа кетіп қалып немесе тағы бір қарсылық көрсететін болса дереу ауданнан оперативті топты шақыр.

Жергілікті қазақтар да келе бастады. Оларды «мыналар өңкей қарақшы, бандиттер» деп таныстырды. Қазақтар үнсіз. Бейтаныс, түрі-түсі өзгеше адамдарға аңырап қарап қалған. Бір кезде ортаға сақал-мұрты аппақ, басына терімен жиектелген шошақтөбе тұмақ киген ақсақал шықты.

- Ал, ағайындар, сіздердің діндеріңіз қандай?
- Таза мұсылмандармыз. Бұны айтқан егде жастағы болса да әлі де мықты екені байқалып тұрған, үстіне бешпент пен галифе шалбар киген ер адам еді.

Қазақтар күбір-күбір сөйлесті де үйлеріне кетті. Бүгін кешке чечендер азды-көпті жылы киім-кешекке де, нан мен ірімшік, құртқа да, піскен қазы-қартаға да қарық болып, тіпті кейбіреулері әлгі кеткен қазақтардың үйіне бұратола жайғасарына күмәндануға да болмайтын.

Қазақстанның әртүрлі уәлаяттарына эшелонмен әкелінген вайнахтардың бұл қоныстануы «Чечевица» немесе «Дохард», яғни, «Қирату» деп аталатын операцияның нәтижесі еді. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1944 жылғы наурыз айының 7-ші жұлдызы күні шыққан Жарлығымен Чечен-Ингуш автономиялық Республикасы өз өмірін тоқтатқан болатын.

Оның себебі: чечендердің немістерге тілектестігі және осы Республикадағы Кеңес өкіметіне қарсы бандалық құрылымдар мен жаппай қарсылықтар деп ресми түрде жарияланған болатын.

Кейін бұның себебін қарсы чечендер: –Барлық мәселе жерге байланысты болды. Грузиндер біздің жерімізді өздеріне қосып алмақшы болды. Ал Берия оларға уәде берді,-деп түсіндірді.

Оның айтуы әлде дұрыс, әлде бұрыс екенін кім білген... Бірақ қалай дегенде де сол кезде Чечен-Ингуш АКСРнің көп жері Грузияға өтіп кетті.

Тұтас бір ұлтты немістерге тілеулес болды деп айыптау, әсіресе чечен жерін сол кезде ешқандай да немістер басып алмағанын біле тұра айыптау нағыз жала екені мәлім. Сондықтан ЭНКЭВЭДЭнің жоғарыға берген мағлұматы орынды. Хасан Исраилов дегеннің «Кавказдық бауырластардың біріккен партиясы» деп аталатын антикеңестік ұйымы бар деген қаңқу сөздер жиі айтыла бастады. Ол ұйымның байланысшыларының бәрі сол ЭНКЭВЭДЭнің адамдары екені белгілі бола тұра тұтас бір ұлтқа осындай қасірет осылайша қолдан жаслаған болатын.

Иә, кеңеске қарсы ниетті адамдар ел ішінде аз болмағаны рас. Чечендер де, басқалар да ұжымдастыру дегенге ашық қарсы болды. Ал кейбір тарихшылар Чекистердің өздері ұйымдастырған бүлдіргі шаралар болғанын да жасырған жоқ. Мысалы, 1942 жылдың тамызында Шарипов дегеннің бандасы Химой ауылын басып алған. Ол республиканың сол кездегі бандитизммен күрес бөлімінің бастығы И. Әлиевпен келісіп жасалған іс екені айтылып та жүрді. Уақиға болар алдында ауылдан ЭНКЭВЭДЭ жасақтары шығарылып әкетілген екен.

Жергілікті халықтан қару-жарақ жинау да осындай сайқал саясатпен жүргізілді. Мысалы, былай.

– Қаруыңды тапсыр!

– Менде қару жоқ!

Сосын оны ұрып-соғу, тепкілеу басталады.

– Қаруыңды тапсыр!

Сосын оның туған-туысқандары кепілдікке алынады.

– Егер қаруыңды тапсырсаң, жібереміз. Тапсырмасаң не болатынын өзің де білесің.

– Ойбай-ау жоқ қаруды қалай тапсырамын,-дейді тергелуші.

– Ал қару бізде бар. Міне, винтовка. Міне, оқтары. Осыларды сатып ал да тапсыр.

Осылайша бір винтовканы жүздеген, мыңдаған адам сатып алған болып шығады. Осылайша күндердің күні болғанда бұл өңірден 20 000 атыс құралы табылғаны туралы жемісті жұмыс нәтижесі хабарланады. Кезінде бай кулактарды әшкерелеу жұмыстарынан жиналған «мол тәжірибесі бар» партия көсемдері кабинеттерінде «Ее, оларда әлі қаншасы бар екенін кім біледі?!» деп күлімдеп, ырғалып отырады.

Кремльдің сән салтанатты кабинеттерінде қабылданған қаһарлы шешімдер жедел жүзеге асырыла бастады. Бұл операцияны Берия өзі қолға алды. Жаттығу өткізіміз деген сылтаумен Чеченстанға күшейтілген әскер кіргізілді. Ақпанның 23-ші жұлдызында Қызыл Армия күніне бағытталған митинг өткізілді де, ал митинге барған ер-азаматтардың ешқайсысы үйлеріне қайтып келместен кетті.

Оларды әскер қоршап алып станцияларға алып кетті.

Ауыл азаматтары мен ақсақалдарына егер қарсылық жасар болса оңбайтынын нақтылап тұрып қатаң ескертті. Үйде қалған балаларға әскерилер келіп: «Сендердің әке-шешелерің басқа жаққа кетіп барады, өздеріңе керек-жарақтарыңды алыңдар да бізбен бірге жүріңдер»-деді. Осылайша эшелондарға балалар бір бөлек, ата-аналары бір бөлек болып беймәлім бір жаққа олардың азапты өмірге аттанысы басталды.

Рас, жолға, бір айлық жолға жетерлік ас-ауқат алып алыңдар деп ескерту айтқандар да болды. Ал біреулері өзінің мыналардың алдындағы өктемдігіне риза болып әкірендеп жүрсе, солардың ішіндегі адами қасиетінен әлі де айырыла қоймаған кейбіреулері үйден паралич болып, шала жансар жатқан қартты сүйрелеп шығарып жатқан, бір қолымен кішкентай нәрестесін құшағына қысып, екінші қолымен қайнатып пісірген жүгеріні алмақ болған әйелдің соңынан шырқырап жүгірген тағы да үш-төрт баласын итермелеп келе жатқан жолдастарына жиіркене қарап, олар соны да көріп қалса бәлеге ұшырармын деп теріс айналып кетті.

Шашы жалбырап, орамалы көзіне түсіп кеткен егде әйел:

– Ешкілерім, ешкілерім қалып бара жатыр ғой... Біз олар болмаса...деп айқайлай бастап еді...

Оған жауап берудің орнына бір сарбаз ППШ ауматының құлағын сықыр еткізгені сол-ақ екен қораның қоршау тақтайшалары жаңқа-жаңқа болып шашырап кетті де ар жағында бұларға құлақтарын қайшылап, едірейе қарап тұрған аппақ-аппақ ешкілер қып-қызыл қанға боялып, ажал алдындағы ақырғы демін алып кішкентай ғана сүп-сүйір қара тұяқтары дір-дір етіп жатты. Осы ешкілерше атылған адамдар да болды. Таудағы ауылдар өртке оранды.

Кеңес өкіметі бұларға арнап 180 эшелон дайындаған екен. Кілең жолаушылар вагондарынан ғана құралған соңғы эшелонда ілгеріде Республика басшылығында істегендер мен дін басылары жайғасқан. Бұл діндарларды өкімет халықты қарсыласпауға үгіттеуге пайдаланған еді. Осы келе жатқанда артта қалып бара жатқан туған өлкені қимайтынын ішіне бүгіп, терезеден мұная қарап отқан бұл кісілерді көрген көкірегі ояу, көзі ашық кім-кім де бұдан сан ғасырлар бұрын ғұмыр

кешкен, солқылдай жылап баратқан Иеремин Пайғамбарды көргендей болар еді.

Ал бұлардан басқалары ең болмаса терезеден қарап қоштаса да алмастан кетіп барады. Олар мінген жүк вагонында терезе орнына ауа кіріп тұратын алақандай тесік қана қойылған екен. Осындай вагонға елу адамнан әкеп тиеді. Ал енді бір вагондарда адам саны жүзден астам болғандықтан түрегеп тұруға ғана мүмкіндік болды. Осындай вагонда болған біреудің айтуынша ұлттың ұяты мен намысын көзінің қарашығындай сақтайтын чечен әйелдері қара басына қандай қасірет төнсе де ер адамдардың көзінше дәрет сындыруға қысылып шыдай-шыдай қуықтары жартылып өлгендер де болды дейді.

Қатты күйзеліске түскен бір келіншектің емшегінен сүт қашып кетіпті. Ешкімнен еш қайыр болмағасын аз ғана шекерді суға ерітіп береді, бала оны жұта алмай шырқырай-шырқырай екі тәуліктен соң анасының алдында жатып шетінепті. Келіншектің мінез-құлқында содан бастап, өте түсініксіз, тіпті, қорқынышты деуге тұрарлық бір өзгеріс басталған көрінеді. Ол сәбиін ешкімге ұстатпай тербеткен сияқты бір қимыл жасап отырады, сосын оған өлі сәбиі кенет біресе кірпігін қимылдатып, біресе сәл ғана аузын ашып, емшек сұрағандай көрінеді де алдақашан солып қалған сүтсіз емшегін баланың аузына тақай береді.

Көп ұзамай жолда сүзек ауруы жайыла бастады. Аялдамада ауруларды өліктермен бірге түсіріп жатты. Алты жасар кішкентай бір қыз ауыз жаппай жөтелумен болды. Аялдамада оны ата-анасының қолынан жұлып алып теміржол танабына шығарып тастады да вагон одан әрі заулап кете барды.

Жер аударылған немістердің басынан өткен зұлмат түрлерін бұлар да дәл сол күйінде бастан өткерді. Бұл вагондардың ішінде сыртқа, һәммә елге байқалмайтын ауыр азап пен шер-шемен, қайғы-қасірет пен зар-запыран кетіп бара жатты деуге әбден болар еді. Кейінгі бір мәліметтерге қарағанда депортация, яғни, жер аударудың алғашқы жылдарының өзінде 100 000 ға жуық адам өлген екен.

Бір айға созылған сапардан кейін эшелондардың біреуі Жаркөл бекетіне келіп тоқтады. Вайнахтарды осы жерден ауданның әр ауыл-ауылдарына бөліп-бөліп жіберді.

– Березовкаға әкелгендерді клубка жайғастырды. Чечендер мұнда жайғасып жатқанда жиналған жұртты қайран қалдырған бір көрініс болды.

Кенет жасы он бір-он екі шамасындағы бір бала ортаға жүгіріп шығып, тау халқының бұларға таңсық бір биін билей жөнелді. Біресе шыр айнала жүгіре жөнеледі де, біресе тізерлеп отыра қалып, қос қолын екі жаққа жайып жібереді, сосын ұшып тұрып аяқтарының ұшымен дікеңдей бастайды.

Қазір бұл жерге жиналып тұрған қазақтар да, немістер де бұған шейін чечендер туралы ешнәрсе білмейтін, ал кейбіреулері мұндай ұлт бар екенін бүгін ғана естігендер. Чечендерде ерте замандардан келе жатқан ахлақи ереже, яғни, моральдық кодекс бар. Ол ереже бойынша ер адам өзінің еркек кіндікті деген есіміне лайықты қалпын сақтай білуі керек. Ол «Яхь» деп аталады. Еркексің бе, өлімнен қорықпа, себебі сен онсыз да ажалды пенде болып жаратылғансың. Яхьға барар жол дегеніңіз жауыңмен алысып жатып та күлімсірей білу, яхьға бару дегеніңіз кір-қоқысты күйде де аяқ киімді жылтыратып таза ұстай білу, сосын жасы үлкенге сый-құрмет көрсету, қаны бір бауырыңның кегін алу, меймандостық, он екі атаға шейінгі әулетіңді білу.

Чечен ата-аналары балаларының қорқақ, үргедек болмай өжет те батыл болып өсуі үшін, өзінің «Яхьтаға» деген жолын дербес таба білуі үшін олардың бетін қайтармай, жазаламай өсірген.

Иә, ұшы-қиыры жоқ Қазақ даласына қай ұлттың өкілдерін осылайша қорлап-зорлап, малша айдап әкелмеді дейсің?! Мұнда кім жоқ?! Өздері ертегінің еліндей көретін Польшасын сүйетін поляктар батыс Беларусьтен жер аударылды. Ал еврейлер, Будда ілімін тұтынатын корейлер тазалық пен тәртіпті қалайтын, күні бойы бір тынбай еңбек етіп, кешке үйіне келгесін Христостың даңқын ардақтайтын әрі тым прагмат немістер тағы-тағы...

Енді міне аңыздарда жартылай адам, жартылай қасқыр сияқты әңгімеленетін және ерте замандарда Насих деген мекеннен шыққан ингуштарды алып келіпті. Бұлардың бәрі алдағы уақытта осындағы орыстармен де бірде ұлы данадай,

бірде аңқау баладай, пейілі өздері туып-өскен кең даладай қазақтармен мидай араласып, осында сіңісіп кетуі керек.

Арада көп уақыт өтпей жатып, орыстың да, немістің де, чечен мен иргуштың да, осында ата-бабасының кіндік қаны тамған қазақтың да балалары бір үйдің төліндей шұрқырасып, шуылдасып күліп-ойнап, көлден торта, шабақ аулап, тоғай-тоғайдан жуа мен көсік теріп жүретін болғаны һәм ақиқат.

Егер кейін олар ер жетіп, есейіп өз алдына үйлі-баранды болып кеткен соң солардың қай-қайсысынан балалық шағы жайында сұрай қалсаң, сонау жылдары бастарынан өткерген аш-жалаңаштық, не жылуы, не жарығы жоқ қақыралар мен күркелердегі азапты күндері мен түндерін есіне түсірместен, таңғажайып балалық шағы туралы мөлдіретіп тұрып айтып берер еді. Неге десеніз олар ол кезде сәбилік пәкизат жүрекпен әрбір атар таңына деген ұрзада үмітпен, бір-біріне деген дос пейілмен бірге жүріп, бірге тұрып өскен жандар емес пе?! Олар сол жоқ-жітік заманның өзінде ортасынан қақ бөліп жеген жалғыз тілім нанның қадірін біліп өскендер. Олар адамдарды жарлы мен бай, мұсылман мен христиан деп бөлмей, жақсы және жаман деп қана бөліп өскендер!

Ольга үшін бүгінгі жексенбінің де басқа жексенбілерден еш айырмашылығы жоқ сияқты көрінген болатын. Ол ешқашан таңертең ұйқыдан оянып көзін аша сала «Бүгін менің тағдырымда бір өзгеріс болады» дегенді айтып көрген адам емес.

Иә, адам пенденің өміріне кейбір өзгерістер ойда-жоқта келетіні бар. Ал сол адам пенденің өткенді еске түсіріп отырып қана «иә, сол күні» немесе «иә, сол бір кездесуден» кейін-ақ үлкен өзгерістер басталып еді-ау деп қоятыны бар.

Бүгінгі жексенбіде асықпай ұйықтаңқырап, кештеу тұруға да болар еді ғой. Бірақ азанымен таңғы ғибадатқа бармаса тағы болмайды. Қазір мына жып-жылы төсектен тұрып, бір бүйірінді ыстық пеш қыздырып тұрған осы ұядай ғана қақырадан шығып, қар басқан көшелерді түгел сықырлата басып, мұздай бастаған екі бетінді қосарлап уқалап бара жататынынды ойласаң...

Әрине, Березовкада шіркеу салуға рұхсат берілмей қойды.

Құдайға сыйынып, ғибадат ететіндер әр үйге кезекпен жиналатын. Екі сағатқа созылатын бұл парыз балаларға нағыз азаптың өзі дерліктей. Мартаның содан зәрезап болған он жасар ұлы Эдуард: –Мама мен бүгін бармай-ақ қояйыншы, деді жалбарынышты үнмен. Марта өзінің осы жалғыз ұлын сүйетіні сондай, ол үшін жанын беруге даяр. Сөйте тұра, тәртіп дегенде іс басқаша...

– Ол не сонда? Таңертеңгі асты ішіп алып, қайтадан төсекке жата кетпекшісің бе? Немене, үй-ішінің тілеуін тілеп дұға қылуға да ерінгенің бе? Тұр, киін! Аяз еттен өтіп, сүйекке жететіндей. Бетінді шарқатпен бүркеп берейін. Үсіп кетпесін! Ғибадат пен шариат ережелеріне сәл қиястау келсең, үлкендер мен ақсақалды қариялар елден қуып шығарып жіберуі де мүмкін болатын замандар өткен. Азамат және Ұлы Отан соғысы деген екі соғыс төсіне қызыл бант тағып, әскери киім киген сұсты адамдар, әр жері қажалған былғары кеудеше киген үгітшілер, ұжымдастыру, Құдай деген сөз аузыннан шыққаны үшін темекі қалдығы мен түкірікке толы бетон еденде тепкіге түсіретін абақты камерасы, ата-анасы аштан өліп жетім қалған, үй жағалай алақан жайып қайыр сұраған баспанасыз балалар басқа да қорлық-зорлықтар бұрынғыдай Құдайға сиынып бейкүнә ғұмыр кешуді ғана көздейтін заманды күл-талқан қылғалы да біраз болды. Бүгінде өзінді де, балаларыңды да бір Құдайға деген қасиетті сенімді сақтау ең басты шаруаның бірі болып қалды.

Бұлар бүгін міне осыған бола жиналды.

Ілгеріде жұрттың бәрі балаларын гүл-шешектей қып киіндіріп қоятын. Қазір ағасынікін інісіне, апасынікін сіңілісіне қысқартып, тарылтып беріп, қолға не іліксе соны кигізе салатын болды. Соғыс бітсе де өмір әлі де өз арнасына түсе қояр түрі жоқ. Кейбіреулердің айтуынша елге қайтқан майдангерлер Германиядан, Польшадан, Манчжуриядан көп олжамен оралып жатқан көрінеді. Велосипед, аккордион, кофта, көйлектер дегендей. Бір орыс қызы жақында Қостанайға барып-келіп Ольгаға Еуропадан әкелінген кестелі ақ кофтаның ұзындығы «модаға сәйкес келетінін» қақалып-шашалып тұрып айтып берді. Ал юбканың етегі балтырдан сәл ғана төмен түсіп, аяқ жағы түгел көрініп тұруы да «модаға

сәйкес» екен. Діншілдер отбасында өскен Ольгаға бұл секілді ашық-шашық киіммен жүру көргенсіздік болып есептелетін.

Бұл кезде Березовкаға өмірдің жаңа лебі әлі де табан тигізе қоймаған-ды. Өмір жақсылыққа қарай өзгермек түгіл кейде бұрынғыдан да құлдырап кері кетіп баратқандай көрінетін. Елдің күш-қуаты әбден тасыған әскери өнеркәсібін уақыт өткен сайын азаматтық қоғам өнімдерін шығаруға қарай бейімдеу оңай емес екен. Сондықтан да қалаларда артельдер мен кооперативтер құрыла бастады. Ол тек қалалардағы өзгеріс күйінде ғана қалды. Ал ауылдағылар бұл кезде әлі де қыздарына қапшықтан юбка тігіп, оны сиямен бояп беріп жүрді.

Бұлар жиналыстарға да үй-ішімен түгел баратын әдеті. Шарлотта, Марта ұлы Эдуардпен бірге жүреді. Олардың ортасында бүгінде жасы жиырмаға толып кісі қызығарлықтай көркем де әсем Лидия келе жатады. Жақында тракторшы әйелдер бригадасы таратылған болатын. Өйткені, соғыстан еркектер келіп жатты. Сондықтан Ольганы трактордан босатып сауыншылыққа ауыстырған. Ол қазір жиырма екіде. Жексенбінің кешінде ол Лидия екеуі биге барады. Би демекші Березовкада клуб та жоқ. Сондықтан шіркеу жоқ болғасын ғибадат қылуға кез-келген бос үйге жиналатындары сияқты мұндағы жастар биді де ауласы кең бір үйлерде өткізіп жататын. Ең соңында бет-аузын орамалмен бүркеп тастаған Колясын, махаббатсыз дүниеге әкелген Колясын жетектеп Каролина келе жатады. Шандицкиймен некесіз амалсыз қатынаста болып, одан бала туғалы Каролина ешкімге тіс жарып, тіл қатпайтын бір тірі мылқауға айналған. Қазір ол есепші болып істеп жүр.

Көшенің қос қапталында қам кірпіштен салынып, төбесін қамыспен жапқан үйлердің мұржасынан түтін будақтайды. Ал чечендер өздеріне жат бұл жерде көп тұрақтамайтынына сенімді адамша шаруашылыққа онша ден қоя қойған жоқ. Әйтеуір, әрқайсысы бір-бір жатаған жер үй салып алыпты.

Қазір ғибадат етуге бұрынғыдай көп адам келе бермейді. Бүгінде бар болғаны жиырма шақты ғана кісі-қара жиналыпты. Бұрынғыдай пастор да жоқ, кезекпен өздері дұға жасайды.

Сосын біреуі шығып: «Ал енді бүгінде бізден амалсыз айырылып қалған жақын жуықтарымызға дұға бағыштайық» дейді. Сол сәтте әрқайсысы өз ойындағы марқұм болған жанның есімін ішінен атап тұрып дұға қылып Құдайға құлшылық етеді.

Шарлотта өзінің не өлілей, не тірілей көз жазып қалғаны әлі белгісіз ұлдары мен ерінің есімін қайталаудан жалыққан емес. Биыл оның ерінің түрмедегі мерзімі біткен болатын. Оған дәл осы қазір қатты суықтан жуыспай қатып қалған саусақтарымен ағаш шабаданын әзер ұстап, көне пальтосының жағасын барынша көтеріп алып қалың қар басқан тым тырыс далада Генрих Кондратович келе жатқандай көрінеді де тұрады. Сөйтіп зарыға да сарыла күткен ерінің өлгеннен кейін жазасы алынып ақталғаны туралы сексенінші жылдары ғана келген бір жапырақ қағаз Шарлоттаның сонша жылдық қасиетті үмітін бір-ақ үзді. Міне, осының бәрі ғибадат кезінде ойға оралып, басқа бір дүниеде жүргендей болып тұрғанда неміс тілінде Інжілді оқу басталады да сосын хормен дәстүрлі ән айту басталады.

Бір кезде Ольганы да осы бір ойлы әндерді айтып тұрып шоқындырып еді-ау... Содан бері әрбір осындай ғибадат кезінде оның көз алдына сол күні өздері суға тастаған, енді су бетімен ғайыптағы бір ғажайып елге қарай қалқып баратқандай әппақ-әппақ гүлдер елестейді.

Ольга бүгін, міне дәл осы сәтте де сондай күйде тұрған еді.

Би қараңғы түскен бойда сағат тоғызға таман басталды. Үйі кеңдеу, бала-шағасы жоқ немесе бір-екі адамы ғана шағын отбасыларымен кезектесіп келісімге келеді. Бір бұрышта сырнайшы жігіт отырады. Ол заманда ең беделді жігіт ретінде сырнайшы-гармоншы мен киномеханиктің, әсіресе қыз-келіншектер арасында «түкірігі жерге түспейтін» болған. Ал ол Березовкадағы ең шебер гармоншы өз бетімен гармон тартуға әбден машықтанып алған жігіт Толя Сычев қана еді. Ол бас-аяғы төрт-бес минуттың ішінде кез-келген әуенді гармон түймелеріне салып ала алатын, онымен қоса орыстың, украинның көне әндерін сызылтып, мазуркадан бастап чарльстонға шейінгі бүтін би ырғақтарын гармонмен ойнақтата тартып бере алатын жігіт.

Әрине, Толяның күйеу жігіттігі онша мақтанарлықтай бола қойған жоқ. Көзінің қитарлығына байланысты Толя әскерге жарамсыз деп шешілген еді. Сосын өте тамақсау, ішімдіктен де қанша құйсаң да қайтпайтын, тым толысыңқырап кеткен, оның есесіне өте ақжарқын, мінезі ашық жігіттің өзі осы Толя. Егер ол әлдебір себеппен, не әдейі кекірейіп келмей қалса, жігіттер бәрі қосылып бір шөлмекке ақша жинап, ол жақсы көретін басытқыны қоса алып барса Толяңыз көп кідірместен кеудесіндегі гармонын құлаштай созып, орындық үстінде «Чаир бағында мінекей, бүр ашты райхан гүл» деген әскери әуеннің ырғағымен аяғының ұшымен еденді ұрғылап отыратын. Сол кезде оның екі көзін жұмып алып, бір шекесін гармонға сүйей өзінен өзі балқып отырғанының өзі қандай десеңші! Ал сырттағы аяздан да, қыздарға тән сәл ұялшақтықтан да жүзі алаулап, көйлектерінің етегі мен қынамасын басып-басып қойып, арқасын қабырғаға тақап бойжеткен қыздар тұратын майысып та күлімсіреп.

Бұларды көре сала алғашқы болып жер ауып келген украиндық отбасының қызы Катя Приходько қуанып кетті:

— Оля, Лида! Келіндер, келіндер!

Аумағы ат шаптырым дерлік үлкен, кең бөлмедегі заттардың бәрі сыртқа шығарылыпты. Төбеде керосин шам жанып тұр. Темекінің қалың түтіні бұлтша қалқып жүр. Грай атанып кеткен гармоншы Толя «Шаршаған күн» деген тангоны ол да қалқытып, қалықтатуда. Кеше ғана Ольганың көз алдында өскен жергілікті бозбалалар бұрышта бір бөлек тұр.

Басқалардан түрі де, түсі де өзгеше қазақ жігіті сонадайдан көзге шалынды. Біреуі тым еңгезердей ірі, шашын қысқалап алдырып тастаған нәп-нән қазандай басын қып-қысқа мойнының үстіне қолмен әкеліп қондыра салған сияқты. Кең иықтары бешпетіне симай кернеп тұр. Ол жүрген кезде тізесін бүкпей жүретіні бірден байқалып қалды. Ал екіншісі тапалтақ келген. Бешпетінің аржағынан күңгірт түсті көйлегінің ілгегін тамағының астына шейін қылғындыра салып қойыпты. Қол сағатын жұрттың бәрі көрсін дегендей жеңінің сыртына шығарыңқырай қойыпты. Еріндері етті, қысықтау іспек көздеу келген жігіт екен. Осындағы жергілікті

басқа қазақ жігіттеріндей емес бұл екеуі осында орындалып жатқан әндермен де, жұртты билетіп жатқан билер түрімен де таныс екені көрініп тұр.

Құрбысы Ольгаға оларды сыртынан таныстыра бастады:

Анау ұзынтұрасының есімі Бахчан, ата-анасы осында тұрады. Төлеген деген інісі бар, оларды сендер білетін де шығарсыңдар. Жараланғаннан кейін аяғы иілмейтін болып қалған. Екіншісін танымаймын, Березовкада бірінші мәрте ғана көріп тұрмын. Екеуі соғыста бірге болған ау деймін.... Олардың Қостанайдағы Мүгедектер үйінде аяқ киім тігетін артелі бар. Бірнеше ерлер аяқ киімін ала келіпті. Ендігі келгенде әйелдердікін де ала келемін деді. Мен де өзіме біреуіне тапсырыс беріп қойдым.

Сол екіншісі Ольгаға да онша ұнамай қалды. Бетінде бір шатақтықтың ізі бар сияқты. Жарға арқасын сүйеп тұрған қыздарға көзінің астымен тым мұқияттап қарап тұр. Әсіресе, үлкен, жалпақ қолсағатын жеңінің қайырмасының сыртына шығарып көрсетіп қойғаны несі? Ольга оған байқатпай қарап тұрғандай еді, бірақ анау оны біліп қойғандай жалт бұрылып бұған тесіле қарай қалды. Сосын Лидия екеуіне қарай жүрді. Сәл ақсаңдай басып, таяққа сүйенеді екен.

Ольга қаншама билегісі келіп тұрса да оған:

- Мен билемеймін,- деді жеделдете, даусын көтере сөйлеп.
- Мен де!

Осылай деп күлімсіреп қойды да ол:

– Тек өзіңе көзім түсіп кеткені...Өте әдемісің! Ал танысайықшы,- деді.

Ольга өзіне әдемісің деген сөзді ең соңғы рет сонау балалық шағында естіген еді. Сонда да мына жігіт сондай үстемшіл де қыршаңқы сияқты. Оның үстіне жасы да үлкен. Осы кезде гармоншы аяғымен еденді тоқ еткізіп «Рио- Ританы» тарта жөнелді. Бірнеше қыз-жігіт қол ұстасып ортаға шықты. Мына қазақтың кететін түрі жоқ.

– Ольга,-дей салды бұл шаршаған кейіппен.

Ол сырттай Каролинаға ұқсас болғанымен инабаттылығы, сәл ұялшақтығы Лидияға көбірек келінкірейтін. Ешқайда бұрылып қарамаса да жұрттың бүкіл назары өзінде екенін көзінің қиығымен-ақ байқап тұр.

– Қаһар! Менің есімім Қаһар!

Осы кезде Лидия Ольгаға немісше сыбырлап: Катя екеуіміз бір жерге барып келейік деді. Қазақтың түрі бұзылып кетті. Көздері сығырая қадалып Ольганың өңменінен өтіп барады. Даусы ысылдап шықты:

– Не, неміссің бе?

Екеуінің арасында қанды қырғын соғыс жүріп жатқандай бір көрініс елес беріп өтті. Жігіт бірнәрсе айтқысы келгендей болып бұған біраз қарап тұрды да үндеместен шарт бұрылып кете барды. Бақытжан оны тыжырынып қарсы алды:

– Не, жөніңді тап деді ме?

– Ол неміс екен ғой...

Оның есіне 42-ші жылы орманда болған бір шайқас түсе қалды. Қаһардың ротасындағы Сивцов деген жігіт тұтқынға түсіп қос қолын көтеріп тұрған екі немісті екі атып құлатты да қалталарын қарай бастады. Сивцов біреуінің қалтасынан немістің ақсары шашты, боялған әдемі еріндері күлімдеп тұрған сүйген қызының суретін алып қарап тұрды. Сол суретті күнде кешқұрымда қолына алып: «Қандай әдемі, ә? Ерні ше! Берлинге жеткесін осы қызды қалайда тауып аламын. Конверттің сыртында мекен-жайы жазулы тұрғаны жақсы болды. Бұл қызды тауып аламын да ойыма келгенін істеп жатып құлағына «Сенің сүйіктіңді мен, мына мен өлтіргенмін» деп қайта-қайта құлағына сыбырлап жатамын деп қиялдап отыратын еді.

Ол осылайша өзінің ұдайы соңынан қалмайтын үрейін де басып, кеңес әскерлерін қырған немістерден кегін алсам деген бір қараңғылық жабайы ойын да іске асырмақшы еді.

– Сивцов есінде ме? Үшінші взводтағы ше? 42-нің күзі болатын.

Алпамсадай ірі жігіт еді ғой, ылғи қолындағы фотосуреттегі неміс қызын қиялдап...

– Жоқ есімде жоқ! Ол неге есіне түсе қалды? Қарашы, қаншама бойдақ, сұлу қыздар, қарашы өзің! Айтпашы, сол соғысты, - деп Бақытжан бұған емес, қыздар тұрған жақтан көз алмай қарай береді.

Соның бәрі неліктен есіне түсе қалғанын Қаһардың өзі де білмейді.

Қаһар оны ішінен «немка» деп есіттірмей қайталап тұрып та бүкіл кеш бойы ешкіммен билеместен арқасын жарға сүйеп тұрған Ольгадан көзін ала алмады.

Әрбір үш-төрт ән мен әуенді орындап болған соң Толя бес минут үзіліс жариялайды да ауыз үйде жасырулы жатқан жарты литрлік шишадан үш-төрт қайтара ұрттап алады. Сосын жүріп келе жатқан күйінде темекісін де шегіп болады да жиналғандарға «Ал қазір танго басталады, ханымдар жігіттерді немесе құрбы қыздарын биге шақырады», - деп хабарлайды.

Бұл кім-кімнің де өзінің кімді көңілі қалайтынын білдіруге үлкен бір себеп бола тұра сол заманның әдеп пен ұятты қатаң сақтайтын жастары қозғала қоймайды. Би аяқталып, үйге қайтып келе жатқанда Лидия сіңілісі апасына:

– Анау қазақ ше... Сен ... сонша көп қарадың ғой, - деді. Ольга дәл мұны күтпеген еді. Ол оған қарамаған да сияқты еді ғой. Бұл қайдан байқап қалды екен? Ол сіңілісіне сол қазақтың өзіне түк те ұнамағанын айтып қанша ақталса да Лидия деген қу «пәле» жымыып күледі де қояды. Сосын тағы да: – Сен оны үйге ертіп келсең мамам қандай күйге түсерін ойлаймын да, - деп ар жағын жұтып қоя салады.

Ольга енді: Ольга! Ол діні басқа, ұлты басқа біреу ғой. Өзіміздің жас жігіттердің келуін күте тұрсайшы. Олар жақында келеді ғой... - деп Шарлоттаның даусын айнытпай сала қояды. Ольга әлі де ойдан арыла алар емес... Қаһар деген есімінің өзі де біртүрлі екен. Егер келесі жексенбіде ол да келетін болса мен бармаймын биге деп күбірлеп үйіне де жеткенін байқамай қалыпты ғой...

Сонау кезде Анхель Альбертович эшелонда келе жатып: - Қандай ашаршылық, қандай қайыршылық болып жатса да жастық шақтың өз қуанышы өзінде болады. Жағдайы жоқ жертөле мен қам кірпіштен соққан тоқал там, соңыңнан аңдыған бақылаушы, дененді сабындап өзенде шомылу дегендердің бәрі ең қымбатты орап қойған бірнәрсе ғана. Ал оның ішінде махаббаттың алғашқы лебіздері, адал махаббат үшін серттесу, қуаныш, алдыңда өзінді жаңа бір душарласу мен дидарласулар күтіп тұрғанын біліп қуану, бәрі-бәрі соның ішінде. Нағыз өмір сонда, - дейтін еді-ау.

Өлім еместің бәрі өмір! Солай екенін Қаһар кеше соғыста жүріп түсінсе, оны мұнда қоныс аударып келгендер де осында келе жатқан жолда және осында келгелі түсінген екен ғой.

-5-

Қостанайда мамандандырылған мүгедектер үйі жоқ екен. Соғыста мүгедек болып қалған, бірақ іздеп келетін ешкімі жоқ мүгедектерді әскери комиссариат жатақханаларға орналастырып жатты. Кейін арақ-шарап ішіп, төбелесіп, не тәртіпке бағынбай берекені кетіретіндер сыртқа шығармайтын жабық үйлерге ауыстырылды.

Олар жасыл сырмен боялған темір есіктің аржағындағы көзге көріне қоймайтын елеусіздеу үйде өмір өткізді. Ол үйге тек күнде таңертең машинамен сорпа, көже әкеліп түсіріп жатқандарды, ал терезелерден сақал-мұрты өсіп кеткен сұрықсыз адамдардың қарап тұрғанын ғана көруге болады.

Сыртқа дүниеден бұратола аласталған бұл жандар тірілей көмілген деуге де болар еді.

Бақытжан-Бахчан мен Қаһар тұрып жатқан жатақхана Орталық саябақтың қасында тұрған үлкен бір ғимарат. Саябақ қыстыгүні де таңғжайып көркімен көз тартатын демалыс орны деуге болады. Аппақ қарға бөленіп тұрған ақтерек, көктеректер мен қайындар әлдебір жан тербетер әуенді тыңдап тұрған жанды тіршілік иесі тәрізді. Аллеялардағы ақ қардың бетіне ешнәрсенің де, ешкімнің де ізі түспеген, тап-таза. Бір қарағанда осы Қостанай Кіші Ресейдің қалаларына ұқсайды. Сталин заманында осында украиндар көптеп көшіп келгендіктен қаланың тұрғындарының көпшілігі солардан құралған екен. Бір десятина жер (гектардан сәл көбірек) – 30 тиын тұратын.

Бұл облыс орталығында бірнеше зауыт, теміржол бекеті бар. Ал орталығында көпестердің сәнді де биік үйлері бой көтерген. Бірінші қабаты қыштан, екінші қабаты ағаштан салынған бұл биік үйлердің арасы бір-бірінен тым алшақ. Ал атақ-даңқы алысқа жайылып кеткен көпестердің тастан салынған үйлері де орталық көшелердің сәнін келтіріп тұр. Ол көшелердің бір шеті қазір қалың қар жамылып жатқан Тобыл шалғындарына барып тіреледі.

Сол орталық көшелердің біріндегі қызыл қыш кірпіштен тұрғызылған екі қабатты ғимарат бір кездегі шарап сатушынікі болатын. Кейін ол «Халық үйі» деп аталып кетті. Төңкеріс кезінде мұнда қарсылық штабы, ЧеКаның жергілікті бөлімі орналасты да қаланы Колчак әскерлері басып алғасын ақ гвардияшылардың тергеу комиссиясының кеңсесіне айналды. ЧеКа тұсында да, Колчак тұсында да бұл үйге жауапқа тартылып кірген адамның одан қайта шығуы тым неғайбыл болған көрінеді.

Ал оның ауласына қарай созылған Қызыл Қабырғасын оқтың іздері ойқастап тастаған.

Қаһар Қостанайда бұған шейін бір-ақ мәрте, онда да Семиозердан облыстық әскери комиссариатқа алып келгенде ғана болғаны бар. Сосын 1941 жылы Бахчан екеуі осыннан соғысқа аттанып кеткені есінде, Житомир госпиталынан осында келгенде туған үйіне жеткендей қуанғанын айтып жеткізу де қиын.

Қыста Қостанайда Торғай жақтан, оның туған Торғайынан күшті жел соғады. Сол жел Қаһарға оның балалық шағындағы ауыл ошағының, тезектің иісін, дала шөбінің жұпар иісін жеткізіп тұрғандай сезім әкеледі. Оған Торғай Даласынан есіп тұрған мынау жел жолшыбай өзінің шыр етіп жарық дүниеге келген жері Кең Табанның үстімен есіп өтіп, жарықтық Молдарахмет атасының кеңесшілер қиратып тастаған бейітін де бір желпіп өтіп, бір заманда көк шалғынды, шабындықты жазық даланың төсінде алыстан мен мұңдалап тұратын, бүгінде туырлығы мен түндігі түте-түте болып, қу қаңқа керегелері ілініп-салынып тұрған иесіз киіз үйлерді бір күңіреніп келіп тұрғандай көрінді. Менің бақытты да қорқынышты балалық шағымның киелі ордасы Торғайым-ай деп жылап жіберудің алдында тұрды ол сол сәтте.

Оны артельдегілер бірге туған бауырындай қарсы алды. Бақытжан да оны тебіреніске, қуанышпен өткен күндерге деген өкінішке толы сөздерді толқытып тұрып таныстырды.

– Менің сіздерге айтып жүрген Қаһарым міне, осы жігіт! 3-інші Беларусь майданы, полктың барлаушылар бөлімі. Балалар үйінің түлегі. Ол Ржев түбінде мені арқалап, ажалдың ортасынан алып шықты.

Мүгедектерге арналған бұл жатақта оннан астам кереует, жуынатын бөлме бар. Қатып қалған режим де, вахташы да жоқ. Қаһарға кереуетін көрсетіп, примус және таба беріп кетті біреуі. Артель басшылығына бұл азаматты штатқа алындар деген нұсқау келді.

Артель басшысы орын жоқ екенін, онсыз да артық адамдар тіркелгенін, ертең тексеру бола қалса басы кететінін айтып азар да безер болды.

Мүгедектер де бұл нағыз біздің адам деп ақыры айтқандарын істетіп тынды.

Орта бойлы, дөңгелек бетті, қаракөл жағалы пальто киген шаруашылық басшысы мұндағылардан зәресі қалмай қорқатын адам. Сақал-мұрты қауғадай, ұятсыз сөздерді қапшық-қапшығымен ақтаратын, ауыздарынан папирос түспейтін бұлардан бәрін күтуге болады. Бұлар мұны біздің аяқ-қолымызды кесіп жатқанда қызық қуып жүрген тылдағы егеуқұйрық тышқан деп ойлайды. Сосын бұлар жыны ұстаса басыңнан балдағымен бір ұрып құлата салуы да, бүйрегіне пышағын сұғып жіберуі де әбден ықтимал. Өз шешімін осылай деп іштей мақұлдаған шаруашылық басшысы мүгедектермен көп айтыспастан келісімге келе салды.

Ол кезде бұл артельде екінші топ мүгедектігіне жататын жиырма шақты адам жұмыс істейтін. Біреуінің аяғы, біреуінің қолы, енді біреуінің бір көзі жоқ, контузия алып басы қалт-құлт ететіндер де жоқ емес.

Екеуінің екі көзі де жоқ, ал жап-жас біреуінің миы жарақаттанған үш мүгедек қана 1-ші топқа жатады. Олар жұмыс істемесе де басқалармен бірдей толық үлес алады.

Басынан ауыр жарақат алған орыс жігіті сөйлей алмайды, қос қолымен жар жағалап жүреді. Бірақ сөйлесе алмаса да, бәрін түсініп, айтарын көзімен айтады. Анасы оны Саратовтағы госпитальдан алып шығып, Қостанайға үйіне әкелген екен, арада төрт-бес ай өткенде өзі бақиға кетіпті. Жиырма төрт жасында кеудесінде жаны ғана бар бұл әйтеуір тірі жанның бұл дүниедегі бары осындағы кереует, майдандас достарының қамқорлығы және жолқоржынындағы Қызыл Жұлдыз ордені ғана.

Сонымен Қаһар тігін цехында жұмыс істей бастады. Сонау 1941 жылдың кезінде Херсоннан Қостанайға «Большевичка» деген тігін мәшинесі әкелінген болатын. Станоктар алдырып, цех солдат күртелері мен гимнастеркаларын тігіп шығара бастаған-ды. Соғыстың соңында ондай киімдер көп қажет болмай қалғасын әскери комендатураның өтінішімен бірнеше тігін мәшинесі мүгедектер артеліне берілді.

Артельшілер тракторшылардың арнаулы киімдерін–бас және аяқ киімдер тіге бастады. Еңбекақыға болар-болмас тиын-тебен ғана алады. Сөйте тұра, бұлар елдегі бүкіл тауар жоқшылығын жоюға өз септіктерін де тигізушілердің бірі болды. Өмір мен тағдыр соққысын көп көрген мүгедектер енді іскер адамдармен келісім-шар жасасып іске кірісті. Бұларға тек сәтен, бақы, бөз сияқты қажетті материалдарды сол іскер адамдар фабрика жұмыссыз тоқтап қалған сәттерде де жеткізіп беріп тұрды.

Далалық қазақтардан суырдың терісін сатып алып сарғылт түсті теріден құлақшын, бөрік, малақай тігіле бастады. Дала түлкісінің терісін тіпті аз ғана тиынға сатып алуға болады екен.

Қалтаға ақша түсе бастаған соң кешқұрым ішімдік ішу де басталады.

Жұмыс күндеріндегі ішіс сенбі күнгі демалыс кезіндегіге қарағанда түкке тұрғысыз секілді. Суқараңғы соқырлардың алдына арақты әкеліп береді, ал басынан жарақат алған сорлыға татырмайды. Аузына болар-болмас ішімдік тиер-тиместен ол байғұс қос қолымен басын қысып алады да аузынан ақ көбік ағып, дөңбекши бастайды. Көзі түк көрмейтін сыңар аяқ бір лейтенант арақты жұтып салады да қашан қарнына барып түскенін күткен адамша үнсіз біраз уақыт отырады да, сосын барып «Рахмет, бауырлар» дейді. Осы ғадетін ол әр ішкен сайын қателеспестен қайталайтын болды. Ол өзінің еңбекақысын қаланың шет жағындағы бір баракта тұратын әйелі мен балаларына жібергізіп тұрады. Әйелі екеуі ажырасқалы да біраз болған екен.

Мұнда осылайша өмір өткізіп жатқандардың әрқайсысының өз тарихы, өз қайғысы, өз арманы бар. Оның бәрін теріп те,

тізіп те жатпай-ақ «Соғысқа қатысып мүгедек болған» деп жаза салуға да болғандай. Бірақ сол екі-үш ауыз сөздің де ар жағында осылардың жан дүниесінде, жүрек түкпірінде жатқан сыр мен жырдың, қасірет пен қайғының телегей теңізі жатқанын қалай жеткізуге болар еді?

Бұл соғыс кімнің жүрегі мен жүйкесін өрт боп шарпымады дейсің?!

Қапелімде Қаһардың есіне облыстық әскери комендатураның шарбағының іші түсе кетті. Шілде айы болатын күн қайнап тұр. Әр ауылдан келген жүздеген қазақ жігіттері иіріліп тұр. Көпшілігі орысша бір ауыз сөзді де «қақпайды». Басына шошақ төбе бөрік, әдемі шекпен, шапан киген мұрттары енді-енді тебіндеп келе жатқан бұлар қаланы өмірін де бірінші мәрте көріп тұр. Олар ертең-ақ 312-ші және генерал Панфиловтың 314-ші дивизиясына бөлінеді. Сосын Мәскеу түбіндегі қар басқан қалың орман... Ой, дүние-ай, қазір солардың көпшілігінің сүйегі қайда қалғаны да беймәлім-ау Ө?! Енді біреулерінің шайқаста қаза тапқаны туралы «қара қағаз» ғана келіп, ата-анасы ауылда аңырап өмір бойы жоқтау әнін айтумен өтті ғой.

Бұл соғысқа Кеңес үкіметі құрбандықты артығымен берді. Кеңес төңкерісі басталмай тұрған мамыражай заманда бұл төңіректе Мамановтар отбасын білмейтін жан кем де кем болған. Өте дәулетті бұл әулет кедей, жарлы-жақыбайлардың балаларына арнап мектептер ашқан. Кеңес өкіметі келгесін олардың бүкіл мал-мүлкін тәркілеп отағасын кішкентай қызымен бірге Орынборға айдауға жібереді. Кейін отағасы қайтыс болып, Халида бойжеткесін медицина институтын тәмамдайды. Соғыс басталғанда әскер қатарына өтіп келгенімен оны халық жауының қызы есебінде госпитальға дәрігер қып емес, жерлеу командасына жұмысшы қып жібереді. Оған тек өліктерді көмуге ғана сенім білдірілген болып шығыпты.

Сосын ол Сталинге: «Мені айыптылар батальонына жіберуін өтінемін» деп хат жіберіпті. Сөйтіп, оны Сталинград түбіндегі айыптылар ротасына жіберіп, ол өз ықыласымен айыптылар батальонында соғысқа қатысқан жалғыз әйел болып шығады.

Майдангерлер «айыптылар батальоны» деген сөздің ар жағында ажал тұрғанын өте жақсы білетін. Ол шын айыпты қылмыстыларға жасалған кешірім түрінің біріндей еді дейді білетіндер.

Бірде Литваның қалың орманында Қаһардың барлаушы тобы жорыққа шығар алдында қалталарын оққа толтырып, қаруларын қайта-қайта тексеріп, сосын әлдеқандай жағдай бола қалса білсін дегендей әрқайсысы үйлеріне хат жазып жатты. Үлкен бір шабуылға даярлық басталыпты. Таңертең орманға қару-жарақ тиеген көліктер келіп тоқтады. Біреулер тез шығындар, жүкті алындар деп танкінің бортын тарсылдатып ұрып жатыр.

Танк қақпағы ашылып, Қаһар сыртқа қарағанда екі көзі атыздай болып, ұясынан шығып кетуге шақ қалды. Қарсы алдында қара комбинезон киген, түрі ұйқысыздықтан шаршаған өрімдей жас қазақ қызы бұған қарап сәл таңырқап тұр екен. Басында шлемі жоқ, қара қарғаның қанатындай көп-қою қара шашын көк желкесіне тастай қып түйіп тастаған. Бір кезде оның аржағынан тағы да қаракөзді, қара шашты, бәрі бір-бірінен айнымайтын әскери киім киген үш қыз тағы шығып келе жатты.

Е-е жетер жеріме жеткізіпті ғой, мына контузия,- деп Қаһар күрсінгенін де байқамай қалды.

– Оһо-о!

Сосын есін жиған соң барып:

– Сәлем қыздар!-деуге ғана шамасы келді.

Сірә, экипаждың командирі болса керек, қыздардың біреуі бұған болар-болмас қана басын изеп амандасқан болды да қару-жарақ тиелген көлікке қарай жөнеле берді. Ол өзіне жұрттың таңдана да, кейде тамсана да қарайтынына еті үйреніп кеткені көрініп тұр. Ал танкінің механик-қызы басқалардан өзгешелеу екен. Қаһарға қарай жымыып күліп:

– Сен қайдансың, жерлес? – деді.

Бұл қарағандылық қыз Жамал Байтасованың көпшілікке әйгілі танк экипажы екен. Танкіші әйел деген соғыста ара-тұра болса да ұшырасып тұратыны бар. Ал мынау экипаж түгелімен әйелдерден тұрады екен. Бұл экипаж басқаларға үлгі, сабақ, өнеге болсын деп жасақталмаған, таза өмір

қажеттілігінен туған болатын. Механик қыздың кеудесінде «Ерлігі үшін» медалі қадалыпты.

Күлгенде бетіндегі титтей шұқыры шыға келетін бұл көрікті қыздың есімі Күлжәмила екен. Бұл күн Қаһардың есінде өмір бойы сақталып қалған кездесу күні болды. Тағдырдың жазуымен бұрын естіп те, көріп те көрмеген шалғай елдің орманында бірі барлаушы, бірі танкіші қазақ жігіті мен қазақ қызы туған анасының тілінде ой бір шалқытып та шарықтатып та бір-бірімен жарыса әбден сөйлесті-ау сол күні. Сондай рахатқа бөленіп, басқа дүниені, тіпті соғыс жүріп жатқанын да бір сәт ұмытып, бейбіт өмірде жүргендей ләззатқа батып отырғанда Қаһарды барлауға, жолға шығуға шақыра бастады.

Ол қоштасар сәтте қыздың дала поштасындағы мекен-жайы туралы жазбаны алып, осы сапардан аман-есен орала сала хат жазуға уағда беріп артына қарай-қарай жүгіріп бара жатты. Содан қашан бейтарап алқапқа жеткенше қыздың дала поштасының нөмірін сансыз күбірлеп қайталап, өз миына өзі күйімен болды.

Сосын шабуыл басталып кетті. Күн мен түнді ажырату да қиынға түсті, жанған от пен жауған оқтан. Ол содан бір апта өткен соң үйлерінің төбесі қызыл қаңылтырмен жабылған бір қалашыққа келгесін барып уәделі хатын ертеңіне қазір келіп қалардай күтумен болды. Әлде, хатқа жазған сөздерінде бірер ерсілік болды ма екен?

Арада талай сарыла күткен күндер өтті. Жауап хат әлі жоқ. Біресе, иә, ол қыз жауап жазатындай мен кіммін? Тіпті, сардар да емес, қатардағы көп сарбаздың бірімін деген ойда жанын жүдетіп барады. Бір күні өз хаты өзіне қайтып келді. Сыртында «мекен-жай иесі кетіп қалған» деген жазба бар. Сенерін де, сенбесін де білмей абдыраумен тағы біраз күн өткенде бұл бір көргеннен ішіне шоқ түскендей ынтық болған қайран сұлу сол күні екеуі ұзақ сырласып қоштасқан күні-ақ қаза тапқан екен. Иә, сол аты әйгілі танкідегі төрт қазақ қызы сол күні танкісімен бірге өртеніп кеткен екен.

Қаһар бұл уақиға туралы осы артельдегі тірі жанға тіс жарып айтқан емес.

Березовкадан келген соң екі апта өткенде Қаһар Бахытжанға бір өтініш жасады.

– Демалыс күні сенің туған ауылыңа барып келейікші, а?
– Неге? Тіке баратын көлік те жоқ. Кездейсоқ көлік күтіп, жүргенде жолда ... бір күн өтеді ғой. Мамырдағы мейрамда барып қайтайықшы! – деп бұған Бахчан-Бақытжан таңырқай қарап қояды.

Қаһар келесі аптаны да басқалармен бірге фабриканың арнаулы киімге берген тапсырмасын орындаумен өткізді. Арасында түлкітымақ, суыртұмақ тігіп «көлденең пайда» тауып та қояды.

Бүгін демалыс. Таң алды дала әлі қараңғы. Қазақтар бұны «таң қараңғысы» дейді. Міне, ол бүгін «таң қараңғысынан» тұрып алды.

– Ау, сен қайда жиналдың, бауырым! – дейді Бахытжан.

Мүгедектердің һәммасы ұйқыда. Тек басынан жарадар болған сарбаз ғана көздерін бақырайтып ояу жатыр.

– Қажып кеттім, осы жатақханада отыра-отыра! Березовкаға барып қайтамын. Олар бізге ботыға тапсырыс беріп еді ғой. Қазір екеуі дайын. Сатып, шамалы тиын-тебен қылайық та! Артық болмайды ғой.

Қаһар осылай деуін деп тұрса да Бахытжанның бетіне қарамай, жүзін бұрып әкете береді. Бахытжан орнынан күлімсірей түрегелді. Есіне өткенде Березовкадағы кеш түсіп, одан сайын жымыып күле бастады.:

– Е-е-е-е! Түсінікті-і-і! Неміс қызы! Неміс қызға барып қайтамын десейші.

«Неміс» деген сөзді құлағы шалып қалған басынан жараланған жігіт Қаһарға тесіле қарап қалыпты. Бөлмедегі мүгедек атаулының ұйқысы шайдай ашылған. Біреулері қозғалақтап, кереуетінен тұрып, енді бірі бұларға қарата аунап түсуде. Бір мүгедек күрк-күрк жөтеліп жанындағы қобди үстінде жатқан темекісіне қол созды. Бахытжан досына әлі қайран қалып қарап отыр. Қаһар оған онша назар салмастан:

– Егер дүйсенбіде жұмыстан кешігіп қалсам, мені жоқтатпа, жарай ма? деді де жолдорбасын иығына ырғытып жіберіп жаралы жігітке көзін бір қысты да тысқа шығып кетті.

Енді екі-үш сағат өткенде ол Федоровка ауылындағы Жаркөл бекетінде Қостанайға қарай шығатын жол үстінде өткен-кеткен көлікке қол көтеріп тұрған еді. Троицк-Челябинск

тас жолы ағылған көлік. Ал Федоровкадан Украинаға апарар жол ойлы-қырлылығын былай қойғанда ол жақта жүргінші де, көлік те өте сирек. Қаһардың үстінде қалың шолақ тон, қолына жылы қолғап киген, сау аяғында қос қабат жүн шұлық болса да дірдектеп тоңа бастаған сыңар аяғымен жерді тепкілеп билеген сымақтанып тұр. Қос қапталына қатар тізіліп өскен қалың ағаш қар жамылып үнсіз мүлгиді. Машина түгіл қыбыр еткен тірлік белгісі байқалмайды мына далада. Уһ, әйтеуір бір көлік көрінген сияқты қарлы шаңдақты бұрқ еткізіп бір жарым тонналық «полуторка» тоқтай қалды.

Көлік терезесінен қырылмаған сақал-мұрты тікірейген жүргізуші басын шығарды.

– Қайда барасың, жерлес?

– Березовкаға!

– Березовкаға бармаймын. Украинка жаққа кетіп барамын. Бұрылысқа шейін апарып салайын ба?

– Мақұл! Рахмет. Әрі қарай он екі шақырымды өзім-ақ жүріп өтермін, өйтіп-бүйтіп.

Жүргізуші бұның көлікке шаққа дегенде қиналып мінгенін бірден байқады. Мүгедек екенін білсе де үндеген жоқ. Қаһар таяғын бұтының арасына қыса салды.

– Өзің Березовкадансың ба? Жүргізуші әңгімені осылай бастап берді.

– Жоқ, қазір Қостанайда тұрамын. Өзім Торғайлықпын.

– Торғайдан ба едің? Ол жаққа бір рет жүк апарғанмын. Тұл дала ғой... Еліңе қайтқың келмей ме? – деп біресе Қаһарға, біресе ойлы-қырлы жолға алма-кезек алақ-жұлақ етеді.

– Сәті түскен күні барармын, - деп Қаһар да салқын ғана жауап бере салды.

Ойы басқа жақта. Сөйлесуге де зауқы жоқ. Кабинадағы жылудың да жарытып тұрған ештеңесі жоқ. Аузыңнан аппақ бу бұрқырайды. Маңдай алды терезеден көсіліп жатқан қарлы жол. Әрі қарай дала. Ара-тұра әлдебір көлшіктің мұз басқан бетін жауып өскен қалың бұталар зыр етіп артта қалып барады.

Жүргізушінің іші пысып, әбден зерігіп отыр екен. Тағы да сұрақ қоя бастады.

– Сенің жолың болғыш екен. Менің Украинкаға бара

жатқаным саған жақсы болды. Әйтпесе, бұлай қарай жол жүретін ешкім де жоқ. Ал Березовкаға неге бара жатырсың?

Шынында да, осы мен неге бара жатырмын? Өзіне-өзі қойған бұл сауалға жауап та таппаған соң тағы да не басы, не соңы жоқ бұлдырлау бір ойға кетті. Осы бір неміс қызы, оның көзқарасы неліктен есіне түсе береді. Айтпақшы, осы неміс қызы баяғы танкіші қыз Күлжәмилаға да ұқсайтын сияқты ма қалай өзі? Қалай дегенде де екеуінің көзқарасында екеуіне ортақ бір ұқсастық бар. Осы қыздың бүкіл бидің басынан ақырына шейін арқасын қабырғаға сүйеп үнсіз тұрысы оған деген әлдебір аяушылық сезімін оятты ма екен, әлде? Қаһар өз көкірегінде туындаған осы бір сауалға ақыры жауап таппаса да беймәлім де бейтаныс бір нәзік әуен өзін шақырып тұрғандай күй кешіп келе жатты.

– Березовкаға неге бара жатырсың дейсің бе, бауырым? Ол бір-екі минут ұйықтап кетіп, кенет оянып кеткендей жүргізушіге жалт қарады.

– Биге! Биге бара жатырмын.

Жүргізуші облыс орталығынан сонау жер шетіндегі ауылға биге бара жатқан, өзі соғыстан кемтар болып оралғаны әлгінде бұл машинаға кіріп келе жатқанда-ақ байқалған бұған аңтарыла қарады да, қарқылдап тұрып едәуір күліп алды. Өңгіме енді қыза түсті. Бұл да осы біржарым тонналық көлікпен ұрыс, шайқас болған талай-талай жерді басып өткен, жауынгерлік бауырмалдықтың жөн-жоралғысын жақсы білетін жігіт болып шықты. Ақыры ол Қаһарды өзі айтқан бұрылысқа шейін емес, тура Березовкаға әкеліп салды. Тіпті, ертең Федоровкаға қайтарда Қаһарды ала кетуге уәде берді. Ал Федоровкадан таңғы сағат алтыда Қостанайға аутобус шығады, ол болмаса жүк пойызымен де жетіп алуға мүмкіншілік бар.

Қаһар жексенбінің кешіне шейін Бахытжанның туысқандарының үйінде мейман болды да би болатын үйді бұл жолы оп-оңай тауып алды. Тағы да екі-екіден шүйіркелесіп, сыбырласып тұрған сол қыздар, топ-топ жігіттер. Үйдің ішінде темекі түтіні қалқып тұр. Бұрышта сырнайшы Толя. Сол неміс қызы бұл жолы да сіңілісімен және бір-екі құрбысымен сол баяғы орнында қозғалмастан тұр. Қаһар бөлмеге кіріп

келгенде ол бұны көріп селк ете қалды. Сырнайшы бұған қарап көнекөз танысынша басын бір шұлғып қойды. Ал жергілікті жігіттер үшін бұның Бахуансыз жалғыз келгені де таңғаларлық болды.

Қаһар мына ортада өзін өте ыңғайсыздау сезінсе де өткен жолы өзімен танысқан жігіттердің қасына барып, қол алысып амандасып шықты. Көз қиығымен неміс қызының өзіне қарап тұрғанын байқап оған тура қарай қалып еді қыз жалма-жан бетін басқа жаққа қойып, денесін жиырып ала қойды.

Ольга сіңілісіне бірнәрселерді айтып тұрды да, өзіне қарай беттеп келе жатқан Қаһарды көріп қалт етіп тоқтай қалды. Көзі ұясынан шығып барады.

– Мен билей алмаймын, -деді Қаһар. – Бір аяғымның орнында протез.

Егер мүгедекпен дос болуға ниетің болмаса, оны да түсінемін. Егер онда тұрған ешқандай ерсілік жоқ десең, біраз сейілдеп қайтайық. Әйтпесе осындағылардың бәрінің көзі екеуімізде.

Ольга оған «жоқ болмайды, тіпті сен енді Березовкаға келмегенінді қалағанмын» дегісі келіп тұрса да, «сен маған мүлде ұнамайсың» дегісі келіп тұрса да үнсіз басын изей салды. Ол кезде сырнайшы Толя өзі ойнап отырған вальсті аяқтай сала саусағымен гармон түймелерін бір сыдыртып өтті де:

– Ал енді мына әуен біздің ауылдасымыз Бахчанның досы, Қостанайдың өзінен келген майдангерге арналады,-деп нағыз ұжымшар конференсьесінің даусымен хабарлап та жіберді.

Залды «пеш ішінде баяу ғана маздаған от» әні баурап алды. Қаһарға мына сырнайшы Толя осы әннің бұл үшін де, бүкіл майдангерлер үшін де өте ұнайтынын білетіндей көрініп кетті. Тіпті, сырнай даусының ар жағынан Бернстің өзі: «Саған жету маған қиын болғанмен, өлім менен төрт-ақ адым жерде тұр» деген дауысы да естіліп тұрған тәрізді. Қазір осындағылардың бәрінің көзі Қаһар мен Ольгада болса да ол енді өзін өте еркін сезіне бастады.

Екеуі сыртқа шықты. Айы мен жұлдыздары жарыса жарқыраған ашық аспан. Би кезіндегі жастардың жарқын-жарқын күлкісі мен сырнай даусы сызылып қана естіледі.

Екеуі аяқ астында сықырлаған қардың дыбысына ғана құлақ түріп біраз үнсіз келе жатты.

Сөзді Қаһар бастады.

– Мен неге саған жеделдетіп келгенімді айтайын ба? Ольга бұған енді бұрылып қарады. – Көп уақытты созғым келмейді. Өмір деген сондай бір... – Бахчан бұл жаққа көктемге қарай барайық деп еді, тыңдамадым. Оған шейін сені басқа жаққа жіберіп қоюы да мүмкін. Сосын өзің күйеуге тиіп кетуің де... Сосын бірден саған қарай тарттым да кеттім.

Ольга Қаһардың жанында өзінің тұла бойын басқан соншама ауыртпалықтың бәрі сейіліп, жеңілдей бастағанын сезінгендей болды. Қаһар әлі сөйлеп келеді. Ольга оны тыңдай бергісі келді. Екеуі осылай ауылдың шетіне шығып кеткенін де байқамай қалды. Екеуінің арасы бірте-бірте жақындап, иықтары да түйісе бастағандай. Ол бұдан екі-ақ жас үлкен болса да тым ересек, тіпті бұрынғы мұғалімі Балмұқан тақылеттес болып көрінді.

Ауыл қалың ұйқыда. Үйге қайту керек. Бірақ... Анасы бұның бір бейтаныс қазақпен қыдырып кеткенін Лидиядан естіген де шығар. Ал Қаһар әлі сөйлеп келеді. Бұған ол осы ауылға беймәлім жаңа бір дүниені әкелген жандай көріне бастады.

Бір кезде әй-шәй жоқ:

– Жұрттың бәрі соғыстан келгендерден қорқу керек дейтін еді ғой, - деп қойып қалды.

Қаһар оның бұл сөзін естімеген адамша:

– Сендер бұған дейін қайда тұрдыңдар?-деді.

– Донбасста, Добропольеде. Ровеньковтан онша қашық емес. Сосын Миллерово, сосын Лозовое... Жол тым тарылып бара жатқан соң қыз бұның иығына иығын тақап тіпті жақындай түсті.

Осы бір мекен атауларын Қаһардың есіне адамдар соңғы бір жылдың ішінде екі рет түсіріп отыр. Әуелі анау... Житомир вокзалындағы әйел. Енді міне, Ольга. Бұлар ол кезде Ворошиловград операциясымен бүкіл Донбасс арқылы Запорожьеге дейін бары еді-ау. Жолда қаншама қасірет шеккен село, деревьялардың үстімен өтті. Бәрін де ақпанның сол бір аязды таңындағы адамдар, оларды шіркеуге малша айдап



кіргізіп өртемекші болған полицейлер дәл қазіргідей көрінеді де тұрады.

Ол Ольганы үйіне шейін шығарып салды. Ольга анасының терезеден қарап тұратынын білгендіктен бұның үйге жақындатпауын өтінді де өзі сәл шегініп тұрды.

– Ал енді түн ортасында Қостанайға қалай жетесің?

– Мен үшін қам жемей-ақ қой! Қаһар осылай деді де кібіртіктеп тоқтап қалды да қайтадан сөйлей жөнелді.

– Сені өте, өте қатты ұнатып қалдым. Бахытжан жазға қарай, мамыр айында осында келгісі келіп жүр. Егер сен мені күтсең, мен онымен бірге келейін. Сосын осында қалып қоюым да ықтимал. Құдайға шүкір, қаражатым бар, бір кішкентай үй сатып алармын. Егер сен мені күтпейтін болсаң, маған бұ жаққа келудің түкке де қажеті жоқ. Ольга, ашығын айтшы, келейіні бе, күтесің бе?

Ольга: –Кел! Мен сені күтемін, - деп өте орнықты да салихалы дауыспен жауап берді.

Азанда Березовканың шетінде кешегі таныс «полутаркасын» күтіп алды да бұл жолы тым батыл түрмен кабинаға кіріп отыра қалды. Бірақ ақ-қолы мұз боп қатып қалған сияқты. Саусақтары жуыспай, икемге келмей қалған.

– Иә, бекер бармаған шығарсың, - деді жүргізуші.

– Иә, жолым болды, - деді бұл.

Осы отырғанда басына келмей жатқан ой жоқ. Майдангерлер неміс қызына басы айналған деп жүрсе қайтесің, Қаһар-ау? Көз алдына қайтадан Ольганың бейнесі кеп тұра қалды. Иә, иығынан жараланып санитарлық пойызда тылға келгені, аяғын кесіп елге қайтарғанда әлі де өмірге деген құштарлығы жоғалмағаны есіне түсті. Міне, сол өмір енді жалғаса бастады ғой. Өмір бақи майдангерлердің ішінде қала бермек пе? Жоқ, болмайды. Өз үйін, өз отбасың болуы керек. Өмір дегеннің өзі содан басталады ғой... Тіпті, сол соғыс деген бәлекетке ерегіскенде Ольганың неміс болғаны да дұрыс тәрізді. Ол осы бір қалың ойдан кенет серпіліп, өмірінде бірінші рет аруақты ата-бабаларының бұдан былай желеп-жебеп отыруын өтінді: Жауғашты.

Оразбай. Өтебай. Қуаныш!

Балалар үйінде бұлардың миына Құдай жоқ деген сөзді

құюмен болған. Ал бала шағында басқа да отбасылардағы сияқты бұған да үйреткен сүре, дұғалардың ешқайсысы есінде жоқ. Бірақ қалай болғанын өзі де білмейді, әйтеуір басына бір қиыншылық түссе де, бір іске кірісерде де жеті атасының атын білу керек деген қағидат һәм есінде қалыпты. Олар: Жауғашты, Оразбай, Өтебай, Байты, Есенбай, Қыдыралы, Молдарахмет!

Аспаннан бомба мен снаряд, жерден оқ жауып жатқан сәттерде де, жаралы Бахытжанды біресе арқалап, біресе сүйрелеп келе жатқанда да ол осы жеті атасының жеті есімін қайталап жәрдем сұраумен болған еді-ау! Сөйтіп жүріп күндердің күнінде өзінің де ұлы, сосын ұлының да ұлы болатынын армандап, олар да жеті атасын біліп жүрсе жақсы болар еді-ау деп қиялын көкке шарықтататын.

Оның сондағы бір арманы Торғайға, оның даласындағы өзі туып-өскен ауылға табанын бір тигізу болатын. Баяғыда балалар үйінде жүргенде көз алдына анасы әлі де сол бір той киімімен ұйықтап жатқандай көрінетін үй тұрған жерге бір барып көрсе ғой...

Қаһардың қандай жағдайда отырғанын көріп те, түсініп те келе жатқан жүргізуші бір шеті шайналып қалған «беломоринасын» бұрқыратып, ол да үнсіз отыр.

Қырау басқан терезенің сыртында көрінер-көрінбес болып аппақ қарға оранған дала жатыр. Ешкім бағындырып ала алмаған, бағындырғысы келгендерге де керенау кейіппен қарап жата беретін, адам-пенденің алас-қапас, қым-куат қу тірлігімен ісі жоқ Дала аппақ ақ мұхиттай шалқып жатыр. Арада бірнеше жыл өткенде осынау Ұлы Дала әлемнің әр түкпірінен келетін жүз мыңдаған адамдардың қауышар орталығына айналарын ол кезде Қаһар да, басқалар да білген жоқ-ты.

Солай боларын таңертең бақшада жүргенде бұрын естіп көрмеген бір гуілді естіп басын көтеріп алғанда кеше ғана Жаркөл стансасына әкеп түсірілген, ал бүгін үлкен арна жолдың шаңын көкке көтеріп қатар-қатар тізіліп келе жатқан жап-жаңа тракторлар мен комбайндарды көрген Шарлотта да білмеген еді. Енді Ұлы Даланы бағындырудың жаңа бір түрі бұрын-соңды болмаған қарқынмен осылайша қанат жая бастады.



ҮШІНШІ ТАРАУ ТЫҢ

СЕГІЗІНШІ БӨЛІМ

-1-

Қазақстан. Березовка ауылы. 1954-1960 жылдар

Бұл жолы Даланы игеруге бүкіл Кеңестер Одағы болып кірісті.

Шындығында бұл осынау ұлы Даланы игерудің төртінші кезеңі тұғын. Бірінші мәрте Даланы игеру Ресейдегі крепостнойлық право жойылғасын жер ауып келгендер қолға алған болатын. Бірақ ол сәтсіз аяқталды. Екіншісі Кеңес өкіметі орнағасын басталып, көшпелі қазақтардың атам-заманнан келе жатқан өмір-салтын бұзып, мал-жандарын жинап әкеліп отырықшы ұжымға айналдырудан басталып малдың да, кейін адамның да қынадай қырылуымен тәмамдалды. Ал үлкен-кіші аш адамдар сойылған малдың топыраққа, қарға тамған қанын жалауға дейін барды.

Даланы үшінші мәрте игеруге арнайы әкеп қоныстандырылғандардың азапты өмірі қолданылды. Олар корейлер, поляктар, немістер болатын. Иә, немістер өте ұқыпты де еңбекқор келеді. Сондықтан Коммунистер партиясы мұнда немістерді әкелсек болды, ары қарай олар өздері алып кетеді деп ойлады. Олар осының алдында ғана құлазып жатқан Волга бойы мен оңтүстік-шығыс Украинаға жан біткенедей жайнатып жіберген еді ғой. Енді не болды? Көптеген жер жыртылды, бірақ адам өлімі мола одан да көп болды. Өзінің осынау апайтөс кеңістігінде жарты миллион немістің өлім құшқанын қайран Дала өзі де сезінген жоқ.

Даланы игеру ме, әлде Далаға шабуыл ма кім білсін әйтеуір, төртінші әрекет КОКП ның Бас хатшысы Никита Сергеевич Хрущевтің үстелінің үстіне екі жазбаша баяндама келіп

түскеннен басталды. Оның біреуі РСФСР ауылшаруашылығы министрі Лобановтан, екіншісі КСРО ауылшаруашылығының министрі Бенедиктовтен келген болатын. Бұл екі хаттың екеуінде де астық өндіруді тың күйінде жатқан жерлерді шабындық деместен, мал жайылатын жайылым деместен жыртып соның бәрін тек егістікке айналдыру арқылы молайтуға ұсыныс жасалғанды. Соның нәтижесінде жоспардан тыс 8-9 миллион тонна, ал бес жылдан соң 14-16 миллион тонна астық алуға болады мыс.

1954 жылдың 22 ші қаңтарында Никита Сергеевич тың жерлерді игеру туралы ОК-нің Пленумына ұсыныс енгізді. Содан бастап бүкіл Кеңестер Одағының көгінде «Тың», «Целина» деген сөздер жаңғырып тұратын болды. Бұл сөз бүкіл зауыт, фабрикалардағы комсомол жиналыстарында да, жоғары оқу орнының кафедраларында да, әскери бөлімшелердің темекі шегетін орындарында да, көп еңбекақы табуға құштар аутобаза шоферларының да аузынан түспейтін ең бір киелі ұран сөзіне айналды. Түрмеден босап шыққан, қашып-пысқан ұры-қарылар, милициясы жоқ, не болып, не қойып жатқаны түсініксіз у да шу топалаңға судай ағылды. Ал ақындар тың мен ондағы ел молшылығы үшін, «Ақ бидай» молшылығы үшін жанқиярлықпен еңбек етіп жатқан «ерлерге» арнап өлең жазып, сазгерлер жарысып ән шығара бастады.

«Тың», «Целина» деген бұл екі сөз газет-журналдардың бас мақаласының бас тақырыбына айналды. Үйдегі, көшедегі радиодан осы сөзді он қайталаған әндер ауылдың, қаланың аспанын жаңғыртып жатты. «Халықты молшылыққа кенелту керек» деген ұранға тебіренбейтін адам қалмады. Осынау коммунистік ерлік ұранмен қанаттанып, мұндай «ұлы іске үлес қосу» әркімнің абыройлы парызының бірі болды.

Бірақ Орталық Комитеттің сол пленумында Никита Сергеевичті оған қатысушылардың бәрі бірдей қолдай қойған да жоқ болатын. Ел қазынасындағы қаражатты бұрыннан белгілі бұндай авантюраға шығындамай «соғыс кезінде қираған шаруашылықтардың ежелгі егістіктерін қалпына келтіруге» жұмсауды ұсынғандар да болды. Оларда

ең болмаса теміржол қосымша шаруашылықтар сияқты инфрақұрылымдар бар екені де еске салынды.

Бірақ Хрущев айтқанынан қайтпай қасарысты да қалды.

Кейін барып оның БҰҰ ның мінберінде туфлиімен тақтайды сабалап тұрған карикатурасы кең тарап кетті. Ол туралы келеке мен мазаққа толы әңгімелер айтылатын болды.

Қалай дегенде де сол жолы Пленумда Хрущевтың айтқаны болып, соған орай шешім қабылданды. Тың өлкесін игеруге елдің түкпір-түкпірінен жүздеген мың еріктілер, комсомолдық жолдама алғандар ұлы Далаға аттана бастады. Тек 1954 жылдың өзінде ғана 120 000 трактор, 10 000 су жаңа комбайн, 100 000 жаңа аутокөлік жөнелтілді.

Осының, осы бір төгіп – шашудың бәрін болдырмау үшін алдын-ала астық қоймаларын, жөндеу базаларын, барлық саладағы білікті маман кадрларды даярлап алу керек болатын деген сындар, Хрущевтың жоспарының өте үстірт екенін дәлелдеген пікірлер болар іс болғанан кейін барып айтыла бастады. Тың игеруге кіріспес бұрын Қазақстанның, оның ішінде сол аймақтың табиғи, климаттық жағдайлары ескерілмегені де кейін айтыла бастады. Өткен тарихтан мол хабардар небір мамандар Қазақстанға ХІХ ғасырдың соңында келіп жермен, диханшылықпен шұғылданған қоныстанушылардың тәжірибелері мен бастан өткерген әртүрлі жағдаяттарын да атап көрсеткен болатын. Бұның бәрі өтер іс өткесін ғана айтылды.

Ал Хрущевтың алдында олар «бір елі аузына екі елі қақпақ» қоюмен болды.

Сөйтіп, тыңға шет-шегіне көз жетпейтін эшелондар ағыла бастады.

Бұл шақта Қазақстанның жергілікті халқы не болып, не қойып жатқанынан мүлде бейхабар болатын. Олар мұнда не өлілей, не тірідей жойып жіберу үшін арнайы жер аударғандарды алып келгенін түсінген де еді. Ал осы жолы қазақ Даласына комсомолы да, студенті де, басқа да мидай араласқан ызы-шу, қым-қуыт жастар қаптап келіп жатты. Тың игерудің алғашқы жылдарында-ақ республика халқының саны екі миллионға өсті. Бұл осында бұратола тұруға көшіп

келгендер ғана болатын. Ал іссапарға келгендер, әскерилер, вахташылар, жәй романтика қуалап келгендер қаншама десеңізші! Жәй адамдар да, үкімет те ұмыт қалдырған Березовка тақылеттес ауыл-селоларға келгендер ше?! Қайда қарасаң да қатар-қатар тізіліп тұрған вагондар. Бәрінде адамдар тұрады.

Бірде ымырт үйіріліп жұрт орнына отыра бергенде жан-жақ гуіл мен шуылға толып кетті. Бәрі далаға атып-атып шықты. 24 «ДТ-54» тракторы ауылды дөңгелене қоршап алып шамдарын жарқыратып тұр екен. Тракторлардың ішінде бұрынғы майдангерлер де бар болып шықты. Солардың біреуі кабинадан басын шығарып: Әй туысқандар! Сендер де монша бар ма ? Жуыну керек болып тұр .- деп айғай салды. Күлген-сымақ түрінің өзі қорқынышты, тістері ақсиып тұр.

–Монша жоқ. Біз көлге шомыламыз!

Анау «ой, сендерде не болушы еді» дегендей қолын бір сілтеп басын қайта тартып алды. Сол – ақ екен 24 трактор шамын жарқыратып, шынжыр табандары шақұр-шұқыр етіп даланы дірілдете корейлердің күтіп-баптап отырған бақшасын топырақпен араластырып көлге қарай зулап бара жатты.

- 2 -

Тың игеру жергілікті жерлерде кеншарлар, яғни кеңестік шаруашылықтар құрудан басталды. Федоров ауданында бұрынғы Қоржынкөл ауылы, кейін «Рассвет» ұжымшары болған шаруашылық негізінде олармен бірге Лесное, Озерное, Березовканы қосып «Қоржынкөл» кеншары құрылды.

Бұл үш село осы шаруашылықтың бөлімшесі болып қалды. Ал басқарма басшылығына бұрынғы майдангер Данқорденінің иегері Донбасстық Василий Науменко тағайындалды. Ол осы Далаға келісімен қайыңды тоғай ортасындағы вагонда тұрып жұмысқа нағыз шаруаның мығым адамынша кірісіп кетті. Тың кеншарында жұмыс орындары көбейіп, тұрғындардың тұрмысы жақсара бастады.

Тың игеру қайыршының күніндей өмір өткізіп жатқан осы бір өлі өңірге өмір нәрін құйып тіршілік нышанын бергендей болды.

Бұл кезде Ольга әлі де сауыншы болып жүрген. Ол Қаһар екеуі өзінің бұрынғы ұстазы (трактор бойынша), әрі Қаһардың майдандас досы, Бақытжанның ағасы Балмұқанның үйімен жапсарлас шағындау үй сатып алып сонда тұрды. Уақыт өте келе өмір Қаһардың ойлағанындай қалыпқа түсіп келе жатты. Жеке үй, отбасы, ауладағы алма ағаштары, сауын сиыр, бір-екі тауық...

Құдайға шүкір, өмір оңға басып келеді. Үйде атың өшкір соғыс туралы бір ауыз сөз айтылған емес. Ордендер мен медальдар камодтың ең түбіне тасталғалы қашан! Тек бір жылда бір ақ рет, онда да 9- мамыр күні ғана Қаһар жақсылап өтектелген гимнастеркасына ордендері мен медальдарын қадап алып, сақал-мұртын бастырып көшеге шығады, сосын марқұм досы Трофим Ярчук берген Швейцария сағатын дүкенге кепілдікке тастайды да екі жәшік арақ алып қайыңды тоғайда майдандас достарымен бірге соғыстан оралмаған достарын еске алысады.

Енді біреулер сол жерде қызып алып:

Ал сен қай майданда болдың? А-а, соғыста болмап па едің? Денсаулығыма байланысты дейсің бе? Мә, сен мұнда қатындарды шұқылап жатқанда, сенің орныңа қолына винтовка алып танкіге қарсы жүгіргендер үшін алып жібер. Алып жібер де әзір сау тұрғанда жоғал на х... дегені естіліп жатады.

Иә, ол күні соғыстан келгендер тек өз адамдарын ғана құрметтейді.

1950 жылдың қаңтарында Ольга қыз туып оның есімін Зинаида деп қойды. Сосын бір жылдан соң жер үйдің аласа терезесіне шейін қар басып салған қаһарлы қыстың ақпан айында Андрей деген ұл дүниеге келді. Кәдімгі қазақтардың әдетінше Қаһар ұрпағымды, әулетімді жалғастыратын ұл келді деп қуанғаннан бүкіл әлемге айғайлап тұрып жар салғысы келді. Сосын 4,5 жылдан соң үшінші перзент – Софья қыз дүниеге келген екен.

Қаһардың туған әкесі Кенжеғали лагерьде, сосын жер аударылуда он сегіз жыл өмірін өткізіп, 1947 жылы ғана туып-өскен жеріне табаны тиді. Тірі қалды! Қаһар 1948 жылы

Березовкаға көшер алдында Торғайдағы әкесіне барып келді. Біреуге бір айлық еңбекақысының тең жартысы 250 сом беріп, ілгеріде Батпаққара атанған қазіргі Амангелді атындағы ауылға апарып қайтуына келісті. Әкем көріп риза болсын деген оймен бүкіл орден, медальдарын да алды. Барар жер шалғай -500 шақырымдай қашықтықта болғасын түнделетіп жолға шығып кетті.

Әулие көлден шыққасын табиғат күрт өзгеріп, тақтайдай тегіс қылтанағы жоқ тұл Дала басталды. Торғай даласы. Жүргізуші аузы бір тынбай сөйлеп келеді. Қаһар оны тындап та келатқан жоқ. Көз алдына әкесі мен анасының, апайы мен ағайының бейнесін елестеткісі келеді. Енді бірі қарашаның қарасұр аспаны, арбаға мінген адамдардың алыстап бара жатқаны елес берді. Олар сол кеткеннен оралмады. Оларды сол жолы мылтықты адамдар ажалдың аузына айдап бара жатқанын бұл бала қайдан білсін.

Қаһар осы келе жатқанда әкемді көріп танымай қалсам қайтемін, амандасқанда жұрттың көзінше өзімді қалай ұстасам болады, әкемнің қолын алып болғасын сүйсем бе екен деген сияқты алуан-алуан ойға кетіп отыр. Сірә, сонау бір жылы балалар үйіне алғаш келгенде дыбысын шығармай, көрпенің астында жатып үнсіз жылағанындай, жылап жіберуім де мүмкін-ау дейді сосын. Иә, ол Құдай қаласа бүгін әкесімен болатын қуанышы мен көз жасы аралас душарласуды ұзақ жыл сарыла күткен жоқ па?! Енді міне, сол сәт жақындаған сайын тұлабойын біресе толқытып, біресе шалқытып бұрын-соңды болмаған бір күш дірілдетіп бара жатқандай уһ деп күрсіне демалғанын өзі де байқамай қалды.

Амангелді ауылы үлкен жолдың дәл жиегінде тұр. Бұл қам-кірпіштен соғылған жер үйлері мен киіз үйлері аралас, көшелерінде қос өркеш айыртүйесі мен нар шатыс қоспақтары маң-маң басып бейқам бара жатқан, құдықтарының маңына азды-көпті тал-терек егілген ұлы Даланың кәдімгі нағыз қазақы ауылы.

Ауылға кіреберістегі шеткі киіз үйдің көлеңкесінде бір топ ересек қазақ әңгімелесіп тұр екен.

Қаһар манадан бергі қалың ойдан селт етіп оянып кетті де

жалма-жан жүргізушіні тоқтатты. –Қәзір, мына кісілерден сұрап көрейін!

Көліктен түсіп өздеріне сылти басып келатқан адамды көріп оларда түгел бұған қарап қалды. О, тоба! Неге екенін кім білген солардың ішінде шеткерілеу тұрған біреуіне бұның көзі де, көңлі де айрықша түскендей бір өзгеріс бойын билеп барады. Анау кісі бұған кілт бұрылғанда Қаһардың жүрегі кеудесіне симай атқақтай жөнелді. Ауа жетпей алқына бастады.

Бұл оның әкесі еді. Иә бұл оның туған әкесі еді. Орта бойлы, сылыңғыр қараторы, әбден күнқақты болған бетін әжім басқан Кенжеғали басқа да бірнеше адаммен бірге тұрса да оны танымау мүмкін емес сияқты. Ол осы тұрған да осынау жалған дүниенің бірде олай, бірде былай құбылмалы екенін білетін көкірек көзі ашық кім болса да дәл қазір Кенжеғалидың аржағында қалың қырау басқан ұзын тікенек қоршаулы түрмені, жарқ-жұрқ етіп атылған оқ іздерін-көріп тұрғандай болар еді. Сосын алюминий тақсыға құйылған мұздай сылдыр су быламықты, тоқтықтан ерігіп ұрынарға қара таппай тұрған ешектей овчарканың онсыз да әлсіздіктен құр сұлдері қалып құлағалы тұрған бір бейшараны атылып барып астына басып талап жатқаны көз алдына елестеген болар еді.

Кенжеғали әлі орнынан қозғалмай тұр. Біле-білген адамға оның арғы жағында түрме барағы, оның жазда ауасы жоқ қапырық, қыста қақаған қарасуық камералары, алыстағы қатын-баласына, тірі болса ата-анасына жазар хаты да, айтар зар-мұны да сыртқа шыға алмай жұдырықтай жүрегінде шер-шемен болып жатқан бейбақтар көрініп тұрар еді. Осы тұрғанда үй-іші отбасына, туған жерге, адамша еңбек етіп, адамша өмір сүруге деген сағынышпен ынтызарлыққа толы, «ешкімге сенбе, ешкімнен қорықпа, ешкімнен ешнәрсе сұрама» деген үрейлі ережесі төбесінен төніп тұрған 18 жылдың көзі тірі куәсі тұр ғой деуге де болғандай. Омырауы орден мен медальға толы, жас жігіт аяғын сылтып басып жанына жақын келгенде Кенжеғалидың көзінің шарасы кеңейіп, қарашығы ұясынан үзіліп түсердей сыртқа шығып бара жатты.

Бір-ақ ауыз осы бір сөзді Қаһар балалар үйінде ішінен күбірлеп күндіз-түні қанша қайталап жүргенін кім білсін, бірақ содан кейінгі сұрапылмен өткен өмір ол сөзді де ұмыттыра бастағалы да біраз жыл болып еді. Енді міне, соншама жыл кеудеде шер мен шеменнің қара тасындай қатып жатқан сол қаратас оттай ыссы алаулы бір түйіншектей болып алқымына келіп тіреліп тұра қалды. Қаһардың еріндері дір-дір етіп тұрды да сол түйіншек от болып сыртқа атылып шықты.

– Әке!

Екеуі құшақтасқан күйі, үнсіз-тілсіз ұзақ тұрды. Екеуінің де көзінен аққан жас бір-бірінің омырауына төгіліп жатыр.

– Қаһар! Балапан- - ым,-деп сыбырайды әкесі.

Теректің көлеңкесінде топ түгел теңселіп кетті. «Әке мен бала қауышты» деген сөзді бірімен-бірі жарыса қайталап жатыр. Енді бір-екеуі көзіне жас алып, суланған мұрындарын тартқылап қойды.

Бір аяғы жоқ мүгедек ұл жан-жағынан жақындап келіп жатқан адамдардан қысылып-қымтырылмастан енді еңкілдеп ағыл-тегіл жылай бастады. Ол сонау Мәскеу түбіндегі қанды шайқаста бүтін полктан он шақты адаммен бірге тірі қалғанда ғана дәл осылай еңіреп жылаған еді ғой.

Қаһар әкесінен көзін ала-алар емес. Әкесі әлі де жып-жйнақы. Өмірге деген құштарлығы сол баяғы қалпында қалған секілді. Кенжеғали 18 жылдан соң елге оралғасын 62 жасында үйленіп бес балалы болған. Қазір ұжымшарда малшы. Баяғы әйгілі бай Қадыровтың малшы баласының басынан өткен тарих тағы да қайталанды.: Баяғыда бұл жерлер Кенжеғалидың әкесі Молдарахметтің меншігі еді. 1955 жылы Қаһар мен Ольганың ұлы Кенжеғалидың тұңғыш немересі Андрей дүниеге келгенде 71 жастағы Кенжеғали аға табыншы ретінде жас атқа бас білдіріп жүріп құлайды да омыртқасына зақым келіп паралич болып қалады.

Сол Молдарахметов Кенжеғали 1955 жылдың қарашасының 2-ші жұлдызында қайтыс болған екен.

Көне дәстүр бойынша ер адам өлгелі жатқанда қатыны мен балалары жылауына болмайды. Өлгелі жатқан еркекті дауыс салып жылап мазалауға болмайды. Кенжеғали тып-тыныш

үзіліп бара жатты. Ол ұлының тірі екенін, бала-шағалы болғанын көрді. Өзі жаңа отбасын құрап, жапырақ көтеріп тағы да ұрпақты болды. Кеңестің түрмесінде емес аман-сау келіп өз үйінде көз жұмды.

Ол о дүниеге кеткесін жесірі ымыртта киіз үйінде шырақ жағып есігін ашып тастап аяқ астына ақ киіз төсеп қоятын болды. Дәстүр бойынша солай. Қырық күн осылай істеу керек. Әлде діни, әлде ырым ба кім білсін, әйтеуір осы күндері марқұмның әруағы үйге келіп тұрады дейді.

Қаралы күндер өткеннен кейін жесірдің үстіндегі қаралы киім шешіледі де сол күннен бастап үйдің иесі де мұрагері де үлкен ұл деп есептеледі.

Кейінірек Қаһар Ольгаға әкесі туралы асықпай, ұзақ әңгіме айтып бергені бар. – Әкем мықты кісі болатын,- дейді ол. – Байғұс-ай, ауылда аштан қырылғандармен бірге мені де өлдіге санап жүрген екен ғой. Түрмеден келгенде менімен душарласатын не қатыным не балам жоқ дейді екен, байғұс. – Оған әуелі 10 жыл, сосын тағы бес жыл қосып беріпті. Сосын жер аударады. Оның соншама азаптан аман оралуы да өте қиын еді ғой. Ал ол қайтсем де аман оралуға тырысуым керек деп өзіне-өзі ант, серт беріпті.

Қаһар Ольгаға өз әкесінің де баласына ұқсап «Отан» деген киелі сөзді қатты қастерлегенін, оны ойша емес, жан-тәнімен қастерлегенін айтып бергісі келген еді, бірақ Ольга оны айтпаса да түсініп тыңдап отырды.

Иә, не айтса да ашық, әрі кесіп тұрып бір-ақ айтатын және немістермен төрт жыл соғысып, сол соғыстан мүгедек болып қайтқан қазақ пен Украинадан жер аударылып келген меннонит дініндегі неміс қызы. Бұл екеуі сыртқы түр-түсі бір-біріне мүлде ұқсамайтын болғанмен қазір бұлар бір-бірін ләм-мимнен түсіне қоятын жаны мен жүрегі бір адамдай десе де боларлықтай.

Өмір күдіреті дегеніміз де осы шығар, сірә!

Шарлотта Қаһарды онша жылы қарсы ала қойған жоқ. Назар сала қараған адам оның астынға ернін жымқырып тістеп тұрғанын да аңғара қояр еді. Ол қызының мұндай күйеу таңдағанына наразы екенін ашық байқатып жүрді.

Оның ойынша Ольга үйге ұлты басқа, діні басқа біреуді ертіп келмей қауымдастықтың ықылым заманнан қалыптасқан үрдісін сақтауы керек болатын. Бұл жердегілер бір-бірімен алысып-берісіп, бірінің жоғын екіншісі толтырып тату-тәтті тұрып жатқан бір ғана ұлттың – совет адамының үлгісіндей болып көрінгенімен, қай жағында айырмашылықтары бар екенін өздері біліп те, соны сақтап та отыратын. Көрші ауылдағы бір чечен қызы украин жігітіне күйеуге тиіп АХАЖ ға тіркеледі. Бірақ қыздың ата-анасы мен туған-туысқандарына АХАЖ дегеннің не екенін білудің де қажеті жоқ болмаған екен. Бір күні түнде біреулер олардың саман үйінің қамыспен жаба салған үйінің төбесін аршып кіреді де ұйқыдағы екеуін де мауыздап кетеді. Бұл істі тіпті, милиция да тексермей қоя салды.

Тың игерушілер қалың шегірткедей қаптап келе бастағаннан-ақ ұлттық ерекшеліктерді ұстану да, сақтау да қиындай түсті. Әсіресе Шарлоттаның іші-бауырын күйік жалап барады. Олай болмағанда ше, 1942 жылы еңбек әскерінен Андрей келді. Келді де би болып жатқан үйде арқасын жарға тіреп қаз-қатар тұратын сонша неміс қызының біреуі де бұйырмай осында ертеректе қоныс аударылып келген украинның қызын алды. Ол өзі бұдан бұрын бір күйеуге тиген, одан Тамара деген қызы да бар екен.

Егер әкелерің келсе, сендерге не дейтінін білесіңдер ме? – деп айғайлайтын ол балаларына неміс тілінде. Енді қайтсін, оның ойынша бұның балалары өзі көрген елдердің бәріндегі немістер ұстанатын меннониттер мыңдаған жылдардан бері тұтынып келе жатқан үрдіс-салттың бәрін өзінің бүгінгі ұрпақтары тәрк етіп отыр ғой.

Осының бәрі аз болса түр-түсі де, мінез-құлқы да әкесінің аузынан түсіп қалғандай ұқсас ең кішісі, кенжесі Герман да неміс қызы құрып қалғандай Нина Дудник деген украин қызын алды ғой. Айтпақшы, ол қатынның да бұрынғы күйеуінен баласы бар болып шықты ғой. Бұрнағы жылы Нина осындағы Гаврей деген украин жігітімен жүріп одан анау Шуригін туып алған. Гаврю қазір әскерде. Ол сонда жүргенде Нина бұның Германының басын айналдырып алған. Ал Гаврю әскерден

келгесін Шуригін өз қолына алады да Нинаның сіңлісін қатын қып алады. Ол оған қуана-қуана тигеніне қарағанда апалы-сіңлілі екеуі баяғыдан бәсекелес болған болу керек.

Шарлотта осының бәрін ойлап-ойлап, балаларда кінә жоқ. Олар қулық-сұмдықсыз, адамгершілік өмірге бағыттайтын тәрбие көріп өсті ғой. Ал мыналар... Бұлар не көрмеген бәлекеттер дейсің... Бұрын байға да тиген, бала да тапқан. Қай кезде еркекті құшақтап, сүйіп, сосын керек кезде жылап алудың түрін біледі деп өзін-өзі құптап күрсінеді де қояды.

Ал шындығында бұл жылдың маусымына, мезгіліне қарамай қуанышқа, махаббат ләззатына бататын көктем-өмір сияқты бір кезең еді. Соғыс біткен, ел де, жұртта жан-жарасы мен тән жарасын өзі емдей жазып жатқан махаббат таңы атқан, жаңа адамдар дүниеге келіп, жаңа өмір өзгерістері басталған шадыман бір шақ болатын.

Сөйтіп жүргенде өзі иттен жек көретін Шандецкийден бұратала бөлініп, Каролина да тұрмысқа шықты. Оның күйеуі де неміс емес, Терентий Иванович Мазура деген беларус екен. Неміс қанының, неміс дәстүрінің тазалығын бір сақтаса осы қыз сақтар ау деп жүрген үміт жібін үзіп, Лидияға көп ұзамай Мәскеудің іргесіндегі Климовкадан келген орыс Виктор Евенковпен АХАЖ ға барып некесін қидырыпты. Мақұл олардың бәрі күйеу балалар да, келіндер де онша жат емес қой. Ал мына Ольганикі ше? Оныкі қазақ, Дала қазағы!

Басқа балаларының бәрі Андрейден кейін келді Еңбек Армиясынан. Олардың бәрі үй-жайлы болып жөнімен кетті. Александр қатыны Мариямен, Германы, Владимирі, Лидиясы және Фридасы бар төрт баласымен есен- аман қауышты. Ең кенжесі Фриданың өзі қазір он үште. Ол ұзақ жылдардан кейін өз отбасымен жаңадан табысқандай өзгеше бір сезімде болыпты. Бірақ баяғыда Германияға жөнелтілген ұлымен қауышудың сәті түспей қойды. Екеуі оны мұңая еске алып отырады. Александрдың өзі құрамына осы Березовкада кіретін жаңа кеншарға есепші болып кірді.

Мариямен бірге Яков та оралды. Азап вагонында анасының көз алдында жанары жәудіреп жатып о дүниеге кеткен сәбиін жылап отырып жерлеуді де сұм тағдыр бұйыртпай өлі денені

айдауылдар алып кеткен, Еңбек Армиясында жамбасы сынып мүгедек болып қалған Мария мен Қиыр Солтүстікте көзінен айрылған зағип Яков атты осы екі бейбақтың тек тірі деген аты бар. Екеуі қол ұстасып көшеде кетіп бара жатқанына кеудесі сыздамай қарайтын жан жоқ бұл ауылда.

Кейін өкімет жер аударылғандардың өз мекен-жайын өзгертіп, қалаған жағына қоныстануына рұқсат еткенде Мария мен Яков Одесса облысындағы шағын ғана бір украин аулына көшіп кетеді. Яков пошташы болып жұмысқа орналасады. Мария өле-өлгенше вагонда қайтыс болып сүйегін айдауылдар алып кеткен қызын іздеумен өтеді. Бақытсыз ана оны кейде түсінде тауып алып қуаныштан жүрегі жарылардай боп оянады екен. Ол өлгесін сондай қатыгез тағдырының ұдайы таптауынан қажып құр сұлдері қалған Яков Германияға көшіп сондағы Дортмунд қаласындағы жетім-жесірлер үйінде осы бір опасыз фәниден бақиға жүріп кеткен дейді.

Ол Германияға келгесін сонау XV ғасырда бала-шағасын алып шойын ошақтарын, кофе қайнатқышын, көрпе-төсегін түгелдей арбаға тиеп Отанынан басқа бір беймәлім жаққа шұбырып кеткен меннонит немістердің бірсыпыра арманын жүзеге асырған көрінеді.

* * *

Тың жерлерді игеру жоспары қызу қолға алынғалы да біршама уақыт өтті. Кеншарларға механизаторлар, құрлысшылар, жүргізушілер және көбірек қажет болғандықтан осы кәсіптерге үйрететін курстар ашыла бастады. Оған жергілікті тұрғындар да баратын болды. Дәрігерлер келіп, ауруханалар мен емханаларға өз тәжірибелерін үйретумен де айналысты. Білім деңгейі төмен оқушылар мен оқытушыларға білікті мұғалімдер келіп оқу тәжірибелерімен таныстыру үрдіске айналды. Республикадағы білікті мамандардың білім деңгейі едәуір биіктеді.

Бір қарағанда арнайы жер аударылып келгендердің балаларына арнап жаңа мүмкіндіктер жасала бастағандай көрінген. Олардың жоғары және анаулы орта білім беретін оқу орындарына түсуіне тыйым салынбаған ды. Ал олардың

барлығы дерлік Даланың шағын ауылдарында, ал институттар мен техникумдар қалада екені белгілі. Ал баланың құжат тапсыруы үшін өз камендатурасының шеңберінен шығып кетуге кімнен рұхсат алуы керек? Осыған бірнеше жыл бұрын Марта ұлы Эдуардты мектепке даярлау үшін 12 шақырым жердегі Шишково селосына оқу құралдарын алуға кеткені үшін бес күнге қамап тастағаны бар.

Қайта Мартаның аудан шекарасынан шығып кетпегені жақсы болды. Әйтпесе, ол үшін берілетін жазаның ауыр түрлері де бар еді.

Ондайларды түрме лагеріне жиырма жылға айдап жіберген жағдайлар да талай ұшырасқан. Және олар жай лагерь емес «Особолаг», яғни айрықша лагерьлер-тұғын. Екібастұз бен Жезқазғанда да осындай лагерьлер болды. Тіпті, 1954 жылы Сталин өлгеннен кейін де әлгіндей жазаланғандарды осы лагерьлерге жөнелтіп жатты. Бұл лагерьлерге түскендер негізінен «Германияға тілектес болғандар» және «фашистермен сыбайлас болғандар» деген жаман есім жабылғандар болатын.

Жер аударылған неміс әйелдері Песчаный деп аталатын нағыз зұлмат лагерьге жіберілетін. Олар мұнда жарқанаттарды сүйегімен қоса жеп те өлмес қамын жасайтын-ды. Ал лагерьдің клубында соғыс кезінде фашистерге ән салып беріп жүрген қыз, Таллин театрының примадоннасы, атақты әнші Герда Мурре түрме басшыларына арнап концерт беріп жүрді.

Әйел адамды Песчаный лагерьге жиырма жылға соттау деген туысқандары мен басқа да жақын-жуықтары үшін оның тікелей жаназасын шығарудан бір де осал деп есептелген емес. Оны өлген адамша портретін жасап, оған қара таспа тағып қоюдан кем жаза деп ойлауға да болмайды.

Марта бес күннен соң қамаудан шығып келгенімен баласын оқытып, білімді азамат қатарына қоссам деген ойынан бір сәт те қайтар емес. 1955 жылы жер аударылғандарға қойылған біраз шектеулер мен тыйымдар доғарылғасын оның Әдигі тау-кен техникумына оқуға түсті. Марта енді жер таянып жығылғанша тыным көрмей, күніге отыз сиырды үш мәрте қолымен сауып тырбанып жүріп тапқан тиын-тебенін түгел

жалғыз ұлына жіберіп, соның ішер ас, киер киіміне ғана жұмсайды. Қалай дегенде де жалғыз ұлы басқа қалада ғой.

«Оқыған ұлы» үшін Марта жанын құрбан етуге даяр тұратын. Ал оқуын тәмамдап әжептәуір бастық болған сол жалғызы анда-санда жеке өзінің «москвичіне» сәнді қалпақ киген кербез қатынын мінгізіп Березовкаға келгенде қатынына шаласауатты сауыншы анасын көрсетуге қымсынып, туған үйінің жанынан зулатып өте шығатын да оның бауыры Германның үйіне барып тоқтайтын. Киелі ана Марта ұлының онысына да ренжіместен сыртынан тілегін тілеп жүретін.

Ауылдағылардың бәрі бұл ерсілікке қанша таңырқаса да ол жөнін де ешнәрсе айтқан емес.

Ал қарапайым ана-жүрек, мейірімге толы жүрек Марта соның да ешбірін елеместен ұлы әр келген сайын:

– Баламның тізе бүгіп отыруға да уақыты жоқ. Ол деген үлкен бастық қой. Қаншама адам оның аузына қарап отыр! Тіпті, маған да кіріп шығуға мұрсаты жоқ. Ендігі келгенде келеді ғой маған деп өзін де, өзгені де жұбатып отырады.

Өмірінің ақырына шейін осылай жалғыздықта күн кешкен, ішінен шыққан балалары анам қайда деп іздемек түгіл ат ізін салмай жат болып кетсе де ет жүрегі балам деп еміренуінен бір жаңылмастан Марта да өтті дүние-жалғаннан. Сол тасжүректердің бірде-біреуі тіпті, анасының жерлеуіне де қарасын көрсеткен жоқ.

Егер осы тасжүректердің біреуінің басына сәл ғана қайғы бұлты төнгенін естісе Марта Песчаный лагеріне олар үшін шыбын жанын шырқыратып жиырма жылдық құрбандыққа ойланбай бере салар еді-ау. Сонда бұл міскіндер оның сол ақырғы әрекетін де аналық борышы ғой дей салар ме еді кім білсін.

-4-

Далада жазда ми қайнаған ыссы, бұрқыраған шаң үйреншікті көрініс. Егінге орақ түсетін шақ. Үсті ашық астық тиеген көліктер, комбайндар кейде майдандағы танкілерге де ұқсаңқырап кетеді. Айнала ағыл-тегіл астық. Астық үйінділерінің айналасында рабайсыз қатты семіріп кеткен

құстар да балпаң-балпаң басады. Тау-тау қып үйіп тастаған астықты брезентпен бүркеп тастаған. Мұнда партияның үндеуімен қанаттанып, Отанының гүлденуіне әрқайсысы өз үлесін қоспақ болып келгендер. Ресейде ұжымшардағыларға әр еңбеккүніне екі жүз грамм дән ғана беретінін жақсы біледі. Ал мұнда айдалада қисапсыз үйіліп те, төгіліп те жатқан астыққа ие бола алмай, тез мемлекет қамбасына құймаса, жәй адамдардың өзі бригадирден бастап кеңшар директоры демей, тіпті аудандық комитет өкілдерінің өзін түтіп жеуге дайын тұрады екен.

Ал не жолы жөнделмеген, не тракторы, не астық қоймасы жоқ олар не істерін білмей жан-жағына алақ-жұлақ етеді. Тың өлкесіне егін жинауға барып ақша тауып қайтпақ ойы бар әрбір жүргізуші Кеңес Одағының кез-келген аутобазасына келіп жұмысқа тұра салса болды. Сосын әрі кетсе үш-ақ күнде жол пұл, ас-су сияқты керек жараққа деп көтерме ақы төленеді. Егін жинауға да, бастыруға да жоғары және орта білім беретін оқу орындарымен шәкірттер-ұстаздар, әскердің аутобатальонынан сарбаздар ағыл-тегіл әкелініп жатты.

Бүкіл Кеңестер Одағы тың жерлерден теле-радио арқылы берілетін әр жаңалықты, ал көшелердегі мекемелер мен мектептердің қасындағы биік бағандардан тың өлкесі, тың табиғаты, тыңдағы қыз-жігіттердің патриоттық ерліктері туралы әндерді тыңдап қана демалып, соларды тыңдап қана ұйқыға жататын болды. Сол кездегі:

Мы пришли чуть свет,
Друг за дружкой вслед.
Нам вручил путевки
Комсомольский комитет

Едем мы, друзья, в далекие края, - деген әнді еңбектеген баладан еңкейген кәріге шейін сүйсіне, рахаттанып отырып тыңдап отыратынын әлі ешкім ұмытқан жоқ.

Ал Хрущев бұл елірме жан таласқа толы ұранның нәтижесінде мемлекетке келген зияннан пайда әлдеқайда көп болды деген сенімін жоғалтпастан кетті.

Бұдан өзге де проблемалар аз болған жоқ. Ауылдар мен поселкелер түзігі мен бұзығын айырып болмайтын

неше түрлі адамдарға толып кетті. Жергілікті ішкі істер басқармалары алуан түрлі қылмыстық жағдайдың бәріне бақылау жасауға даяр емес екені анық көріне бастады. Ана жерде де, мына жерде де жақ-жақ болып төбелесу, келушілер мен жергілікті тұрғындар, әсіресе жастар арасындағы төбелестер күнделікті, үйреншікті уақиғаға айналды. Неше түрлі ұры-қарылар мен ауыр қылмысы үшін сотталған немесе отырып шыққандар бұл Далада бұрын-соңды көз көрмек түгіл құлақ естімеген қылмыстар жасалғаны туралы күніге дерлік үрейлі жаңалықтар ел ішін жайлап кетті. Қылмыстың мүлде беймәлім түрлерін естіген жергілікті халықтың бойын үрей билеп отыратын болды. Теміржол бойында да, мысалы Армениядан келе жатқан пойыз уақиғасы қалың елдің зәресін ұшырды.

Баяғы би болып жатқан жерде бір бұрышта топтасып, сыбырлап сөйлесіп майысып тұратын биязы бойжеткендер мен оларға ілтипатпен келіп биге шақыратын жігіттер қайда дейтін болды үлкендер. Қазір тың игерушілер тұратын ауылда немесе поселокта он жігітке бір қыздан ғана келетін болыпты.

Бір күні «Правда КПСС» газетінің бір нөмірінде «Мариновский» кеңшарында тұратын тың игеруші жігіттердің еліміздің қыздарын тың игеруге шақырған хаты жарияланды.

Бұл шақырыстың соңы кісі күлерлік жағдайға алып келетінін кім білген? Былай болған дейді:

Күндердің бір күнінде кеңшарлардың біріне Дондағы Ростов қаласынан жиырма шақты жеңіл жүрісті қыз-келіншек мол ақша табуға келеді. Ертеңіне, одан кейін тағы да бір-екі күн кеңшардың еркек атаулысының тең жартысы жұмысқа шықпай қалады. Ал анау қыз-келіншектерді милиция әзер дегенде алып кетіп, ақырында айдауылмен келген жағына қайтарып жібереді.

Әрине, «Правданың» үндеуіне үн қосып шынымен де еңбек етуге келген әйел жыныстылар да аз болған жоқ. Кейбіреулері өздерінің студенттерімен бірге келіп ел ризығын жинауға ерен үлес қосқаны да рас. Олар келген күні-ақ олардың шатырларын мас тобыр қоршап алды. Әйел зорлау уақиғасы да болмай қалған жоқ. Милиционерлер уақытының

көбін машиналарында өткізіп, ана жақтан, мына жақтан түсіп жатқан тосын жағдайлар бойынша шақырулардан қолы босамады.

Комсомолдық жолдамамен келгендер жағдайды жақсартады дегені де бос сөз ғана болып шықты. Бірнеше жылдан соң Теміртауда қылмыскерлердің жетегіне ерген комсомолдардың өздері-ақ ауызсудың жарамсыздығын сылтау қылып бүлік шығарды. Олар қаладағы қаншама үйді талқандап, милицияның өзіне тап берді. Ақыры бұл бүлікті әскердің күшімен ғана сабасына түсіруге тура келді.

Бұл аласапыран зорға дегенде күз келгесін барып басылды. Вагондарда түнімен дірдек қағып шыққандар енді үйлеріне қайтпаса болмайтынын түсініп жолға жинала бастады. Тыңгер атанып кеудесіне жел бітіп жүргендердің негізгі үйлерін, әскери аутобатальон сарбаздары бөлімдері орналасқан жаққа қайта бастады. Сөйтіп, Далада тек отбасымен келіп баспана салып алғандар, осында бұратола қалуды ұйғарған механиктер, инженерлер ғана қалды.

Бұл өңірде күз әуелі әп-әдемі болып, көк жүзі ұдайы жарқырап, сарғайған шөптер мен бұта, тал-теректердің өзі ерекше бір бояуға еніп, шырқау биікте сарыала, торыала қаздар сұңқылдап, қыл мойнын ілгері созып тастаған тырналар тыраулап жер-дүние әсем бір дүниеге бөленеді. Ал қыс ше? Бұл жақта қыста қалың қар үйдің төбесін түгел басып салып, жолдарда көлік жүрісі мүлде тоқтайды да, жолдың бәрін тек трактормен ғана аршуға болады. Елді шулатқан «тыңгерлер» кеткесін Березовка өзінің үйреншікті мамыражай қалпына түсті. Арнайы жер аударылғандар тазартылған тілімдей тарсоқпақпен шіркеуге қатынайды. Ал қазақтардың қыстауына кіріп барғанда маңдайшаға ілулі тұрған мал жіліншігін көресің. Көнеден қалған ырым бойынша ол үйді де, үйдегілерді де ұзақ қыс бойы жын-шайтаннан, басқа да бәле-жаладан қорғап тұратын көрінеді.

Ала жаздай күнқақты, желқақты болған беті әжім-әжім қарт-қазақ жазда Даланы қою ақ шандаққа бөктіріп арқыраған-күркіреген тракторларға астық тасып керуендегі тізіліп бара жатқан көліктерге, жүріс-тұрысы дөрекі, өздері ожар, ұсқыны

кеткен тың игерушілерге қарап, үнсіз басын шайқап қойып қана отыра беретін. Оның дала туралы айтары «Дала қашан, қай кезде қандай боларын өзі ғана біледі» деген жалғыз сөз.

Шынында да не ел басшылығы, не маман ғалымдар көне қорғандар мен молалардан алтын сауыт, дулыға, қалқан, барыстың, жылқының бейнесі салынған әртүрлі бұйымдар сияқты көне жәдігерлер табыла беретін бұл Қазақстаннан не себепті шумерлердің, скифтер мен мысырлықтардың мекенінен жиі табылатын егін орағы табылмайды деп неге ойлап көрмеді екен?

* * *

Осында ма әлде бүкіл жер бетінде ме, әйтеуір бір ұлы өзгеріс басталған сияқты. Сталиннің жеке басына табыну да қала бастаған. Сенсе ме екен, сенбесе ме екен? Тас төбеде алтын күн нұрын төгіп тұрған талтүсте аспан қақ айрылып, найзағай ойнағандай бір алапат басталды да кетті. Чечендер еліне қайта беруіне болады екен.

Чечендер мен ингуштар Жаратушы Иесі өздерін қамқорлықсыз қалдырмайтынына, ата-бабаларынан мирас боп қалған туған мекеніне қайтаратынын біліп мұнда шаруашылық та ашқан жоқ, дұрыс үй де салмай итеріп жіберсең шашылып қалатындай боп көрінетін ұсқынсыз жаппалар мен қақыраларда тұра берді.

Әрине, чечендердің еліне қайтуы бірнеше жылға созылды. Дегенмен, олардың алғаш орнынан көтерілуінің өзі керемет бір көрініс деуге боларлықтай еді ау.

Осы ауылға кіреберістегі қаз-қатар тізілген әсем ақ қайыңдар сыбдырлап, айнала маужыраған тәтті түстей қалғып тұрған мамыр айының бір күнінде мұсылман зиратының жоғарғы жағына үстеріне аппақ киім киген бір топ адам жиналып тұр. Бұлар чечендер мен қазақтар ғана екен.

Сендер бізді де, біздің балаларымызды да ашаршылық ажалынан аман алып қалдыңдар. Бірге туған бауырларындай қарсы алдыңдар. Чечендер сендердің бұл жақсылықтарыңды ешқашан ұмытпайды – дейді сақалы аппақ чечен қарты қазақтардың бас көтерер ақсақалдарына қарап:

– Бізді кешіріндер. Өткен жылдар ішінде неше түрлі жақсылы-жаманды уақиғалар да болды. Өмір сонысымен де өмір.- деді ол сөзін жалғастырып. Ал біздің отбасымыз сендердің, қазақтардың арқасында аман қалды. Бізде алғыс айтатын мынадай сөздер бар, біз қазір соны сендерге арнап айтқымыз келіп тұр. Дел рез хуыд. «Алла разы болсын!»

Сол сәтте бүкіл чечен қосылып «Дел рез хуыд» деп дауыстап қайталай жөнелді.

Қазақтар оларға: Жаратқан Иеміз жолдарыңды оңғарсын,- деп тебірене жауап қатумен болды.

Қазақтар мен чечендер төс түйістіріп құшақтасып дұға оқып болғанша чечендер осында тұрған он үш жыл ішінде қайтыс болып жерленген туыстарының сүйегін қазып алуға кірісіп кетті.

Чечендер бұл жерде ешнәрсе қалдырмастан кетті. Олар өліктерінің сүйектерін өз отанынына апарып көмуге алып баратқанда мархұмдардың жаны өз елінде ғана мәңгі тыныш жата алатынына сенді.

Қазып алынған сүйектер кілемге мұхият оралып, жалдап алған көне көлікке—біржарым тонналық көлікке тиеді. Олар енді осыдан Жаркөл бекетіне жетіп, әрі қарай туған еліне, он үш жыл бойы аңырап-аңсап сағынған, табанымыз топырағына тисе екен деп тілеген алыстағы туған еліне тартып отырады.

Үкімет жарлығы шыққан алғашқы жылы осындай жер аударылған вайнахтардың үштен бірі, яғни, 140000 вайнах Қазақстаннан үдере көшіп кетті.

Березовкада кейін біраз уақыт аз ғана чечендер мен ингуштар қалды.

Ал балаларға бәрібір, сенің дінің қандай, ұлтың кім, әлеуметтік топтардың қайсысына жатасың... Айырмашылығы жоқ. Өзің жақсы адам болсаң болғаны.

Қаһар мен Ольга тұрған көшедегі балалардан өзгеше 11-12 жас шамасындағы екі бала болды. Біреуі Муса деген чечен, екіншісі Эвольд деген неміс баласы. Екеуі де арық, күнге әбден күйіп денелері тотығып кеткен, шашын қып-қысқа қып алдырған кәдімгі ауыл балалары. Екеуі басқа балалармен төбелес кезінде де, ойын ойнағанда да, торта-тобыр майда

балық аулауға барғанда да жұбы бір жазылмайды. Ауылдан жырақ кетіп сарышұнақтың інінде шұқылап жүргені...

Мусаның Асланбек деген туысқаны бар болатын. Ол да бұның құрдасы. Бір күні Эвольд пен Асланбек күресіп ойнап жүріп оның соңы төбелеске ұласып кетіпті. Мұндай уақиғалар балалар арасында жиі-жиі болып тұрады ғой. Бір кезде Эвольд Асланбекті жығып салып, үстіне мініп отырып соққылай бастайды. Мұса ешқайсысына жақтаспай тұра беріпті.

Бұлардан сәл әрегіректегі ағаштың көлеңкесінде көне черкес-бешпет киген чечен шалы отырған екен. Таяққа сүйеніп екі көзін мына екеуінен алмайды. Сосын екі көзі әйнектей боп жалтылдап Мусаға қарай бірнәрсе дейді.

Муса әуелі селк етіп, сосын сәл ойланып жан-жағына қарайды. Сосын еңкейіп аяғының астында жатқан қол басындай тасты алады да алысып жатқан екеудің жанына келіп өзінің ең жақын досы Эвольдтің басынан таспен қойып кеп қалады. Сөйтіп тұрып екі көзі жасқа толып жылап тұрады. Оның көз жасы осы істі өз еркімен істемегенінің айғағы болса, ал қолындағы Эвольдті ұрған тас – оның қарт адамның айтқанын орындау, оған ешқандай да қарсылық көрсетуге болмайды, басқа жұрттың адамымен қандай жақын дос болсаң да өз қандасыңды сатпа деген атам-заманнан келе жатқан дәстүрге оның ант пен сертке берік екенін айғақтап тұрған еді.

Чечен қарты орнынан тұрып таяғына сүйенген қалпы баяу басып шарбағына кіріп кетті. Ал сыртта, оның артында ерте заманнан келе жатқан жазылмаған дәстүр заңының көлеңкесі, украина жігітіне тигені үшін чечендер мауыздап тастаған чечен қызының қаралы үні қалқып тұрғандай болғанын ол білді ме, білмеді ме?

Эвольд басының қан аққан жерін қолымен басып, Мусаға үн-түнсіз қарады да тұрды. Ренішті жүзінде мені таспен ұрған шынымен сен бе, Муса деген сұрақ ап-анық көрінді де тұрді.

Ал Муса досына мойнын бұрмастан Асланбекпен бірге үйлеріне қарай кетіп бара жатты. Осыдан кейін Эвольд пен Мусаның бұған шейінгі арасынан қыл өтпес достығы бірден ғайып болды. Сатқындық соққысы достық жүректі қақ айырды.

Арада жылдан-жыл озып, КСРО деген быт-шыт болып ыдырап, Чеченстан Ресей соғысы болып жатқанда екі сарбаз–бір қазақ, бір неміс чечендердің қолына тұтқынға түседі. Екеуі де Ресей әскерінде қызмет етіп жүрген. Қазақ Челябинскіден, ал неміс қасқа Свердловскіден. Немістің ата-анасы Эвольдтен көмек сұрайды. Немістің ұқыптылығы мен достық сезімі арада ондаған жылдар өтсе де жүрегінде өмір-бақи сақталып қалған Эвлльд Мусаны ешқашан ұмытқан емес. Ақыры Мусаның телефон нөмірін тауып алады. Ол бұл кезде әскери дала командирлерінің бірі екен.

Өңгіме өте қысқа болды.

– Сәлем, Муса! Мен Эвольдпін ғой. Екеуміз Березовкада көрші тұрдық қой! Есіңде ме?

Біраз үнсіздіктен кейін аржақтан:

– Салам, Эвольд. Не болды?,-деген Мусаның үні естіледі.

Эвольд бір-екі ауыз сөзбен болған жағдайды баяндап береді.

Тағы да біраз үнсіздіктен кейін Мусаның даусы қайтадан естіледі:

– Олар туралы мәлеметтерді жібер!

Бітті! Дәл баяғы Далада өткен бала кездегі біреуі екіншісінің үйінің жанына келіп:

– Эй, Муса, тез шық, ойнаймыз.

– Қазір шығам,-деген сияқты қысқа–қысқа тілдесу ғана.

Бұл кезде, яғни, 1996 жылғы Чеченстандағы жағдайды мына екі тұтқынның жағдайымен салыстыра отырып түсінуге де болады. Әуелі бұларды тұтқынға алған сарбаздарды, яғни, бұл екеуін өздері тапқан олжалы заттай көретін адамдарды табу керек. Олар не деді кім біледі. Оның үстіне тұтқынның біреуі–қазақ. Яғни, ол – мұсылман. Ал өздерімен соғысып жатқан елге қосылып соғысып жүрген мұсылманды чечендер не мауыздап, не атып тастайды.

Бұған қоса ол екеуі де Бамут түбінде тұтқында жатыр. Ал Бамут бұл кезде қоршауда болатын.

Дегенмен, Муса бұл шаруаны лезде бітіріп тастады. Үш күн өтер – өтпесте жуындырып – қырындырған, әскери киімнің орнына «азаматтық киім» киіп, құнарлы ас ішіп оңды

қалпына келген бірі қазақ, бірі неміс Ресей әскерінің қос сарбазы тұтқыннан азатталып Ингушетияға әкелініп Ресей Батыры, Қазақстанда туып-өскен Руслан Аушевтің қолына тапсырылып, одан Сарбаздар Аналарының Комитетіне келді. Эвольд пен Муса содан қайтып хабарласқан да жоқ. Хабарласудың да не қажеті бар!!! Муса достық дегеннің өзі үшін қаншалықты өлшеусіз қымбат екенін осы сауабы мол ісі арқылы-ақ дәлелдеп, әрі осы аналардың алғыс-көз жасымен жуып тастады ғой!

Иә, 1957 жылдың мамыражай мамыр айының нұрға шомған сол бір күні бүкіл Березовканың қазағы, немісі, орысы, чечендердің бала-шағасымен де, қарияларымен де қимай құшақтасып, тебіреніп, толқып тұрып қайыр – қош айтысқан еді-ау.

... Мүмкін көп ұзамай бұлар да?...

Көк жүзі қарақошқыл тартып барады. Аңызак соғып тұр. Бұл жел қазақ Даласының өзіне тән жел екені рас. Бірақ ол бұрын дәл қазіргідей қара жердің топырағын аспанға көтеріп даланы мұндай алай-дүлей шаң түнегінің астында қалдыратын сұрқай бір көрініс емес-тін. Қазір ең болмаса ұсақ жайдық жайылатын бір бұтасы да қалмай ойрап-топан қып қопарып жыртып тастаған Дала топырағы аспанға көтеріліп күннің көзін де бүркеп барады. Қарасұр тозаңнан сонадай жердегі тракторлар да көрінбей қалды.

Шарлоттаның азанмен тұрып жуып, есік алдына жайып қойған көрпе тыс-сейсептері де, әппақ сүлгі, орамалдары да бүкіл шаң мен тозаңды өзіне сіңіріп алыпты. Ол енді соларды жинап «қайдан ғана жуа қойып едім» деп бұрқылдап жүр.

Бұл аңызакпен қосыла ауа температурасы қырық градусқа шейін көтеріледі. Жел бір күн де бәсендеместен өте қатты күшпен соғып тұр. Қостанайдан Торғайдың кербездене керіліп жатқан маң Даласына ақша қуып келушілер, қисапсыз кеп тракторлар оны одан әрі топалаң қылуда. Ал аңызак жел егіннің түп-тамырына шейін кеулеп кітіп құрғатып барады. Топырақ тоза бастады. Эрозия!

Ал эрозия деп аталатын бұл сұмдық туралы Мәскеудегі академиктер қаншалықты білсе, «адам азды, жер тозды»

дейтін қазақтар олардан артық білмесе, кем білген жоқ. Сол кезде кеше ғана жазға салым шалқар дала қып-қызыл, сапсары түске боянып қалың қызғалдақ пен алуан түрлі хош иісті дала шөбіне бөгіп жататын 10 миллион гектар құнарлы топырақ өлі топыраққа айналды.

Компартияның Мәскеудегі бір съезінде КСРО Ғылым академиясының бір сақа ғалымы:

– Табиғаттың аңызак желі әлі де толық зерттелген жоқ, деді.

– Қазір ауа массасының вертикалды биіктігі бұзылып, оның жоғарғы

қабаты төмен қарай құлдырауда екенін көріп те отымыз.

– Сонда не істе дейсіз? Бұл осындағы комиссия мүшелерінің бүгінгі қойған сұрағының түрі болатын.

– Не істеу керек дейсіз бе? Академик көзілдірігін алып бет орамалмен сүртіп-сүртіп қойды. – Бұрын талай рет не ескертілді, соны істеу керек! Агротехникалық тәсілдер... Ағаштар отырғызу арқылы топырақты қорғау, топырақты суландыру, ауыспалы егіс тәсілі, конурлы жырту, яғни соқалау... Ондай қылмаған жағдайда топырақ эрозиясы ондаған жылдарға созылады. Шөп егу де жақсы қорғаныс болар еді...

Амал не, ондай ақыл-кеңесті тыңдаған ғалымдар бола қоймады. Тіпті, шөп егу дегенге жаңадан игерілген миллиондаған жерге қайтадан шөп егіміз бе деп күлгендер де аз болған жоқ. Олар топырақтың табиғи құнарлығы құрыды ма ендеше оны химиялық тыңайтқыштармен құнарландыру керек деп ұйғарды. Сөйтіп жерді де, суды да, уландыруға жол ашылды.

Талай-талай кемел қайраткерлер ғалымдардың айтқанын істеп, тыңды сол жердің ерекшеліктерін ескере отырып, бірте-бірте игеру керек екеніне ден қойған-ды. Амал не, болар іс болды... Алғашқы жылғыдай мол астық алу деген ой «далада қалды». Шаруасы шалқыған кейбір дәулетті кеншарлар шығынға батты.

Нан жетіспейтін болды, халыққа Березовканың, тың өлкесіне жақын тұрған осы Березовканың өзінде дүкендердің

іші-сырты нанға кезекке тұрған ұшы-қиыры жоқ адамдар тобына толды. Төбелес те шықты, талай рет.

– Әй, кезексіз қайда барасың, кезекке тұр.

– Анау неге үш көмеш алды. Бір адамға екі көмештен ғана емес пе еді?!

Күніге осы айқай-шу. Нан кезегіне тұру да жұмыстың бір түрі. Жұрттың айтуынша осының бәрі доп-домалақ, месқарын Хрущевтің өз айтқанын істеумен болғанының кесірі дейді. Ол өзіне қарсы келгендерді бірден бақырып-шақырып, қолын сермелей басып тастайтын да, онысы сәйтсіз болып шықса дереу тына қалып шаруаны өз бетімен жібере салатын. Күндердің күні болғанда КСРО астықты АҚШ-тан сатып алатын күйге түсті. Ал Хрущевтің тың игеру жоспары күйрегесін, оны жуып-шаю үшін енді сонау Поляр шенберінен бастап бермен қарайғы елге түгел жүгері егу керек деген бастамасымен әуілдеп бастады. Көп ұзамай Америкаға барып келіп, Кеншарлар енді жүгері өсіруге көшті.

Тың игеру бастамасы мен оның қалай аяқталғаны, яғни, нәтижесі туралы ғылыми ортада әлі де түрлі-түрлі пікірлер айтылуда. Бір қарағанда сол кезде Қазақстанға өте көп қаржы бөлінуі елдегі инфрақұрылымды жақсартып, жаңа қалалар, зауыт-фабрикалар салуға, білікті, өз ісіне жетік мамандар өсіріп шығаруға септігін тигізген де сияқты.

Екіншіден, жайылымдық, шабындық жерлер мен шөлейт жерлерді бас-көз демей бас салып жыртып тастау жердің азып-тозуына, мал өсірумен айналысып күн көретін қазақ ауылдарының иесіз қалып, халқы күйзеліске ұшырауына душар қылды.

Тіпті, Шарлоттаның өзі де үй жинап жүріп:

– Маңайды түгел жел қуратып тастады. Қопарылмаған жер қалмады.

Ал одан не шықты? Дүкендерде нанға таласып, жұрт бірін-бірі басып-жаншып кетуде,-деп бұрқылдап сөйлеп жүргені.

Нина келіп Шарлоттаға үй-ішілік шаруаға жәрдемдесіп жүреді. Бірақ Шарлоттаға оның осында ежелден қалыптасқан үрдіске украиндық «жаңалықтарды» кіріс қылуы онша ұнамады. Бұрын балалардың ас-суы да немісше дайындалатын еді, неміс тілінде дұға оқылатын, қазір

торсифан-торсифан тоқаш пен борщ деген шықты. Шарлотта үйде меннониттердің үрдіс-салттарын нық сақтауға тырысты. Бірақ соның бәрі күн өткен сайын өзгеріп, орнына дәстүр деуге келе қоймайтын жаңалықтар ене бастады да тек біз немістерміз деп сезіну ғана сақталатын жағдай сол қалпында қалды.

Иә, Шарлоттаның өмірінде болған үлкенді-кішілі уақиғалардың ішінде Кеңестер Одағының ең ақырғы өте кең ауқымды науқаны – тың игеру кезеңі ерекше есінде қалыпты. Өзінің әлі де отбасымен бірге қаншама ауқымды өзгерістердің сынағын басынан өткергенмен Шарлоттаны қазір бәрінен бұрын күніге азанмен нанның кезегінде тұру, ерте демей кеш демей дүкенге жүгіру, сабын сатып алып мырыш астауда немерелерін шомылдыру, бақшаны суару, сосын үйде ошақтағы отты тұтандыруға керек шырпының таусылып баратқаны қаттырақ уайымдататын. Сыртта ел астық бастыруға асығып қапылып жатқанда да, көшпелі қазақ Даласы азып-тозып баратқанда да, жаңадан қалалар салынып бар маңай адам танымастай боп өзгеріп баратқанда да ол үшін ең маңыздысы үй-ішін түгел кешкі ғибадатқа отырғызу мен дұға оқу болатын.

Сосын ол жер аудару туралы жұрттың не айтып жүргенін тыңдағанды ұнататын.

Соңғы жылдары немістер өз өмірлеріндегі болуы ықтимал жақсы бір өзгерістерді күтумен болды. Соғыс бітісімен-ақ арнайы жер аударылғандарға жеңілдіктер жасалады екен деген қаңқу сөз жиі айтыла бастады. Ал, жеңдік қой енді, Германия екіге бөлініп ГДР деген дүниеге келіпті дейді... Бірақ ешқандай өзгерістің нышаны да байқалған жоқ, оның орнына тұрып жатқан жерінен бір жаққа кетіп қалғаны үшін берілетін жаза мерзімі бұрынғыдан да күшейтілді.

Сөйтіп жүргенде Сталин өліп, партия асыра сілтеушіліктер болғанын мойындауға көше бастады. 1955 жылы немістерге төл-құжат беріліп, белгіленіп тұру міндетін алып тастады, бірақ олардың комендатурада тіркеуді де, арнайы қоныстандырулар да сол күйінде қалды. ГФР-ның канцлері Аденауэр мен КСРО-ның атынан Булганиннің кездесуін Даладағы немістер зор үмітпен асыға күтті. Шарлотта да, Каролина мен Марта да

басқа немістер тәрізді мына режим шегеріліп тасталатынына сенумен болды.

Амал не, кездесу шешімі бойынша Кеңес Одағы канцлердің өтінішін қабылдап әскери қылмысы үшін жазаланған он төрт мың немістің Германияға қайтуына рұхсат берді де арнайы қоныстандырылғандар туралы сыңар ауыз сөз айтылмастан қалды. Чечендер мен ингуштар еліне қайтарылды, ал қағаз жүзінде ғана еркін немістер Қазақ Даласында қала берді.

Әрине, сол 1955 жылы 5 мыңға тарта бұрынғы КПСС мүшелері, мысалы редактор Анхель Альбертович тақылеттес Азамат соғысына қатысып жаңа жарқын болашақ кеңес өкіметі үшін күрескендер бұр режимнен азат болды. Кейін олардың бәрі жақсы қызметтерге орналасты, ұжымшар, кеншар директорлығына тағайындалды. Кейбіреулердің айтуына қарағанда сол ұжымшарлар мен кеншарлар неміс еңбеккерлігі мен ұқыптылығының арқасында облыстағы озат шаруашылықтар болған дейді.

Шарлоттаның үйіне жақын жерде Миша деген тыңгер жігіт тұрды. Өзі ылғи көңілді, күліп жүретін, еңбекқор, бет сүйегі шығыңқылау, қой көзді еді. Мұнда комсомолдық жолдамамен келіп, жылжымалы колоннада дәнекерші болып істеп, сосын қысқа қарай жөндеу жұмыстары көбейіп кеткендіктен осыннан баспана алып Березовкада қалып қойыпты. Герман екеуі жақсы дос болып, осы үйге жиі-жиі келіп тұратын. Бірде ол өзімен бірге сыра ала келіп, Герман екеуі сыра ішіп отырды.

Шарлотта да осында үйдің күйбеңмен жыбырлап жүрген. Күзгі ақ жауын тынымсыз жауып, терезеден тырс-тырс еткен тамшы дыбысы естіліп тұр.

Миша кенет жарда ілулі тұрған отбасылық фотосуреттердегі патша әскерінің киімін киген Генрих Кондратовичке қарап қалды.

– Әкем ғой. Лагерьде қайтыс болды,- деді Герман.

Миша біраз уақыт үнсіз отырды да ойда жоқта сөйледі де кетті:

– Мен, мен ішкі әскерлерде мерзімді борышымы өтедім ғой. Днепропетровекіде. Тұтқындардың айдауылы болдым. Бірде этапқа, бірде сотқа дегендей... Әскерден 1953 жылы қайттым. Әртүрлі тұтқындарды, немістерді де алып жүрген

кездер болды. Халық жауы дейді ғой... Сол кезде бізге солай түсіндіретін. Біз соған сенетінбіз. Бір әйел болды. «Воронкада» есіктің орнына темір тор қойылған. Міне, бір күні сол әйел сол темір тордан маған қағаз ұсынып алшы деп жалынғандай түр көрсетті. Көзінде жас. Ал мен... Ал мен оның қағаз ұсынған қолынан мылтықтың дүмімен қойып кеп қалдым. Ол еңіреп жылап жатты. Сосын оны түрмеге алып кеткесін жерде жатқан қағазға көзім түсті. Қағазда «Балаларым, менің еш кінәм жоқ» деп жазылып, жіберілетін мекен-жайы көрсетілген екен. Сосын оның карточкасын қарасам бірнеше тармақты 58-ші статья екен. Яғни ату жазасы...

Миша сырадан бір ұрттады да төмен қарап:

– Оны қолынан мылтық дүмімен ұрғаным үшін емес, сол қағазды жыртып-жыртып лақтырып жібергенім есіме түскен сайын өзімді өзім әлі жек көріп кетемін. Сол қағазды конвертке салып, көрсетілген мекеніне поштамен жібере салсам нем кетер еді?! Сол кезде сол бейшара үшін өзінің кінәсіз күйіп баратқанын балаларына жеткізу үлкен бір арман болды ғой, ә? Бірақ біздің миымызда мұндайлар дұшпан деп құйып, сіңіріп тастады ғой. Неміс атаулының бәрі диверсанттар, бәрі шпиондар деді. Өзім де осында келгенге шейін дәл солай ойлайтын едім ғой. Егер маған сіздерді алып жүруге бұйрық берсе, мен сол жылдары сіздерді де аямаған болармын ба, кім білсін. Енді ғана, ақиқаттар енді ғана ашылып жатыр. Қаншама адам кінәсіз атылып, қаншама адам жер аударылған?! ... Біз ол кезде ешнәрсені де түсінбедік қой, ненің не, кімнің кім екенін... Мені кешіріңіздерші!...

Миша осы бір «Кешіріңіздерші» деген сөзді жеке өз басына емес, бүкіл өкімет үшін, бүкіл органдар үшін кешірім өтінгендей қып айтты.

Ал Каролинаны зорлап тастаған Шандецкийден де, түрме шарбағының ішінде таң алдында түк кінәсі жоқ жас жігіт Николайды атып тастаған адамнан да, адамдарды тергеу кезінде тістерін бір-бірлеп сындырған, өлімші қып тепкілеп аяғынан сүйрелеп жеткендерден де, Песчаный лагерінде әйелдерді азаптағандардан да, сондай-сондай басқалардың ешқайсысынан да жаңағы Миша айтқан «Кешіріңіздерші!» деген сөзді ешкім естіген де емес.

Қаһар өз отбасынан 1964 жылы кетіп қалды. Осының алдында ғана әскери комиссариат оған қолмен ғана басқарылатын, мүгедектерге арнап шығарылған «Запорожец» көлігін берген болатын. Балалары не болғанын түсінбестен қалды. Әкесі ұсақ-түйек зат тарын буып-түйіп көлігіне салды да туған жері Торғай Даласына тартты да кетті. Ольга балаларына «Әкелерің солай ұйғарды» деді де сөзді тоқтатты.

Қаһар соңғы кезде қатты жөтеліп жүретін-ді. Кейінірек, мүлде ұйықтамастан ауыз жаппай жөтелетін болды. Оның өкпесінің жоғарғы жағы туберкулезге душар болғаны, біраз уақыт тәуір болып, бірақ білдірмей өкпе құрты жей бергені кейін мәлім болды. Қаһар тез жүдей бастады. Күндіз-түні әбден шаршап, тұла бойында еш дәрмен қалмады. Құр сұлдері қалып, ілбіп қана жүрді.

Мұндай күйге тап болған адам ешкімді де, ешнәрсені көргісі келмей жалғыз өзі бір қиян шетке кетіп қалғысы, не теріс қарап ешнәрсе естімей бүк түсіп жата бергісі келеді. Оның қақырығынан қан түсе бастағасын-ақ оның ақырғы күні өте таяп қалғаны ешқандай дәрігерсіз-ақ белгілі болды. Оның өкпесі ісіп жатыр, ал үйдегі жас балалардың ағзасына оның жұғатынына еш күмәні жоқ.

Ол кетер күннің әдеттегі күннен ешқандай ерекшелігі болған жоқ. Ольга да үнсіз. Жылап-сықтау, қимай қоштасу дегеннің нышаны да болған жоқ. Қаһар балаларын кезек-кезек бетінен сүйіп шықты да көлігіне мініп жүріп кетті. Балалар оның өлімге, ақырғы сапарға аттанғанын кейін барып білді.

Күздің бір жексенбісінде үйдің қасына жүк көлігі кеп тоқтады. Алыс сапарға қатынайтын көлік жүргізушісі қыздарына әлдебір сыйлықтар, ал ұлына велосипед әкеліп берді. Әкесінің сәлемдемесі. Жүргізушінің айтуынша Қаһар қатын-баласымен хабардар болып тұру үшін де әдейі өзінің Амангелді ауылындағы көлікке май құятын бекетке жұмысқа тұрған көрінеді. Ол осындай алыс сапаршы шоферлерден үйішіне сәлем айтып, балаларына сәлемдемелер жіберіп тұрды. Қолынан сол ғана келді, күннен-күнге әл-дәрмені кетіп, әлсіреп бара жатты. Адам баласы дүниеден өтерде өзімен-өзі оңаша қалып, көкке көз салып, аспанмен ғана тілдесіп жатуды қалайтынын балалары кейінірек барып түсіне бастады.

Қаһар 1965 жылы күзде 42 жасында бұл фәниден бақиға кетті.

Ол кетер алдында көп іс бітіріп кетті. Бұрын Батпаққара атанып, сосын Амангелді деп өзгертілген ауылына келе салысымен өзінің ата-бабасының меншігі болған осы жердегі зиратқа барып, бір замандарда қызыл қыш-кірпіштен салынып, кейін осындағы большевиктер бұзып тастаған бейітке дұға оқытты. Бейіттің басында араб әрпімен өрнектеліп «бұл жерде қажылыққа жеті мәрте барып келген МОЛДАРАХМЕТ ҚАДЫРАЛЫҰЛЫның жаны жай тапқан» деп жазылған құлыптас қана тұр.

Сонау жылдары аспаннан бомба жауып жер мен көк қосылып, тітіркенген сұрапыл сәттерде өзі траншеяда бұғып жатып есімдерін дұғадай қайталаған. Жауғашты, Оразбай, Өтебай, Байти, Есенбай, Қыдыралы, Молдарахмет сынды ата-бабалары міне, осында жатыр. Қаһар күн сәулесі қыздырған ып-ыссы құлыптасқа алақанын тигізіп ұзақ тұрды.

Ол қайтыс болар алдында қайран кең Табанға барды. Өткен заманнан ең болмаса тырнақтай бір нышан қалсайшы! Жоқ! Бір кездері жылқысы кісінеп, түйесі боздап, қой мен ешкісі маңырап, сиыры мөңіреп, иті үріп, бала-шағасы шуылдап, ойнап жататын, кейін қалың қар басып салған, адамдары шетінен аштан қырылып, қаракөлеңке киіз үйде ой-өрнекті әдемі көрпенің үстінде баяғы үйлену тойында тиген көйлегі үстінде, қымбат бағалы асыл тастармен безендірген сәуелесі басында киюлі мәңгілікке көз жұмған Анасы Ақжігіт жатқан сол киіз үй тұрмақ бүкіл ауылдан да орнына күзгі желмен желбірген, қураған шөптерден басқа көзге ілінер дым қалмаған.

Оның кеудесінде осы сәтте мұң мен өзіне деген разылық қатар тұрған еді. Барып көлігінің моторын сөндіріп, сосын бала кезінде отын іздеп бұталар өскен жерге барғаны есіне түсіп солай қарай беттеді. Бір құшақ қураған бұтаны сындырып алып, сірә біздің үйдің тұрған жері осы болар-ау деген шамамен жерге отыра кетті де алау от тұтатты. Әбден қураған бұталар лаулап ала жөнелді. Сонау қасіретті жылдары осы жерде біздің үйде ошақта осылай от жанып жатты-ау, ә дейді іштей. Түн. Айнала тым-тырыс тыныштық.

Ал түнгі қарақөк аспанда сансыз жұлдыз жердегі алақандай ғана оттың алаулаған жалынына қарап сол зұлматты жылдары дәл осы жерде дәл осылай жанып тіршілікке күш-қуат беріп тұрғанда жүрегі жауыздыққа толы жоғарыдағылар оны сол үйдің иесімен қоса өшіріп те, өлтіріп те еді-ау деп олар да дәл осы сәттегіні Қаһарға ұқсап мұнайып тұрғандай еді.

Қаһар қарсы алдында лаулап жанып жатқан отқа өмірінде от көрмеген адамша әлі қадала қарап отыр. Ол осы отырғанда өзің баяғыда-ақ, келмеске кеткен сонау пәкізат бала шағында-ақ бұл дүниеден өтіп кеткен адамша сезініп отыр. Ал одан кейінгі Тұрсын екеуі қарасуық желі өңменнен өтетін мидай далада келе жатқаны да, балалар үйі де, ойда талай күн, талай түн терезеден қарап та, төсекте булыға жылап жатып та анасын күткен күндер мен түндер, қанқасап соғыс, ота бөлмесіндегі легенде қалған сыңар аяғы, би кеші, Ольга екеуі түнгі Березовкада қыдырып жүрген шақ, бәрі-бәрі ұзыннан-шұбақ бір түс қана тәрізді.

Ол осылайша таң атқанша отырды. Жәй отырған жоқ, сол түні ол өзін осы ұлы Даланың біресе бір жұп жусанындай, біресе текеметін үстінде бала кезінде өзі әрі шертіп, бері тартып ермек қып ойнаған кішкентай қоңыз тәрізді сезініп отырды. Сосын қарттардың жазулы күн таусылғанда адам жаны анау сансыз жұлдыздар жылтылдап тұрған аспан әлеміне ұшып кетеді де, тәні топыраққа айналады, ол адамдардың көз жасын Дала бір тамшысында қалдырмай сол топыраққа – Жерге жаңбыр түрінде жаудырады деп отыратыны есіне түсті.

Ол Отан дегеннің тек сағына еске алып отыратын нәрсе емес, шексіз бір әлем екенін соғыста жүргенде-ақ түсініп болған еді. Енді ойлап қараса Отан деген ата-бабаның жүздеген жылдар бойы жалғасып, өмірін өмірге ұластырып келе жатқан ұрпақ тіршілігі екен ғой.

Әне, таң атып келеді. Күншығыс беттегі көкжиек әуелі түнгі қарақошқыл бояудан күлгін түске, сосын қызғылт, сосын алқызыл түске боянып тұрды да осыдан әлденеше мыңдаған жылдардағы қалпымен балқыған алтын шар тәрізденіп қатал да қайырымды, шөлді де саялы Даланы жарқын бір нұрға малып Күн шығып келе жатты.

Тоғызыншы тарау

Көне фотосуреттер

Міне, мына суреттергілер кәдімгі қазақтың бір отбасы мүшелері. Басына терімен жиектелген дөңгелек бөрік, үстіне қой терісінен тігілген ішек киген орта бойлы қазақ тұр. Қараторы, ал мұрты қою, қап-қара. Дәл қазір фотографты теуіп жібермекші болғандай бір аяғын алға созып жіберіпті. Жанында әйелі түрегеп тұр, басын бір жағына бұрып тұрғанына қарағанда фотосуретке түскен сайын, адамның жаны бірте-бірте сола береді дегенге сенетін сияқты. Екеуінің алдында ер бала тұр. Үстінде рабайсыз үлкен шапан, Оның бір етегін қайырып белбеуіне қыстырып қойған. Басындағы бөрік де анау-мынау қазаннан кіші емес. Бәрінің де ең аржағында ешқандай да фотографияға симайтын, көсіліп жатқан кең дала.

Енді мына фотосуретке көз салып көріңіз: Бұл үлкен шаңырақ. Басында ақ жаулықпен ораған, төбесі биік ақ кимешегі бар кемпір, ер адамдар мен бала- шаға, сосын той киімін киген, басында сәукелесі бар қалыңдық түрегеп тұр. Сұлу! Баяғы Торғай өзеніндегі мұз үстінде атылған адамдардың ішінде жатқан сұлу келіншектен айнымайды-ау, айнымайды. Бұлардың ешқайсысы да осы суретке түскелі тұрғанда жақында мұнда маңдайына қызыл жұлдыз таққан аттылар келетінін, сосын жаппай қырғын болатынын, бірге туғандар бірін-бірі өлтіріп, адамдар аштан қырылатынын, ол алапат қырғын әлем халықтарынан жасырылып, сондықтан көпшілік одан бейхабар болып қалатынын да білмей тұр.

Иә, бұл суреттердегі көшпенді қазақтар алда өздерін қандай қасірет күтіп тұрғанынан да бейхабар. Олар қазір өздерінше бақытты адамдар. Өйткені, қазір қазанда жас ет былқып піскелі жатыр, күніге той-томалақ, ас-садаха. Анандай жерде жігіт-желең даланың шанын көкке көтеріп атпен жарысып шауып жүр. Ал оларды алдында соғыс пен ашаршылық күтіп тұр.

*Тұяғынан жусан мен шаң атқылап,
Кен даламен кетті бие шапқылап.*

А.Блок

Мынау да сарғайып кеткен көне фотосуреттер. Бұларн Екатеринослав заманындағы немістер. Сәнді, бешпет киген, қалтасынан сағаттың шынжыры салбырап тұрған, иегінің астындағы сақалына шейін мұқият теп-тегіс қып қырған, байсалды ер адамдар. Әйелдердің де бетінен өте бір салқынқандылық байқалады, ақ көйлек киген, шашын жылтыратып жатқызып тұрып тарап тастаған, ал балалар фотоаппараттың сырт еткенін күтіп объективке қадала қарай қалыпты.

Бір қарағанда бұл екі сурет екі түрлі дүниенің белгісіндей. Яғни, меңіреу Дала, батыс адамдарына мүлде түсініксіз дала өркениеті, далалық дүниетаным. Бұл көрініске қарама-қарсы дүние анау немістердердің суреті. Бірақ бұлардың екеуінің де тағдыры бір ғана темір тезге түсірілген. Солай екенін сол кезде неміске де, қазаққа да, украинға да жүргізіліп, әрқайсысына бір-бір папка арналып фотосуреттер басылған үйме-жүйме құжаттардан, олардағы «атылды», «атуға сотталған», «лагерьде өлген» деген жазулар бұлтартпай дәлелдеп тұр.

Ал, мына сурет-ше? Жүк вагондары; олардың есіктеріне көлденеңнен тақтайлар қағып тасталған. Абдырған, аңтарылып ешнәрсеге түсінбей тұрған адамдар. Бәрінің түрінде әлде қорқыныш, әлде уайым бар.

Бұның бәрі неден болды?

Елде адам айтса нанғысыз нағыз топалаң болған еді. Қираған, құлаған, өртенген үйлер, жыртып лақтырып тастаған иконалар, тас-талқаны шыққан жиһаздар, базардағы шіріген, көгеріп, иістеніп кеткен ет пен басқа да азық-түліктер. Аш адамдар бірін-бірі жей бастапты. Көшпелі жұрттың ұл-қыздары бұрын-соңды болмаған қырғынға ұшыраған Дала...

Енді мына суретке қараңыз: қосылмастар қосылып, бірікпестер бірігіп жатыр. Бұл Шарлоттаның ұлы Александр. Ол 1937 жылы әкесі мен туған ағасынан, сосын 1941 жылдың күзінде тұңғышынан, сүйікті ұлынан айырылған. Қазір Еңбек

Академиясынан жасына жетпей қартайып, әбден жүн-жүні шығып оралған ол Чингинин деген қазақтың қолын алып тұр. Ал өкімет бұл қазақтың бүкіл мал-мүлкін тартып алып, әкесін 1937 жылы атып тастаған болатын. Екеуі де үстеріне тон киіп алған. Суретте олардың аржағында көп жатып сарғая бастаған қар көрінеді.

Төңкеріс басталмай тұрғанда Чингининнің әкесі Айтжан өте дәулетті адам болған екен. Қызылдар келе – сала оның бүкіл мал – мүлкін тартып алып 1937 жылы 58 – ші статьяның 10 – ыншы бабымен соттап атып тастаған. Осы статья да «отбасы мүшелері» деген тармақша бар. Сотталған адамның туысқандары бұрын он жыл лагерьге қамалып, сосын бес жылға жер аударылатын болған. Ал Чингининнің екі ұлы фамилияларын дереу өзгертіп алғанды. Сөйтіп Сансызбай анасының фамилиясына, ал оның ағасы Сарыдәуіт Айтжанұлы мына фотода тұрған Сергей Антонович болып шыға келді. Ол ешқандай да Сергей емес Чингинин Айтжанның баласы Сарыдәуіт екенін бұл маңайдың бәрі біліп отырса да ешқайсысы үндеген жоқ.

Мына суреттегі екеуі арасынан қыл өтпейтін достар: байдың баласы, халық жауы, мұсылман, соғысқа қатысқан Сергей Антонович Чингинин мен жер аударылған, мал-мүлкі тәркіленген, діні таратылған неміс Александр Рейзвих... Ол да Сталиндік лагерьде опат болған «халық жауы», тумысынан түрі де, түсі де, діні де, тілі де бөлек осы екеуінің қазір қайырымдылық пен қаскөйлік, жақсылық пен жамандық, достық пен дұшпандық туралы түсінігі бірдей, еш айырмашылық жоқ.

Ал осы суреттердің бәрін түсірген де, шығарған да бір ғана адам: партияның шақыруымен қазақ Даласына тың жерлерді игеруге келгіп, сосын осында бұратола қалып қойған коммунист.

* * *

Тың жерлерді игеру Кеңестер Одағының ең ақырғы ең ауқымды науқаны болды. Әрине, одан кейін де Байқал-Амур магистралін салу тақылеттес құрылыстар қолға алынып оған

комсомолдық деген қосымша сөз де жалғанды. Бірақ оған ақша табу үшін барғандардан басқалар да комсомол мүшелері де, тың көтеру бастамасы кезіндегідей көп ағылып келе қойған жоқ.

Жалпы Кеңес Одағы идеядан күшті ешнәрсе жоқ деген түсінікпен өмір сүрді. Ал шарттылығы басым Батыста бұған басқаша көзқарас болды. Сондықтан әлемді жайлап бара жатқан социализмге қарсы демократия жайлы Аристотельдің б.з.д. 324 жылы жазған «Саясат» трактатындағы байлар мен жарлыларға емес, орташаларға салмақ қосу керек дегені жолға қойылып, негізге алынды.

1920 жылға дейін екі идея ғана бір-бірімен жағаласып күресіп келді. Бұл ұжымдық және жекелік идеясы болатын. Сосын осы екеуінің соңғысы білдірмей ғана басым түсе бастады. Ол адамдардың ақыл-есі арқылы жүріп жатты. Кеңес Одағы озық үлгілі баллистикалық зымырандар жасап, ғарыш айлақтары мен атом стансаларын салумен болды, ал халыққа даусы гүрілдемейтін, су ақпайтын тоңазытқыштар, тәуір киім-кешек, сапалы да дәмді тағам, теледидар, америкалық индиго түстес джинсы, теңізшілер әкелетін Болонье жамылғысы керек болатын. Халықтың көңілі біртіндеп Батыс жаққа ауа бастады. Өзіміздікін менсінбейтін болды.

Тұрғылықты мекен-жайын өзгертуге рұхсат немістерге 1972 жылы ғана берілді. Ресми түрде! Онда да жер аударылғанға шейін тұрған мекеніне қайтып баруға болмайтыны ескертілді. Құн төлеу туралы бір ауыз сөз жоқ. Ешкім кешірім де сұраған жоқ.

Ал немістер көшуді сонау жетпісінші жылдардың бас жағында-ақ бастаған болатын. Бұрынғы қауымдастық адамдары берекелі Украинаға көшуді армандады. Бір-бірімен хат жазысып, хабарласумен біраз уақыт өтті. Ақырында сол хаттардың бірінде Одесса уәлаятындағы Роцца деген селоның аты аталды. Бұл өзі өте құнарлы топырағына не ексең сол шығатын жүзімі тамылжып, өрік, шиесі былқып пісуге дайын тұратын, қысы қарлы, бірақ бораны жоқ, жазы жаңбырлы жанға жайлы шағын ғана мекен еді. Әуелі ол жаққа елден бұрын Шарлоттаның ұлдары, Андрей бүкіл отбасымен, сосын

бала-шағасы жоқ Яков пен Мария көшіп кетті. Оларға басқа аға-інілері мен апалы-сіңілілерінің балалары келіп қосылды. Сөйтіп, бір әулет екіге бөлінгендей болды. Содан біраз уақыт өткенде Шарлотта өмірінде бірінші рет өз еркімен, ешкімнің айтуынсыз балаларын, немере-шөберелерін көріп қайтуға жолға шықты.

Ол соншама ұзақ жылдардан бері бірінші мәрте аудан көлемінен тысқарыға шыққан болатын. Бұларды жер аударып осында әкеле жатқан сол зұлматты жылдары тек вагонның қабырғаларына ғана қарап, соны ғана көріп отыратын. Қазір ол жолаушылар пойызы вагонының терезесінен жалпақ жаһанға көз алмастан қараумен келеді. Ол сол заманды еске алып өз жанын өзі жаралағысы келмей терезеден сыртта зуылдап қалып бара жатқан далаға ғана қарауға, не көршілес жолаушылардың әңгімесіне құлақ түруге тырысты.

Ол солай отырып та өмірдің мынау жарық дүниенің қаншалықты өзгеріп кеткенін көріп те, түсініп те отырған еді. Челябинскіден үш қатын келіп мінді. Түрлері сыған тақыл-еттес. Олар шаңқылдап дауыстап сөйлейді екен. Бастарында етектей үлкен орамал, он саусағы алтын, күміс жүзік пен сақинадан сіресіп тұр. Сосын үстелдің үстіне тағамдарын жайып салып, басқа жұртқа назар аудармастан өз тілінде шаңқ-шұңқ етісіп астыңғы сөрелерге жайғасып отырып алды. Қасы-көзі қап-қара, семізшелеу келген біреуі кофтасының сыртына мойнындағы алтын шынжырын шығарып қойып, кейін қағазға бір нәрселерді жазып есептеуден қолы босамайды екен. Шарлотта олардың Мәскеуге тауар алуға қатынайтын саудагер қатындар екенін сосын барып түсінді. Шарлотта мына қатындардан бұрын-соңды өзі көрмеген де, естімеген де өрескелдік, ұятсыздық пен арсыздықты көргендей болды.

Жолда кездескен жастар да бұрынғыдан мүлде басқаша екен: жігіттер желкесінен төмен ұзын шаш қойып, балағы далақтаған шалбар киген қыздар да сондай. Қайсысы жігіт, қайсысы қыз екенін бірден айыра қою да оңай емес. Иә, Шарлотта Березовкада соншама жыл өмір өткізіп жатқанда мына дүния түгел өзгеріп кеткен екен ғой!

Купедегілер бұған сәл-пәл таңырқай қарауда. Бойшаң да сымбатты мүсінді, шашы сәл бұрыл тартқан, бет-жүзі

тастан әсемдеп қашалғандай, көп сөйлемейтін маңғаздығы көрініп тұратын Шарлотта оларға басқа бір замандардың адамындай көрінеді. Ол әсіресе, кешқұрым қолдорбасынан мұқабасы тоза бастаған көне дұғалықты алып, ойлы кейіппен оларға түсініксіз дұғаларды неміс тілінде сыбырлап оқып отырғанының өзі неге тұрады?!

Шарлотта туыстарында бірнеше күн мейман болып келгесін, кенже ұлы Германның үйінде Березовкада бұратола қалды.

Қаһар кеткесін Ольга енді қайтып күйеуге тиген жоқ. Ендігі тіршіліктің мәні балаларын өсіру екен деп қойды. Ол онша ұзақ өмір сүрген жоқ. Отбасында ең бірінші болып өзі бақиға кеткен оны балалары 1975 жылы Березовкадағы зиратқа жерледі. Оның бейітінің басына келіп тұрып, ол бала кезінде шоқындырғаннан кейін өзенге тасталған, су бетінде қалқып беймәлім бір жерге қарай жүзіп кеткен баяғы гүлдер, анау қаз-қатар өскен аққайыңдардың атымен Қайыңды-Березовка аталып кеткен шағын ауылдың шетіндегі қайыңды орманға тақау осы зиратқа қайтып ағып келген бе дерсің.

Оның артынан ұзақ та азапқа, сағынышқа толы 90 жыл өмір сүрген Шарлотта да кетті. Арасы бір-біріне тиіп тұрған қос төбешік пайда болды. Сосын оған Мартаның төбешігі қосылды. Осылайша апасы мен қыздары о дүниеде де қатар жатыр екен.

Қазір осындай орны да қалмаған ауыл-селоларда бұрын зорлықпен жер аударылған мындаған немістер-меннониттер, лютерандар мен католиктер Ұлы Даланың бір бөлшегіндей болған, жазықсыз жапа шеккендер жер құшағында тыныстап жатыр.

Ал олардың балалары мен немерелерінің маңдайына екі Отан жазылған сияқты. Медальдің екі беті тақылеттес! Оның біріншісі, яғни, сыртқы беті - Германия да, екіншісі, яғни, кеудесіне, жүрегіне қарап тұрған беті - орыстың, украинаның, Волга бойы мен қазақтың Даласы сияқты.

«Тың өлкесін тастау» деп атауға да боларлық жетпісінші жылдардағы үдерістен кейін кеңшарлар қанырап бос қалды. Солардың ішінде бәрінен аман-есен қалғаны тек Есіл мен

Бобылдың ортасындағы азғантай ғана жаңа алқап болды. Хрущевтің жоспары осы алақандай жерде ғана жұмыс істеп тұрды. Өйткені бұдан басқа жақтың бәрінде де Ұлы Дала адамдардың солақай тірлігін түгел жұтып жіберді.

Иә, сол кезде сырттай қарағанда Кеңес Одағы сол мызғымас күйінде тұрғандай көрінетін. Дүкендегі бір көмеш нан бағасы сол 22 тиын күйінде, экономика бес жылға жоспарланған, казармаларда сарбаздар қол босағанда отыра қалып теледидардан «Времяны» көреді, мектептегі балалар комсомолға өтуге арыз жазып жатады. Қолыма түбегіндегі қалайы мен алтын кендерінде «зэктер»-сотталғандар жұмыс істеуде. Ал қарапайым шаруа мен жұмысшыға қарағанда анағұрлым көзі ашық, саяси қырағылығы барлар адамдардың соншалықты ынта-ықыласымен тұрғызған ұлы мемлекет деп аталатын мемлекет қазір оның сұлбасы екенін түсіне де бастаған еді.

Елдің ыдырап құлауына тек мұнай бағасы мен жоспарлы экономика ғана себеп болған жоқ, оған идеалдардың алмасуы да көп әсер еткен болатын. Өйткені, ең бір жалынды да, жасампаз идеялар да өздігінен жүзеге аспайды, ойлы адамдар ғана жүзеге асырады. Ал адам дегеннің мың сан түрі бар. Кешегі майдангерлер ішіп кетті, соғыс салған жаралылар ауру-сырқаудан өлді. Көзі тірі мүгедектер жабық үйлерде өмірінің ақырғы күндерін өткеріп жатты, төңкеріс батырлары-қарттар олардан да бұрын кеткен, бұрын ешкімге аяушылық жасау дегенді білмеген шонжалар енді пара алып, олардың балалары өздерінен өткен паракор болып алды. Осы болып жатқан жемқорлықтың бәрің Шарлотта сонау кезде вагонда келе жатып жігіттер мен қыздардың жүріс-тұрысынан, сөйлеген сөзінен, киген киімінен, саусақтары алтын жүзік пен сақинаға сірескен әнебір саудагер қатындардан-ақ аңғарған еді-ау, марқұм. Ал бірінші дүниежүзілік соғыстың алғашқы жылында дүниеге келіп 97 жыл өмір сүрген Марта осы елдің дүниеге келгенін де, құлағанын да көріп кетіпті.

1986 жылы желтоқсанда Алматыда жастардың орасан зор толқуы болды. Мәскеу осының алдында ғана Қонаевты орнынан алып жаңа басшыны тағайындаған еді. Қазақтар

бұған наразы болды. Митингілер төбелеске ұласты, толқу республиканың басқа қалаларында да басталды. Расында да Алматыдағы осы толқу Мәскеудің өміршілдігіне жасалған қарсылықтың бастауы болды дейді сайсаткерлер де, басқалар да.

Бір жақ шекесінде қалы бар басшы көтерген жариялылық республикалардағы өмір Америкадағылардың өмірімен салыстыруға да келмейтінін адамдардың түсіне бастауына бірден әсер етті. Бәленің көбі Сталиннің жеке басына табынушылықтан басталды да КПСС–Мәскеу–Ресей дегеніміз тұтастай алғанда орыстар деп одан әрі ұласып кетті.

Әкелері мен аталары бір-бірімен иық тіресіп шабуылға шыққан, өздері мектеп партасында бірге отырған адамдар енді митинг кезінде бір – біріне дұшпан болып шықты. Жалаңаш құм үстінде тұрғызылған ортақ үй деп аталатын дінсіздік үйі туралы Інжілде айтылған «...Жаңбыр жауып, өзендер арнасына симай кетті... Қатты жел тұрды, үй құлады» деген әулиелік жазбаның айтқаны келді.

Иә, үй құлады. Ешкімге еш қажеті жоқ-ваучерлер, еркін рынокқа жоспарлы экономиканы тықпалау, қайыршылық, жылдар бойы жинақ кассаларында жинаған қаржының ғайып болуы...

Міне, үлкен мемлекет осылайша түпсіз бір тұңғиыққа құлап бара жатты.

Жалған ар-намыстан қалай да өмір сүру маңыздырақ. Сол жылдары мысалы, бір ғылыми-зерттеу институтының аспиранты өзінің кітапханасындағы баға жетпес кітаптарын қалың жұртшылықтан қысылмастан арзан тиын-тебенге сатып тұрды. Оның содан басқа сататын да заты қалмаған екен. Ал үйінде оны ішінде ауызға ілігер бір асам бір нәрсесі жоқ бос бие аяқ-табақты лақтырып қатыны мен көзі жәудіреген кішкентай балалары күтіп отыр. Біреулердің қатындары жоқшылықтың кесірінен аздап болса да жағдайы дұрыстаулардың ойнасы болды. Отбасы, шаңырақ шайқалды. Жүйкесі сыр бергендер қолына не түссе соны ішіп маскүнемдікке салынып, өзін-өзі өлтіретіндер көбейіп кетті. Кешегі полковник бүгін теріден балаларға ойыншық, күшік, мысық істеп сатып отырғанын да көргендер бар.

Ал, макаронға, жармаққа берілетін талондар ше?... Марта тақылеттес көнекөздерге осының бәрі Кеңестер Одағы құрылғаннан бері келе жатқан үйреншікті немесе ара-тұра болып тұратын жағдаяттай боп көрінді. Күнкөріске, әйтеуір тірі қалуға үлкен-үлкен уақиғалар болып жатқан қалалардан жырақ ауылда тұрғандықтың да септігі тиді: ортақ жылу жүйесі емес, өзінің пеші бар дегендей, қазір заңнан да, басқадан да қорықпай емін – еркін ойран салып жүргендер қалада, әйтеуір ауылмен шаруасы жоқ...

Бірақ уақыт өте келе оның бәрі ауылға да келе бастады.

Тоқсаныншы жылдардың бас кезінде Қазақстанда тұрмысы дәуірлеп тұрған ұжымшарлар болды. Соның бірі Яков Геринг басқаратын «30 лет Казахстана» болатын. Ол «халық жауының» ұлы, ал шарушалықта алғаш рет ауыл шаруашылық кооперативін құрды. Инновация жүйесі, мелиограция, тұрақты егіс өнімі, мал шаруашылығы бәрі-бәрі жетілдірілген шаруашылық. Мұндай шаруашылықтарда сәнді мәдениет үйі, кітапхана, заманауи диагностикалық құралдары бар емхана, ауруханалар, тіпті көшелерде субұрқақтар атқылап, оларға қызыл-жасыл сәулелер түсіріліп құлшыртып қоятын.

Сол жылдары мұндай ұжымшарлардың директорларына үстіне спортшы киімін киген тақырбас жігіттер, галстук тағып шікірейген тағы да біреулер келіп неше түрлі күмәнді келісім-шарттар жасасып, тауар алмастырып жататын. Сөйтіп, балықшылықтар көбейді, қарыз бастан асты. Ұжымшарлар банкротқа ұшырып қызметкерлер алты-жеті айлап еңбекақы ала-алмайтын болды, әлгі мәдениет үйлері иесіз қаңыраған сұлбаға айналып, кітапханалар жұмысын тоқтатты. Электр шамдары жанбай, керосин шамға зар болған күндер де өтіп жатты.

Қалалардағы кәсіпорындар да осындай күйге душар болды. Жабайы базар өмірі басталып, қарапайым адамдар бір-біріне оқты көзбен қарайтын қасқыр тақылеттес күйге түсті. Кешегі партия шенділерінің балаларымен күйеу балалары, тума-туыстары ту-талақайы шыққан зауыттар мен түрлі шаруашылықтарды бірнеше тиынға сатып ала-алатын кепілдік аукцион дегендер дәуірлеп тұрды. Сөйтіп, кеше ғана шаруашылығы гүмпілдеп, озат атанып тұрған ұжымшарлар,

кеншарлар, зауыт, фабрикалар басшылары буынып-түйініп ата-бабаларының ежелгі мекені Германияға көше бастады.

Осы кезеңнен екі жүз жыл бұрын немістер «әкелер жерін»- «фатерландты» тастап, жер бетіндегі жәннатты іздеп тәуекел сапарына шыққан болатын. Міне бүгін ... 1990 жылға қарай оларға еліне оралуға рұхсат берілді. Күндердің күні болғанда Каролина үй-ішімен, Шарлоттаның ең сүйікті ұлы, кенже ұлы Герман Березовкада жары Нинаны бақиға аттандырып болғасын ол да Германияға көшті де кетті.

Иә, талай жыл дәм-тұзын татып бала-шағалы болған, бақилық болғандары топырағында қалып баратқан, аз да болса бауыр басып, талай-талай жаны жайсаң адамдармен аралас-құралас болған мекенді бірден тастап тұра жөнелу де оңай емес. Олар сонда да болса шамадан, қоржын-қопшылықтарын дайындап, құжаттарын пысықтатып, қай тұсы қолайлы болар екен деп Дойчландтың картасын іштей толқып отырып көп қарады. Өттең, олар сол атамекен деп ет-жүрегі езіліп жеткен еліне барғасын ондағы жергілікті тұрғындардың арасында екінші, үшінші сұрыптың жандарына айналатынын білген де жоқ, ойлаған да жоқ-тұғын. Олар әуелбаста бұған сенгісі келмегенмен жүре-бара солай болып шықты. Тіпті, бұлардың сөйлеген сөздері де алдақашан көнерген сөздер қатарына, яғни, архаизмге айналып кеткен екен. Көптеген адамдардың мамандығы бойынша білім деңгейі, дипломдардың нақтылығы ұзақ тексерістен, електеу, ежіктеуден өткізілді. Ашықтан-ашық немесе білдірмеген болып, көмескілеу менсінбеушілік өз алдына. Жергілікті адамдардыкіне қарағанда бұлардың зейнет ақысы да, қамсыздандырылуы да кемдеу екен. Олар бұларды қаптап келіп ризық-несібемізге ортақ болуда. Біздің салығымыздың есебінен күнелтуде деп есептейтін болыпты.

Қысқасы, мұнда тоқсаныншы жылдары көшіп келгендерді құшақ жая қарсы алмақ түгіл, өз халқы бетінен бір тартып жібергендей күйге түсіп...

Әсіресе, жасөспірімдерге қиындау соқты. Жастықтың аумалы-төкпелі мінезімен, қаны қызу жастарға көздері үйреніп қалған ортадан дүниетанысы да үрдіс – салты да өзгешелеу, ол аз болса, өгей деп санайтын ортаға тап болу оларға қиынға соқты. Бір талай жастар бұған көндіге алмай,

небір сорақы жолға түсіп кетті. Дегенмен, көпшілік жастар жаңа ортаға тез бейімделе бастады.

Жер ауып келгендердің ұғымында тәрбие мен білім берудің мәні мен маңызы төңірегінде кенестік ұстаным сол қалпында нық орнығып қалғаны рас. Ал бұның жаңа ортаға келгендерге көп кедергісі тиіп отырды. Олардың көпшілігі өздерінің беделділеу, айбарлылау кәсіптері мен мамандықтарын өзгертуіне, жалақысы төмендеу қызметке тұруына тура келді. Сол арқылы балаларының жаңа орындарда оқуына мүмкіндік жасауға мәжбүр болды. Жергілікті немістер бұларға кенеттен келген немістердің бәрі бірден жоғары білім алғысы келеді де тұрады екен, неге өйтеді деп жиі сұрайтын-ды. Бұлар алға қойған мақсатына жету үшін, әркіммен, әр жерде беті қайтып қалмауы үшін өтуге мәжбүр болған өмір соқпақтарын көрмеген олардың соның бәрін ұғынуыда оңай емес-ті.

Ал неміс тілінен мүлде мақұрым немістерге тіпті, қиын соқты. Ондайлар бұлардың ішінде жеткілікті болатын. Олар қалың елден оқшау, айдалада қалған жалғыз адамның күйін кешті. Сондықтан айналасындағы көпшілікке үлкен ашу-ызамен, жеккөрініштілікпен қарайтындар көбейді. Қысқасы мұнда келгендерді «олар», ал басқаларын «біздер» атайды.

Дегенмен, келушілердің көпшілігі қайтадан партаға отырып, ана тілін үйреніп, жаңа кәсіптерді, жаңа мамандықтарды игеруге кірісті де олардың ішінде ерекше құрметке ие болғандары да аз болған жоқ. Біреулер бұларды «орыстар» дейтінін естіген қарттар өз елімізге келіп өгей атандық-ау деп қатты налып отыратын болып. Уақыт өте келе бұл ұшқарлықтың көбі кете бастағанымен, ауызекі әңгімедүкен, әртүрлі отырыстар кезінде баяғы «мен», «біздер» ара тұра болса да айтылып қалатыны да рас еді.

... 2000-шы жылы Дортмунд шаһарындағы баспанасыздар үйінде Яков атай қайтыс болды. Сонда сол жердегі шағын бір дүкенге егделеу екі адам – бір еркек, бір әйел тұрды. Сыртынан қараған адам бұл екі немістің де оларға «орыс» екенін бірден аңғаруына болатын.

Бұл екеуі сатушыдан әлденені сұрай бастағаннанжасы елуді еңсеріп қалған қызғылт шашты, күнге әбден күйген беті әжім-әжім сатушы әйел «көне неміс сөздерін», архаизммен

сөйлеп тұрғандарын байқап қалып: «Sie sind Kein Deutshen» - «олар немістер емес» деп тісінің арасынан сыздықтата тістене сөйледі.

Бұл екеуі ондай жеккөрушілікті естуге де еттері өліп кеткен. Бұларды мүлде жас бала шағында эшелоннан бір қазақ отбасы алып кетіп, бала қылып алған болатын. Олар бұл екеуін өсірді, киіндірді, өз ішінен шыққан баласындай аймалап, аялап бағып-қағып, маңдайына шаң тигізбей өсірді. Амал не, діні бөлек, тілі мен түр-түсі бөлек сол қазақтарға қарағанда мына кербез сатушы өгей шешедей суық пиғылмен қарсы алды ғой.

Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде бұларды неміс болғаны үшін де топ-тобымен ұрып-соқты, жәбірледі, өлтірді. Азамат соғысы кезінде бұларды неміс болғаны үшін Махношылар қылышпен шапты, ал қызылдар Урканың азап түрмесіне апарып қамады, азаптың алуан түрін көрсетті. Атты, асты, солтүстіктің ақ қар, көк мұз, қызылшұнақ аязды лагеріне жөнелтті. Жер аударды, Еңбек Армиясы деген хұқықсыздар мен қорланушылар армиясына салды, тіркеулі тұрған жерінен бір қадам сыртқа шықса жиырма жылға соттады, әйелдерді Песчаный деген неше түрлі хайуандық жасаған қатындар тұратын лагерьге жіберді, ол сол «зэк» қатындар бұларды неміс болғаны үшін қорлап, үлеске берген бір қасық быламығында тартып алатын еді.

Осының бәрінен, осы қорлық, зомбылықтың, осы азап-тозақтың бәрінен туу туралы куәлігіндегі аты-жөніңді өзгертіп, нәсілі орыс немесе украин деп жаздырып та оп-оңай құтылуға болатын еді.

Бірақ бұлар ондай сатқындыққа бара қойған жоқ. Бұлардың әкелері де, шешелері де өйткен жоқ. Ұлтынан, дінінен бас тартпады. Неге десеніз осы екі-үш нәрсе ден-ақ зор адами мән жатқанын көруге болатынын олар терең түсіне білді.

Ал жаңағы сатушы қатынға не айтарсың?! Ол ондай мән мен маңыз деген ұғымнан да бейхабар жан ғой?!...

Ерлі-зайыпты қос қарт бір-біріне қарап тұрды да сатушы қатынға ләм деместен осы дүкен сияқты келесі дүкенге беттеді.

ЭПИЛОГ

«Ұлы дала мыңдағын жылдардың қуанышы мен қайғысын» қызығы мен күйзелісін, күйініші мен сүйінішін бастан кешсе де өзінің маңғаз да тәкаппар, өркөкіректік пен кішіпейілділік, қатал да мейірбан қалпын мәңгілік сақтаған күйінде көкке қарап көсіліп жатқан ұлы қалпынан еш айныған емес. Оның теріскейі толған қалың орман мен торқалы тоғай, құнарлы қара топырақты алқабы да жетерлік. Ал оңтүстігі шет-шегі жоқ ұш-қиырсыз кең даланың өзі алуан түрлі шөбі мен сортаны аралас. Мұнда ылғи, жауын-шашын аздау.

Ертедегі аңыздардың айтуынша баяғы бір замандарда бір көшпелі тайпада алтын айдарлы Толағай деген бала дүниеге келіпті. Оған Құдайым ересен мол күш-қайрат берген екен дейді. Бір күні ол бір данагөй ақсақалдан неге ұдайы құрғақшылық болады, неге жаңбыр жаумайды деп сұрапты. Ақсақал олар: «Неге десең біздің далада бұлттар келіп тоқтайды, тау жоқ»-деп жауап беріпті. Содан Толағай тау іздеп кетеді. Бір күні Алатаудың етегіне келіп тау сұрайды. Таулар оның иығына бір тауды салып береді. Ол замандарда таулар да, жел де адамдарды тыңдайтын болған дейді.

Толағайдың күш – қуаты тауды туған жеріне дейін жеткізуге жетеді де, ол бір кезде сүрініп құдап кетіп, сол күйі ұйықтап кетеді. Тау оны басып қалады. Ол содан бері сол таудың астында жатқан көрінеді. Ал ол таудың аты Толағай болып қалған екен. Бірақ айдаладағы жалқы тауға бұлт тоқтамайды. Сөйтіп, адамдар Даланы өзгерте алмайтынына күші жетпесе де соған көзі жеткен дейді.

Көктемде қазақтың қызыл-жасыл киінген бойжеткен қыздарындай алуан түрлі бояуға малынып, қыста ақ қары мен көкше мұзы күн нұрымен жалтырап жататын ұлы Дала біздің жер бетіндегі өлшеулі күніміз бітіп, мұнда ізімізде қалмай бара жатқанда да сол маңғаз, сол тәкаппар, сол мейірбан да қатыгез қалпында өзгерместен тұра беретін болады. Ұлы дала жер жүзіндегі ондаған, жүздеген халықтардың өмірін, тағдырын да, жекелеген адамдардың да алуан түрлі нәзік

жіптермен оюлап-өрнектеген шет-шегіне көз жетпейтін бір жаулы жатқан алып бір сурет сияқты.

Бұл далаға кімдер келіп, кімдер кетпеген?! Бір-ақ нәрсе айқын солардың қай-қайсысы да осынау жұмыр жердің қай қиырына кетсе де осы Даланың бір түп жусанын өз жүрегiнiң бiр түпкiрiнде сақтап ала кететiнiне күмән жоқ.

Екi мыңыншы жылдардың бас кезiнде Березовкадан көшiп кеткен Дина Герберттiң хатынан үзiнде:

«... Жыл сайын каникул кезiнде Қазақстанда болып, Германияға келгесiн ұлым бала кезiнде қайта-қайта жылап: туу неге, ол жақтан неге көшiп кеттiндер деп мазаны алатын. Содан қыркүйектен бастап қашан тамыз келгенше сол баяғы мен тұрған жерге тағы да баруға қанша қалғанын, айды, күндi санайтын да жүретiн. Тiптi, кiшкентай жиен қызым да «неге», «неге кеттiк» деп сұрауын тоқтатпайтын.

Мен өзiм бала шағымнан-ақ осы мен кiммен, кiмнiң қызымын деп өзiме сұрақ қоя беретiнмiн. Өзiң көп ұлтты мәдениеттiн ортасында өскендiктен өзiңдi-өзiң танып-бiлу де оңайға түспейдi екен. Өзiңдi солардың бәрiне ортақ бiреудей көлеңкесiнде тұрасың. Германияға келгесiн бала кезiмiзде Рождествоны да, Пасханы да мейрамдадық десем, бәрi ол қалай деп қайран қалатын болды. Мен дұғаларды немiс тiлiнде оқулықтан емес, әжемнен үйрендiм, ал орыстың халық әндерiн теледидардан үйренген жоқпын, оларды бала кезiмде орыс анам әндетiп отыратыны құлағымда қалды. Бiрақ сол бала кездiң бәрiнде де мен беибармақ пен бауырсақ жеп, жер-еденде отыратын шақта өскен болатынмын. Ал менiң жүрегiме ол да өте жақын.

Ал домбыраның күмбiрлеген үнi ше?!... Ал кең Дала ше? Мен соның ешбiрiн де басқа еш жерден көрген емеспiн. Ал даланың желi ше? Желiн айтсайшы! Ол жақтағы үйiмебарғасын жалғыз өзiм дала кезiп кететiн әдетiм тағы бар! Далада сол жел екеумiз ғана жүргендей боламын. Егер меннен Қазақстанда ненi сағынасың деп бiреу-мiреу сұрай қалса мен: бала шағымды, ата-анамды және Даланы сағынамын дер едiм. Мен кiммiн? Менiң қазақ бабам жазықсыздан-жазықсыз атылып кеткен, менiң немiс бабам

Отанына кеткісі келгені үшін түрмеге қамалған, ал орыс атам фашистерге қарсы соғысқан. Мен кіммін?

Мен осы сұрақты Германияда өскен сонда ержеткен ұлыма да қойғанмын. Сен өзіңді кіммін деп сезінесің дедім. Ол нақты жауап бере алмады. Ол Людмила Зыкинаны біледі де, жақсы көреді де, менімен бірге қазақ фильмдерін көреді.

Ол өзінің әжесінің әжесімен немісше өлең айтып, ән салады. Иә, біз кіміз? Мүмкін онда тұрған ештеңе де жоқ шығар. Бірақ кім болсаң да өзіңнің қайдан екеніңді, ата-бабаларың арғы түп-тұқианың кімдер екенін, соны есіңнен шығармай одан әрі сен де жалғастыруың екенін ешқашан естен шығармауың керек.

Мен ұлымды бірінші сыныптан бастап-ақ дұрыс жолға түсіруге тырысып бақтым. Кейде маған оның жолына кедергі қоймақшы біреулер бардай көрінетін кездер де болды. Әрине, мұғалімдер оның орысша білімін мақтап та, қолдап та отырды. Бірақ біз бәрін көтере білдік. Біз! Ал менің оған ата-бабаларымыздың көрген, білгендерінен ғана мысалдар келтіріп отыратын кездер де болды.

Біз кез-келген мәселені талқылап алу үшін оның менімен бір тілде сөйлескенін қалайтынмын. Мен орысша сөйлеп өтім, сондықтан оның да орысша сөйлегені мен үшін маңыздырақ, қажеттірек еді.

Мен соңғы жылдары осында, яғни, жер аударылғандар отбасында туып-өскен жастардың арасындағы таңғаларлық (мен үшін!) бірнәрсені байқап жүрмін. Олардың көпшілігі адамдарды «олар» және «біздер» деп бөліп айтады екен. Олар осында туып-өссе де спорт жарыстарында Ресейге жанашыр болып, орыс музыкасын тыңдайды екен.

Мүмкін, олардың отбасындағылар да сондай шығар, онда тұрған ешбір ерсілік те жоқ болар. Бірақ менің немерелерім неміс болып өсер ме екен деген күдікті ой есімнен кетпейді. Қалай десеніз де әр пенде өзінің кім екенін, қайдан шықанның, арғы тегін білуі парыз деп ойлаймын.

Ел ішіне кең таралған әне бір әнді де «Қайдан шықаныңды, түп-тамырыңды ұмытпа!» дейді ғой... Сонда жолың ашық, жанарың жарқын болады.

Қысқасы:

*«Ваня, Ваня, Ваня, Ваня! Парижде біз екеуміз
Орыстың моншасына біздер керек екенбіз»*

(В.Е. Высоцкий)

Арада талай талай жылдап өтіп, ұлым ержеткесін баяғы маған қоятын неге кеттіңдер деген сұрағына өзі жауап беріпті. Ол көбі есінде жоқ болса да өзі дүниеге келген сол аймақты әлі де жан-тәнімен сүйеді, сағынғанда жанарына жас үйіріледі екен. Сосын сол жаққа аттанады да кетеді бір күні. Ол жақта оның бала шағының достары, ең бастысы туысқандары бар. Ол солардың хәммасын шексіз, жан-тәнімен жақсы көреді. Мен оның сол өз түп-тамырын, шыққан тегін әрдайым есіне сақтап, ұмытпайтынын, сүйетінін көңіліме медет тұтамын.

Ал мен сол жақтан көшіп кеткеніме өкінемін бе? Жоқ. Мен бүгінде мұнда жүрсем де менің көшпенді қазақи қаным әрдайым өзін көрсетіп те, сездіріп те тұрады. Менің көшіп кетуіме деген өзімнің көз қарасым да, пікірім де қазақтың құрақ көрпешесі тақылеттес, алуан түсті! Мен бір-ақ нәрсені анық білемін. Мен адам ретінде осы жерде есейдім, осы жерде шынықтым және осы жерде бұралаң ойлы-қырлылығымен де саналы адам болып толық қалыптастым. Әрине, бұл жолдан оп-оңай өттім дей алмаймын, бірақ ол жол сол әртүрлі қиын-қыстауымен де қызғылықты екені ақиқат! Сонда да болса ойласам әлі де кеудемдегі жұдырықтай жұмыр ет-жүрегімді шым еткізер бір сәттер бар. Мен күнде таңертең тұрғанда, әсіресе демалыс-жексенбі күні ертемен ас үйге барып, ата-аналарыммен бір дастархан басында өрнегі бар кесемен шай ішіп ананы-мынаны айтып отыратын сәттерімді қатты сағынатынымын.

Әлі де болса Далаға жүгіріп барып, шалқамнан көк шалғынға жата кетіп, ақша бұлттардың аржағынан құйылған күн нұрына көзімді сығырайта қарап, өзімді баяғыдай киіз үйде көрпеше үстінде жатқандай сезінгім келеді. Сол кезде дала желі бетімнен желпіп тұрса ғой деймін..»

1950-2020 жылдар аралығында Германияға 4,5 миллион неміс қайтып оралды. Оның ішінде Қазақстаннан, Қырғызстаннан, Ресей мен Украинадан 1 миллион

450 мың неміс болды. Олардың барлығы да тату-тәтті, ұйымшылдықпен жап-жақсы қалыптасқан неміс қоғамына сіңіп, жаңа да жарқын өмірді бастап та кетті. Солай бола тұрса да олар сонау жылдары жат жерге ауып кеткен неміс балалары Отанын қалай сағынса, олар да ұлы Даланы, кіші Отанын да солай ұдайы сағынады да жүреді!

МАЗМҰНЫ

Бірінші тарау Қаһар

Бірінші бөлім	6
Екінші бөлім	56
Үшінші бөлім	97

Екінші тарау

Арман болған қайран ел

Төртінші бөлім	117
Бесінші бөлім	159
Алтыншы бөлім.....	189
Жетінші бөлім.....	205

Үшінші тарау

Тың

Сегізінші бөлім.....	249
Эпилог	291

А. Рейзвих

Дала

Кітап “ҮШ ҚИЯН” баспасының
компьютер орталығында беттелді

Редакторы

Тех.редакторлары Қ. РЫСҚАЛИЕВА
Ж. МАХМУТҚЫЗЫ

Басуға 10.04.2023 қол қойылды.
Пішімі 84x108 ¹/₃₂. Қаріп түрі “Times New Roman”.
Көлемі 18,5 баспа табақ. Таралымы 1000 дана.
Тапсырыс №021

Алматы қаласы, Жібек жолы көшесі 50
“Үш Қиян” баспасының баспаханасында басылды.
Тел: 8 701 435 98 74